

АЙҚАП



Халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журнал

Жылына 4 рет шығады

- Басылымның 1911 жылдың қаңтар айынан 1915 жылдың шілде айына дейін Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен 88 саны жарық көрді.
- 2012 жылдың шілде айынан бастап жазушы-қайраткер Қоғабай Сәрсекеевтің ұйымдастыруымен журналдың жалғасы ретінде тіркеліп, редакторлығымен 10 нөмірі жарық көрді.
- 2016 жылдың наурыз айынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылтайшылығымен қайта шығарыла бастады.

International social and political, scientific, literary and art journal

Published 4 times a year

- Under the editorship of Mukhamedzhan Seralin, from January 1911 to July 1915, it was published 88 issues of the magazine.
- Through the writer, public figure Kogabay Sarsekeev, since the July 2012, under his editorship were published 10 issues of the magazine, re-registered as a continuation of the of the magazine.
- Since March 2016 the magazine is published on the basis of Al-Farabi Kazakh National University.

Международный общественно-политический, научный, литературно-художественный, журнал

Выходит 4 раза в год

- Редактором Мухамеджаном Сералиным с января 1911 года по июль 1915 года было издано 88 номеров журнала.
- Писатель, общественный деятель Когабай Сарсекеев с июля 2012 года издал 10 номеров журнала, перерегистрированного как продолжение издания Сералина.
- С марта 2016 года журнал издается в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Құрылтайшы
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Founder
Al-Farabi Kazakh National University

Учредитель
Казахский национальный университет
имени аль-Фараби

Редакцияның мекенжайы:
050016, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғ., 71
Электрондық пошта: aikap.jornal@kaznu.kz

Editorial address:
050016, Almaty, avenue Al-Farabi, 71
E-mail: aikap.jornal@kaznu.kz

Адрес редакции:
050016, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71
Электронная почта: aikap.jornal@kaznu.kz

Журнал ҚР Инвестициялар және даму
министрлігінде 2016 жылдың 12 сәуірінде
тіркеліп, №15947-Ж куәлігі берілді.
Индексі: 74516

Журнал сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында
(ЮНЕСКО, Франция, Париж) тіркеліп,
халықаралық ISSN 2304-9324 нөмірі берілді.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ

Әбжанов Хангелді
Байбек Бауыржан
Бекір Қарлыға (*Түркия*)
Берязев Владимир (*Ресей*)
Дербісәлі Әбсаттар
Жақып Бауыржан
Жұрынов Мұрат
Кенжалин Жұмабек
Кибальник Сергей (*Ресей*)
Қалижанов Уәлихан
Қойгелдиев Мәмбет
Мелвилл Чарльз
(*Ұлыбритания*)
Оразалин Нұрлан
Сағадиев Кенжеғали
Салихов Азат (*Башқұртстан*)
Сейсенбаев Роллан
Сәрсекеева Гаухар
Сүлейменов Олжас
Уинстон Наган (*АҚШ*)
Хамиер Аббас (*Иран*)

Бас редактор

Ғалымқайыр Мұтанов

Бас редактордың бірінші орынбасары

Өмірхан Әбдиманұлы

Бас редактордың

орынбасары

Сағатбек Медеубекұлы

Жауапты редактор

Жетпісбай Бекболатұы

Мазмұны

Мұтанов *Ғ.* Құрметті оқырман! 3

МІНБЕР

Сүлейменов *О.* Интервью с Олжас Омаровичем
Сүлейменовым, поэтом и общественным деятелем 7

ЖАҢАН

Дербісәлі *Ә.* Түркия қолжазба қорларындағы тарази,
Түркістанилердің жазба мұралары 13

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ – 150

Омарбеков *Т.* Әлихан Бөкейхан: тарихқа көзқарас 23
Құрманбайұлы *Ш.* Әлихан Бөкейханның қазақ жазба
әдеби тіліне қосқан үлесі 33

ТАМЫР

Ысқақұлы *Д.* Түркі әлемі: кеше, бүгін, ертең 43

ФАРАБИ ӘЛЕМІ

Бекір *Қ.* Әл-Фарабидің әлемдік өркениетке тигізген
ықпалы 50
Алтаев *Ж.* Әл-Фараби және қазақ руханияты 59

АҚПАРАТ

Жұмабекұлы *С.* Мөлдір бұлақтар 69

ҚОНАҚКӘДЕ

Melville *Ch.* We are interested in the spiritual depths of the
Turkic world..... 71
Khameyar *A.* Let's not hide our sense of pride, dear friends! .. 73
Nagan *W.* Kaznu is a university with a prospect..... 76

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН – 1000

Салихов *А.* О наманганском списке «Кутадгу билиг»,
обнаруженном Ахмет-Заки Валиди Тоганом 79

ЗЕРДЕ

Әбжанов *Х.* «Қазақ» және тарихты зерттеу
методологиясы..... 85

ТАҒЫЛЫМ

Омаров *Б.* «Қазақстан» газеті: Түркілік таным және
ұлттық ұстаным 95

МҰРАҒАТ

Сабырбек *С.* Қара қазан, сары бала қамы үшін 105

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 170

Әбдиманұлы *Ө.* Жамбыл жырлары – азатшыл рух айнасы... 107

ТАНЫМ

Кенжалин *Ж.* Ұлы қазақ елінің тарихына, тағдырына
тамсанған және таңданудан жалықпаған жолаушы 112

ПРОЗА

Түменбаев *Қ.* Жапон құданың қалауы (әңгіме) 120
Бекенов *Б.* Қысқа әңгімелер 125

ПОЭЗИЯ

Петефи *Ш.* Оян, Отан! 131
Берязев *В.* Абу Насыр аль-Фараби 134
Жақып *Б.* Этнографиялық өлеңдер 137
Әліқожа *Б.* Топырақ 139

РУХАНИЯТ

Жанарбек *БЕРІСТЕН.* Бүгінгі қазақ бейнелеу өнеріндегі
стильдер мен бағыттар 140

ЗАМАНА ЖАСТАРЫ

Бексұлтанқызы *Н.* Бүгінгі жастарға кім үлгі 149

ЗАМАНСӨЗ

Қарқараев *М.* Осыдан жүз бес жыл бұрын «ай қап!» деп ек... 150



Ғалымқайыр МҰТАНОВ,
*әл-Фараби ат. ҚазҰУ ректоры,
академик, «Айқап» журналының
Бас редакторы*

Құрметті оқырман!

Қолыңызға бұдан бір ғасырдан астам бұрын қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған «Айқап» журналының №106 саны тиіп отыр. Өздеріңізге мәлім, бұл басылымды 1911 жылы ұлт ұстаздарының бірі, ақын, журналист Мұхамеджан Сералин, Ресейдің Троицк қаласында 1915 жылға дейін шығарып тұрған еді. Басылым өмірге келген шақта Ресейдегі қазақ сияқты бұратана жұрттарға үлкен қауіп төніп, ұлт ретінде сақталып қалуының өзі күмәнға айнала бастаған болатын. Тағдырлары қыл үстінде тұрған халықтардың озық ойлы өкілдерінің бар мақсаты «қайтсем еліме, жұртыма жөн сілтеп, аласапыраннан аман алып қаламын» деген ойдың төңірегінен табылды. Қазақтың жаңа дәуір талаптарына сай білім алып, еңбектерін ел болашағына бағыттаған жас толқын зиялыларын қалыптастырған кемеңгер Абай мұның алдында, 1904 жылы өмірден өткен еді. Осы тұста «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деп, жас толқынға ой салған ұлы ақын насихатына ден қойып, замана талабына сай білім алған жаңа буын ағартушылар легі дүниеге келді.

Журналдың бас редакторы Мұхамеджан Сералин Столыпин реакциясының қатаң саяси қысым ахуалында бой тіктеп, ой көтерген ұлт зиялыларының көшін бастады. Бұл кезеңде олар қазақтың жері, сайлау құқығы сияқты саяси мәселелерді де күн тәртібіне қоя бастаған болатын. Мәселен, Міржақып Дулатов «Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым, енді жату жарамас-ты» деп ұран салса, Мағжан Жұмабаев «Кең жері күннен күнге құрып жатыр...» – деп сол кезгі ахуалды айқын көрсете білді, елдің елдігін, жердің тұтастығын сақтауға шақырды.

Мұхамеджан Сералин қазақ сахарасында мамыражай тірлік кешкен қандастарына ой салу, қамшы болу ниетімен журналын «Айқап» деп атады. «Айқап» – қазақтың «Әй, қап!» деген одағай сөзі. Бас редактор журналдың бірінші нөмірінде бұл жөнінде былай дейді: «Біздің қазақтың «Әй, қап!» демейтұғын қай ісі бар? Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымақтаса алмадық. Пұлы барларымыз ынтымақтассaq та, ақшасыз істің көзі табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай!» – дедік. Жаксы жерлерімізді сақтап қалмақ болдық. Басымыз қосылмады. Қолайлы жерлер қолдан кетті. «Қап, ынтымақсыздығымыз-ай!» – дестік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға: «Енді сайлауда көрерміз, қап, бәлем!», – дедік. Қазақтың осындай бірнеше жерде «Қап!» деп қапы қалған істері көп. «Қап!» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге лайық «Айқап» болды».

Мәдениет пен білімнен кенже қалғаны себепті, азулы жұрттардан теперіш көрген қазақ халқының өкінішін қағаз бетіне түсіріп, елді белсенді әрекетке, іс-қимылға үндеген «Айқап» журналы жер жайы, қазақтың саяси құқығы, дін мен діл, әйел теңдігі, оқу-ағарту мәселерін батыл көтерді. Журналдың алғашқы санында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Қазақ өкпесі» деген мақаласында «қазақ, сен игілігінді сақтаймын десең енбек ет, ғылым, білімді игер, әйтпесе теңдікке қолың жетпек емес» деп үндеу тастады. Өкінішке қарай, бұйығы халыққа ой тастап, талапты жастарды ұлт болашағын көздейтін батыл іс пен жасампаз әрекетке үндеген, төрт жыл ішінде 1000-2000 дана таралыммен 88 саны шыққан «Айқап» журналы қаржының жетіспеуінен және сол кезеңде ұлт зиялылары арасында орын алған пікір қайшылығы мен түсініспеушілікке байланысты 1915 жылы жабылып қалды.

Осы идеялық-тақырыптық бағытты бір ғасырдан кейін, 2012 жылы жалғастырып, ойлы оқырманға «Айқапты» қайтадан тарту еткен, оны өз қаржысына шығарған қайраткер-жазушы Қоғабай Сәрсекеев ағамыздың перзенттік, азаматтық ерлігі ұрпақтар жадында қалары сөзсіз. Қоғам өмірі жылдам дамып, сәт сайын өзгерістерді бастан кешіп құндылықтар жүйесі де үнемі өзгеріп, дамып жатқан уақыт талаптарын терең түйсінген, ұлттық саяси-әлеуметтік журналистика ұстанымдарына адал қайраткер қаламгер дәстүр жалғастығы мен тарихи сабақтастық мәселелеріне сергек қарады. Болашақ бағдарлары айқындалатын тұста ертеңгі күннің кірпішін қалауға негіз болатын ұрпақтар үндестігін баса назар аударды. Алайда, журнал ұлт мұратын ұлықтаған Қоғабай ағамыз өмірден өткен соң тоқтап қалды.

Қысылтаяң тұс, қытымыр кезеңде ұлтқа таяныш болған басылымды шығаруды жалғастырып, оны болашақ көшіне ілестіру – жекелеген ұйымға немесе тұлғаға ғана емес, ұлтқа сын. Сондықтан да жауапкершілік жүгін, парыз пайымын зерделей келе, журнал жұмысын ұлттық ғылым мен білімінің қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қолға алып отыр. ҚазҰУ білікті маман ғана емес, ұлттық қасиеттерді бойға сіңірген, отансүйгіш, өткенді бағалайтын азамат тұлғалар тәрбиелейтін жоғары оқу орны. Мұндағы мақсатымыз – «Алаш баласы, жұрт қызметіне кіріс» деп Әлихан Бөкейханов айтқандай, жауапкершілікті сезіне отырып, сындарлы кезеңде ел болашағына алаңдайтын азаматтардың сөзі мен ісін, ой-қимылын Қазақстан халқына қызмет етуге жұмылдыру болып табылады.

Қазіргі заман ел алдында, азаматтық тұлғалар алдында өзіндік қырынан көрініп, өз сауалдарын көлденең тартуда. Бұл орайда озық технологияларға арқа сүйейтін білім экономикасы ғасырына аяқ басып отырған қазіргі кезеңнің айдай әлемге ортақ талаптары жаһандану үрдісінен туындайтынын айтуымыз керек. Бұл, әсіресе Қазақстан сияқты енді ғана егемен даму жолына түскен елдерге тікелей қатысты. Сондықтан да жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізіп, алда тұрған міндеттерге көз жіберуіміз керек. Экономикамызда, әлеуметтік саламызда ескіліктің сарқыншақтары сақталып отырғаны, мұның өзі дамуға кедергі болып, қоғам етектен тартатыны жасырын емес. Бұл, ашығын айтсақ, біздің қазіргі таңдағы «Ай, қабымыз!» болып табылады. Объективті себептерден туындаған осынау олқылықтың орнын толтыру тетіктері іздестіріліп, жалпы мемлекеттік бағдарламалар, атап айтқанда, мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы – ұлт жоспары, дамыған озық 30 ел қатарына кіруді мақсат тұтатын индустриялық-инновациялық стратегия жүзеге асырылып жатыр.

Ғылыми зерттеулерге негізделетін білім экономикасында жоғары оқу орындарының алатын орны ерекше. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті осы орайда Алаш арыстарының армандарын ақиқатқа айналдыруда іргелі істер тындырып келеді. Ұлт зиялыларының қиял қанатына жел беріп, биік белестерге жетелеу – міне, солардың сапында. Бұл орайда қолдарыңыздағы «Айқап» журналының атқарар міндеттер асқаралы. Ұлы Ахаң тілге тиек еткен «Дүниеда ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді» жиырма бірінші ғасырдағы қазақтың кез келген баласы еркін меңгеруі керек. Мағжан ақын «мен сенемін жастарға» – деп жырлағандай, болашақ – жастардың қолында. Ұлттық ғылым мен білімді дамытып, жоғары технологияны меңгеретін де сол жастар. Білімгер жастардың бүгінгі пайым-пішімін халықтық құндылықтар, тарихи таным негізінде тәрибиелей алсақ, болашақтың берік негізін қалағанымыз. Өйткені, қазіргі заман – білім экономикасының заманы.

Сондай-ақ, өткенімізді ұлықтап, тарихқа тағзым ету де басты борыштың бірі. Бұл, біріншіден, қолыңыздағы басылымның да тарихына қатысты. Троицк қаласында «Айқапты» бес жыл бойы басып шығарған баспаханасына ескерткіш тақта орнатылса, ұрпақтар сабақтастығының бір белгісі болмас па еді? Жалпы, журналдың алдағы баспалық, ақпараттық және тәрбиелік қызметінде мұндай мағыналы тірліктерге көп көңіл бөлетін боламыз.

Осыған орай басылым өз ізашарының мазмұндық-идеялық бағытын жалғастыра отырып, тың тақырыптар ұсынады. Мәселен, журналдың «Мінбер» атты айдарында мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының, Тәуелсіз Қазақстан халқының ой-арманын, көздеген мақсатын, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Мәңгілік Ел – ұлттық идеясын, ұстанған бағыт-бағдарының мәні мен мағынасы ашылса, «Алаш Руханияты» айдарымен XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран киын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысына 100 жыл толуына арналған материалдар беріледі. Ал, «Білімдіден шыққан сөз» айдарында Алаш арыстарының, одан бергі ұлт зиялыларының қаламынан туындаған мақалалар мен ұлттық мәселеге қатысты ұтымды ой, пайымды пікірі, қазақ халқының бүгіні мен келешегі


жайлы ой түйіндері оқырманға ұсынылады. «Тарих тағылымдары» айдарында қазақстандық ұлтжандылықты қалыптастыру және еліміздің ұлттық тарихи санасын қалыптастыру, еліміздің Қазақ хандығынан тәуелсіз Қазақстанға дейінгі тарихи жолын зерттеу мәселелеріне назар аударылады. Мұнда сондай-ақ әл-Фараби мұрасына қатысты ғылыми-танымдық еңбектер, сондай-ақ түбі бір түркі елдеріне арналған мақалалар жиынтығы беріледі. «Замана жастары» айдары төңірегіне бүгінгі студент қауымның өзекті мәселеріне арналған мақалалар топтасады. «Өнегелі өмір» айдарының өзі айтып тұрғандай мұнда арамызда жүрген тағдыры ғажап адамдар, «Өнегелі өмір» кейіпкерлері, мерейтойлық мақалалар беріліп тұрады. «Жеті өнер» айдарымен оқырманға өнер, өнерпаз жайлы мақалалар жиынтығы ұсынылады.

Ойлы оқырманға жол тартқан бүгінгі «Айқаптың» көтерер жүгі жеңіл емес. Діттеген нысана – елдің ертеңіне қызмет ету, көзі қарақты жұртшылықты Елбасымыз алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдыру болып табылады. Осы орайда біз өз оқырманымызды, отандық ғылым патриотын тәрбиелей білуіміз керектігін баса айтқым келеді. Себебі, ғылым мен білімді «халқының өмірімен бірлестіре алған адам ғана бақытты, оның жиған білімі баянды» деп кезінде Әлихан Бөкейханов жазғандай, бүгінгі білікті маман өз болашағын елінің кемел келешегімен жалғаса ғана, еліміз дамудың даңғыл жолына түсе алады.

Журналдың жаңа шығарылымы Алаш ардақтылары арман еткен Қазақ Республикасының Тәуелсіздігі орнағанына 25 жыл толған кезде жарық көріп отыр. Осы ширек ғасырда істеген істеріміздің әттегенайы мен алақайларын түгендеп алу – өркениетті елдің өнегелі ісі болар еді.

Қап дегізіп, қапы қалдырған кезімізді дер кезінде дөп басып жөндемесек, онда алға қарай жылжи алмайтынымыз кәнік. Толайым табыстарымыздың да өзгелермен салыстырғанда қаншалықты қомақты екенін де екшеп барып байыптау, саралау қажет-ақ. Журнал осы тұрғыда ұлт зиялыларымен бірлесе отырып, қоғамдық санаға қозғау салмақ.

Алдағы күндерде «ай, қабымыздан» алақайлап, қуанатын табыстарымыз көп болсын, қадіргі оқырман!



Олжас Сүлейменов – поэт, народный писатель Казахстана, лингвист-исследователь, тюрколог, популярный политик, видный государственный и общественный деятель. Работал первым секретарем Союза писателей Казахстана, первым секретарем правления Союза кинематографистов Казахстана, секретарем Союза писателей СССР. В 1989 году возглавил народное движение «Невада – Семипалатинск». В 90-ые годы был лидером партии «Народный конгресс Казахстана». С 1995 по 2001 гг. – Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Италии, а затем в Греции, на Мальте. С 2001 года – постоянный представитель Республики Казахстан при ЮНЕСКО (UNESCO).



Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

ИНТЕРВЬЮ С ОЛЖАС ОМАРОВИЧЕМ СУЛЕЙМЕНОВЫМ, ПОЭТОМ И ОБЩЕСТВЕННЫМ ДЕЯТЕЛЕМ

Summary: The main topic of an interview - relation of time and people's destinies, the spiritual life of the country. It reveals the historical role of Alash figures, the first Kazakh intelligentsia in the implementation of the civilization tasks, partly relevant to the present. Prominent social activist reflects on the independent Kazakhstan - the leader of the anti-nuclear movement, a model of an international development, the idea of «Eternal country (Mangilik el)» and suggests the Formula of a Path - «from the ages of dependence, through the period of independence, to the epoch of conscious interdependence».

– Олжас Омарович, таким Символом, Знаком, Кодом для казахов стал «Айкап». У нашего первого журнала трудная судьба, об этом писали и говорили не раз. Первый номер вышел 10 января 1911 года в Троицке, по сентябрь 1915 года было выпущено 88 номеров. Спустя 97 лет, в апреле 2012 года журнал был возрожден писателем и издателем Кагабаем Сарсекеевым с 89 номера. Но, к сожалению, в связи с его кончиной в 2014 году журнал канул в Лету. За третье возрождение взялись журналисты и филологи КазНУ им. Аль-Фараби. Знаменательно, что право открыть главную рубрику мы хотим предоставить, Олжас Омарович, Вам как

человеку с активной гражданской позицией, кто всю свою творческую жизнь ищет код Слова...

О.С. – Представляю – старейшины в многоканатной юрте у дастархана с кумысом обсуждают пройденное, и главный аксакал, вдруг осознав, какие шансы были племенем упущены, с силой хлопает себя по колену – «Айкап!...».

Значение этого устойчивого выражения за прошедшие десятилетия не изменилось. Соответствует энергичному русскому – «Эх, как жаль! Черт возьми!...». Возглас подводит неутешитель-

тельные итоги, но деятельных людей он возбуждает для дальнейшей, более плодотворной работы.

– Олжас Омарович, как Вы считаете, изменилась ли в наше время семантика названия журнала? Продолжаем ли мы удивляться и сожалеть о сказанном и сделанном?

– Мухамеджан Сералин, так называя свой журнал, понимал, с каким отставанием, с какими культурными потерями его народ подошел к XX веку. И того не хватает! И этого нет!

И он создает орган яростной публицистики, которая клокочет во внешне спокойных публикациях первых номеров – задача возбудить чувство чести и долга у грамотных казахов. А сколько их было в то время? Интеллигентнейший писатель Галым Ахметов в 80-х годах показывал мне как руководителю Союза фамилии и жизнеописания около 300 казахов, до революции закончивших университеты и технические вузы императорской России. Он разыскивал эти имена и составлял их биографии почти всю свою жизнь. И собирался передать все материалы в Академию Наук КазССР.

Началась разрушительная Перестройка. Канули в Лету и «КазССР», и «Академия». Драгоценнейший Список не был опубликован и обсужден.

Жаль, что я не смог убедить Галекена доверить эти папки мне. Айқап!..

– Олжас Омарович, готовясь к разговору с Вами, я нашла в Республиканском музее книги два уникальных экспоната: 4-й и 5-й номера за 1913 год журнала «Айқап». В передовице, озаглавленной «Что нам делать?» («Бізге не істеу керек?»), «Мухамеджан Сералин так определил свою программу:

переход к оседлости, возведение городов (речь идет об аулах деревенского типа), не отрывать от земли; открыть школы и медресе, стать образованными и культурными;

взять религиозные дела в свои руки, избрать своего муфтия;

иметь депутатов с тем, чтобы они могли отстаивать с трибуны Государственной Думы народные интересы и донести их до правительства.

Что изменилось за это время?

Актуальны ли эти задачи в наш XXI век? Нам хотелось бы услышать Ваше мнение.

– Программа Сералина, можно сказать, в основном была выполнена в XX веке. Но без участия первой казахской интеллигенции, в 20-х-30-х уже истребленной. Переход к оседлости происходит до сих пор. И на всем пути сопряжен был с непрофессионализмом и крайней жестокостью исполнения. Чего стоит трагически ускоренная коллективизация 30-х, погубившая миллионы. Мы уже привычно виним Сталина и его приспешника Голощекина, но оставляем в стороне бельсенди («активистов»). Эти остервенелые исполнители сыграли страшную роль в беде народа. Я попытался узнать этимологию этого слова. Оно не казахское по звучанию. Скорее всего, это татарская передача казахского білсін-де («пусть узнает – скажи»), выражающего смысл деятельности преданного раба: пусть начальство узнает о его ретивости. (Писарями были татары, а бельсенди – полуграмотные активисты.)

В Средней Азии – свои активисты. Но их деятельность сдерживалась религией и отрядами самообороны, на которых официальная пропаганда перенесла кличку **басмачи**. (Начиная с 1918 года узбеки так называли отряды большевиков, прибывших из России, и их союзников дашнаков из Закавказья, отличавшихся особой нелюбовью к мусульманскому населению. **Бас** – «дави», **басма** – «подавление», «оккупация», **басмачи** – «подавитель», «оккупант».)

Советская власть открывала для ополовиненного голодом и репрессиями народа школы и рабфаки, которые к 50-м годам превращались в институты

и первый университет (КазГУ). Появились свои депутаты в Советах. И Постоянное представительство в Москве. В общем, программа алашординцев в основных деталях совпала с планами большевиков. Но Сералин и его единомышленники не предполагали, что народ заплатит такую цену за исполнение этих естественных в наступающем веке мер.

Алашорда, как и просветители из Казани, мечтали создать в составе России светское государство, уважающее ислам. Знание и вера должны формировать современного человека, а не только знание, и не только вера. Таков был их выбор, который сохраняет свою актуальность и в новом веке. Прошло более ста лет после статьи Мухамеджана Сералина «Бізге не істеу керек?». Этот вопрос мы и сегодня себе задаем. Он из разряда вечных.

– Олжас Омарович, хотя Вы и сожалели, что Вы не бог. Что в силах одинокого поэта? Но людям Вы не лгали, хотя и могли...

Скажите, пожалуйста, что приобрели и что потеряли казахи за эти сто лет? Какова участь и где место нас, Казах, в современном историческом процессе? Каково будущее нашего государства, имеющего 550-летнюю историю? Что Вы вкладываете в наш новый символ «Мәңгілік ел»?

– Что в силах поэта? Не лгать. Я не лгал, встречаясь с дурным в науке и жизни. Не лгал, когда видел хорошее.

Что мы потеряли в XX веке, уже сказано. Что приобрели? Стопроцентную грамотность, письменную литературу, современную науку (в основном – гуманитарную). И на исходе века – государственную самостоятельность.

Стали государством, заметным в мире, лидером антиядерного движения. Моделью интернационального развития. Мәңгілік ел – пока поэтический образ. Выражение мечты народа. Поколениям придется постараться, чтобы эта мечта воплотилась в реальность.

Надо суметь наладить добрые отношения со всеми соседями: и великими, и малыми, а для этого выработать прочную философскую основу, которая бы всегда определяюще влияла на будущие экономические и политические программы наши. Фундаментом этой философии может стать Формула Пути – «от веков зависимости, через период независимости, к эпохе осознанной взаимозависимости».

Я не согласен с определением «550-летняя история». Не хочу, чтобы эти рубежи закрепились в сознании молодых. Событие, состоявшееся 550 лет назад, это не начало, а один из эпизодов нашей истории, о чем говорят лексические и письменные артефакты, изучению коих я посвятил более полувека. И готовлюсь опубликовать открытое.

– Олжас Омарович, не могу не задать вопрос, который сейчас на фоне всего происходящего в мире и в нашей стране звучит не менее остро – о судьбе казахского языка в новых условиях перехода на трехязычное обучение. Вы как человек далеко неравнодушный к «языку отцов, языку тысячелетий» в свое время обещавший: «И как меня судьбою б ни вертелo, клянусь тобою – я к тебе приду», как относитесь к нововведениям в нашем многострадальном образовании и к бесконечным дискуссиям на эту тему? Какой смысл приобретает сейчас призыв М. Сералина и М. Дулатова «Оян қазақ!»?

– «Оян қазақ!» – это призыв не к революционному восстанию степного пролетариата, как понимали некоторые. Все народы Российской империи спали. Пушкин надеялся на просвещение, которое поможет России «вспрыгнуть ото сна». Просвещение призывали в степь, беспробудно спящую в средневековье, первые образованные казахи.

Этот призыв звучит и сегодня вполне современно. Большая часть народа еще пребывает в исторической дреме. Оказывается, всеобщей грамотности

мало, чтобы «вспрыгнуть ото сна». У нас еще некоторые профессора, сами штатные просветители, мыслят категориями дремучей древности. **Оян** происходит от **ой** – «мысль». Оян это и «начинай мыслить!». Призыв к свободомыслию как ведущему фактору культуры. Стало ли свободомыслие общенациональным явлением?

Вопрос о судьбе казахского языка в новом государстве с первых дней обрел остроту. Конституционное двуязычие многие воспринимают, как угрозу родному наречию. А предложенное правилом трехязычие и вовсе!

«Нет, надо как во всех нормальных государствах – одноязычие!»

Швейцария – нормальное государство? Три языка. Все государства Европейского Союза осваивают английский как второй обязательный.

В Индии английский признан государственным языком наряду с хинди, бенгали, тамили и десятком других великих языков.

В современном мире современные государства пытаются обрести новые языки, необходимые для межнационального общения, если родной таковым еще не стал. И только спящие в средневековье надеются обойтись одним своим. Оян казак!

В 1969 году я писал в «Глиняной книге» об анабиозе как историческом явлении.

Спит человечество вечно.
И каждый век
из храпящей толпы
поднимался один человек...
Побеждает по планете,
усыпанной спящим людом,
ногами о глухие тела постучит,
покричит, побуянит,
никого не разбудит.
Снова в будущее
пропутешествуют народы спящие,
и в следующем веке
проснется один человек,
чтобы собою отметить
храпящее настоящее...

Вот таким человеком был Пушкин в спящей России, Абай в спящей Степи. Такими людьми были первые алашординцы.

В начале XX века на Западе уже занимался рассвет, на Востоке еще была полночь. Отсталость наша тысячелетняя сказывается и сегодня и будет еще завтра. Этого надо стесняться, надо преодолевать. Даже приобщение к новым технологиям не избавит сразу от заспанности. Задача интеллигенции определить, что есть старинное в нашей культуре, а что устаревшее. Эта задача, на мой взгляд, должна войти в программу Оян казак. Журнал «Айқап» может начать работу над условиями этой задачи.

– Олжас Омарович, Вы – один из немногих людей, кто последовательно и целенаправленно реализует две своего рода аннибаловы клятвы: убеждаете людей всего мира по Вам судить о казахах («ребята, судите по мне о казахах») и опровергаете всей своей жизнью, стихами и прозой тезис Редьярда Киплинга, что «Запад есть Запад. Восток есть Восток, не встретиться им никогда...». В свое время Вы предложили ЮНЕСКО провозгласить 2006 год Годом Планетарного сознания. Воспользовавшись случаем, хочу у Вас спросить о том, что Вы сейчас пишете и что читаете?

– Да, Генеральная конференция ЮНЕСКО в 2004 г. провозгласила 2006 год – Годом Планетарного сознания. Но Генеральная Ассамблея ООН не утвердила это решение. Мотивы – человечество еще не разобралось с формами национальных, племенных, религиозных и прочих форм сознаний. Поэтому о планетарном речь заводить рано.

Я убежден, что наряду со всеми локальными формами мировоззрения необходимо предусмотреть и создающееся, и уже действующее общечеловеческое, планетарное, сформированное

общими ценностями, характерными для продвинутых национальных и религиозных. «Не убий. Не лги» и сотни более сложных постулатов.

Докладывая предложение на конференции, я говорил, что в каждом государстве есть люди, уже обладающие планетарным сознанием. Если из таких будут целенаправленно формироваться политические элиты, то странам будет легче понять друг друга, устанавливать добрые взаимоотношения. Если во главе ведущих государств Запада и Востока будут люди планетарно мыслящие, мир избежит экономических и политических катастроф. Третьей, окончательной, мировой.

Я уверен, Генеральная Ассамблея утвердит решение ЮНЕСКО, и какой-то из будущих годов будет провозглашен Годом Планетарного Сознания.

О чем я пишу сегодня? О тюркизмах, обнаруженных мною в шумерском, древнеегипетском и древнекитайском. Хочу рассказать об этом в Центре тюркославистики КазНУ. Готовлюсь.

– Олжас Омарович, в том памятном для каждого казаха документе об открытии журнала говорилось: «Киргизу Кустанайского уезда Чубарской волости аула № 5 М. Сералину выдано разрешение на издание в г. Троицке под его ответственность

ежемесячного журнала «Эй-кафь» по следующей программе: передовые статьи, заграничные вести, вопросы мусульманской жизни, хроника, фельетоны и стихотворения, библиография и научные статьи, смесь и письма в редакцию».

Что, по Вашему мнению, архинеобходимо для издателей в наше нынешнее время? Каковы будут Ваши наставления и пожелания возрожденному журналу «Айкап»?

– Журнал делает попытку возродиться в интереснейший момент, когда Республика Казахстан готовится отметить свой первый юбилей – двадцати пятилетия нового государства. Подводятся итоги сделанного и упущенного. И, конечно, наряду с успехами аналитики вспомнят моменты, вызывающие досаду и сожаление. Не назвать их, значит загнать болезнь внутрь. Но опыт журнала Сералина подсказывает нам, что, сожалея об упущении, надо предлагать программу восполнения потерь. Короче говоря, содержание журнала должно всегда соответствовать смыслу своего названия. И в юбилейные годы, и во все последующие. Он будет уникальным изданием во всей Евразии.

Беседовала
Инкар КАКИЛБАЕВА

Олжас Сүлейменов

АРҒЫМАҚ

Қыпшақтардың ой-хой құба жондары-ай,
 Жер тарпыған тұлпарын айт, тұлпарын!
 Шарайнадай сауырына қолдап ай,
 Арғымақ жүр,
 Көк шалғынға, көк кілемге
 Сұртіп мүйіз ұтанын.
 Берші менің тақымыма біреуін,
 Жеті қиян жер түбіне асайын.
 Арғымақтай аласұрған, жүрегім
 Оны қалай басамын?!
 Атылайын арғымақтың жалына,
 Соңымда тек сақ-сақ күліп дос қалсын.
 Балғын шалғын айналып көк жалынға
 Нөкер болып артымда ақ шаң топтансын.
 Шаппай тұлпар кісінеме аттын деп,
 Шабайықшы шаң қондырмай етіне.
 Шабайықшы көп жыл тыным жаттың деп.
 Мамын қырдың былт-былт ұрып бетіне.

Аударған Қ. Мырза Әлі





Автор туралы:

филология ғылымының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры. 2000 және 2005 жылдары Қазақстан мұсылмандарының III және IV Құрылтай жиынында Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти, 2007 жылы Орта Азия мүфтилер кеңесінде осы кеңестің төрағасы болып сайланған. Араб тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті және қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлері мен мәдениетінің мәселелері, Шығыс мұсылман елдерімен рухани байланыс, Ислам тарихы, қасиетті Құран, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадис-шәріптері туралы ғылыми еңбектер авторы.

Әбсаттар ДЕРБІСӘЛІ

ТҮРКИЯ ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНДАҒЫ ТАРАЗИ, ТҮРКІСТАНИЛЕРДІҢ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫ

Summary: There are many unpublished works by medieval scholars of Kazakhstan in many Higher Educational Institutions, some public and private libraries of Turkey. These are manuscripts belonging to great scientists and philosophers Abu Nasyr al-Farabi, Muhammed bin Ahmed bin Iusuf al-Isfidzhabi, Abd al-Uahid bin Muhammed ac-Sayrami, Ala ad-din Turkestani, Hibatulla at-Turkestani at-Tarazi, Husamad-din Hussein bin Ali Hazhzhazh al-Hanafi ac-Sygnaki and others from Otrar, Isfidzhab-Sairam, Taraz, Balasagun, Turkestan, Sygnak, Zhenda. Often there are copies of the works

Түркияның көптеген жоғары оқу орындары мен бірқатар мемлекеттік және жеке кітапханалар мен қолжазба қорларында еліміздің орта ғасырлық шаһарлары һәм кенттерінен шыққан арыстарының әлі күнге дейін жарық көрмеген және ара-кідік басылған да еңбектері бар.

Солардың ішінде Отырар, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн, Түркістан, Сығанақ, Женд ғұламаларының түрлі тақырыпты қамтитын қолжазбалары көптігімен таңғалдырады. Мысалы Әбу Насыр әл-Фараби, Мұхаммед бин Ахмед бин Иусуф әл-Исфиджаби, Абд әл-Уахид бин Мұхаммед ас-Сай-

рами, Ала ад-дин Түркістани, Хи-батулла ат-Түркістани ат-Тарази, Хұсам ад-дин Хұсейн бин Әли Хажжаж әл-Ханафи ас-Сығнақи, Мұхаммед Абд ас-Саттар әл-Кердери, Мұхий ад-дин Женди шығармалары және Қожа Ахмет Йасауи «Диуанының» көшірмелері жиі кездеседі.

Түріктер ондай асыл дүниелерді ұзақ ғасырлар бойы Таяу және Орта Шығыстың мәдени, ғылыми, рухани орталықтары Бағдад пен Басра, Дамаск мен Халаб, Мекке мен Мадина, Каир мен Тунистен жинаған. Өйткені 1517 жылдан бастап араб дүниесі мен олардың аталмыш шаһарлары түріктердің



құзырында болды. Сол себепті де ұлан ғайырға көсілген дәулет астанасы Стамбұлға және Түркияның өзге де қалаларына тек жазба жәдігерліктер ғана емес, сондай-ақ түрік патшаларының Стамбұлдағы Топқапы сарайына Ибраһим (ғ.с.), Исмаил (ғ.с.), Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың жеке заттары, қасиетті Қағбаның кілттері, халифалар мен әскери қолбасшылардың қылыштары да әкелінді. Олардың арасында Алла Тағаланың соңғы елшісінің (с.ғ.с.) хаттары да бар. Аса құнды ол заттар қазірге дейін көздің қарашығындай сақталуда.

Иә, Түркия – исламдық жәдігерлер мен мұраларды жинап, сақтауға, зерттеуге ерекше көңіл бөліп келе жатқан өркениетті ел, оның кітапхана қорлары араб, парсы, шағатай һәм осман-түрік тілдеріндегі қолжазбаларға байлығымен танымал.

Елдің кітапханаларындағы ислам өркениетіне қатысты ондай дүниелер жайлы мәліметтерді Стамбұлдағы төмендегідей кітапханалар мен қолжазба қорларын табуға болады.

ISAM – түрікшеден аударғанда «Ислами зерттеулер орталығы» дегенді білдіретін қысқартылған сөз. Ол Түркия уақыфтарының бас кеңесіне бағынады. Мекеме Стамбұлдың Азия бөлігіне арнайы салынған әдемі ғимаратқа жайғасқан. Кітапхана қорына тек Түркиядағы ғана емес, әлем елдерінде басылып жатқан исламға қатысты зерттеу кітаптары да алдырылып отырады, ондағы қолжазбалар каталогі компьютерге түсірілген, ке-

рек жазбалардың көшірмелерін дайындап бере алады. Жалпы Түркияның ислам саласындағы зерттеуді жеңілдету, ынталандыру жолында техника мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануы өзгелерге үлгі деуге болады. Соның бір дәлелі – кітапханаларында сақталған бағалы кітаптар мен қолжазбалардың электронды көшірмесін тез жасатып алу мүмкіндігі.

ISAM-да орындалып жатқан игілікті жұмыстардың бірегейі – көптомды Ислам энциклопедиясының қазірдің өзінде 45 томының шығып үлгеруі.

Түркияның түрлі кітапханалары мен қолжазба қорларында 2001-2010 жылдары, ал Стамбұлға арнайы барған соңғы яғни 2013 жылғы сапарымда осы ежелгі шаһардағы ISAM мен төмендегі бірнеше кітапханалар мен қолжазба қорларында жұмыс істедім.

Сүлеймания кітапханасы Стамбұлдағы XVIII ғасырдан бері қызмет етіп келе жатқан ежелгі, үлкен кітапханалардың бірі. Ол атақты Сүлейман патша мешітінің жанында, мешіт кешенінің құрамдас бір бөлігі. Құрылысы 1557 жылы аяқталған. Әуелде ғибадатхананың арнайы жеке кітапханасы болмаған. Сол себепті ол медресенің хұжыраларына бөліне жайғасқан.

Кітапхана рухани жазба дүниелерге бай. Оның қорына XVIII–XIX ғасырларға жататын 73 мың қолжазба мен 50 мың кітап, 94 мың уақып заттары бар.

Баязит – Стамбұлдағы үлкен кітапханалардың бірі. Оның қоры бір миллионнан астам еңбектерді қамтиды, олар: кітаптар мен мерзімді басылымдар, газеттер, сирек ұшырасатын шығармалар, карталар мен плакаттар және мұрағаттағы теңгелерді де қамтиды. Кітапхана оқу залдары, арнаулы аспаптармен жабдықталған кабинеттер, мүгедектерге арналған бөлмелер, музыка және бейне нөмірлер, салтанатты мәжіліс өткізетін залдардан тұрады.

Нури Османия кітапханасы да Стамбұлда. Құрылысы I Махмұт патша кезінде 1749 жылы басталып, 1755 жылы III Осман патшаның тұсында аяқталған. Сәулетшісі – Синан Калфа. Кітапхананың басты ерекшелігі – ғимараттың барокко стилінделігі. Кітапхана мешіттің шығыс жағында, екі қабатты жеке ғимаратта. Үстіңгі қабаты оқу залы мен қойма. Ғимараттың барокко стилінің ең басты ерекшелігі болып табылатын 30 гипстік сылақты терезелері, екі есігі бар. Бірінің үстіңгі жағына араб тілінде «Білімді тал бесіктен жер бесікке дейін ізде» деген хадис өрнектелген. Кітапхана коллекциясында осман, араб, парсы тілдеріндегі қолжазбалар, I Махмұд пен III Осман патшалар және Байрам пашаның 79 қолжазбасы бар.

Орта Азия мен Қазақстан тарихын зерттеушілердің бірі, Ресей тарихшысы А.Ю. Якубовский (1886-1953) XX ғасырдың 20-жылдары Сығанақ жайлы мағлұмат жинап жүргенде академик В.В. Бартольд (1869-1930) оған Стамбұлға барған сапарында осы Нури Османия кітапханасында сақтаулы «Минман наме-ий Бұхара» – «Бұхара мейманының жазбалары» атты қолжазбадан (Фазл Аллаһ ибн Рузбихан Исфәһани) Сығанақтың бір ақынының:

Бұрын бұл қамсыз ел еді,
«ниһаяны»* құрастырған,
«һидаяны»** зерлеген
Ғұламалар мекені.
Тағдыр жазса тағы да,
Сығнақтық болар ек,
Сәби өмір бой көтерсе кезеңі.

деген өлең жолдарын жазып әкеліп береді. А.Ю. Якубовский оны кейінірек

* «ниһаяның» авторы – Сығанақтық қазақ жерінің перзенті Хұсам ад-дин Хұсейн (Хасан) бин Әли бин Хажжаж ас-Сығнақи (?–1311/1317).

** «һидаяның» авторы – Орта Азиялық көрнекті ғалым Әбу-л Хасан Бұрһан ад-дин Әли бин Әбу Бакр бин Абд әл-Жалил әл-Фарғани әл-Марғинани ар-Риштани (?–1197).



(1929) «Сығанақ қаласының жұқаналары» атты еңбегіне эпиграф етіп алған [1].

Миллет кітапханасын 1700-1701 жылдары Шейху-л Ислам Сейд Фейзуллах Әфенди салдырған. XIX ғасыр басында кітапхананы бұзу ұйғарылған, себебі кітапхананың орнына көлік тұрағын салу қажет деп саналған. Солай болса да Стамбұл әуесқойлар Ассоциациясы Назири Аукаф пен Шейху-л Ислам Хайри Әфендидің қолдауы және күш-қайратының арқасында кітапхана жойылудан аман қалған. Кітапхананы қалпына келтірумен қатар Фейзуллах Әфенди оған 2189 қолжазба, ал Әли Әфенди 1600 кітапты сый еткен.

Стамбұлда Рашид Әфенди, Жаруллах Әфенди, Хакимоғлы, Әли Паша және басқалар салдырған кітапханалар да болған. Бірақ 1942 жылдан соң олардың кейбірі жарамсыз күйге түскен. Сол себепті ондағы дүниелердің бірқатары Фейзуллах Әфенди кітаптарының қорына жиналады.

Мұрат Молла, Әділ Сұлтан, Юсуф Паша Хакимоғлы, Әли Паша көпшілік кітапханалары және Әбу Бәкір Паша, Явүз Селим, Әли Әфенди балалар кітапханасы ретінде қызмет атқарды.

Мұрат Молла кітапханаларындағы қолжазбалар 2000 жылы Сүлеймания кітапханасына берілген және қоры көпшілік үшін ашық болған.

Стамбұл кітапханасы шаһардың ең үлкені. Оның құрамына Йылдыз кітапханасындағы (Сұлтан Абдул Хамид III-нің шамамен 30 мың жеке коллекциясы) және өзге де жеке коллек-

циялар кіреді. Университеттің әр факультетінің жеке кітапханалары да бар.

Стамбұл Университетінің кітапханасы, 1933 ж. бастап осы оқу орнының Орталық кітапханасы деп атала бастайды.

Топкапы сарайы кітапханасы 1928 жылы құрылған. Топкапы сарайы мұражайының жанында. Ол Стамбұлдағы екінші көне кітапханалардың бірі. Мұнда османдық хұснихат өнерінің үлгілері, сонымен қатар қамыс қарындаш пен бояу жаққыш қарындаштар сақталған жәшік, қайшылар, пышақтар, Қасиетті Құран сақталған қаптама, кітап қоюға арналған сүймен, мөрлер мен карталар сақталған. Кітапхана көшірме және баспа қызметтері, микрофильмдер мен суреттер қызметін көрсетеді.

Көпрүлү кітапханасын ұлы елші Мехмет Көпрүлү 1661 ж. салдырған. Ол Стамбұлдағы тәуелсіз әрлемнің ең алғашқысы үлгісі. Кітапхана шағын бау ішінде, Чемберлітас алаңының оңтүстік жағында – үш жағы көшелер. Кітапхана кірпіш пен тастан қаланып, күмбезбен көмкерілген.

Стамбұлда сондай-ақ:

Атиф Эфенди кітапханасы

Рагиб паша кітапханасы

Хаджи Салим аға кітапханасы

Фатих Файзулла Эфенди кітапханасы бар.

Ал, **Анкара кітапханасы** яғни Ұлттық кітапхана 1946 жылы Халықаралық кітапханалар үйі негізінде қаланған. Ол Түркиядағы ең үлкен рухани жазба дүниелер үйінің бірі. Ондағы кітаптар қоры 5 салаға бөлінген:

1. Ежелгі шығыс және түрік тілдеріндегі қолжазбалар;

2. Түрік кітап басып шығару ісінің бастапқы кезіне дейін басылған, қатталуы қолжазбаға ұқсас кітаптар. Олар: 1729-1928 ж. араб шрифтімен терілген түрік басылымдары;

3. 1928 жылдан бастап шыға бастаған барлық түрік басылымдары;

4. Түркия туралы басқа тілдердегі кітаптар;

5. Барлық білім салары бойынша құнды шетел баспалары жатады.

Сонымен Түркия қолжазба қорларында авторлары Тарази, Түркістани деп көрсетілген де біраз дүниелер бар. Олардың кейбірі Түркістан қаласы яки Түркістан өлкесінен шыққандықтан Түркістани деп аталды ма, жоқ па, қолымызда ол туралы мәлімет жоқ. Түркістанилердің дүниелерінен де авторларының дәл қай жерлік екенін білдіретін жолдарды кездестірмедік. Бірақ Хи-батұлла ат-Тарази Түркістани, Махмуд бин Сайид ат-Түркістани ат-Таразилердің қазақ жерінен екендігі айқын болса, ал өзгелерінің жалпы түркі текті немесе Орта Азия яки Шығыс Түркістаннан екендігі даусыз.

Осы ретте әуелі олардың туған мекендері Тараз бен Түркістан туралы араб, парсы тілді деректері не дейді мәселесіне тоқтала кетейік.

Ортағасырлық жиһанкез, пошта қызметкері Әбу-л Қасым Убайдулла ибн Абдалла ибн Хордадбеһтің (820-?) «Китаб әл-масалиқ уа-л мамалиқ» атты еңбегінде Тараз бен Талас өлкесіндегі Құлан, Меркі, Асфара туралы да деректер бар. Соның ішінде әуелі Таразға тоқталған ибн Хордадбеһ: «Исфиджабтан (қазіргі Сайрам) (Таразға) дейін 26 фарсах (Бір фарсах – 3 милл. 1 араб милі 2 шақырым. Кейбір деректерде 3 милл 6 шақырымға тең делінеді – Ә.Д.), Тараздан төменгі Нушаджанға дейін 3 фарсах, сонан соң Каср Басыға дейін 2 фарсах. Бұл жерлер ыстық, онда қарлұқтар (Әл-Харлухия) тұрады, олардың қасында халладжердің (Әл-Халладжийа) қыстауы бар. Әрі қарай Құл Шубаға дейін 4 фарсах, сонан соң Джул Шубаға дейін 4 фарсах, бай Құлан кентіне дейін 4 фарсах, үлкен Берки (Меркіге – Ә.Д.) кентіне дейін 4 фарсах, Асбараға (Аспараға – Ә.Д.) дейін 4 фарсах, үлкен Нұзкет (Қара балта маңындағы мекен – Ә.Д.) кентіне дейін 8 фарсах... Тараз бен тоғызғұздардың (Түркі тайпаларының бірі – Ә.Д.) меке-

ніне дейін дала арқылы жүрсең 81 күн» [2] деп жазады.

(Кавикат Төменгі Нушаджан, Каср, Бас, Кул Шуба, Дитул Шуба – Шу алқабындағы кенттер мен елді мекендер – Ә.Д.)

Ал, Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) «Тарих-и Рашидиде»: «Осы кітаптарда айтылатын қалалардың бірі – Тараз. Онда моғолдар Таразды «Йанги» деп атайды. Бұл Йангидың Моғолстанда орналасқаны айқын. «Йангидың адамдары Мауараннаһрда да көп. Оларды «йангилықтар» деп атайды. Алайда өздері Йанги деп атайтын сол далада бірнеше қалалардың іздері, мұнаралардың күмбезінің қалдықтары, ханака және медреселердің орны сақталған. Ал осы ескі қалалардың ішінде дәл қайсысының Йанги деп һәм басқа қалалардың қалай аталғаны беймәлім» [3] дейді.

«Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйардың» авторы Махмуд бин Әли (1595-?): «Тараз Ферғана облысының (мамлакат) шекарасындағы қала. Қашғармен іргелес. Бесінші ықылымда. Климаты жақсы және жағымды. Тараздың жері қолайлы және жағымды. Тұрғындарына батырлық пен қаһармандық тән. 160 жыл бұрын Тараз өте бай абаттандырылған қала еді. Одан қазақтар мен қырғыз әскерлерінің жорықтарына байланысты қала құрдымға кетті, яғни сағымға айналды.

Бұрындары оның тауарлары алтын, күміс, құлдар (ғұламдар) түрік күндері және аттар болатын» [4] деп жазған.

Сондай-ақ ол тағы да: «Түркістан кең байтақ, жанға жайлы ел. Онда көптеген қалалар, кең жазық далалар мен оған қарасты бағынышты жерлер бесінші, алтыншы, жетінші ықылымның шығыс жағында. «Гарайбтың» авторының (Әбу-л Фида (?-1299)) айтуынша ол Сейхунның солтүстігінен Қарамұрын өзенінің жағалауына дейін жайылып жатыр. Бұл жерлерді бүгіндері Моғолстан деп атайды. Оған Қашғар, Йаркенд,

Хоган, Тибет, Балуристан, Солтүстік және Оңтүстік Қытай кірмейді. Ол жерлер Тура ибн Фаридунға қарата Туран деп аталады. Бірақ қазір Түркістан (Түркістан қаласы) Сакси шаһары, қарапайым халық оны Йасы деп атайды. Қожа Ахмет Йасауи осы облыстан (қаладан) шыққан және ол сол жерге жерленген. Осы күндері оны халифа лауазымды аштарханидтер әулетінің Бұхар ханы Имам Кули хан (1611-1642) атынан қазақ сұлтандары билейді» десе, «Моғолстан жайлы М.Х. Дулати (1499-1551) да: «Шағатай мемлекетінің құлауы салдарынан XIV ғ. ортасында қазіргі Оңтүстік Шығыс Қазақстан, Қырғызстан аумағында құрылған, дулат тайпасының ықпалы мықты болған тәуелсіз мемлекет. Құрамына түрік тілді және түріктенген моңғол тайпаларын біріктірді. XIV ғ. ортасына дейін өмір сүрген Моғолстан шекарасы XIV-XVI ғ. бойы өзгеріп отырғандығы «Тарих-и Рашидиде» (277-бет) толық көрсетілген. Моғолстан аумағына алғашында Сырдария, Сарысу, Балқаш, Ертіс аралығындағы байтақ жер қараған. Содан кейін Қырғызстан және Іле өлкесінің көп бөлігі кірген. Моғолстан ыдыраған кезде моғол хандарының билігі Қашғарияда ғана жүрді» [5] деп нақтылай және анықтай жазған.

«Сонымен Түркістан елі ертеректе және қазір де Тура ибн Йафас ұрпақтары тұратын мекен және жұрт. (Түркістан) шаһарының Шыңғыс хан тұсындағы орталықтары Келуран (?), Қарақорым (Орхан өзені бойындағы ортағасырлық қала), Көкесене (Сығанақтың оңтүстік-шығысында 5 шақырым жерде болған ерекше архитектуралық ғимарат), Дешті Қыпшақ (кең байтақ қазақ даласы).

Бұл елдің (мүлік) әртүрлі кезеңдері, түрлі ерекше аты және атаулары болды. Тура ибн Йафас дәуірінен Моғол ханға дейін бұл елдің тұрғындары түркілер деп аталды. Моғол хан билік басына келгеннен бастап барлық

онда тұратын тайпаларға моғол деген ат тағылды. Өзбек ханның туы көтерілгеннен бастап күні бүгінге дейін бұл бұл жұрттың халқы өзбектер деп аталды. Бұны Туран мен көршілес елдер мойындаған, ал басқа елдер бұрынғысынша бүкіл Туран елі түркілер деп аталады. Алла жарылқап, оған сәлем жолдағыр пайғамбар: «Олар сендерге тиіспесе, түркілерге сендер де тиіспендер» деген. Бұл халықтың қатігездік, ептілік, батырлық және қаһармандықпен аты шыққан. Қазір жаһанның көпшілік бөлігін осы халық билейді, яғни соларға тиесілі.

Түркістанның ауа-райы салқын. Қазір онда айдалған және (егістікке) жарамды жерлер, қалалар мен қамалдар аз. Қазір ол елдің көпшілік бөлігі (худуд) қалмақтар мен қырғыздардың мекені. Олардың күнделікті діни сенім-нанымда мұсылмандық белгісі сирек. Олардың күнделікті күнкөрісі жылқы және қой, әсіресе жылқы еті мен қымыз деп аталатын сүті, жүні және ол жануарлардың терісі. Ру, тайпа басшылары да солардың арқасында күн көреді. Олардың бір-біріне шапқыншылық жасап, бірін-бірі тонауына байланысты өзге істермен айналысуларына уақыттары жете бермейді.

Түркістанның тауарлары – ақ қайың (хаданг), бұлғын терісі, сұрғылт тиын терісі, аккіс, қара түлкі, құлдар мен күндер, қойлар, ақ сұңғар, қаршыға, тоғрел, кречет және йада (жада) тасы» [6] дейді.

Иә, сөйтіп Тараз бен Түркістанның да Отырар секілді тарихы алабөтен. Ол қанша шапқыншылық, жаугершілік, ұрыс-соғысқа ұшыраса да ес жиып, күл астынан қайта көтеріліп отырған. Тараз секілді Түркістан да біздің заманымызға жетті. Таразда және Түркістанда да көптеген мешіттер мен медреселер, керуен сарайлар болған. Археолог ғалымдар осыдан бірер жыл бұрын Таразда іргетасы 893 жылы қаланған, сәулеті өзгеше мешітті тауып қалпына

келтірді. Ол шаһардың ортасындағы Қарахан кесенесінен 100 метрдей жерде тұр. Сөйткен Түркістанның 1500 жылдық тойын еліміз ЮНЕСКО деңгейінде 2000 жылы атап өтсе, ал Тараздың да 2000 жылдығын сол деңгейде 2002 жылы кеңінен тойлады.

Тараз ислам мәдениеті мен ғылымына да өзіндік үлес қосқан. Одан елуден астам ғалымдар шықты. Әсіресе Тараз қарахандықтар тұсында өркендеді. Әйтсе де жалпы жұрт түгілі ғалымдар да осы қаладан шыққан, еңбектерін араб тілінде жазған ойпаздардың еңбектері түгілі, есімдерін де біле бермейді. Түркия қолжазбалар қорында солардың бірі – Һибатулла ат-Таразидің да шығармалары бар.

1. Һибатулла бин Ахмед бин Муалла ат-Түркістани ат-Тарази (1272-1333)

Һибатулла бин Ахмед бин Муалла бин Махмұд Шұджа ад-дин ат-Түркістани ат-Тарази Таразда һижраның (1271/73) жылы туылған. Шұджа ад-дин лақап аты. Алғашқы білімді ол осында алған соң, соңыра ғалым ілім іздеп, баласын ертіп жолға шығады. Әуелі Дамаскіге келіп тұрақтайды.

Мұнда Орта Азиялық ғылым іздегендер мен жетістіктерге жетіп, ұстаз дәрежесіне жеткендермен танысып, достасады, қызметтес болады. Осы ретте оған сабақ берген Ходженттен Әбу Мұхаммед Жалал ад-дин Умар бин Мұхаммед бин Умар әл-Хаббази әл-Бахтияри әл-Ходжендиді атай кету керек. Ол көрнекті ханафи ғалымы еді. 1232 жылы Сырдария бойындағы Ходжент шаһарында дүниеге келген-ді. Осында және Иззия медреселерінде дәріс берген. Хаббази 1292 жылы дүниеден өткен. Оның «әл-Муғни фи усули-л фикһ», «Хашияту-л һидаийа» – «Әл-Һидайаға ескертулер», «Һади фи усули-д дин» атты еңбектерінің қолжазбалары біздің заманымызға жеткен. Ол туралы Құраши [7], Ибн Құтлұбұға [8], Ташкупри-Заде, Хаджи Халифа [9],

Ибну-л Имад, Лакнауи [10], К. Брокельман [11] сияқты ғалымдар қалам тербеген.

Һибатулла да өзге де ілім қуған Орта Азия перзенттері секілді Дамаскіде Хаббазиден тағлым алған. Білімін байытқан соң ұстаз болып қызмет еткен. Орта Азиялық жастардың осында білім алып, биік белеске көтерілуіне барынша көмектескен. Дамаскіден соң Һибатулла ат-Тарази ат-Түркістани Каирге келеді.

Ежелгі қалада кезінде Заһир ад-дин Бейбарыс салдырған медреседе ұстаз болып істейді. 1334 жылы дүниеден өткен ол артына көптеген еңбектер қалдырған.

Һибатулла Ханафи мазһабын берік ұстаған ғалымдардың бірегейлерінен. Сондықтан осы мазһабтың көрнекті өкілі саналады. Тараздың ғалым перзенті Орта Азиялық Ханафи ғұламасы Әбу Жағфар Ахмед бин Мұхаммед бин Салам бин Абд әл-Малік әл-Азди ат-Тахауи (853-933) трактаттарына түсіндірме жазған.

Махмұд ибн Сулейман әл-Кафауи (?-1582/83) аталмыш еңбегінде Тараз ұланына бір беттей арнаған. Онда ол «Шұджа ад-дин Һибатуллаһ ибн Ахмед ибн Муалла ибн Махмұд ат-Түркістани ат-Тарази Дамаскіге келіп, Әбу Мұхаммед Жалал ад-дин Умар бин Мұхаммед бин әл-Хаббаз әл-Бахтияри әл-Хұджандиден (1232/1293) дәріс алды. Ғылыми дәреже мен кемелдікке жетті. Ол факих усули еді, пікір таластырғанды ұнататын, зерттеу ғылымы бойынша тамаша маман-ды. Барлық рационалды және дәстүрлі ғылым салаларына ат салысты. Ол түрлі жинақтар, шығармалар, лекциялар мен кітаптардың авторы. Оған көптеген елдерден ғылым іздегендер келіп жататын. Ол барлық уақытта іспен шұғылданып жүретін иманды, беделді кісі-ді. Ол туралы халық жақсы айтатын, кітап беттерінде де аталып жататын. Ол Әбу Абдалла Мұхаммед бин әл-Хасан бин Фарқад аш-Шайба-

нидің (749-805) «Жамиғ әл-Кабир» – «Үлкен жинақ», «Ақидат ат-Тахауиге» – «Тахауи ақидасына» түсіндірме жазды. «Табсират әл-асрар фи шарх әл-Манар» – Әл-Манарға «Түсіндірмелердегі сырлар», «Китаб әл-Гуар» – «Таңдаулы өлеңдер кітабы», «Китаб әл-Иршад» – «Насихат кітабы», «Китаб әл-Мисал» – «Мысалдар кітабы» атты қолжазбалары бар [12].

Үнді ғалымы Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Һинди (1848-1886): «Ол Тадж ад-дин әл-Ашқардан «әл-Жамиғ әл-Кабирді» – «Үлкен жинақты» оқыды. Оның ұлы Мұхаммед ибн Һибатулла ибн Ахмед ат-Тарази «Әл-Жауаһир әл-мудийаның» авторы Әбу Мұхаммед Абд әл-Кадир Құрашимен (?-1373) бірге оқыған. Ол «әл-Жауаһир әл-мудийада» «Әл-Ашқар әл-Имам Тадж диннің лақап аты. Одан және әл-Хаббазиден (1232-1293) біздің шейхымыз Һибатуллаһ Шұджа ад-дин оқыған. Ал ол Абдаллаһ ибн Мұхаммед ибн Зайдтің лақабы» десе, Орта Азиялық тарихшы Әбу Саъд ас-Самани (1113-1167): «Ол ханафит шейхы, өз кезегінде Бұхарада көп хадис айтқан, һижраның 954-955 жылы дүниеден өтті. Ол Бұхарадағы ханафи ғалымдарының ішіндегі білгірі, өз мазһабын қорғаушылар ішіндегі белсендісі еді. Оны әл-Хаким «Тарих нисабурда» «нисабурға ол 951-952 жылы өкіл ретінде келіп еді» деп еске алады» [13] деп жазады.

Түркия қолжазба қорларында Тараз перзентінің төмендегідей трактаттары бар:

– «Табсиратул-л асрар фи шархи «әл-Манар» – ««Әл-Манарға» түсіндірмелердегі сырлар». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Шарх ақидати-т Тахауи» – «ат-Тахауидың «Ақидасына» түсіндірме» іспетті дүниелері сақтаулы. Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

2012 ж. менің оның өмірі мен шығармашылығы туралы монографиям [14] жарық көрді.

Ал Түркістан ше? Одан көптеген ойшылдар мен даналар шықты.

2. Саид бин Мухаммед ас-Сугди Жамал Түркістани.

Оның аты «Ар-Рисалату-л алаййа фи-л масаили-л хисабийа» – «Хисаб мәселесі жайлы ... трактат» атты қолжазбаға байланысты айтылады. Ол Сүлеймания кітапханасында тұр. Бұл ғалым кейде Әл-Фараби деп те аталады. Ол Әбу Насыр Әл-Фарабиге дейін, шамамен VIII-IX ғасырларда өмір сүрген сияқты (?).

3. Махмуд бин ас-Санид Насир ат-Түркістани ат-Тарази.

Оның аты «Ан-Назм-л хауи ли ақидати-л имам ат-Тахауи» (855-933) – «ат-Тахауи ақидасын қамтитын жыр» атты қолжазбаға байланысты айтылады. Ол дүние Мармара университеті илаһийат факультетінің кітапханасында сақтаулы.

«Қасаиду-л Махмудийа» – «Махмудия қасидасы» атты қолжазба Мармара университеті илаһийат факультетінің кітапханасында.

«Ан-Наджах фи-с сарф» – «Грамматикадағы жетістік». Қолжазба. Баязит кітапханасы.

4. Шейх Алим Түркістани. (Абдуллаһ бин Мұхаммед бин Абдул Азиз ас-Самарқанди). Оның Түркияда «Рисалати-л қалб фи-л малакут» – «Руханият әлемінде жүрек» атты трактатының қолжазбасы бар. (Бурса аймақтық жазбалар кітапханасы).

«Рисала фи мағрифати-л инсан» – «Адамды тану жайлы» трактат. Қолжазба. Бурса өңірлік жазбалар кітапханасы.

«Рисала фи-л абади уа-л убудийа» – «Құлдар мен құлшылық туралы трактат». Қолжазба. Бурса өңірлік жазбалар кітапханасында сақтаулы.

Автор жайлы дерек жоқ.

5. Абдуллаһ Реджеп Түркістанидің «Түркістан милли харакатлары» – «Түркістан ұлттық қозғалыстары». Қолжазба. (Стамбұл, 1945) Мармара университеті илаһиат факультетінің кітапханасында сақтаулы.

Автор жайлы дерек жоқ.

6. Иса Йусуф ат-Түркістанидің «Догу Түркістан инсанликтан йардым истийор» – «Шығыс Түркістан адамзаттан жәрдем сұрайды» атты қолжазбасы Мармара университеті кітапханасында;

«Қадиату Түркістани-ш шарқийа» – «Шығыс Түркістан мәселелері» атты еңбегінің қолжазбасы Мармара университеті кітапханасында сақтаулы.

Автор жайлы дерек жоқ.

7. Абдуллаһ бин Мұхаммед әл-Қашғари ат-Түркістани нидан. Оның Сүлеймания кітапханасында «Хайрат-нама» атты қолжазбасы бар.

– «Мухаммасат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Ширин Шамайл» – «Тәтті бейне». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Рисала фи баййани тариқати-н Нақшбандийа – «Нақшбандия тариқатының баяны туралы трактат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасында.

– «Диуан нидан» – «Нидайдың жинағы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Хаккия нидан» – «Нидайдың хаккиясы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Рисала Мухтасар фи-т тасауууф» – «Сопылар жайлы қысқа трактат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Хаккия» – «Ақиқаттық». Қолжазба секілді дүниелері (Сүлеймания кітапханасы) бар.

Автор жайлы дерек жоқ.

8. Мұса бин Жаралла ибн Фатима ат-Түркістани. Оның түрік елінен:

– «Тариху-л Құран уа-л мусахиф» – «Құран және мұшафтар тарихы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Қауаиди-л фикһийа» – «Фикһ (ілімінің) қағидалары (туралы)». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Шариат не ичин руиете игтибар етмиш» – «Шариғатта не үшін түске орын берген». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Узун гундерде рузе» – «Ұзақ күнде де ораза ұстау жайлы» сияқты

еңбектерін көрдік. Қолжазба. Автор жайлы дерек жоқ.

9. Саид бин Мұхаммед ат-Түркістани

«Рисалату-л алақа фи масаил хиса-биия» – «Есеп мәселеріндегі байланыс». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы. Автор жайлы дерек жоқ.

10. Ала ад-дин Түркістани:

«Манзума фи-л фикһ» – «Өлең-мен [жазылған] фикһ ілімі». Қолжазба. Баязит кітапханасы.

«Назму адади-л кабаир». Қолжазба. Бурдур облыстық кітапханасы.

«Рисала фи-л кабаир уа-с сағир» – «Үлкен және кіші күнәлар жайлы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Қасида фи адади-л кабаир» – «Үлкен күнәлардың саны». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Манзума фи адади-л кабаир». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Расала фи-л кабаир». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Манзума» – «Өлендер». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Манзуме фи баяни адади-л кабаир». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Рисала фи абидаил кабаир». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы. Бәрі үлкен күнәлардың санын білдіретін бір еңбек сияқты.

Автор жайлы дерек жоқ.

11. Абд ар-Рашид Ибраһим бин Умар ат-Түркістани

«Алами-л Ислам ве Жапонияда Интишари Исламийат» – «Ислам әлемі және Жапонияға Исламның таралуы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

Автор жайлы мағлұмат жоқ.

12. Дауд бин Абдул Бақи бин Айбек ат-Түркістани

«Жамиғ әл-қауaid» – «Ережелер топтамасы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасына сақтаулы.

Автор жайлы мағлұмат жоқ.

13. Әбу-л Мааъб әл-Хамадан (шейх Алим Түркістани) – «Рисала фи мағрифати-л инсан» – «Адамды тану жайлы трактат». Автор жайлы мағлұмат жоқ.

14. Дауд бин Абд әл-Бақи Айбек ат-Түркістани.

«Джамиғ қауағид». «Ережелер жинағы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

15. Алам ад-дин ат-Түркістани.

Салах ад-дин Халил бин Айбек ас-Сафади (1296-1363) «Әл-Уафи би-л уафаят» атты 24 томдық еңбегінің 12-томында (327-бет) Алам ад-дин ат-Түркістани: Санжар әл-Амир Алам ад-дин ат-Түркістани атты жерлесімізді атап кеткен. Ол «құрметті, әдепті, батыр жаужүрек деп сипатталады. Нижраның 677//1278 жылы қайтыс болды. Қасиун тауының етегіне жерленді» [15] деп жазады. Соған қарағанда ол Шам елінде ғұмыр кешкен сияқты. Басқа дерек жоқ.

Әдебиеттер:

1. Якубовский А.Ю. Развалины Сигнака (Сугнака) // Государственная Академия истории материальной культуры. Том II. Ленинград 1929, -С.123-159.
2. Әбу-л Қасым Убайд Алла бин Абд Алла ибн Хордаббех. Әл-Масалик уа-л Масалик. Бриль Бейрут 1889, 28-29-бб.
3. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алматы 2003, 402-б.
4. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. Ташкент 1988, 244 б.
5. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тари-хы). Жалпы редакциясын басқарған және алғысөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлі, парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей, қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын салыстырып, әдеби өңдеп, толықтырып аударған, әрі әдеби редакциясын жасаған Мұхтар Қазыбек, өлендерін жол-жол тәржімасынан аударған Қадыр Мырзаәлі, Алматы, 2003, 533-б.

6. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. – Ташкент 1988. – 245-246-бб.

7. Мухий ад-дин Мұхаммед Абд әл-Қадр әл-Құраши. Әл-Джауаһир әл-му-ддия фи табақат әл-ханафийа. Рияд 1970, 566-б.

8. Қасым ибн Құтлұбұға. Тадж ат-тараджим. Бейрут 1992, 3-б.

9. Хаджи Халифа. Кашф аз-зунун. Бейрут 1992, 2-том, 1143, 1201, 1824, 1862-бб.

10. Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Һинди. Әл-Фауайд әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа. Бейрут 1998, 367-б.

11. Brokelman C. Geschihte der drabischen Literatur. Leiden–Brill. 1898.

12. История Казахстана в арабских источниках, III том. Извлечения из сочинений XII-XIV веков. Алматы «Дайк-пресс», 2006, -С.166-167.

13. Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Һинди. Фауайд әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа. Бейрут 1998, 367-б.

14. Шейх Абсаттар Дербисали. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие. Астана 2012, 136-188 бб.

15. Салах ад-дин Халил бин Айбек ас-Сафади. Әл-Уафи би-л уафаят. Бейрут 2010, 24-том; 12-том, 327-б.



Автор туралы:

тарих ғылымының докторы, профессор, әл-Фараби ат. ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі. Қазақстанда сталиндік тоталитарлық жүйенің орнығу тарихы мен оның салдарларын, жиырмасыншы ғасырдың 20 – 30-жылдары байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру саясатының зардаптарын зерттеуде.



Талас ОМАРБЕКОВ

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН: ТАРИХҚА КӨЗҚАРАС

Summary: Alikhan Bokeyhan is not only a prominent political figure of his time, but also a connoisseur, a researcher of history of the Kazakhs. His ideas, attitudes, hypothesis are of great interest for the modern historical science. His area of research concerns the following topics: the family tree (shezhire) of the Kazakhs, an origin of the ethnonym «Alash», the issues of creation and disintegration of the Golden Horde, formation of the Kazakh Khanate, reasons of the failure of uprising of Kenesary, a land issue, problems of immigrants in the Kazakh lands, the uprising in 1916, the relationship of Alashorda and Kokand autonomy.

Биыл мерейтойы халықаралық деңгейде аталып өтіп жатқан қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі – Әлихан Бөкейхан өз заманында саяси жұмыстармен ғана емес, сонымен бірге қазақ тарихын алға жылжыту мәселесімен де біршама нақты айналысты. Оның қазақ тарихы туралы деректерден өзі оқып-білген күрделі мәселелерді ғана емес, сонымен қатар өзі куә болған аса күрделі де қайшылықты және халықтың тәуелсіздік мәселесімен тікелей байланысты оқиғаларды да зерттеуге атсалысқаны және оған қатысты өзіндік пікірлерін ұсынғаны қайраткердің еңбектерінен айқын байқалады. Негізінен алғанда Ә.Бөкейханның тарихи ұстанымдары төмендегідей мәселелер төңірегінде өрбіді:

- Қазақ шежіресі хақында тың пікірлер;
- «Алаш» атауының шығуы туралы;
- Алтын Орданың құрылуы және ыдырау мәселесі;
- Қазақ хандығының негізделуі;
- Кенесары көтерілісіне баға беру;
- қазақ жеріне қоныстанған перселендер тағдыры;
- жер мәселесі;
- 1916 жылғы көтеріліске көзқарас;
- Алаш және Қоқан автономиясының қарым-қатынасы.

Осылардың ішінде алдымен назар аударатыны әрине, қазақ шежіресі мәселесі. Өйткені бұл Ә.Бөкейханның заманында әлі де ғалымдар назарын өзіне аудармаған, жүйелі түрде қағаз бетіне түспеген, рулық шежірешілердің

ауызекі әңгімелерінде ғана қозғалатын және осылай бола тұрса да қазақ тарихы үшін аса маңызды мәселе еді. Оның үстіне 1911 жылы Әлиханның әрі әріптесі, әрі замандасы Шәкәрім Құдайбердіұлы Орынборда «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген еңбегін жариялады. Шүйінші сұрауға әбден татитын бұл еңбекті бірінші болып оқырманға «Айқап» журналы таныстырды. Шәкәрімнің өзі де осы жұмысты жазуға үлкен дайындықпен келгенін жұртқа мәлімдеп, былай деп жазды: «Қазақтың түп атасының жайын білмек болып» көп уақыттан бері сол туралы естіген-білгенімді жазып алып және әртүрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым [1]. Ол бұл еңбекті жазу барысында шынында да кеңінен ізденіп, «мұсылманша»: «Тәбірі», «Тарих ғумуми», «Тарих антшар араслам», Нәжиб Ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» тәрізді еңбектерін, орыс тіліндегі түркітанушы В. Радловтың, Н.А. Аристовтың еңбектерін, көне түрік шежірелерін, «Құдатқу білік», «Кошочидам», Қытайдың Юэн-Шаумиши деген жазушының еңбегін және т.б. жан-жақты пайдаланды [2].

Қазақ шежіресінің тұңғыш рет кітап болып жариялануы халықтың ауызша тарих айту дәстүрімен тәрбиеленген қазақ интеллигенциясын үлкен қуанышқа бөледі. Алғашқы болып бұған өзінің пікірін білдірген де Ә. Бөкейхан еді. «Мұнан бұрын, – деп жазды

ол, – қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ, Шаһкерімнің бұл кітабы қазақ шежіресінің тұңғышы. Қазақ шежіресін білмек болған аға-іні, іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі, Шаһкерімнің кітабын білмей, қадам баспа. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шаһкерім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» [3]. Артық мақтауға жоқ Ә. Бөкейхан бұл кітапты «Бала оқытқан молланың қолында болатын кітап», – деп аса жоғары бағалаған еді [4].

Сонымен бірге ол Ш.Құдайбердіұлының көтеріп отырған тақырыбының аса ауқымдылығын, таласты тұстарының мол екендігін де ұмытпай, мысалы, шежіре жазушының керейлердің «несториян сектасы» сопыларына ілесіп христиан дінін қабылдағаны туралы пікіріне қатысты дау айтты, бұл мәселе арнайы зерттелетін үлкен тақырып екенін ескертуді де ұмытпады. Ә. Бөкейханның тарихи жазбаларындағы бір ерекшелік – өзі пікір айтып отырған мәселеге байланысты оқырманның көзқарасын сұрауы дер едік. Бұл не жасаса да халықтың пікірімен санасып үйренген тұлғаның бүгінгілерге үлгі болар қасиеті. Ол Ш. Құдайбердіұлының шежіресіне байланысты да осындай ұстанымда болды. Яғни, басы ашылмаған тарихи тақырыптардың мәселелерін елмен ақылдасып талқыға салу Ә. Бөкейханның демократиялық ойлау жүйесінен әрқашан туындап отыратын қалыпты әдет еді. Сонымен бірге ол Шәкәрімге орыс ғалымы Н.Аристовтың соңына ілесе бермей, өзіндік қазақы ой толғауды, және қазақ шежіресін бүгінгі күнмен байланыстыра баяндауды ұсынған еді [5].

Кейіннен құрылған «Алаш» партиясының атын анықтауда да Ә. Бөкейхан осы атаудың тарихи тамырына үңілуді естен шығарған жоқ. Ол қазақ арасында кеңінен таралған «алаш» ата-



уын қалмақтар шығарды дегенге күдікпен қарап, былай деген еді: «...Бұл қалай? Алаш деген – біздің қазақ сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен қоятын жөні бар емес пе?... Қалмақша «алаш» не сөз? Мұны біздің «Қазаққа» жазатын аға-іні табылар ма?», – деп газет оқырмандарына тағы да сауал тастады. Әлиханға өз кезегінде осы газет арқылы Халел Досмұхамедов жауап қайтарып: «...Қалмақ тілінде «алаш» деген сөз бар, қазақша мағынасы – өлтіргіш, аямаушы, жаугер», – деп жазған еді [6]. Бұл әңгімеге кезінде М. Дулатов та араласып, атақты Ахмет ханды қалмақтардың «Алаш» атандырғаны туралы аңызды шындыққа жақын дерек ретінде атап көрсеткен еді [7]. «Алаш» атауы қалмақ тілінде жағымсыз мағына бере тұрса да, ол «қазақ» этнонимінің синонимі болып табылатынын қазақ интеллигенциясы жақсы түсінді. Сондықтан да олар өздерінің қозғалысын, саяси партиясын және өздері құрған автономиялы өкіметін бәрібір өздері біраздан бері шығарып келе жатқан «Қазақ» газетіне баламалап «Алаш» деп атады. Бұл ұлт газетасы да партия да қазаққа қызмет етуші дегенді білдіретін. Оның үстіне ұлтты ұйыстырушылар осы туыстас атаулардың ғасырлар қойнауынан бастау алатын тарихына құрметпен қарады.

Ә. Бөкейханды сондықтан да «қазақ» атауының тарих сахнасына шығу мәселесі де ойландырған еді. Ол мұның арғы тарихы аса күрделі екенін түсініп, оның саяси-әлеуметтік тамырларына тереңдеп бармай, бірақ, Қазақ хандығын құрған Алаш қауымдастығының біртіндеп, «қазақ» деген атаумен дербес саяси күш ретінде ХҮ ғ. ортасында көрініс бергенін нақты атап жазды [8]. Дәл осыған ұқсас пікірді Ш.Құдайбердіұлы да айтқан еді [9]. Егерде, тіптен, қазіргі заманғы кәсіби тарихшылардың өздері де Қазақ хандығының құрылған мерзімі туралы

дау-дамайды тоқтатпай, ортақ пікірге бас қоса алмай келе жатқанын ескерер болсақ, Ә.Бөкейханның дерекке сүйенген шынайылығы және тарихи даталарды анықтаудағы дәлдігі еріксіз ойландырады. Мұның өзі Ә.Бөкейханның кезінде В.В. Вельяминов-Зернов аударған М.Х. Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасымен жақсы таныс болғанын, яғни тарихи тұрғыдан жан-жақты білімділігін тағы да айқындай түседі. Кезінде Ә. Бөкейхан мен Ш. Құдайбердіұлынан кейін осы тақырыпқа қалам тартқан М.Дулатов, М. Тынышпаев, С. Асфендияров және т.б. Қазақ хандығының құрылуына байланысты әртүрлі тұспалдау пікірлер айтып, өзіндік ізденістер жасағаны белгілі. Бұлардан Ә. Бөкейханның ең басты айырмашылығы біздің ойымызша, оның нақты тарихи шындықты іздестіруі және қолда бар, там-тұм болса да, нақты деректі бағалай білуі деп айтар едік. Ә. Бөкейханның ойынша Қазақ хандығын құрған және осындай атпен ұлттық мемлекетті тарих сахнасына шығарған түркі тайпалары болып табылады [10, 11].

Ә. Бөкейхан Қазақ хандығының бастауы болған Алтын Орда мемлекетінің Қазақстан тарихы үшін зор маңызын да алғаш түсінген қазақ зиялыларының бірі. Бұл мәселенің маңызы сонда, қазақ мемлекетін негіздеуші тұлғалардың ататек шежіресі Шыңғыс ұрпақтары болып табылатын осы Алтын Орда хандарынан бастау алады. Өкінішке орай, тарихи шындық осылай бола тұрса да, күні бүгінге дейін, біздер, қазақтар осы мәселенің байыбына толық бара қойған жоқпыз. Айтуға тура келетін тағы бір мәселе: бұл істе татарлар толық тәуелсіздікке қол жеткізе алмай, орыстың қол астында отырса да, біздің алдымызды орап кетті. Кезінде осылай боларын түсінгендей, алыстан ойлайтын Әлихан айтылмыш мәселеге баса мән берген еді. Ол әсіресе, Ұлы Дала мемлекетті-



лігінің тарихында Шағатай мен Жошы ұлысының маңызды орнын шынайы ұғына білді. Осы орайда оның осы екі ұлыстың ыдырау себептеріне жасаған талдаулары кейінгі зерттеушілерге үлгі боларлықтай. Мұнда да ол ақиқаттың ақ жібін аттамай, өзі Шыңғыс ханның тұқымы бола тұрса да, «төре» деген ақсүйек атын көлденең тартпай, әділет туын көтеріп, өз бауырлары Шыңғыс тұқымдарының билік үшін талас-тартысқа барғандарын аяусыз сынға алады. Рушылдықпен ауырып, өзінің рулық деңгейдегі батырларын ұлттық деңгейге көтеруді басты мақсатына айналдырған, және осы жолда тарих шындығын құрбан етуге бар, бүгінгі кейбір асыра сілтейтін шежірешілерге бұл да үлгі боларлық Әлиханның зерттеушілік қыры. Алайда, десек те, турашылдыққа негізделген Әлихан ұстанымын тарих шындығын қасиет тұтып, жоғары бағалайтын ізденуші ғана басшылыққа алатыны бәрімізге мәлім. Сонымен бірге Ә.Бөкейхан біздің Қазақ хандығы бөлініп шыққан Өзбек ұлысы атты мемлекеттің шын мәнінде Алтын Орданың өзі екендігін, оның кейініректе «1342 ж. өлген Өзбек ханның атымен атала бастағанын» нақты атап көрсеткен болатын [12]. Ал енді осы Өзбек ұлысынан Қазақ хандығының бөлініп шыққаны айдай әлем-

ге аян. Ә. Бөкейхан Қазақ жүздерінің тарих сахнасына шығуына байланысты да өзіндік пікірін білдірді. Ол бұл маңызды тарихи үдерістің Қасым хан қайтыс болған соң 200 жыл өткен соң орын алғанын айта келе, сонымен қатар орыс зертеушілерінің жүздерді «үлкен», «орта» және «кіші» ордалар» деп атауларының қате екендігін, бұл атаулардың қазақтың «Ұлы», «Орта» және «Кіші» деген ұғымдарына мүлде сәйкес келмейтіндігін ескертті.

XX ғ. басында қазақ кәсіби тарихшылары қалыптаспаған, ал жекелеген тарихи тақырыпты зерттеп жүрген М. Тынышпаев, Ш. Құдайбердіұлы, Х. Досмұхаммедұлы, К. Кемеңгерұлы, Т. Шонанұлы, С. Асфендияров тәрізді зерттеушілер түсінікті себептермен әлі де белсенді зерттеулерге бара алмай отырған заманда тарих ақиқатының жарық жұлдызынан адаспай, өткеннің ғана емес, бүгінгі күннің сын тезіне шыдайтын салмақты да салиқалы және орнықты мұндай пікірлерді Ә. Бөкейхан тәрізді білімді, ұлттың өткені мен болашағына адал адам ғана айта алатыны сөзсіз.

Қазақ тарихының күрделі мәселелерінде Ә. Бөкейханның орыс мұжығын қазақ жеріне қоныстандыруға байланысты көп қалам тартқанын да жақсы білеміз. Ол қоныстандыру-

дың отарлау механизмін өзінің еңбектерінде егжей-тегжейлі баяндап, оның қалай жүзеге асқанын және қырғыз (қазақ) даласының ортасында орыс деревняларының қалай пайда болатынын нақты сипаттап көрсеткен еді [13]. Өзіне тән ерекшелікпен Ә. Бөкейхан патшаның отаршылдық сипатындағы осы шараларын аяусыз сынға ала отырып, сонымен бірге мәселеге біржақты қарамай, қазақ жеріне қоныстанушы, яғни орыс мұжықтарының бастан кешкен ауыртпалықтарын да бұлтартмай ашып көрсетеді. Осыған қатысты ол жазған мынандай жолдар бар: «...осындай артықшылықтарға қарамастан, жаңа қоныстанушылар бірталай ауыр сындарды бастан өткерді. Қоныстанушылар иемденген көптеген жерлерде топырақ өте сапасыз болып шықты және ештеңе шықпады, ормандар мен шабындықтар барлық жерде жеткілікті көлемде оталды, кейбір жерлер ауыз судан қағылды. Жаңа қоныстанушылар жергілікті климат жағдайларымен таныс болмаудан да көп соққы жеді: оларда астық бірде құрғақшылықтан күйіп кетсе, бірде суықтан үсіп кетті, ақырында дала бәлекеті – шегіртке жойып жіберіп отырды. Сорлаудың соңы жаңа қоныстанушылардың қатарынан 3 жыл бойы астықтың шықпай қалуын бастан кешу болды және төзімдері мүлде таусылған олар тұтас жанұяларымен көрші уездердің кен орындары мен зауыттарына жұмыс іздеп кете бастады. Сонымен қатар қоныстанушылар егін алқабына тұқым ғана емес, сонымен бірге азық-түлік көмегін де жыл сайын сұрап өтініш жасаумен болды» [14]. Жалпы бүгінгі қазақ тарихнамасында Ресейдің орыстандыру және поселоктар мен қалалардың демографиялық өзгерістерін зерттеу ісінде Әлиханның айтқандары ескеріле бермейді.

Десекте Ә. Бөкейхан көтерген осы мәселе кейіннен Сібір теміржолының қазақ жерінде келімсектер қатарын

арттырудағы рөліне байланысты тарихи әдебиетте әңгіме бола бастады. Бұл туралы кезінде Т. Шонанұлы кеңінен және нақты зерттеулер жүргізген болатын [15]. Сонымен қатар бұл тақырып С. Асфендияровтың еңбегінде де нақты зерттелген еді [16]. Алайда, С. Асфендияровтың патша үкіметінің отарлау саясатын айыптай отырып, сонымен бірге таптық көзқарас арнасына түсіп, ақиқаттан адасқанын, Ә. Бөкейханның және оның серіктерінің осы мәселеге қарасты көзқарастарын орынсыз сынағаны жөнінде айта кетуге тура келеді: «Олар, – деп жазды ол, – қоныстандыруды тоқтатуды қазақтардың жерді пайдалануларын бұрынғы қалпында сақтауды талап етті, отырықшыландыруға қарсы болды, көшпелі тұрмысты жақтады. Өйткені патша үкіметі ішінара жүзеге асыра бастаған қазақтарды жерге орналастыру жер алқаптарын қысқартуға ғана алып келеді деп санады. Олардың қызметінің жағымды жағы патшаның қоныстандыру саясатына қарсы күреске келіп тірелді. Сонымен қатар, олар «жалпыхалықтық мүддені» қорғаймыз деген тудың астында байларды қолдады. Далалық алқаптарды сақтау, көшпелі мал шаруашылығын қолдау, қоныстандыруды тоқтату – ат төбеліндей феодалдық-рулық мүддені білдірген қазақ буржуазиялық интеллигенциясының ұрандары міне осындай» [17]. Бұл жерде С. Асфендияровтың өзі атап көрсеткендей, қазақ «буржуазиялық» интеллигенциясының бағытын жергілікті жердегі ауқаттылар өкілдерінің бағытына жақын ұстаным ретінде біржақты, ұнамсыз тұрғыдан сипаттағаны айқын байқалады.

Шын мәнінде Ә. Бөкейханов ешқашанда қазақты бай мен кедейге бөліп қарастырған емес. Ол үшін ұлт мүддесі бәрінен де жоғары тұрды. Ал енді орыстарға байланысты қазақтардың ұстанымын ол, төмендегіше баяндады: «Орыстардың көп жылдық басқару

практикасынан, – деп атап көрсетті ол, – қырғыз (қазақ – Т.О.) халқы халық нақылы түрінде далада кең таралған өзінің қорытындысын жасады. Мысалы, қырғыздар былай дейді: «Орыстан досың болса, қойнында болсын балтаң», – (если имеешь русского друга, то имей за пазухой топор), «орыс нан жесе, ақша алады», «қазақ – түлеген түйе, орыс – бұта»... Қырғыз анасы ерке баласын жұбата келе, оны былай деп қорқытады: «Орыс келді! Орыс келді! Қасқыр келді! Қасқыр келді!...» Жоғарыда келтірілген халықтық мәтелдерден көріп отырғанымыздай, қырғыздар шенеуніктер мен қасқырларды қатар қойғанда (қасқыр мал бағушының басты жауы ретінде айтылады) тек орыс үкіметін ғана емес, сондай-ақ барлық орыс атауын түгелдей айтады» [18].

Ә.Бөкейхан жалпы алғанда әсіре ұлтшылдыққа салынып, орыстарды бір жақты айыптаудан әрқашан да аулақ болды. Ол мысал үшін, отарлаудың алғашқы кезеңінде қазақтардың орыс халқын басқарушы шенеуніктер және орыс көпестері ретінде жылы қабылдағанын, алайда қазақ арасына келген орыстардың қазақтармен жақсы қарым-қатынастарды жолға қоя алмағанын, бұған қазақтардың емес, орыстардың өзі кінәлі болатынын атап көрсеткен еді. Оның ойынша орыстардың қазақ жеріне ешбір рұқсатсыз жаппай қоныстануының арта түсуі қоныстанушылар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынасты ауырлатып, қазақтардың заңды қарсылығын туғызды. Осындайда Ә.Бөкейхан орыс мұжықтарының қазақ жеріне жаппай қоныстану тасқынын тоқтатудың жолын іздестірді. Осы айтылғандарға М. Шоқайдың мынандай сөздері кепіл бола алады: «Төңкерістен бұрынғы ұлттық бағдарламамыздың негізгі баптарының бірі – атамекенімізге орыс мұғажырларының тасқынын тоқтату болатын. Ол кезде бұл мәсе-

лені турадан-тура қою мүмкін емес еді. Сол себепті, Әлихан Бөкейхан мен оның ізбасарлары – біздер – бұл саладағы талабымызды алдымен түркістандықтардың өзін орналастырайық, ал орыс мұжықтарының мәселесін түркістандықтар орналасып болғанша және Ресейдің өзінде жер мәселесі шешілгенше тоқтатыла тұрсын деген түрде қойып келгенбіз. Біз мәселені осылай қойғанымызда жергілікті халықтарды жерге орналастырып болғанға дейін он неше жыл уақыт керек болады. Осы уақыт ішінде Ресейде төңкеріс болмай қоймайды деген ойда болатынбыз. Біз орыс келімсектерін біржолата тоқтата алмайтынымызды жақсы білетінбіз. Бірақ осы талапты қою арқылы орыс келімсектерге атамекеніміздің келбетін өзгертуге ықпал ете алатындай тосқауыл қойылады деп сенетінбіз...» [19].

Ә. Бөкейхан патша үкіметі қулыққа көшіп, көшпелі қазаққа он бес десятинадан жер бөліп бере бастаған кезде «Қазақ» газеті арқылы қазақтарды мұндай жерді алудан бас тартуға шақырды. Ол осыған байланысты былай деп жазды: «...Шыңғыс хан да, жақсы Ақсақ Темір де өз заманында жүйрік болған еді, бұлар қазақтың 15-тен жер алатынын қайдан білсін, 15 десятина үшін бұлардың аруағын қозғамайық... Жаз болса қыдырып қымыз ішкен, көрші ауылдың түтінін күзеткен біздің қазақ жігіті... 15-те отырып, тамақ асырайтын болсаң, 15-тен жер ал, 15-ке мал бақпақ болсаң адасқаның, қаңғырғаның» [20].

Яғни, өзі кезінде Орман шаруашылығы институтын бітірген, мамандығы ауыл шаруашылығымен байланысты Ә. Бөкейхан қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын, қазақ халқының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, психологиялық ерекшеліктерін жақсы білгендіктен аталған жер үлесі қазақтың өмір сүруіне кепіл бола алмайтынын жақсы түсінген еді. Оның осындай шынайы

көзқарасы қазақ тарихшыларының XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қызметіне әділетті баға беруін жеңілдетті.

Ұлт-азаттық қозғалысы да Әлихан Бөкейханның еңбектерінде нақты қаралған мәселелердің бірі. Ол өзінің «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты атакты еңбегінде қазақ көтерілістерінің ішінен Кенесары бастаған қозғалысты жеке-дара бөліп көрсетеді. Кенесарының көтерілісінің маңызы мен кемшіліктерін айтуды ұмытпаған ол, сонымен қатар бұл көтерілісті жағымды тұрғыдан бағалады. Мұның себебі, әрине, Кенесарының төре тұқымынан болғанына байланысты емес, керісінше, халықтың қалың бұқарасын өз соңынан ерте алуына катысты еді. Осындайда Ә. Бөкейханның халық арасына кең тараған Сырым бастаған көтерілісті ауызға алмауы тандандырады. Мұның себебін біздің ойымызша, Ә.Бөкейханмен пікірлес Х. Досмұхамедұлының пікірінен іздестірген жөн сияқты. Ол осы көтеріліске байланысты мынадай пікір айтқан еді: «Сырым 15 жылдай (1782-1797 жж.) күресті. Сырымның уақытында орыс үкіметі қазақ ішінде күшті емес еді. Саясатын ойдағыдай қылып ел ішіне жүргізе алмайтын еді. Бір қолымен хандарды сүйесе, екінші қолымен елді алдау үшін сипайтын еді. Патша үкіметі Сырымды әуелгі уақытта сипады. Сырымның арғы сырына түсінген соң-ақ, үкімет жалт беріп, Сырымға теріс айналды. Сырым патша үкіметінің сипағанына иланып қалды. Осы илануы елден айрылуға себеп болды. Әуелгі уақытта Кіші жүз Сырымға тегіс-ақ еріп еді. Ақырында Сырым Үргенішке жалғыз барды десе болғандай болып барып, дұшпандарының қолынан құрметсіз өлім тапты (удан өлді)» [21].

Көріп отырымыз, Сырымның көтерілісі әрі қайшылықты, әрі аса күрделі.



Ә. Бөкейханның ол туралы үндемей кету себебі осы ғана емес. Оны Сырымның орысқа бейімдігі және төре тұқымдарының соңына түскені де ойландырғаны сөзсіз. Бұл туралы Х. Досмұхамедұлы былай деп қорытады: «Сырым Нұралы ханды тактан түсіріп қуды, Есім ханды өлтірді, патша үкіметімен жауласты, Сырым ақырында жеңілді» [22].

Жалпы, Сырым бастаған халық көтерілісі тек патша үкіметіне ғана қарсы шығып қоймай, сонымен бірге хан, сұлтандарға да қарсы бағытталды. Осыған байланысты қазақты жікке бөлетін мұндай жалпы халықтық басқатуерлерді тиянақты зерттеуді Ә. Бөкейхан кейінгі кәсіби тарихшылардың үлесіне қалдырып, өзі бұл мәселеге пікір айтуды артық санады. Дәл осындай ұстаным Ә. Бөкейханда Исатай мен Махамбет көтерілісіне байланысты да орын алды. Сондықтан да ол өзінің тарихи жазбаларында бұл көтеріліс туралы да үндемей қалуды жөн көрді. Бұл әрине, бәрінен бұрын, тарихи, ғылыми зерттеулердің кәсібилікке бағдар бұруы керек екендігін жақсы түсінген қайраткердің ұстанымы еді. Сонымен бірге біз Ә. Бөкейханның қазақтың ұлт-

тық мүддесін бірінші орынға қоятын тұлға ретінде қазақ арасына алауыздық салатын қандай да болмасын тарихи оқиғаларға сын көзбен қарағанында байқар едік.

Осы мәселе 1916 жылғы көтеріліске де байланысты. Ә. Бөкейхан және оның серіктері 1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысын алғашқы кезде «бүліншілік» деп қабылдады. Оның басты себебі, Алаш қайраткерлерінің халықты соғыстың қара жұмысына барудан бас тартпауға шақырулары еді. Патша жарлығына қарсы шыққан жағдайда халықтың негізсіз қырылып қалатынын, және мұндай баскөтерудің жеңіліспен аяқталатынын Алаш қайраткерлері жақсы түсінді. Сондықтан да, олар бұл көтерілісті құптамады. Мұны дұрыс түсінбеген кеңестік кезеңнің тарихшылары «Алашорда 1916 жылғы көтеріліс кезінде ұлттық мүддеге сатқындық жасады» деп жаңсақ тұжырымдар жасады [23].

Дегенмен де, Ә. Бөкейханның өзі де және оның серіктері де уақыт өткен соң, 1916 жылғы көтеріліске көзқарастарын өзгертті. Арада 10 жылдан соң, яғни 1926 жылы осы көтерілістің мерейтойы аталып өткен кезде, Ә. Бөкейхан бұл наразылықтың көтеріліс болып табылатынын атап көрсетті. Алайда ол, бұл кезде де кеңестік жүйенің кейінгі тарихшылары сияқты бұл көтерілісті ұлт-азаттық қозғалысы ретінде сипаттай қойған жоқ. Өйткені бұл заманда осы сөзді ауызға алған Алаш қозғалысының қайраткері ұлтшыл ретінде айыпталатын еді. Сондықтан да Ә. Бөкейхан бұл оқиғаны көтеріліс деп сипаттаумен шектелді. Ол осыған байланысты былай деп жазды: «Қазақ-қырғыздың көтерілісі қалың елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана дария толқиды. Қалың елді қарғыс атқан билесе, қанды саясат қолданса, бұған қарсы ел де толқиды... Өрт қиырға жайылып барады. 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі осындай өрттің

тамызығы болып шығады. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды» [24, 25].

Ә. Бөкейхан да, оның серіктері де ешқашан да Қазақ хандығын қайта құруды аңсаған жоқ. Олардың мақсаты сол кездің сөзімен айтар болсақ, буржуазиялық-демократиялық республика орнату болатын. Мұндай мемлекетті хан емес, парламент сайлап қоятын премьер-министр басқаратын еді. Дегенмен бұдан Алаш қайраткерлері осындай саяси мүдделермен ғана шектелді деу біржақтылық болар еді. «Алаш зиялыларының капиталистік қоғам немесе таза ұлттық мемлекет орнату сияқты мүдделерді өздеріне мұрат етіп қоймағандығы, олар үшін бірінші кезекте ұлттық-саяси дербестік пен экономикалық-әлеуметтік даму жолына түсу тұрғандығын» байқар едік [26].

Тарихымызда тағы бір басы толық ашылмаған нәрсе – Алашорда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының өзара қатынас мәселесі. Әлі күнге дейін осы тақырыпты қаузайттындар осының төңірегінен қайшылықтар мен алауыздықтар іздестіреді. Әдетте бұған тағы да Ә. Бөкейханның тарихи ұстанымы мен көзқарасы кінәлі болып шығады. Тіптен кеңестік заманның өзінде де, шетелдің кейбір тарихшылары осы екі автономиялық құрылымның болашағының болмай қалуына Ә.Бөкейханды кінәлайтын. Мысалы, кезінде кеңестік идеологтар «тарихты бұрмалаушы» деп айыптаған германиялық Баймырза Һайт мырза былай деп жазды: «Қоқандағы Түркістан ұлттық үкіметі Алашорда үкіметімен бірігуге немесе тығыз ынтымақтастық жасауға талаптанды. Осы мақсатпен 1918 жылдың қаңтарында Түркістан қаласында (Яссы) екі үкімет өкілдерінің конференциясы өткізілді. Алашорданың 1917 жылғы 18-26 желтоқсандағы конгресінде алашордашылар арасында бі-

рігу немесе бірігіп әрекет жасау мәселесіне байланысты екі пікір пайда болған еді. Соңғы пікірді Ә. Бөкейхан жақтады. Ол түркістандықтармен, сібірліктермен, башқұрттармен және татарлармен ынтымақтасу мүмкін деп есептеді, алайда Түркістанмен бірігуге қарсы болды. Байтұрсын басқарған екінші қанат Түркістанның бірлігін талап етті. Бұл көзқарас Алашорданың түрік халықтарының бірден-бір ұлттық орталығы болып табылатын Түркістанмен сөзсіз және толық бірігуіне негізделді» [27].

Бұл жерде әрине тарихи деректер шатастырылған. Шын мәнінде Түркістанда Баймырза Һайт айтқандай, екі үкімет өкілдерінің конференциясы емес, Түркістан губерниясы құрамындағы Сырдария облысы қазақтарының съезі шақырылған болатын. Мұнда Екінші жалпы қазақ-қырғыз съезінің бүкіл Алаш баласын біріктіру, өз алдына автономия қылу туралы қаулысына сәйкес, Сырдария қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесі қарастырылған еді. Қабылданған қаулының алғашқы бабында мынадай шешім айтылды: «Сырдария облысы қазіргі уақытта тегіс Түркістан автономиясында болуы себепті, әзірше Түркістан автономиясында қалады» [28]. Сонымен қатар осы қарардың келесі бабында Алаш өз бетінше автономия болған жағдайда және Түркістан автономиясымен одақ құрған болса Сырдария қырғыз-қазақтарының Алаш автономиясына кіретіндігі айтылды. Дәл осы қаулының 5-бабында «Алашорда үкіметі Түркістан шаһарында болсын», – деп атап көрсетілген [29].

Баймырза Һайттың осындай тарихи деректерді бұрмалап, баяндауына деректерді жақсы білмегендіктен орын алған болар деп қарауға болар еді. Егер де ол ойын әрі қарай жалғастырып, Алаш қозғалысындағы қайдағы бір «алауыздық» туралы айтпаған болса.

Оның үстіне ол, Түркістан автономиясы мен Алашорданың жақындасуының болмай қалуына және олардың кейіннен жойылып кетуіне Ә. Бөкейханды орынсыз кіналады. Өз сөзімен айтар болсақ оның былай деп жазғаны белгілі: «осы екі көзқарастың арасындағы алауыздықтың себебі мынада: Бөкейхан өзі өте радикалды көзқарастағы адам болғандықтан, Түркістанды оның консерватизмі мен діни фанатизмі үшін қауіпті деп санады. Бөкейхан мен оның жақтастары орыс рухани өмірінің ықпалында болғаны күмәнсіз. Оның үстіне ол «қазақшылық» идеясын ұлттық мәселені шешудің, сөйтіп, өзін-өзі басқару құқығына ие болудың нағыз тиімді құралы ретінде өзінің іс-әрекетінің негізінде айналдырды. Консервативті Түркістан президенті және ішкі істер министрі қызметіне неғұрлым икемді М. Тынышбайды сайлауға тиісті еді, ол сонымен қатар Алашорданың ішкі істер министрі қызметін де иемдене алатын еді. Бөкейхан Түркістан жеріндегі халықтың нақты күштерінен гөрі Ресейдің революциялық күштеріне көбірек сенді, оның Қоқандағы Түркістан ұлттық үкіметіне қатысты қатаң көзқарасы кейініректе, екі үкіметтің де жойылуына әкелді. Оңтүстікке назар аударып, халықтың ортақтығы және тағдырларының ортақтығы негізінде онымен одақ құру орнына Бөкейхан солтүстікке (орыс большевиктері мен олардың ақ гвардияшы жауларына және казактарға) қосылуға тырысты» [30].

Осы айтылғандарға не деуге болады. Баймырза Һайт шындықты ішінара дұрыс баяндағанымен Ә. Бөкейханды Алашорда мен Түркістан автономиясының көрін қазушы ретінде көрсетуі ешқандай ақиқатқа сәйкес келмейді. Сондықтан да шетелдік тарихи әдебиетте кеңінен тарап кеткен осы көзқарасты бүгінде қазақ тарихшыларының еңбектері теріске шығаруда. Алайда осындай орашалақ және біржақты пікірлердің болуы біздің қоғамның және шетел-

дік тарихшылардың Ә.Бөкейханның тарихқа көзқарасын әлі де толық түсіне қоймағанын байқатады. Десекте бір маңызды нәрсенің басы ашық: нені айтса да, ойланып, байыппен, салмақтап айтатын және ешқашанда екі сөйлемейтін өзінің қайраткерлік миссиясын қазақ халқының алдында адал атқарған Ә. Бөкейханның тари-

хи мәселелерге көзқарасы баға жетпес құнды, қасиетті болып табылады. Оны оқу арқылы тарихтың кейбір күмәнді тұстарын анықтауға және жоғарыдағыдай қате пікірлерді түзетуге толыққанды болады деп ойлаймыз. Олай болса ғалымдарымыз тарихты жазғанда Ә.Бөкейханның көзқарасын назарда ұстауды ұмытпағаны жөн.

Әдебиеттер:

1. Құдайбердіұлы Ш.Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан: Сана, 1991. – 6-б.
2. Сонда. 6-7 бб.
3. Бөкейхан Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі//Таңдамалы (Избранное). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. –332-б.
4. Сонда. 332-б.
5. Сонда. 333-б.
6. Досмұхамедов Халел. «Алаш» не сөз?// «Қазақ» газеті. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. –39-б.
7. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы: Шығармалары: өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. –Алматы: Жазушы, 1991. –318-б.
8. Бөкейхан Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі//Таңдамалы (Избранное). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 332-33 б.
9. Құдайбердіұлы Ш.Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан: Сана, 1991. – 15-17бб.
10. Бөкейхан Ә. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи. – Кітапта: Ә.Бөкейхан. Таңдамалы (Избранное). – 48-б.
11. Сонда. –48-49 бб.
12. Сонда. –48-б.
13. Сонда. –55-б.
14. Сонда. –55-56 бб.
15. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. –Алматы: Санат, 1995. 121-б.
16. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. –188-б.
17. Сонда. –208-209 бб.
18. Бөкейхан Ә. Киргизы. –Кітапта: Таңдамалы (Избранное). –71-б.
19. Шоқай М. Орыс империализмі хараб болсын. –Кітапта: Таңдамалы. –Алматы: Қайнар. 1999. –Т.2. –231-б.
20. Қыр баласы. Жауап хат// «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. –62-63 бб.
21. Досмұхамедов Халел. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат. –Кітапта: Таңдамалы (Избранное). –51-б.
22. Сонда. 34-б.
23. Қараңыз: Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –Алматы: Ататек, 1995. –68-б.
24. Қыр баласы, Шестоков. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына. 1916-1926. –Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). – Алматы: Қазақстан. 1997. –Т.2. –1998. –17-б.
25. Сейфуллин Сәкен. Тар жол тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. –Алматы: Жазушы, 1977. –92-б.
26. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы. 1995. –312-б.
27. Баймырза Һайт. Түркістан Ресей мен Қытай аралығында (Амстердам: Фило Пресс, 1971)// «Қазақ тарихы», 1996. №3. –20-б.
28. «Сарыарқа», 1918, №31.
29. Сонда.
30. Баймырза Һайт. Түркістан Ресей мен Қытай аралығында (Амстердам: Фило Пресс, 1971)// «Қазақ тарихы», 1996. №3. –20-б.



Автор туралы:

филология ғылымының докторы, профессор ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі. 20-дан астам кітаптың [терминология мәселелеріне арналған монографиялар, 10 оқу құралы мен 7 сөздік, бірнеше әдістемелік құрал және 300-ге тарта ғылыми еңбек] авторы.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Summary: The revival and development of the Kazakh written literary language are organically linked with the names of outstanding people as Ybyray Altynsarin, Abay Kunanbayev, Akhmet Baitursynov. Along with them, we can name one great person who played a great historical role in the early twentieth century. He is the nation's leader Alikhan Bokeyhanov. As a scholar, a journalist, a translator A. Bokeyhanov had made a significant personal contribution to the establishment of functional styles of the Kazakh language.

«Әлиханның қазақ еліне сіңірген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды»

Қошмұхамед Кемеңгерұлы

Қазақ жазба әдеби тілі негізінің қалануы жөнінде сөз қозғалғанда Ыбырай, Абай, Ахмет сынды ұлтымыздың ардақты тұлғаларының есімдері алдымен аталады. Халқымыздың ұлы тұлғаларының, қазақ әдебиеті мен тіл ғылымының аса көрнекті өкілдерінің қазіргі ұлттық жазба әдеби тілдің негізін қалауға, оны қалыптастыруға айрықша үлес қосқанына ешкімнің таласы жоқ. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының белгілі өкілдерінің зерттеу еңбектерінде бұл жөнінде жан-жақты қарастырылып, салмақ-

ты ғылыми тұжырымдар жасалды. Бұлармен бірге ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасуына айрықша атсалысқан, қайраткерлік қарымымен де, қаламымен де елеулі үлес қосқан тағы бір тарихи тұлға бар. Ол – Әлихан Бөкейхан. Ұлттық жазба әдеби тіл дамуының XX ғасыр басындағы кезеңінде ол ұлт көшбасшысы ретінде үлкен тарихи рөл атқарды. Ғалым, журналист, аудармашы, қолынан қаламын тастамаған шығармашыл тұлға ретінде қазақ тілінің өркендеуіне жеке үлесін қосты.

Алаш қайраткерлері ақталып, олардың әдеби, ғылыми мұралары халық игілігіне айналған ширек ғасырдан астам мерзімде алаштану бағытында көптеген зерттеу еңбектері жазылды.

ғыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының жауапкершілігін мойнына жүктеп, басын бәйгеге тіккен тарихи тұлға. Иә, бұл кезеңде елге адал қызмет еткен ұлт зиялыларының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлтымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар. Ол айдан анық. Алайда солардың арасында қайсар мінез, табанды қайраткерлік болмысымен, саяси күрескерлік рухының биіктігімен және жан-жақты білімділігімен, бүтін бір елдің тағдыры мен оның алдыңғы қатарлы зиялы қауымын қалыптастыру, азаттық үшін бірігіп күресу жолында көшбасшылық қасиетімен ерекшеленіп, дараланып тұрған ең көрнекті тұлға – Әлихан. Мемлекет тізгінін ұстаған, ұлт көшін бастаған көшбасшылар мен көсемдердің сол қоғамға, сол халықтың өмір-тағдырына ілгерінді-кейінді ықпалы да зор болатынына адамзат тарихынан мыңдаған мысал табылады. Әлихан қазақ халқының XX ғасыр басындағы көшбасшысы, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ірі саясаткер. Ал тіл – кез келген мемлекеттің ішкі бірлігі мен сыртқы қарым-қатынасында, ұлттың тұтастығы мен мәдени дамуында негізгі рөл атқаратын басты құрал және баға жетпес рухани қазына. Қазаққа адал қызмет етуді өмірінің мәні санаған, өзі айтпақшы «Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздеген» Әлихандай ірі қайраткер, сұңғыла саясаткер мұны жақсы білген. Сондықтан да ол Алаш қозғалысының көсемі, Алашорда үкіметінің төрағасы ретінде де, мектепті, училище мен институтты тамадап, толық әрі жүйелі білім алған өз заманының ең алдыңғы қатарлы, озық ойлы ұлт зиялысы ретінде де тілдің рөлін терең сезінген. Тіл қадірін, қазақ тілінің қасиетін білмейтін адам «Анық түрік затты халық тілі – біздің қазақ тілі» деген сөзді айта ма? Академик Кеңес Нұрпейісұлы атап көрсеткендей,



Әлихан Бөкейхан халқымыздың саяси көсемі. Бір халықтың саяси көсемінің елдің ішкі саясатының ең өзекті мәселесі тілге, тіл саясатына мән бермеуі, оны назардан тыс қалдыруы мүмкін емес еді. Дәлірек айтқанда, ол өзінің саяси жолының алғашқы қадамынан бастап қазақ тілінің ісқағаз жүргізу, сот пен тергеу, білім беру тілі болуын күн тәртібіне қойған, ресми органдардан талап еткен саясаткер. Бұл жөнінде біздің осыған дейінгі мақаламызда таратыңқырап жазылды [«Ана тілі», 29.04.2015.].

Алаш ардақтысының өмір жолымен, соңында қалдырған мұрасымен танысқан кез келген көзі қарақты жан оның ұлттың тұрмыс-салты мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін жақсы білген, бұл рухани құндылықтардың қадір-қасиетін, халық өмірінде алатын орнын терең пайымдай алған өресі биік, зияткер мемлекет қайраткері екеніне көз жеткізеді. Ол Абай мұрасын айрықша қадірлеп, өзі мұрындық болып кітабын шығарды. Өмірінің соңына дейін Аханды азаматтық-саяси ұстанымы бір үзеңгілесі, ұлт азаттығы, ел мүддесі жолындағы күрестегі ең сенімді серігі ретінде ерекше жақын тұтты. Тізе қосып, елге еңбек етті. Мағжанның поэзиясын, Мұхтар Әуезовтің тілге жетіктігін атап өтіп, алғашқы аудармаларын жоғары бағалады. Бұдан да халқымыздың асылдарын тап басып таныған ұлт көсемінің парасаттылығын көруге болады.

Бұл жерде тағы да Қошке пікіріне жүгінгенді хош көріп отырымыз. Ол: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күнде-



рінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азаттық тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан» – деп жазады.

Егеролбаулығаназаттықжолындағы азаптың бәріне шыдаған үркердей ғана алаш арыстарының қатарында ұлт ұстазы Ахәнан бастап, тікелей қазақ тілін зерттеуге арналған еңбектер мен қазақ тіліндегі пән оқулықтарын жазған Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омарұлы, Н. Төреқұлұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, Б. Байтоғаев, М. Мырзаұлы, Б. Малдыбайұлы, С. Қожанұлы, Ж. Күдеріұлы, К. Жәлелұлы сияқты зиялыларымыз кіретінін ескерсек, Әлиханның ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасуына қаншалықты зор ықпал жасағанын пайымдауға болады.

Ол өзінің төңірегіне топтасқан бүкіл алаш оқығандарын қазақша газет шығаруға, көркем шығармалар мен қазақша пән оқулықтарын жазып, қазақ баласын ана тілінде оқытуға жұмылдырды. Бұл оның ұлт көсемі ретінде жазба әдеби тілдің қалыптасуына жасаған үлкен ықпалы, басты тарихи қызметі. Қ.Кемеңгерұлының «...әдеби тіл тууына себеп болды» деген пікірінің ең басты әрі жалпы сипаты да осы болар деп пайымдаймыз.

Алаш қайраткерінің жазба әдеби тілдің дамуына қосқан үлесі мұнымен ғана шектелмейді. Ол алаш зиялыларын бұл іске жұмылдырып, ұйымдастырып, жөн сілтеп, жалпы басшылық жасап қана қойған жоқ. Өзі де солардың бел ортасында жүріп, қолынан қаламын та-

стамай өнімді еңбек етті. Ғалым, журналист, аудармашы, әдеби қызметкер ретінде көптеген еңбектер жазу арқылы ұлттық әдеби тілдің ғылыми, көркем әдебиет, публицистикалық және ресми стильдерінің қалыптасуына жеке үлесін де қосты. Қазіргі ғылым тілі, көркем әдебиет тілі, баспасөз тілі, ресми ісқағаздар тілі бір күнде қалыптаса салған жоқ. Тіліміздің функционалдық стильдік тармақтарының жіктелуіне қазақ тілінде газет шығарып, оқулықтар мен оқу құралдарын, көркем шығармалар мен ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектер жазған XX ғасыр басындағы оқығандардың, көрнекті ағартушы-ғалымдардың қосқан үлесі орасан зор.

Әлихан, Ахәндар бастаған қазақ оқығандары, ағартушы-білімпаздар тобы ұлттық баспасөзді дамыту мен оның тілін қалыптастыруға да бар білімі мен тәжірибесін, көп күш-жігерін жұмсады. Әсіресе, «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» деп, М. Әуезов оның қазақ өміріндегі рөлін атап көрсеткен жалпыұлттық тұңғыш газеттің ұлт тарихында алатын орны айрықша болды. Сондай-ақ ұлттың ой-санасын оятқан бұл басылым қазақтың баспасөз тілінің, бүгінгі ұлттық жазба әдеби тілінің де қалыптасуына негіз қалады.

Әдеби тіліміздің даму, қалыптасу тарихы тілтанушы ғалымдар тарапынан едәуір жақсы зерттелді. Қазақ әдеби тілінің ұлттық дәуірге дейінгі және ұлт ретінде қалыптасқан кезеңіндегі әдеби тілін жан-жақты зерделеген «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде академик Р.Сыздық «...Қазақтың ұлттық әдеби тілі XIX ғасырдың II-жартысынан бастап қалыптасты деген тұжырымға келеміз» деген тоқтам жасайды. Ал

тіл дамуының осы кезеңдерін арнайы зерттеген белгілі тілші-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Бабаһ Әбілқасымов «Қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасу кезеңі» атты мақаласында өткен ғасыр басындағы жазба әдеби тілдің қалыптасуындағы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін ерекше атай отырып, былай деп жазады: «Ол өзінің қазақ тілінің заңдылықтарын баяндап берген іргелі еңбектерімен қатар қазақ қоғамын дүр сілкіндірген алғашқы ұлттық баспасөзіміз «Қазақ» газетін (1913-18) шығарып, жаңа жазба әдеби тіліміздің нағыз үлгісін жасап берді. Сөйтіп, қазақ тілшілерінің дұрыс көрсетіп жүргеніндей, ұлы ағартушылардан басталған жаңа жазба әдеби тіл үлгісі қазіргі кезеңде жан-жақты дамып, өзінің кемеліне келіп отыр» («Ана тілі», 7.08.2014.).


Ғалым осы мақаласында Ахмет «Қазақ» газетін шығару арқылы жаңа жазба әдеби тілдің үлгісін жасады және қазіргі жазба әдеби тіліміздің негізін ХХ ғасыр басында еңбек еткен ағартушылар қалады деген ғылыми тұжырымға келеді.

Ахметтанушы, алаш мұрасын зерттеуші тілші-ғалымдардың қай-қайсысы да қазақ тіл ғылымының атасы саналатын ғұлама-ғалым Ахметтің ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасуына да өлшеусіз үлес қосқанын атап көрсетеді. Ғалымның соңына қалдырған құнын жоймайтын ғылыми мұрасы соған дәлел. Ал енді «Қазақ» газеті жазба әдеби тілдің үлгісін жасады» деген тұжырым тұрғысынан қарағанда, қазақ тіліндегі газет шығару мәселесін күн тәртібіне қоюдан бастап, қазақ өміріне үлкен серпін берген бұл тұңғыш ұлттық баспасөздің алғашқы санынан соңғы 265-ші санына дейін аянабай атсалысқандардың бірі ғана емес бірегейі алаш көсемі Әлихан Бөкейхан екенін де ұмытуға болмайды. 6 жыл ішінде газеттің үздіксіз шығып тұруына барынша қолдау көрсетумен қатар,

оның ең белсенді автор болғаны көп жайттан хабардар етеді.

Көрнекті тарихшы ғалым, академик Кеңес Нұрпейісов: «...Ұлттық баспасөз органдары қатарында «Қазақ» газетінің алатын орны ерекше. Өйткені ол басқа басылымдармен салыстырғанда ұзақ мерзім (1913-1918 жылдар) шығып, 265 саны жарық көрді. «Қазақты» дүниеге келтірген және оның тұрақты авторларының қатарында Алаш қозғалысының халық таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлер болды. Осы азаматтар мен олардың сенімді серіктері «Қазақ» газетін жалпыұлттық басылым дәрежесіне көтерді», – десе, белгілі тарихшы, алаштанушы ғалым, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі М. Қойгелдиев: «1909-ншы жылы Петербордан Абайдың тұңғыш кітабын шығарған Бөкейханов болатын және «Қазақ» газетін шығару идеясы да Әлекендікі. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі орасан зор». (Алаш көгіндегі күн – Әлихан Бөкейхан. Abai.kz). – дейді. Алаш мұрасын терең зерделеген белгілі тарихшы ғалымдар Әлиханның газетті шығару идеясының және оның тұрақты авторы болғандығын анық жазады.

Алаш қайраткерінің мұрасын көп жылдар бойы зерттеп, көптомдық еңбектерін шығарып жүрген журналист-ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы «Ресейлік мұрағат құжаттарына сәйкес (ЦГА, С.-Петербург, №776 қор, № 21 тізбек, № 16 іс), газет шығаруға рұқсат 1905 жылдың 9 желтоқсанында Мұстафа Оразайұлы мен бас редактор ретінде Ахмет Байтұрсынұлына берілгенімен, тұңғыш жалпыұлттық қазақ басылымын шығаруға мұрындық болған ұлт көсемі Әлихан екеніне тарихи айғақ-деректер шүбә келтірмейді» –деп жазады. Сонымен қатар осы зерттеуші Ә. Бөкейханның «Қазақ» газетіне өз авторлығымен жазған мақалалары да саны жағынан бас редактор Ахандікінен



кем түспейтінін айтады. Бұл сөзінің дәлелі ретінде әлихантанушы төмендегідей деректерді келтіреді: «Өлекең «Қазақтың» алғашқы 5 санын да, кейінгі 265 санын да Ахаңнан артық демесем де, бір кем көтерген жоқ. Алғашқы бес санында Өлекеңнің кемінде 6 мақала-аудармасы жарияланды емес пе? Ол ол ма, газеттің әрбір санында Әлиханның Қыр баласы, Қ.Б., Ғ. Бөкейханов, Ғ.Б. [яғни Ғали хан Бөкейхан], Ғали хан, Түрік баласы, Арысұлы деген бүркеншік есімдермен кем дегенде 2 көбіне 3-4 мақаласы жарық көріп тұрды. ... Жалпы, «Қазақтың» 6 жылда шыққан 265 санында бір Өлекеңнің 300-ге тарта мақаласы, әдеби сыны, фольклорлық зерттеуі, көркем аудармасы, ашық хаттары, пікірталастары, үндеулері және т.б. туындылары жарияланды. «Қазақта» одан көп жарияланған қазақты таба алмайсыз...» [Abai.kz].

Қайраткер мұрасын арнайы зерттеп жүрген С. Аққұлұлы Әлиханды да «Қазақ» газетінен бөліп қарауға болмайды, Ахаң сынды оның да газетті шығаруға еңбегі ерекше сіңді деп санайды. Журналист-ғалым Қ. Сақ «Қазақ» газетінің шығарушылары туралы шындық», тарихшы Жандос Құмғанбаев мен Ермек Балташұлының «Әлихан Бөкейханов және «Қазақ» газеті» тақырыбы бір мақалаларында да алаш көсемі Ө. Бөкейхан ұлтымыздың тұңғыш жалпыұлттық газетін шығаруда, ұйымдастыруда айрықша рөл атқарды дейді.

Ендеше, қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің үлгісін жасаған «Қазақты»

шығару идеясының да, ондағы жарияланымдардың да белсенді авторы Әлихан Бөкейхан сол жазба әдеби тілдің дамуына да үлкен үлес қосты деген қорытынды жасауға негіз жеткілікті.

Алаш ардақтысының соңында қалған мұраларының елеулі бөлігі – аудармалары. Аудармашылық – оның шығармашылық қызметінің маңызды қыры. Әлихан Бөкейхан көркем аудармамен, ғылыми, ғылыми-танымдық, саяси әдебиеттер мен түрлі пән оқулықтарын, оқу-ағартуға арналған құралдарды аударумен де айналысты. Аудармашы қаламынан туындаған еңбектердің көлемі жағынан көбірегі де осы көркем аудармалары. Олардың арасында қысқа-қысқа мысалдар мен әңгімелер де, көлемді повестер мен романдар да бар. Алаш зиялысы әлем әдебиетінің жауһарлары саналатын Ги де Мопассан, О. Уайльдтің, көрнекті орыс классиктері Л.Н. Толстой, А.П. Чехов, И.С. Тургенев және В.Г. Короленко, Д.Н. Мамин-Сибиряктің шығармаларын, көне гректің әйгілі ақын-мысалшысы Эзоп мысалдарын, орыс генералы, этнограф, археолог, тарихшы, фольклор зерттеушісі, профессор Н.А. Маркстің «Қырымның ескі әңгімелерін» аударды.

Әлихан Бөкейхан батыс пен орыс классиктерінің, танымал жазушылардың көркем шығармаларын аударуда қазақ халқының әдебиеті мен өнері дамыған жұрттардың үздік шығармаларымен, озық ойларымен таныстыруды мақсат етті. Ол қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының дамуына да үлкен үлес қосты.

Ө. Бөкейханның Қырымның оңтүстік-шығыс жағалауындағы Феодосия қаласында туып өскен, қырым татарларының тұрмысы мен тілін жақсы білген орыс генералы, тарихшы-этнограф ғалым Никандр Александрович Маркстің «Қырымның ескі әңгімелерін» аударуы кездейсоқ емес. Қырым аңыздары мен әпсаналары алғашқыда 1913-ші және 1914 жылы Мәскеуде, үшінші рет 1917 жылы Одессада басылған. Алаш

көсемі «Ескі Қырым сөздерін» араға уақыт салмай бірден аударып, ізінше 1915 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында жариялаған. Ә.Бөкейхан туыстас түркі халқының өмір-тарихына қатысты құнды деректерге толы еңбекті кешіктірмей аударып, қазақ қауымына таныстыруды мақсат еткені байқалады.

Бұлармен қатар ол К. Фламарионның «Астрономия әліп-биі» (Мәскеу, 1924. 225 б.), Д. Гравенің «Дүниенің құрылысы» (Мәскеу, 1926. 101 б.), Т. Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы». (Мәскеу, 1926. 102 б.), Мұғалімдерге хат: Пыланеттер. («Жаңа мектеп», 1926. №14-15.) және «В.И. Лениннің күнделіктері», Н.И. Бухариннің «Тарихи затшылдық қисыны», Н.К. Крупскаяның «Халықты ағарту туралы Лениннің өсиеті» сияқты еңбектерді тәржімеледі. Бұл әдебиеттерді ол қазақ танымына сәйкестендіріп, түпнұсқаға өз тарапынан өзгерістер енгізе отырып аударады. Мәселен, К.Фламарион кітабының «Ай» деп аталатын тоғызыншы тарауы орысшасында «Кто не испытал удовольствия любоваться Луною когда вечером она сияет на чистом небе?» деп басталатын болса, оны аудармашы «Алтыбақан теппеген, ақсүйек ойнамаған, жарық Айдың қызығын пайдаланып қуанбаған алашта бала бар ма екен?» деп аударады. Әсіресе, аударған оқулықтары мен оқу құралдарында ол мысалдарды қазақ тұрмысынан, ел өмірінен алып отырады. Түпнұсқа мәтініне байланбай, қазақ баласының таным-түсінігін ескеріп, мәтінді оқырманына лайықтап, өзінің сөз саптау мәнерімен, өз стилімен баяндайды.

Көріп отырғанымыздай, оның аудармалары сан қырлы. Ол аударған еңбектердің арасында көркем әдебиет те, ғылыми, ғылыми-танымдық, саяси, оқулық әдебиеттер де бар. Аудармашы кестелі сөзбен көркем мәтін түзсе де, бейнеліліктен гөрі нақтылық, қисындылыққа негізделетін ғылыми

мәтін түзсе де аудармаларын қазақ дүниетанымына сәйкестендіріп, бейімдеп отырады. Түпнұсқа мәтіндегі негізгі ой мен оқиға желісін сақтағанмен, әр сөйлемді сөзбе-сөз аудармайды. Аударма мәтінге өз тарапынан қосып немесе қазаққа қажет емес деп санаған сөйлем, абзацтарды қысқартып тастайтын тұстарды да кездестіруге болады. Ол мұндай еркіндікке саналы түрде барады. Бұл еркіндіктің түпнұсқадағы айтылмақ ойдың қазақ оқырманына ұғынықты болу мақсатынан туындағанын байқау қиын емес. Сондықтан да олардың аударма мәтін екені аңғарыла бермейді. Сөз саптау мәнерінен өзге тілдің ықпалы байқалмайды. Қазіргі көптеген аудармалардағыдай қадам басқан сайын қазақ сөйлемінің құрылым-жүйесі бұзылмайды. Бірден қазақша жазылғандай әсер қалдырады. Мұны бүкіл Ә.Бөкейхан аудармаларына тән сипат деуге болады. Өткен ғасыр басындағы аудармалардың көбіне тән ерекшелік десек те шындықтан алшақ кетпейміз. Теңтүпнұсқалылық, барабарлық, дәлме-дәлдік, сөбе-сөздіктің шыңына шыққан бүгінгі аударма биігінен қарағандар мұны аударманың балаң шағы, алғашқы қадамдары деп бағалауы да ғажап емес. Одан бергі бір ғасырда аударматану ғылымы да дамыды, аударма жасау тәжірибеміз де молайды. Теңтүпнұсқалылыққа қол жеткіздік-ау, алайда, екі-үш қайталап оқымай түсіне алмайтын қазақша мәтіндер мен орыс сөйлемдерінің қалыбына салып құрылған, сірескен қазақ сөйлемдерін қайтеміз? XX ғасыр басындағы аудармаларға сын айтушылар болса, бұл сұрақтың да жауабын бере кеткені абзал. Бір мәселенің басы ашық. Осыдан бір ғасыр бұрын жасалған Ә.Бөкейханның бұл аудармалары да аударма тәжірибеміздің толығып, қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерінің сараланып, өзіндік сипаттарының айқындала түсуіне қызмет еткені талас тудырмайды.



Әдеби тілді, ғылым тілін қалыптастыруға қосқан Ә. Бөкейхан үлесінің бірі ол жасаған терминдер. Аударған оқулықтары мен ғылыми еңбектерінен оның қаламынан туындаған көптеген терминдерді кездестіруге болады. Мәселен, Қыр баласы аударған К. Фламарионның «Астрономия әліпбиі» Мәскеудегі Совет Одағындағы халықтардың Кіндік баспасынан 1924 жылы жарық көрді. Осы еңбекте айдың жартылай тұтылысы – частное затмение луны, айдың толық тұтылысы – полное затмение луны, аспан кеңдігі – небесное пространство, аспан тасы – аэролит, ауыспалы жұлдыздар – переменные звезды, жер белбеуі, белбеу – экватор, бұлтшық – облачко, егіз жұлдыздар – двойные звезды, жанартау – вулкан, жантайма – наклон (земной оси), жердің білегі – ось земли, жұлдызшық – звездочка, күннің беті – поверхность солнца, күн қотаны – солнечная система, қоралы жұлдыз – совокупность звезд, құс жолы – млечный путь, қырағы түтік – телескоп, пөліс шеңбері – полярный круг, терістік пөліс – северный полюс, толық тұтылыс – полное затмение, тұтылыс – затмение, ұзақтық – долгота, ұялы жұлдыздар – созвездия, үйек – пояс, және т.б. терминдер бар.

К. Фламарион еңбегін аудару барысында ол да сол кезеңде төл оқу-


лықтар жазған немесе аударған өзге де алаш зиялылары сияқты терминдерді қазақша жасауға басымдық берген. Ғалым бұлардан өзге де көптеген астрономия, география және қоғамдық-саяси терминдерді қазақ тілінде жасап, қолданады. Олар жөнінде арнайы сөз еткен жөн. Оның аудармалары мен мақалаларында бүгінгі тілдік қолданысымызға енген айыпкер, әкім, әкімші, әкімшілік, баспасөз, даяшы, жарнама, жауапкер, жолбасшы, көшбасшы, көшбасшылық сынды көптеген атаулар кездеседі. Бұлардың арасында өз қаламынан туындаған атаулар да болуымен бірге ол замандастары жасаған сөздерді де талғап жұмсау арқылы тілдік қолданысқа енгізуді мақсат еткен. Мұны да ұлттық жазба әдеби тілдің қабырғасына қаланған «кірпіш» деп ұғу керек. Өйткені қай кезеңде де елге қадірлі тұлғалардың, сөздің құнын білетін қалам иелерінің жаңадан жасалған атауларды, терминдерді қолдануы олардың тілде орнығуына, жалпыхалықтық сипат алуына оң ықпал етеді. Ә. Бөкейхан да өзінің баспасөз беттерінде жариялаған мақалаларында, ғылыми еңбектері мен аудармаларында алаш қайраткері жасаған жаңа атаулар мен терминдерді қолданып, олардың әдеби тілге сінуіне қызмет еткен. Әлекеңнің XX ғасыр басында халық арасындағы зор беделі

мен қолынан қаламы түспей өндіріп жазғанын ескерсек, оның сол кезеңде жасалған талай сөздің қолданысқа еніп, сөздік құрамымызды байытуға септігі тигеніне еш күмән жоқ.

Ә. Бөкейхан ұдайы жаңадан жасалған терминдерге қатысты өз көзқарасын, ұсыныс-пікірлерін білдіріп отырған. Қыр баласы «кітап сыны» деген айдармен қазақша шыққан кітаптардың көпшілігіне сын-пікірлер жазды. Олардың тіліне, мазмұнына, аударылу сапасына ерекше көңіл бөлді. Сондай еңбектердің бірі 1925 жылы Орынборда шыққан Н. Островскаяның «Еңбекшілерге кооперация не үшін керек?» деген кітапшасы. Оны аударған Сапа Жүсіпұлы. Осы кітап жөніндегі пікірінде ол «Сапа жолдас орыстың «потребитель» деген сөзін «тұтынушы» деп қазақшалайды» деп жазады. Бұл рецензия арқылы біз бүгінгі қолданысымыздағы «тұтынушы» терминінің XX ғасыр басында жасалғанын және оның авторы Сапа Жүсіпұлы екенін анықтау мүмкіндігіне ие болдық. Ғалым еңбектеріне үнілген сайын мұндай құнды

деректертабылабереді. Сондықтан оның еңбектерінің толық жинағын шығарып, тілдік тұрғыдан зерттеудің мәні зор.

Әлихан «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ» деп алаштың жоғын жоқтап, барын түгендеп, ұлтымыздың қамын жеп өткен жұрт шырақшысы. Азаттық жолындағы арпалыспен өткен күреске толы ғұмырында ол ұлтының ертеңі үшін бар күш-жігерін, білім-тәжірибесін жұмсаумен бірге, басын бәйгеге тігіп, жанын да қиды. Қазақтың өз жерін еркін жайлап, өз елінің төрінде отырып, ұл-қызын қазақша оқытып, билік пен төрелікті қазақ тілінде айтуы үшін аянып қалған жоқ. Қазақ тілінде газет шығарды, қазақша кітаптар бастырды, жүздеген мақалалар жазды. Өзгелердің озық ойларын қазаққа жеткізем, көркемдік танымын кеңейтем деп аударма да жасады. Қайсар рухты, асыл текті қайраткердің көшбасшылық арынымен де, қаламының қарымымен де қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі, сіңірген еңбегі де елеусіз қалмауы керек.





Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан

(05.03.1866 жыл, Қарқаралы уезі, Семей облысы, Дала Өлкесі – 27.09.1937 жыл, Мәскеу) – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Әлихан Бөкейхановтың саяси-экономикалық ұстанымдары

БІРІНШІ ҰСТАНЫМ: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Жер - Отан, ал Отанды сатуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген.

ЕКІНШІ ҰСТАНЫМ: жердің астындағы, үстіндегі, асанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қақалу керек». Өз жерінің игілігін - әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, оған асса ғана жатқа салауат.

ҮШІНШІ ҰСТАНЫМ: «Қазақтың жерінде өңдірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс.

ТӨРТІНШІ НЫСАНА: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, қін, қіл үстемдігі болуы керек.

БЕСІНШІ, ТҮТКІ МАҚСАТ: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру.



Автор туралы:

филология ғылымдарының докторы, С. Демирель атындағы Қазақ-Түрік университетінің профессоры. Ғалымның Алаш қайраткері Мұхтар Әуезов жайлы «Мұхтар Әуезов. Талант пен тағдыр», «Мұхтар Әуезов хақында мақалалар» еңбектері бар. Алаш қайраткерлерінің қазақ әдебиеті сыны тарихындағы орнын дәйектеуге үлкен үлес қосты.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

ТҮРКІ ӘЛЕМІ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Summary: By the end of the twentieth century the Turkic people again went on the stage of history. Having lost its true history and spiritual values over the years the eurocentric policy, the Turks began to look for answers to questions about who we are, where we are, what we were in past, what we can, what awaits us in the future, where to go, etc. Indeed, what is the current state of the Turkic world, which gave Genghis Khan, Batu, Tokhtamysh, Baybars, Timur the Gammy, Bayazit, Babur, Ataturk to the world?

Түркі әлемі – үлкен мәдениет
Л. Н. Гумилев

Жиыrmасыншы ғасырдың соңына қарай, бір кездері әлемдік дамудың көшінде жетекші роль атқарып, тарихта өшпес із қалдырған, «көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз мақтаулы қасиетке ие» (Махмұд Қашқари) түркі халықтары тарихтың сахнасына қайта шықты. Ұзақ жылдар бойы еуропаорталықтық саясаттың өктемдігі салдарынан өзінің шынайы тарихынан, рухани құндылықтарынан айрыла бастаған түркі халықтары жаңа заманда енді біз осы кімбіз, қандай халықпыз, бұрын

қандай болдық, қолымыздан не келеді, болашақта қайда бет аламыз, қалай жүруіміз керек деген сияқты сандаған сауалдарға жауап іздей бастады.

Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі жайлы бұрындыры да талай атағы жер жарған ғалымдар пікір айтып, мойындалып келген болатын. Солардың бірі орыстың атақты түркітанушысы Лев Гумилев «...көне түріктердің адамзат тарихындағы маңызы орасан зор, бірақ бұ халықтың тарихы әлі күнге жазылмаған. Ол жол-жөнекей үстірт баяндалып келген, бұл бастаутану, ономастикалық, этнонимдік, топономикалық сыпаттағы қиындықтарды айналып өтуге жағдай жасады» (Лев Гумилев. Көне түріктер. Алматы, 1994, 5 б.) – деп жазса, акаде-

мик А.П. Окладников: «Көне түркілік Сібірдің Батысқа қарағанда, Шығыспен байланысы тығыз болған. Оның тарихы өте терең. Байкал мен Ленаның жағалауында Шығыс пен Батыстың көне мәдениеттері біте қайнасып жатты, осының арқасында сол кездегі күшті мәдени ошақтар өмір сүрді. Бұларсыз біз Еуразияның тарихын толық тани алмаймыз. Байкалдан табылған археологиялық мұралар бұл байланыстарды Дон мен Дунайға дейін алып барды» (М. Аджи. Азиатская Европа. Москва, 2008, 207 б.) – дейді.

Шындығында, түркі әлемінің адамзаттың бақытты қоғам құру жолындағы үлесі аса зор. «Мәдениет саласында бүгінгі күні белгілі болып отырғандай, түркілер сол заманда алдыңғы қатарлы болған мәдениет пен өркениетке ие бола отырып (соңғы кезде археологтар прототүркілер мен түркілердің әлемдік өркениеттің ең көне ошақтарын тұрғызғандығын дәлелдеуде), әлемдік өркениет пен мәдениеттің дамуына елеулі ықпал жасаған... Түркілер керемет рухани мұра қалдырып қана қоймай, материалды мұралары арқылы да адамды таң қалдырды... Жаулап алуда әлемде бір де бір халық түркілерге жетпейді» (С. Бөлекбаев, Ж. Алтаев. Түркілер әлем өркениетінде. «DA-Қазақстан», 2011, №20).

III. Монтескьенің мына бір пікірінен де шындықтың шырайы шуақ шашады: «Әлемдегі бір де бір халық өзінің жаулап алуы мен жеңісі жағынан татарларды басып оза алмайды. Шын мәнінде бұл халық әлемді билеуші, басқа халықтар оларға бағыну үшін жаралғандай. Сонымен қоса ол – империяларды жоюшы және оны қалыптастырушы. Олар барлық уақыттарда да, ғасырларда да үстемдікке жетіп отырды. Олар – Моғол империясы атты иелікке ие. Олар – Персияның билеушілері және Кир мен Гистасктың орнына отырушылар. Олар түркі есімдерімен Еуропада, Азияда, Африкада жорықтарын жүргізді және

үш бөлікке үстемдік етті. Ары барсақ, Рим империясын құлатушыларға тірелеміз. Шыңғыс хан жорықтарымен салыстырғанда, Александр жорықтары қандай? Бұл халықтың тарихын жазуға тарихшылар да жетпейтін шығар. Қанша ерліктер тарих тылсымына айтылмастан кетті! Олар біз білмейтін қанша империя құрды! Бұл – үнемі жеңіске жетуші ержүрек халық, өздерінің ерліктері жайлы болашаққа қалдырмаған халық».

Міне, адамзат қоғамының тарихында, өркениеттің дамуында өшпес із қалдырған түркі халықтарының өткендегі бейнесі, болмысы осы жолдардан анық көрінсе, ал енді бүгінгі жағдайы қаншалықты дәрежеде? Әлемдік дамуға түркілік өркениетпен үлес қосқан, әлемдік өркениетке Күлтегін, Білге қаған, Қорқыт, Әл-Фараби, Әл-Хорезми, Ибн-Сина, Әл-Бируни, Ұлықбек, Қожа Ахмет Иассауи, Низами, Науайы, Абай, Мақтымқұлы, Ы. Ғаспыралы, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, А.З. Уалиди, З. Гөкалып, С. Айни, Фитрат, Айтматов секілді білім-ғылым, әдебиет қайраткерлерін, Тұмар ханым (Томирис), Шыңғысхан, Бату, Токтамыс, Бейбарыс, Ақсақ Темір, Баязит, Бабыр, Ататүрік сияқты әлемді дірілдеткен ұлы қолбасшыларды өмірге әкелген түркі әлемінің қазіргі жаһандану дәуіріндегі жай-күйі қандай?

Түркі әлемі Еуразия құрлығының едәуір бөлігін алып жатқан қырықтан астам этникалық топты құрайды. Түркітестес халықтар Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан сияқты тәуелсіз мемлекеттер мен Ресей мен Қытайда тұтас өмір сүріп келеді. Сондай-ақ Ауғанстанда, Болгарияда, Грекия, Иракта, Кипрде, Моңғолияда тұрып жатқан түркілік диаспоралардың саны да едәуір. Қазіргі миграциялық үдерістің үдеп тұрған заманында түркілерді төрткүл дүниенің төрт бұрышынан да кездестіруге болады.

Аймақтарға орналасуы жағынан түркі әлемінің географиялық бейнесі төмендегідей:

Орта Азия мен Қазақстанда – қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр;

Алдыңғы Азия мен Балқанда – түрік;

Кавказда – әзірбайжан, құмық, қарашай, балқар, трухмен, ноғай;

Еділ бойы, Оралда – татар, башқұрт, шуваш;

Сібірде – алтай, тыва, шор, чұлым, хакас, саха; Шығыс Еуропада – гагауыз, қырым татары, қарайым, қырымшақ, ұрым халықтары өмір сүріп жатыр.

Әзірбайжан Ғылым академиясы География институтының директоры, география ғылымдарының докторы, профессор Будаг Абдулалиоглының анықтауынша «1991-жылғы деректер бойынша, дүние жүзіндегі түркі тектес халықтардың жалпы саны 153 миллион 553 мың 800 адам» («Егемен Қазақстан», 02.10.1997), Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 2010-жылы жалпы түркітектес халықтардың саны 197,9 миллион болған. Қазір «Шамамен 220 миллион түркі тектес халық бар». (Невзат Иалчынташ. Түркі әлемі бірігуге мүдделі. «Түркістан», 27.11.2014). Кейбір деректер бойынша, жалпы түркітектес ұлттар мен ұлыстарды түгел қосқанда, шамамен 350 миллионға жуықтап қалады.

Географиялық орналасуы жағынан алғанда, түркі тектес халықтардың 142,1 миллионы Солтүстік Кипрді қоса есептегендегі жеті тәуелсіз түркі мемлекетінде, 23,6 миллионы парсы-түркі тектес мемлекеттерде, 23,6 миллионы құрамында түркілік автономиясы бар мемлекеттерде, 2,7 миллионы Еуразияның басқа мемлекеттерінде, 5,5 миллионы Еуропа мен Америкада, 0,5 миллионы парсы шығанағы елдері мен Африкада тұрып жатыр (Шығыс Мұқан. 10 причин, почему важно знать и говорить на казахском языке. Алматы, 2012, 290 б.).

Ататүріктің анықтауынша, түркі халықтары деп жүргеніміздің барлығы бір-ақ ұлт, яғни түрік, оның тілі де

жалғыз – түрік тілі; ал қалғандары түрік тілінің диалектілері (лехчелері); «Дүниедегі ең әдемі, ең бай және ең оңай тіл – түрік тілі. Түрік ұлтының жүрегі және санасы болған түрік тілі түріктердің адамгершілігін, салт-дәстүрін, ескерткіштерін, құндылықтарын, қысқаша айтқанда, Түрік ұлтын ұлт қылған барлық нәрсені сақтап келген қасиетті қазына».

Тілдердің алтай тобына моңғол, тұңғыс-манчжур тілдерімен бірге түркі тілдері де кіреді. Бұрын біртұтас бір болған түркі тілі кейін дами, тармақтала келіп, жалпы саны елудің о жақ, бұ жағындағы тілдерге жіктеледі. Түркі тілдерін іштей жүйелеудің бірнеше түрі бар. Көрнекті түркітанушы Э.Р. Тенишевтің анықтауынша, көне сына жазуларынан бастау алатын түркі тілдері алдымен, көне және жаңа тілдер болып бөлінеді. Ежелгі және ескі жазба тілдерге бұлғар, ғұн, көне ұйғыр, қараханид ұйғыр, мәмлүк-қыпшақ, оғыз, печенег, половец, селжүк (ескі анадолы түрік), хазар, хорезм түркі, шағатай тілдері жатады. Ежелгі түркі тілдері тарихи дамуы барысында түрлі өзгерістерге ұшырап, жаңа тілдерге айналды; кейбіреулері жойылып кетті.

Түркі тілдері жайлы алғаш рет жүйелі түрде пікір айтқан – Махмұд Қашғари. Ол өзінің атақты «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде «Түркі халықтары негізінен жиырма тайпа» дей келіп, олардың әрқайсысына қысқаша сыпаттамалар береді. Түркі тілдерін Қашғар қаласынан Шынға (Қытай) дейінгі және Рұм өлкесінен Машынға шейінгі аралықты мекендеп жатқан тайпалардың тілдеріне бөліп қарастырады (М. Қашғари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, «Ана тілі», 1993, 10-12 бб.).

«Жалпы, түркі әлемінде 40-тай тілде сөйлейтін 200 миллиондай адам өмір сүріп жатыр. Түркі әлемінің тілдік көрінісін айқындау үшін сандарды «сөйлетейік». Сол 200 миллиондай халықтың 40 пайыздайы 1 тілде, 70 пайыздайы 6 тілде, ал қалған 30 пайызы 34 тілде сөй-

лейді екен. Халқының саны жағынан алғашқы ондықты 80 миллион түрік, 35 миллион әзірбайжан, 30 миллион өзбек, 12 миллион қазақ, 9 миллион ұйғыр, 7 миллион түркімен, 6,5 миллион татар, 4,5 миллион қырғыз, 2,2 башқұрт, 1,5 миллион қашқай тілдері құрайды. Саны ең азы – 2 500 адамдық шұлым, 5 000 адам сөйлейтін долған және жұғыр, 7 000 адамнан тұратын айну тілдері. Қарайым мен тофа тілдерін бірде есепке алып, енді бірде өлі тілге жатқызып жүр» (Г. Қортабаева. Латын әліпбиіне көшсек... «Таң-Шолпан», 2014, №3, 118 б.).

Тірісі бар, өлісі бар түркі тілдері қатарында негізінен, алтай, әзірбайжан, башқұрт, бұлғар, гагауыз, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай-балқар, қарлұқ-ұйғыр, қарлұқ хорезм, қыпшақ, құмық, қырғыз, қырғыз-қыпшақ, қырым татарлары, ноғай, оғыз, өзбек, салар, сары ұйғыр, татар, тува, түрік, түркімен, ұйғыр-оғыз, ұйғыр, хахас, халадж, хазар, чуваш, якут тілдері аталады (Алдашева А., Сүлейменова Э., Авакова Р. Түркі тілдері. Түркістан, 2004, 45-67 бб.).

Қазіргі заман тілдерінің қатарында алтай, әзірбайжан, башқұрт, гагауыз, долған, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, қырым татарлары, қырымшақ, құмық, ноғай, салар, сары үйсін, сонкор, татар, тофа, тува, түрік, түркімен, өзбек, ұйғыр, ұрым, фуюй қырғыздары, хахас, халадж, хорасан түркі, шуваш, шұлым, шор, якут тілдері аталып жүр. Мұның ішінде татардың өзі абакан татарлары, алабұғат татарлары, барабин татарлары, қырым татарлары, жұрт (көшпелі) татарлары, юрт татарлары болып бөлініп, оның әрқайсысы жеке этнос, тіл ретінде танылып жүр. Сол сияқты айрум, афшар, баят, қарадағ, қарапапах, қашқай, қызылбас, падар, шахсеван, хаджарлардың жеке этнос, не болмаса әзербайжанның бір бөлігі екендігі жайлы да түрліше пікірлер бар. Ал жалпы түркі тілдерін, диалектілерін, говорларын, өлі, тірісін барлығын қоса есептегенде, 400-ден асып жығылады

(Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. Астана, 2002, 682-692 бб.).

Еуропа ғалымдарынан түркі тілдеріне алғаш классификация жасаған – А. Ремюза (1820). Ол түркі тілдерін якут тобы (якут тілі), ұйғыр тобы (ұйғыр, шағатай, түркімен тілдері), ноғай тобы (Қырым-Астрахан маңындағы татарлар тілі), қырғыз тобы, түрік тобы деп, беске бөлді.

Түркі тілдерін зерттеп, жіктеу барысында ғалымдардың көбіне фонетикалық, морфологиялық, территориялық ұстанымдарды басшылыққа алып отырғандығы байқалады. Мысалы, В.В. Радлов түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып, шығыс, батыс, оңтүстік, Орта Азия деп, төрт, И. Бентинг бұлғар, оңтүстік немесе оғыз, батыс немесе қыпшақ, батыс немесе ұйғыр, солтүстік деп, 5 топқа жіктейді.

Орыстың әйгілі түркітанушысы Н.А. Баскаков түркі тілдерін төмендегіше жіктейді. Ол түркі тілдерін алдымен, батыс ғұн тілдері, шығыс ғұн тілдеріне бөліп, ары қарай батыс ғұн тілдерін бұлғар, оғыз, ал шығыс ғұн тілдерін ұйғыр-оғыз топтарына, оларды ары қарай топшаларға, топшаларды тілдерге жіктейді. Осы жүйеде қазақ тілі батыс ғұн тілдерінің оғыз тобындағы қыпшақ-ноғай топшасында қарайым, ноғай, қарақалпақ, қарлұқ тілдерімен қатар орналасқан.

Академик А.Н. Самойлович түркі тілдерін төмендегіше жіктейді:

Шағатай (оңтүстік-шығыс) тобы: өзбек, ұйғыр.

Түркімен «оңтүстік-батыс» тобы: әзірбайжан, гагауыз, түрік, түркімен.

Бұлғар (шуваш) (оңтүстік-шығыс) тобы: сарыұйғыр, тофалар, тыва, хакас шор, якут.

Қыпшақ (солтүстік-батыс) тобы: алтай, башқұрт, қазақ, қарайым, татар, қарашай, балқар, қырғыз, құмық, ноғай.

Еуропалық түркітанушылардың біразы:

-сына жазулары;

-таулы-алтай тілдері;

- карлұқ тілдері;
- кыпшақ тілдері;
- оғұз тілдері;
- саян (тоба) тілдері;
- хахас (қырғыз) тілдері;
- якут тілдері

деп, жіктегенді жөн көреді (Rachewiltz, Igor de. Introduction to Altaic philology: Turkic, Mongolian, Manchu / by Igor de Rachewiltz and Volker Rybatzki; with the collaboration of Hung Chin-fu. p. cm. – (Handbook of Oriental Studies = Handbuch der Orientalistik. Section 8, Central Asia; 20). – Leiden; Boston, 2010. – P. 7) .

Татар ғалымы Г. Ахатов түркі тілдерін үлкен 5 топқа бөледі.

1. Қыпшақ тобы .
1. Қыпшақ-бұлғар топшасы
1. Татар тілі
2. Сібір татарларының тілі (диалекті)
3. Башқұрт тілі
2. Алан-скиф топшасы
1. Қарашай тілі
2. Балқар тілі
3. Қырым татар тілінің солтүстік диалектілері
3. Арал-каспий топшасы
1. Қазақ тілі
2. Қырғыз тілі
3. Қарақалпақ тілі
4. Ноғай тілі
2. Бұлғар тобы
1. Бұлғар-шуваш топшасы
1. Шуваш тіл
3. Қыпшақ-ортазиялық тобы
1. Қыпшақ-ұйғыр топшасы
1. Өзбек тілі
2. Ұйғыр тілі
4. Оғыз тобы
1. Оғыз-осман топшасы
1. Түрік тілі
2. Әзербайжан тілі
3. Салар тілі
4. Гагауыз тілі (Молдавия)
5. Қырым татар тілінің оңтүстік диалектілері
2. Оғыз-түркмен топшасы
1. Гагауыз тілі
2. Құмық тілі

3. Түркімен тілі
5. Сібір-алтай тобы
1. Якут топшасы
1. Якут тілі
2. Долған тілі
2. Қарағас-тува топшасы
1. тува тілі
3. Хахас топшасы
1. Хахас тілі
2. Кюри тілі
3. Шор тілі
4. Алтай тілінің солтүстік диалектілері

5. Сары ұйғыр тілі
6. Фууй-қырғыз тілі
4. Алтай топшасы
1. Алтай тілінің оңтүстік диалектілері.

Академик Ә. Қайдаров пен М. Оразов түркі тілдерін алдымен, батыс хун, шығыс хун тілдеріне бөліп, ары қарай тағы да таратады. Батыс хун тілдерін бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлық топтарына жіктеп, бұлғар тобына шувашты, оғыз тобының ішіндегі оғыз-бұлғарға гагауыз, балқан түркілерінің диалектілерін, оғыз-селджукке әзербайжан, түрік, ұрым, қырым татар диалектілерін, оғыз түркіменге түркімен, трухмен тілдерін, қыпшақ тобының ішіндегі қыпшақ бұлғарға татар, башқұртты, қыпшақ половецке қарайым, қарашай-балқар, қырым татар, қырымшақты, қыпшақ ноғайға ноғай, қазақ, қарақалпақты, қарлық тобына өзбек, ұйғыр тілдерін жатқызған. Ары қарай шығыс хун тілдерін ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ тілдеріне бөледі. Оның ұйғыр-оғыз тобының ішіндегі ұйғыр-туваға тува, тофалар, якутка якут, хақасқа хақас, шор, камасин, шұлым, алтай, сары ұйғыр тілдері, қырғыз-қыпшақ тобына қырғыз, алтай тілдері жатқызылған (Ә. Қайдаров, М. Оразов. Түркологияға кіріспе. Алматы, «Мектеп», 139 б.).

Түркі әлемі жайлы көлемді еңбектер жазған С. Бизаков түркі тілдерін негізінен, төрт топқа бөліп, қарастырады.

Қыпшақ бұтағына	Хорасандар
Қазақтар	Боджнұрдшер
Татарлар	Афшарлар
Барабиндер	Түрікмендер
Ноғайбақтар	Трухмендер
Башқұрттар	Гагауыздар
Қарақалпақтар	Қарлұқ бұтағы
Қырым татарлары	Өзбектер
Құмықтар	Құрамалар
Қарашайлар	Ұйғырлар
Балқарлар	Лобнорлар
Ноғайлар	Аралық бұтақ
Астрахан түркілері	Қырғыздар
(ноғайлары)	Алтайлықтар
Юрттар	Тувалықтар
Қарағаштар	Тофалар
Қарайымдар	Шұлымдар
Қырымшақтар	Хахастар
Ұрымдар	Шорлар
Оғыз бұтағы	Саларлар
Түріктер	Сары ұйғырлар
Әзербайжандар	Фууюлер
Қашқайлар	Орталық Азия түркілері
Қарапапақтар	Сахалар
Шахсевандар	Долғандар
Қызылбастар	Шуваштар
Соннорлар	

(қараңыз: С. Бизақов. Түбі бір түркілер. Алматы, 2000; С. Бизақов. Мир тюркских народов. Алматы, 2014).

Түркі тілдері бұлғар (шуваш), оғыз (әзербайжан, түрік, түркімен, гагауыз, қашқай, қарапапах, шахсеван, қызылбас, хорасан, афшар, т. б.), қыпшақ (башқұрт, балқар, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай, құмық, ноғай, татар, қырым татарлары, т. б.), қарлұқ (өзбек, ұйғыр, лобнор, т. б.), ұйғыр-оғыз (қамасин, тыба, хахас, шор, шұлым, сары ұйғыр, тофа, якут, т. б.), қырғыз-қыпшақ (қырғыз, алтай, т. б.) топтарына бөлінеді (Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998, 406-407 бб.). Түркі тілдерін басқаша жүйелеу де бар.

Жоғарыда біз түркі тілдерін жүйелеудің түрлі ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, жасалынған бір-неше түрлерін әдейі келтірдік. Бұдан байқалатындығы – түркі тектес тілдерді жіктеудің жұрт мойындаған ғылыми жүйесінің әлі күнге дейін жасалмағандығы, оның аса күрделілі-

гі. Жүйелеудің бұлайша көп түрлілігі зерттеу істерінде басшылыққа алынып отыратын ортақ ғылыми өлшемдердің жоқтығынан болса керек. Тілдерді топтастырудың барысында бір ғалымдардың тілдердің өзара жақындығын негізге алса, енді біреулері олардың туыстық, географиялық орналасу жақтарына назар аударғандығы байқалады.

Сонымен бірге күні бүгінге дейін тілді анықтаудың негізгі талаптары айқындалмағанының салдарынан жеке тіл мен оның ішіне кіретін, соның бір бөлшегі саналатын диалектінің ара жіктері ашылмай, барлығы да тіл санатында жүр. Тіпті түрік ғалымдары қазақ, қырғыз сияқты тілдерді түрік тілінің бір диалектісі санап, қазақ түрікшесі, қырғыз түрікшесі атап жүрсе, басқа ғалымдар бұлардың әрқайсысын жеке тіл ретінде қарастырады. Алдағы уақыттарда түркітану саласындағы ізденістерді бір ізге, жүйеге түсіру үшін бұл мәселелердің ғылыми тұрғыдан шешімін табуы аса маңызды.

Тілдері фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жағынан бір-біріне жақын, ұқсас, туыстас түркі әлемі Тынық мұхитынан Атлант мұхитына дейінгі аралықта созылып жатыр. Қазір 40-тай (кейбір зерттеушілер – 25, енді біреулері – 49 деп, көрсетеді) тілде сөйлейтін 250 миллиондай адам өмір сүріп жатыр. Әлем бойынша түркі халықтарының жалпы саны 1992 жылы 135 миллион 682 мыңды құрапты. Ал 2005 жылы түркі халықтарының жалпы саны Г. П. Самаевтың мәліметі бойынша, 172 миллионға жеткен. Нақтылағанда:

әзербайжандар – 26 млн.
алтайлық тывалар – 8,5 мың
алтайлықтар – 70 мың
афшарлар – 750 мың
балқарлар – 115 мың
гагауыздар – 250 мың
долғандар – 7 мың
қаджарлар – 40 мың

қазақтар – 12млн. 300 мың
қарадағтар – 35 мың
қарайымдар – 30 мың
қарақалпақтар – 660 мың
қарапапақтар – 140 мың
қарашайлар – 200 мың
қашқайлар – 1 млн. 300 мың
қырым татарлары – 500 мың
қырымшақтар – 1,5 мың
құмықтар – 470 мың
құмандар – 3 мың
қырғыздар – 4 млн. 100 мың
ноғайлар – 95 мың
саларлар – 100 мың
сары ұйғырлар 14 мың
сахалар – 460 мың
сойоттар – 3 мың
татарлар – 6 млн. 300 мың
телеңгіттер – 2,4 мың
телеуттер – 2,7 мың
тофалар – 0,8 мың
тубалар – 1,6 мың
тывалар – 260 мың
түріктер – 70 млн.
түркімендер – 7 млн.

оңтүстік және шығыс иран түріктері: бахарлу, инанлу, нафар, хорасани, пигачи, теймурташ, гоудари, карайи, байат, қарагөзлі, кенгерлі – 500 мың

өзбектер – 26 млн. 800 мың
ұйғырлар – 8 млн. 920 мың
хакастар – 76 мың
халадждар – 60 мың
хотондар – 5 мың
челкандар – 0,9 мың
шуваштар – 1 млн. 640 мың
шұлымдар – 0,6 мың
шахсевандар – 600 мың
шорлар – 14 мың (Алтай – прародина тюрков. Горно-Алтайск, 2013, 6-7 бб.).

Сонда 1992 жылдан 2005 жылға дейінгі 13 жылдың ішінде бұл көрсеткіш 37 миллионға өскен. Өскенде де барлық халықтар бірдей емес, ала-құлалық байқалады. Өсім негізінен көп санды ұлттардың есебінен болып, шағындары өспек түгілі, өзін әрең сақтап тұрған. Жылдық өсім орта есеппен 3 миллиондай болып отырған. 2010-жылы жалпы түркітөктес халықтардың саны 197,9 миллион болған; яғни жыл сайын 5 миллиондай қосылып, 25 миллион 218 мыңға көбейген. Осы есеппен келгенде, қазіргі түркі әлемі (2014 жылы) орта есеппен 203-205 миллионды құрайды.

(Жалғасы бар)





Бекір ҚАРЛЫҒА

Автор туралы:

философия ғылымының докторы, профессор, Түркия Республикасы премьер-министрінің кеңесшісі және БҰҰ «Өркениеттер альянсының» Ұлттық үйлестіру комитетінің төрағасы

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ

Summary: Abu Nasr Muhammad ibn Uzlag al-Farabi is «al-Mualim as-sani», i.e., the second teacher, for the medieval Islamic world. He is a founder of philosophic thought of Islamic Orient, a symbol of the Turkic world. Al-Farabi is an author of the great works in Theology to Metaphysics, Ontology to Logic, Moral Philosophy to Philosophy of Politics, Physics to Astronomy.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан (Тұрхан) ибн Ұзлағ әл-Фараби Ортағасырлық Ислам Әлемінің «әл-Муалим әс-сәниі», Ортағасырлық Латын Әлемінің Екінші Ұстазы, философияның Аристотельден кейінгі екінші хәм ұлы ұстазы ретінде танылған Түркі Әлемінің жарқын рәміздік бейнесі, Ислам Әлемі философиялық ойының негізін қалаушы және Батыс әлемін схоластиканың қалың ұйқысынан оянуына түрткі болған санаулы философтардың бірі.

Ислам өркениетінің алтын дәуірінің бастауында тұрған Түріктің ұлы ойшыл-философы теологиядан метафизикаға, онтологиядан логикаға, этикадан саясат философиясына, физикадан

астрономияға, психологиядан музыка теориясына дейінгі салаларда еңбектер жазып, өзінің терең философиялық білімімен Антика ой-дүниесінің ортағасырларға және бүгінгі заманға дейін жетуіне дәнекер болды.

Әл-Фарабидің ойлау жүйесі эклектикалық сипатқа ие. Ол бір жағынан өзі қатаң ұстанған Аристотель философиясының Платонның көзқарастарымен ортақтастығын дәлелдеуге, екінші жағынан сол дәуірдің философиясының басты қатынасы теистік эллинизм философиясының іргелі сауалдарын қайтадан ой елегінен өткізуге ұмтылыс жасады, осылайша Ислам дініндегі абсолютті Таухид ұстанымына негізделген жаңа ойлау жүйесін қалыптастыруды қалады.



Біздің заманымыздан мыңдаған жылдар бұрын Орталық Азиядан Бағдат, Халеп, Шам және Мысыр сияқты сол кезеңде Ислам мәдениетінің астанасы болып саналған қалаларға барып, әлемдік философияны терең танып-білуге және түсінуге тырысқан ойшыл-философ өз ой жүйесін құрған кезде алдымен байырғы гректерден Римге, ол жерден христиан схоластизміне өткен Тривиум-Квадривиум деп танылған білімдер классификациясының орнына ислам білімі кіретін жаңа бір білімдер классификациясын жасай отырып, классикалық жүйені толығымен өзгертеді және алғаш рет өркениет философиясын өзінің жасаған ілімдер аясында белгілі бір орынға шығарады. Философия, Теология (Қалам), Логика, Музыка, Этика, Мемлекет, Саясат философиясы мен Өркениет идеясы аясында жазған еңбектері қаншалықты болса, тәрбиелеп шығарған шәкірттерімен жазған логика жайындағы еңбектерін өзі қайтыс болғаннан кейін Бағдаттағы ізбасарлары тарапынан толықтырылып шығарылады. Оның бұл еңбегі Ислам Ренессансы деп аталатын кезеңде, яғни хижра күнтізбесі бойынша IV

ғасырдағы ойшылдар, өнер адамдары мен жазушылардың сусындаған қайнар көзіне айналды.

Әл-Фарабидің Логика ілімінің жүйесі XVII ғасырда құрылған және заманауи ғылым мен ойдың негізгі факторларының ішінде орын алған методологияның да негізгі іргетастарының бірі болып табылды. Басқа қырынан қарағанда, сөйлеу мәнері немесе мистицизм басым болған соңғы кезеңдегі ислам логика дәстүрінің шығармалары да әл-Фараби философиясының жалғасы ретінде танылды. Ұлы ғұлама Имам Ғазалидің және оның ізбасары фикһ ілімінің білгірі, мүфәссір Фахруддин ар-Разидің логикалық жүйесі де әл-Фараби философиясымен байланысты болды. Мухи-уд Дин ибн әл-Арабидің Уахдат ул-Вужуд философиясы бойынша құрылған Мератиб ул-Вужуд, яғни зат мәртебелері теориясының да әл-Фарабидің дамытқан Болмыс пен Жаратылыс туралы теориясымен байланысты екендігін байыптаймыз.

Әл-Фарабидің Батыс Ислам әлеміне тигізген ықпалы да орасан зор. Андалусия ой-санасының алыптары Ибн Бадж, ибн Туфейл, ибн Рушд әл-Фарабидің идеяларын Мұсылмандық Испанияда танымал етуімен қатар, олар бұл идеяларды Пиреней тауларынан ары асырып, Континенталды Еуропаға дейін таралуына зор үлес қосты. Тұжырымдап келгенде, Исламдық ой дәстүрі тұтастай алғанда әл-Фараби идеялары құрылымының жалғасы мен кеңейуі болып табылады деп айтқанымыз артық болмайды.

Әл-Фарабидің батыс әлеміндегі ықпалы туралы мәселе туралы ой қозғасақ, оның ықпалы ислам әлеміндегідей болмаса да, өте жоғары деңгейде болғандығын, атап айтсақ, еврейлер мен христиандардың кезінде үлкен бір көлемді қамтып белгілі бір дәрежеде күні бүгінге дейін сақталып келгендігін айтуға болады. Әл-Фарабидің пікірлері еврейлердің діни философиясының

өкілі ибн Маймун арқылы еврей философиясына; Ұлы Альберт және оның шәкірті Фома Аквинский арқылы латын әлеміне таралды. Ибн Маймунның шәкірті Самуэль ибн Тиббонға жазған хатында әл-Фарабидің еңбектерін оқуы керектігін айтуына орай, Оңтүстік Францияда тұратын еврей аудармашылары әл-Фарабидің еңбектерінің біразын байырғы еврей тіліне аударған еді. Аудармашылардың арасында өздерін әл-Фарабидің шәкіртіміз деп есептегендер де болған.

Біз қазіргі таңда әл-Фарабидің түпнұсқасы жоғалып кеткен, араб тілінде жазылған еңбектерін көне еврей әліпбиімен жазылған нұсқасын немесе көне еврей тіліне аударылған нұсқаларын ғана оқи аламыз. Ислам ілімі мен философиясына қызығушылық танытқан көптеген христиан аудармашылары да әл-Фараби еңбектерін тура арабшадан немесе көне еврей тіліне аударылған нұсқаларынан латын тіліне аударған. 300 жылға жуық жасалған аудармалардың нәтижесінде батыс әлемін схоластика ұйқысынан оятып, Ренессанс қозғалысының басталғанын көптеген зерттеуші ғалымдар айтып кеткен.

Әл-Фараби философиясының ықпалы XVIII ғасырға дейін азайса да, жалғасын тапты. Оның әсіресе, мемлекет, саясат, өркениет философиясымен байланысты пікірлері екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашизмге қарсы шыққан еврей аудармашыларын қайтадан шабыттандырды. Олардың арасында неоконсерватизм ойшылдарының ішінен Лео Штраусты айтуға болады. Арадан мың жылдан аса уақыт өткеннен кейін ол әл-Фарабидің, Платонның Мемлекет туралы шығармасына жазған түсіндірмесіне маргиналии (түсіндірме туралы түсіндірме) жазды, осылайша Ортағасырларда өте белгілі болған түсіндірме жазу дәстүрін қайтадан жандандыру арқылы әл-Фарабидің қазіргі заман-

дағы комментаторына айналды деп дәйектесек те болады.

Исламдық философияның негізін қалаған әл-Фараби, өзінен кейінгі ойшылдарды тамсандырмай қоймаған. Тіпті, Ислам философиясының тарихы – әл-Фараби философиясының кеңейтілген қалашығы, үлгісі ретінде қарастырсақ та артық болмас. Ол философия, логика, этика, саясат және мәдениет аясында жазған шығармалар көмегімен болашақ Ислам философиясының кішігірім үлгісін жасап шығарды. Одан кейінгілер, әл-Фараби зерттеулерін дамытқандар арасынан әл-Фарабиден азды-көпті білім алған болса да, одан озып шыққан ешкім жоқ.

Жоғарыда атап өткендей әл-Фараби тек Ислам философиясына ғана емес, өзінің еркін ойларымен, орта ғасырлардағы Христиандық және еврей философиясына қатысты ойларымен де Батыс философиясына өзіндік үлесін қосты.

Ортағасырлық Ислам, Христиан және Яхуди пікірлеріне әсерлері

Әл-Фарабидің бастаған интеллектуалдық әрекеті Шығыс Ислам әлемінде аз уақытта дамыды және көпшілігі Хорасан мен Мәуереннахр қалаларынан шыққан ойшылдардың көмегімен Ислам философиясында «Алтын ғасыр» кезеңі басталды.

Әл-Фарабиден тәлім алғандар, оның үмітін ақтамаса да, кейінгі әл-Фарабидің шәкірттерінің шәкірттері биіктен көрінді. Осылардың арасында Бағдаттағы Яхия Ибн Адиден білім алған Әбу Сүлейман әс-Сихистани, Әбу Хайян әт-Тевхиди, әбу Бекир әл-Кумси, Иса Ибн Зүра, Ибиус-Семх, ибкуль-Хаммар, әбу Мухаммед әл Арузи секілді ойшылдар болған.

Әл-Фарабидің логикалық бағыттағы ізденістерін Якубиялық христиан Әбу Зекерия Яхия Ибн Ади (974 ж.) жалғастырды. Яхия Ибн Ади жайында мәліметтер өте аз. Бірақ ибн Әби

Усейбиа оның Бағдатта кітаптарының көшірмесін жасау арқылы танымал болғандығын және атақты Ибнун Недим секілді жазушы тарапынан сынға ұшырағаны да белгілі. Оның айтуынша, ол ешбір қиындықсыз бір түннің ішінде 100 бетті көшірген екен.

Ибн Әби Усайбианың осыған байланысты қызық оқиғасы да бар: Алесандра Афродисийскийдің талдаулары бар кітап христиандық Ибрахим ибн Абдуллахтың мұрагерлік құжаттарының арасынан көріп қалдым. Маған осы екі шығарманы 120 динарға сататын болды. Қайтып келген кезімде осы екі шығарманы 3000 динарға Қорасандықтарға сатқандарын білдім.

Атақты лингвист ғалым Әбу ес-Сирафидиннен тіл ғылымы, Яхуа ибн Адий және Сисистаниден философия дәрісін алған әбу Хаййан ет-Тевхиди де өмір бойы кітап көшірумен айналысқан.

Ибн Сина өз өмірбаянында Аристотельдің Логика және Табиғат білімдерімен байланысты шығармаларын оқып, философиялық білімін нығайтуға тырысқанын, бірақ Метафизика кітабын оқығанда ештеңе түсінбегенін, ақырында қырық рет қайталап жаттаса да тақырыпты аңғара алмағанын, осы себептен үмітсіздікке ұшырағанын білдіреді. Оғаш бір кездейсоқтық шығармасы ретінде, бір күні екінті уақытында, кітап жәрмеңкесінен өтіп бара жатып, бір делдалдың кітапты сатуға тырысқанын, өзінің ол тақырыпты түсіне алмайтындықтан кітапты алғысы келмегенін, бірақ сатушының, «бұл кітапты ал, сенің ісіңе жарайды», – деп иесі қиын жағдайда қалғандықтан бағасының өте арзан болғанын, 3 дирхамға беретінін айтқаннан кейін, кітапты сатып алғанын, және бұл кітапты әл-Фараби Аристотельдің Метафизика кітабы бойынша жазғанын, дереу үйіне барып ол кітапты оқығанын, Аристотельдің кітабын оның алдында жаттағандықтан оңай түсінгенін және

осыған шүкір етіп кедейлерге садақа бергенін айтады.

«Әл-Фараби жайында өте көп шығармалар жазып кеткен Ибн Сина, Әл-Мұхабасат атты шығармасында былай дейді: «Әбу Насыр әл-Фарабиге келсек, оған өте үлкен құрметпен сену керек. Басқа қоғаммен ол бір жерде жүре алмайды. Ол, алдындағылардың алдына шыққандардан да ардақты адам».

Біздің анықтағанымыз бойынша, Ибн Сина, әл-Фарабидің қастерлеушісі болуымен қатар, жеке басы жастайынан оның шығармаларын оқып әсерленген және олардан шыққан жазулардан кітап жасап өзіне ел игілігіне жаратты. Бұл да оның әл-Фарабидің көзқарастарын қаншалықты жүзеге асырғанын көрсетеді.

Ибн Синаның өмірін баяндаған классикалық деректер, оның 21-22 жасындағы Әбубәкір әл-Берки деген Хорезмдік бір жазушының қалауымен әл-Бирру уә әл-Исм деген шығарма жазылғандығы көрсетіледі.

Бұл қызықты шығарма жайында жасаған терең зерттеулерден көргеніміз «әл-Бирру уә әл-исм»-нің үлкен бөлімі Әл-Фарабидің «ет-Тенбиху ала Себили-с-Сааде» атты шығармасымен бірдей, бір бөлімі де қайта әл-Фарабидің «Фусулу-л-Медени» атты шығармасының басқа параграфтарын және пассаждарын таңдай отырып қосу жолымен құралған. Тағы да біздің анықтағанымыз бойынша, «әл-Бирру уә әл-исм» Ибн Синаның маңызды деп танылған жинақтарының ішінде жеке басына қатысты есімі көрсетілген бірнеше шығармалардың бірі.

Басқа жағынан, Қалам, керек де-сеңіз Сопылық болсын ауыр соңғы кезең (Мүтеаххирүн) Ислам философиясының негізгі еңбектері де, әл-Фараби философиясының жалғасы болып келеді. Алып кемеңгер Имам Ғазалидің және оның ізімен келген жазушы,

тәпсірші Фахреддин ар-Рази Қаламға негізделген философиясының үлкен бөлімі, әл-Фараби философиясымен байланысты.

Осман кезеңінің маңызды ойшылардарынан Кыналызаде де Ахлак-и-Алаи атты шығармасының үлкен бөлімін әл-Фарабидің Ақлақ философиясы және Мәдениет пікірі бойынша құрайды және біртіндеп «хаким-и фазил Муаллим-и сани, Бу Наср-и-әл-Фараби» деп одан үзінділер алады.

Әл-Фарабидің Батыс Ислам әлеміндегі ықпалы де өте үлкен болған. Андалусия философиясының ұлы өкілдері ибн Туфейл, ибн Бадж және ибн Рушд оның пікірлерін Мұсылмандық Испанияда жайып қана емес, бұл пікірлердің Пиреней тауларын асып Еуропа құрлығына жетуін де қамтамасыз етті.

Әсіресе ибн Бадждың 1269 жылғы 612 нөмірлі Ескуриал жазулары арасындағы бір журнал ішінде қамтылған әл-Фарабидің Логика кітабының Исагужи (Вр., 6-45), Перихемениас (Вр., 45-48), Ұсыныстар (Вр., 71-98), Категориялар (Вр., 111-124) бөлімдеріне жазулар жазғаны көрінеді.

Рисалету-л-Веда атты шығармасында да, әл-Фарабидің парасатпен байланысты тақырыпта өте маңызды мәлімет бергенін белгілеген Ибн Бадж философияның Ақыл және Бірлік трактатынан үзінділер береді. Ибн Бадж, негізгі философиясы жайында баяндаған Тедбирул-Мүтеваххид атты басты шығармасын да әл-Фарабидің Мәдениет пікірлерінде орын алған әл-Мединет-түл-Фадила, әс-Сиясетүл-Медение және Фусулүл-Медени атты шығармаларына да сүйенеді. Ибн Бадж, бұған қарсы, Ибн Синаның атын атап өтпейді.

Ұлы ислам ойшылы Ибн Рушд, философиялық және ғылыми парадигманы, біршама ғасырлар бойынша данагөй болған Аристотель философиясының дұрыс және негізіне сәйкестіріп жаңартуы пікір бойынша құруы салдарынан, өзінен бұрынғы неоплатонизм, эма-

нация және теософиялық перипатетизм философиясының орнына реалист және рационалист Аристотельдің философиясын жаңартуға тырысты. Бұл тақырыпта көп сын таққан Имам Ғазали сияқты, арасында одан да қатал Ибн Синаны сынайды.

Осыған сәйкес басқа шығармаларында жазылған сындарды көрген адам әл-Фарабидің көзқарасына құрмет көрсетпей қоймас. Логика, метафизика, этика және саясат тақырыбындағы көзқарастарын үлкен бір бөлімдермен сипаттайды. Алғашқыда Техафүт-Техафүт және Фаслул-Макалды қосып алғанда, оған арналған өте көп дәйексөздер де бар.

Платонның мемлекет атты әңгімесінде негізге алынған тақырыптарды ашуға тырысқан Ибн Рушд, көбінесе әл-Фарабидің қайырымды қала және мәдениет түсініктерімен салыстырмалар жасады. Есімін аз қолданса да, тілге тиек еткен мәселелердің көбісі әл-Фарабидің көзқарастары екенін байқаймыз.

Ибн Рушд, Платонның мемлекет атты әңгімесінің қысқаша мазмұндамасына сын айтпастан бұрын, мәдени ғылым тақырыбына қатысты мәлімет берді. Бұл шеңберде әл-Фарабидің мәлімдегені бойынша, одан алынған ерік актілері қағидасының да, ерікті түрде тандап алынғанын көрсетеді. Содан соң бұл ғылымның екіге бөлінуі: біріншісі ерікті актілер және жағымды әдеттер; келесі бөлігінде бұл қасиеттердің адамның бойынан табылуы, әл-Фараби секілді қала мен адам дүниесі арасындағы қарама-қайшылықты құрады. Айрықша айтатын болсақ әл-Фарабидің адам мінсіздігін, теориялық яғни ойша адамгершілігін, пікірі яғни ғылыми ізгілігін, этикалық қасиетін және практикалық өнерді қоса алғанда төрт түрлі болатынын көрсеткен көзқарасын да қайталаған.

Әл-Фарабидің Батыс әлемінде ғылымға тигізген ықпалы, Ислам әлемін-

дегі ықпалынан бір кем емес. Бұл әсерлер Яхудилік еврей ойы және Христиандық Латын әлемімен бірге екі бөлім түрінде болғандығын көреміз.

Әл-Фарабидің пікірлері, әсіресе еврей ой-дүниесі және еврейдің атақты ойшылы Ибн Маймунға да біршама түрткі болды. Оның көмегімен де еврей ойшылдары, әл-Фарабидің пікірлері аясында өз түсініктерін дамыта бастады. Ибн Маймун, әсіресе оның логикаға деген көзқарасына көп көңіл бөлгені үшін, Ибрани ойшылдары да оның логикадағы қосқан үлесіне қызығушылық танытты. Тіпті Ибн Маймунның «Логика жайындағы шығармаларға тоқталғанда, тек қана Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармалары жеткілікті. Оның барлық шығармалары өте жақсы және ғажап. Ол шығармалар қысқартылған түрде және толықтай зерттелінген. Өйткені, ол өте үлкен тұлға» – деген.

Ұлы Альберт және оның шәкірті Фома Аквинский арқылы латын әлеміне таралды, оның философиясының ықпалы XVIII ғасырға таман саябырсығанымен, ары қарай да өз жалғасын тапты.

Арабшадан латыншаға аударылған бастамамен бірге, Батыс зерттеушілерінің қызығушылықтарының қайнар көзі болған. Әл-Фарабидің шығармаларынан қол жеткізген анықтамаларымызға қарай 9 данасы латын тіліне, 27 данасы еврей тіліне аударылған.

Бүгін де әл-Фарабидің Арабша түпнұсқасы жоғалып кеткен. Қалған басқа шығармаларын біз еврей және латын тіліндегі аудармалардан немесе еврей әріптерімен жазылған арабша мәтіндерден оқи аламыз.

Бұл аудармалар нәтижесінде әл-Фараби, Батыс әлемінде жақын танылу мүмкіндігін тапса да, оның Ибн Сина мен Ибн Рушд сияқты бір ағым негізін құру деңгейінде қабылданғаны жайлы сөз айту мүмкін емес. Бірақ еврей ғалымдары мен ағартушылар арасын-

да әл-Фарабидің қалдырған ықпалы, қалған екеуінен де жоғары. Жоғарыда айтылып өткендей, әсіресе атақты Еврей ғалымы және дін ғұламасы Мұса Ибн Маймун, оған үлкен көңіл аударуы, пікірлерінің, еврейлер арасында әсерлі бір ағымның пайда болуын қамтамасыз етуі және басқа еврей ойшылдарын әл-Фарабидің шәкірті санауына әкелді.

Қазіргі кездегі әл-Фараби зерттеулері

Әл-Фараби, ғасырлар өтсе де өз өзектілігін жоғалтпаған ойшылдардан біреуі болып табылады. XI-XVII ғасырларда Батыста мықты философ ретінде атақты болған әл-Фараби, 200 жылдан кейін XIX ғасырдың ортасынан бастап Батыс зерттеушілерінің назарын қайта аудара бастаған.

Техафут еңбегінің талас-тартысы нәтижесінде үнсіздікке ұшыраған ислам әлеміне келетін болсақ, ислам философиясына байланысты зерттеулер XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап жай да болса қарастырыла бастады.

Амабле Джорданның, Аристотель еңбектерінің латынша аудармалары жайында айтқанда, Уильям Аувергне мен Роджер Бэконның әл-Фараби жайлы айтқан дәйек сөздерден тұратын мақаласы бұл тақырыптағы зерттеулердің алғашқысы болып саналады. Бұны Огюст Скомоелдерстің «Араб философиясындағы құжаттар» атты еңбегінен байқаймыз. Скомоелдерстің латын тілінде қорғаған докторлық диссертациясында әл-Фарабидің «Fi ma uenbaği en yukaddeme kable taalūmi'l-felsefe» және «Uyūnū'l-mesail» атты екі еңбегінің арапша түпнұсқасы мен латынша аудармасын жариялаған болатын.

Әл-Фарабидің латынша және көне еврей тіліндегі аудармаларымен көптеп айналысқан Мориц Штейншнейдердің 1869 жылы Петербург Императорлығының Академиясы баспасында жарияланған «Әл-Фараби» атты еңбегі бұл күні де құнын еш жоғалтқан жоқ.

Орта ғасырларда әл-Фарабидің көне еврей тіліндегі аудармаларына байланысты зерттеулер жүргізген Штейншнейдер 1893 жылы «Орта ғасырлық көне еврей аудармалары және Еврей аудармашылары» деп басталатын жерінде өзінің бұл тақырыпта өте нәтижелі жетістіктерге жеткенін дәлелдеді.

Соломон Мунк 1857 жылы жариялаған «Еврей және Араб философиясынан таңдамалылар» еңбегінде алғашқы рет әл-Фарабиге жеке бір бөлім арнайды.

Фридрих Вюстенфельд 1877 жылы жариялаған «ХІ ғасырдан бастап арабшадан латыншаға аударылған еңбектер» атты мақаласында латын тіліне аударылған әл-Фарабидің еңбектері жайында мәлімет береді.

Ж.Форгет 1894 жылы жариялаған «Араб философиясының схоластика философиясына ықпалы» атты мақаласында әл-Кинди мен әл-Фарабидің латын әлеміне тигізген ықпалы туралы ойларын қарастырған.

Карра де Во болса 1921 жылы жазып шығарған жеті томдық «Ислам ойшылының тарихы» атты еңбегінде әл-Фарабиге үлкен бір бөлім арнаған болатын.

Рудольф де Эрланже әл-Фарабидың атақты «Музыканың Үлкен кітабын» француз тіліне аударып, 1930 жылы жарыққа шығарды.

Жиырманшы ғасырдан бастап, араб философиясында ислам және ислам философиясының кітаптарында әл-Фарабиге жеке тараулар берілгені байқалады. Оған қоса, жанама болып, алдымен, батыста кейінірек, ислам әлемінде әл-Фараби шығармаларының сыни шығарылымдар және заманауи тілдерде аударма жұмыстары басталған.

Әл-Фарабидың шығармаларын жариялау ісімен алғаш болып Фридрих-Генрих Дитерици айналысқан. Ол 1890-1892 жылдар аралығында ғұламаның кейбір трактаттарын және 1895 жылы әл-Майнетул Фадила шығармасының негізгі арабша нұсқасын жариялады.

Әл-Фарабидың тоғыз шығармасының арабша мәтіндері алғаш рет сынсыз Хижа жыл санауы бойынша 1325 жылы (Милади бойынша 1907) Мысырда жарияланды. Ал, жарияланбай қалған он трактатын Дайретул-Майрефил милади жыл санауы бойынша 1926 жылы Үндістанда жариялайды.

Кейінірек, атақты ойшылдың сынға түскен кейбір шығармаларын Маурис Боюгэс, Осман Емин, Франсэско Габриэлли, Франс Роашенталь, Д.М. Дуанлоп, Мубахат Куель, Айдын Сайылы, Мухсин Мехди, Маджид Фахри, Гадас Абдулмелик, Мухаммед Селим Салим, Альбер Насри Надер, Февзи Митри Нежжар, Кафер Али Ясин және Сахбан Калифат жариялады.

Ислам әлеміндегі әл-Фарабимен байланысты зерттеулерге келетін болсақ, 1934 жылы Ибрахим Макдаур «Әл-Фарабидың Ислам философиясындағы мектептердің орны» атты тақырыбымен докторлық дипломын жариялады. Кейінірек жазған Ислам философиясымен байланысты шығармасында әл-Фарабидің Ислам философиясындағы айрықша жайттарды көрсеткісі келді.

Сонымен қатар, әл-Фараби тақырыбына өмірін арнаған Мухсин Мехди, әл-Фарабидың кейбір шығармаларын сынмен жариялағандай, исламда саясат философиясының құрылуы тақырыбында әл-Фарабидың саясат философиясымен байланысты ойларын ерекше тоқталып, шығармасын ажарландыра түсті.

Ең соңғы болып әл-Фарабидың шығармаларымен қызыққан, әрі әл-Фараби трактаттары туралы алғаш жазған отандық Мехмед Али Айны бей болатын. Алғашқы түрік философы Измирлік Исмайл Хаккы жазған «Әл-Фараби және Ибн Сина» тақырыбындағы мақаласы; Шемседдин Гюналтай жазған «Түрік философы әл-Фараби» мақаласы; Аднан Адыварын ислам энциклопедиясы үшін жазған, кейіннен әл-Фараби деп жеке аталған

шығармасы; Айдын Сайылының «Әл-Фарабидің тарихтағы орны» атты мақаласы; Нихат Кекликтің әл-Фарабидің логикасы жайында жазылған ерекше еңбегі; Мухабат Кюелдің Арситотель және әл-Фарабидің жаратылыстағы түсінігі жайындағы кітабі; Хильми Зия Улкеннің ислам түсінігімен байланысты еңбектері осылардың қатарынан орын алады.

Өсіресе, 1950 жылдан бастап Ахмед Атеш, Нафиз Данышман, Айдын Сайылы, Мубахат Кюел, Хусейн Атай, Мехмед Айдын, Ахмед Арслан, Махмуд Кая еңбектерінің нәтижесінде барлығы болмаса да, кейбіреулері аударылды.

Әл-Фараби тек қана өз дәуіріндегі Түрік хәм Ислам дүниесінің ғана емес, әр дәуірлерде шығыстан батысқа дейінгі бүкіл дүниеге сәулесін шашқан әлемнің ұлы философы болды.

Өзінің жазған еңбектерімен, айтқан ой-пікірлерімен, оның шығыс пен батыстағы ықпалымен белгілі болған ұлы ойшыл қазіргі таңдағы әлемдегі дағдарыс кезеңінде адамзат қоғамы мұқтаж болып отырған өркениет туралы ойдың ең беделді теоретиктерінің бірі болды.

Үлкен өркениет мұраларының ошағы Орталық Азияда туып-өскен Түрік ұланы Ұлы Ескендір дәуірінен бері бастау алған Жібек Жолы керуендерімен бірге алыс сапарға аттанып, адамзат мәдениетінің алтын бесігі – Месопатамия,

Тигр мен Ефрат өзендерінің аралығы, сол жерден Мысырға дейін жетіп, әмбебап өркениеттің мәдени жауһарларымен танысуға мүмкіндік алды.

Өркениет сөзінің түбірі мен шығу тарихы әл-Фарабидің өркениет философы болғандығын дәлелдейді. Сол себептен әл-Фарабиді Біріккен Ұлттар Ұйымының арқасында құрылған, сол кездегі премьер-министр, қазіргі президентіміз Режеп Тайып Ердоған Мырзаның басқаруымен және 127 мемлекет қатысқан, адамзат пен бейбітшілікті қолдайтын Өркениеттер альянсы жобасының алғашқы көшбасшысы және негізін салушысы ретінде дәріптейміз. Шын мәнінде, әл-Фараби өзінің барлық еңбектерінде, соның ішінде ерекшелеп көрсетсек, жоғарыда аталған үш шығармасында (el-Medīnetü'l-Fâdila, es-Siyâsetü'l-MedeniyyeandFusûlû'l-Medeni)адамзат өркениетіне ортақ ойдың іргетасын қалыптастыруға ұмтылыс жасаған бірегей философ.

Әлбетте, әл-Фараби өмір сүрген дәуірде өркениет термині дәл бүгінгі кездегі мағынасында қолданылмаған еді. Қазіргі таңда да нақты және дәл анықтамасы берілмесе де, адамзат баласының жоғарғы деңгейдегі белсенділігінің негізі деп қолданып жүрген өркениет терминінің аясына кіретін сауалдардың барлығын әл-Фарабидің тыңғылықты зерделегенін ойшыл еңбектерінен анық көреміз.





Алғашқы «Айқаптан»:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЖАЙЫНАН

Түркістан уалаятында қазақ ішінде орнығып жаңадан қала салып отырған қара шекпендер көбейді. Жақсы жерлер қара шекпенге кетті, қазаққа шөл, қыр дала қалды. Ойлап тұрсақ, қазаққа обал балды.

Амал жоқ, қазақтың жеріне тиіле дегенмен жердің алынғаны алынған. Ұлықтар ойлайтын шығар, жерсіз жүрген қара шекпенді орналастырғалық, патшалыққа пайда келтірерлік һәм қазақ халқын егінші қыламыз деп.

Бұдан не шығады, бұл кімнің пайдасы: кімнің залалы? Ойлап тұрсаң жер қазаққа да һәм патшалыққа да жақсы болып шығатын көрінбейді. Қазақ байұс жері кеткен соң қалайша күн көріп, талақ асырауға һәм былайы елден қалыспай ретке кірмекке керек. Жерімізге тиіле дегенмен патшалық, пайдасына алынады, — деп тыңдалады. Бұл бір сөз. Жер. Жер тарылған соң, қазақтың шаруасы келігді. Бұл екінші сөз.

Біреулер айтады: «Көшпе! Қала сал, сен жақсы ел боласың» — деп. Қош! Мен қала салайын, ал енді қалада мен не істейін айтыңызшы?

Бір адам қалада талақ табады, бір жыл табады, екі жыл табады. Мен бір адам емеспін. Мен сансыз жүрген арғы шеті Қытай, бергі шеті Еділ-Майық, арғы Ақранға (Ауған) шейін тарап, тарау-тарау болып жатқан қазақтың, мен қалаға сиып жүре алармын ба?

Мен базарға барсам, нозай бір алдайды, сарт екі алдайды. Петерборда айтысады: «Қазақ егін салды, енді қала салуға қалды» — деп. Қазақты білмей айтады. Қазақ ішіне қара шекпендердің жақсысы келіп жатқан жоқ, көбірегі тынышсыздар, алардан қазақ не үлгі алады? Жалғыз-ақ, қазақтың шаруасы тарылып, қала болуға үйрене алмай, халық жарлы болып бара жатыр.

Өздері арасынан дурыс старшина, балыс қоя алмаған обалы өздеріне ал былай тұрсын, бұрын Мәскеуге...

Қазақтан тері, жүн-жабағы алып тұратын еді, жайылыс келіген соң, мал келігді, бұл керезін патшалық, қайдан толтыраң екен? Жайылыс болмаған соң, жылқы азаяды, гаскерге ат керек, бұл керекті қайдан алар екен?

Бұл сөзім қазақ балып қалаға жуыма, дегенім емес, қазақ жерсіз қалып жатыр. Қазақтың қамын ойлаған адамдар не ойларың бар дегенім.

Менің ойым бұ-дүрі, айтып қалайын: Қазір қудай берген қазақта мал бар, малсыз қазақ күн көре алмайды, бірақ көп малға жер азайды. Малы көп болғанмен тұқымын нашар, бағасы арзан, сол себепті жер тарылғанға қарай малдың да санын кемітіп, саны аз болса да жақсы, қымбат тұқымынан өсіріп, бағасын арттыру қазаққа жақсы балар еді деймін.

Өзе патшалықтарда өздері зор патшалық болғанмен баршаның мал шаруасын тастандырмай, ілгері жүргізуге, малдарының тұқымын тазарттыруға халыққа көп жәрдем береді. Сол малдың тұқымын тазарттыру қазаққа да керек ғой.

Бекимов (Жаркент)

Автор туралы:

философия ғылымының докторы, әл Фараби ат. ҚазҰУ тарих, философия және саясаттану факультетінің профессоры, Фарабитану ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығының директоры. Қазақ философиясы, мәдениет тарихы мен теориясы мәселелерін зерттеумен шұғылданады. «Философиялық антропология», «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұралары», «Ислам философиясы» кітаптарының авторы.



Жақыпбек АЛТАЕВ

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

Summary: Islamic culture, being a main part of world culture, continues to influence on various aspects of life of countries of the world. The study of the philosophical world outlook of Muslim thinkers, who have made a significant contribution to the development of world civilization, is one of the main tasks of the present time. One of such thinkers - our great countryman, known around the world, the second teacher Abu Nasr al-Farabi. He is a golden bridge between Western and Eastern civilization, one of the founders of the world culture.

Әлемдік өркениеттің дамуына ерекше үлес қосқан ойшылдарымыздың философиялық дүниетанымын зерделеу, оны жас ұрпаққа жеткізу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Олардың ішінде аты әлемге танымал болғандары да аз емес. Солардың бірі күллі әлемге танымал ұлы жерлесіміз, бүкіл Түркі дүниесіне ортақ ұлы өркениет философы Екінші ұстаз – Әбу Насыр әл-Фараби. Ол Батыс пен Шығыс өркениетін үйлестіруші алтын көпір, әлемдік мәдениетті жасаушы алып тұлғалардың бірі.

Әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын мұсылман мәдениеті адамзат өркениетінің даму тарихында маңызды рөл атқарып, бүгінгі күнге дейін әлем елдерінің түр-

лі өмір аясына әсер етуін жалғастыруда. Осыдан мұсылмандық Шығыс халықтарының рухани құндылықтарын философиялық зерделеуге деген табиғи ұмтылыс пайда болып отыр.

Ортағасырлық ислам мәдениеті мен философиясы өз дәуірінен озып, бүгінгі күнде де адамзат игілігі үшін қызмет етуде. Екінші ұстаз атанған әл-Фараби сынды ғылымдағы ірі тұлға арқылы қазақ халқы өзін мақтан тұтады. Ол өзінің керемет философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш етті. Ортағасырлық Ислам Ренессансының Еуропа ғылымына жасаған ықпалы Еуропалық Ренессанс дәуірінің басталуына алып

келіп, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарының дамуына жасаған әсері еуропалық өркендеу дәуірінің бетін ашты.

Ислам мәдениетінің гүлденуі ортағасырлық ислам философиясының ірі өкілдері әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Әл-Ғазали, Ибн Рушд сынды алып тұлғаларды өмірге алып келді. Ең бастысы, мұсылмандық Шығыс эллиндердің ұлы рухани мұраларын кейінгі ұрпаққа жеткізе білді.

Ортағасыр ислам философтары Аристотель мен Платон трактаттарын араб тіліне аударып, шығыс перипатетизмінің негізін қалады. Испандық перипатетизм өкілдері араб тілінен латын тіліне аудармалар жасады. Бұл қолжазбалар бүкіл Еуропаға таратыла бастады. Кейінгі ұрпақты естен шыға бастаған эллиндердің рухани мәдениеті арқылы еркін ойлауға, өмірге деген сүйіспеншілік көзқарастар негізінде тәрбиеледі. Осы кітаптардан бастап ортағасырлық Еуропада Ренессанс ұғымы дүниеге келді. Ренессанс – бұл эллинизмнің Еуропадағы өркендеуі. Ол Ежелгі Грекия мен Ислам әлемінде бастау алған генетикалық бай тұқым болды. Осыдан бастап Батыстық алып өркениеттің алып ағашы өсіп шықты. Бұл Батыс пен Ислам өркениетінің сұхбаттасуының дәлелі.

Әл-Фарабидің Еуропа ғылымына әсері оның ізбасарлары Ибн Сина, әсіресе Ибн Рушд арқылы көрініс тапты деп айта аламыз. Аверроизм, негізінен XII-XIV ғғ. прогрессивті француз және итальян философиясына қатты әсер етіп, оның негізі болды. Батыс Еуропа ортағасырының ірі ойшылдары Р.Бэкон, Д.Скот өздерінің теориялық шығармаларында әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд еңбектерін қолданды. Спинозаның кейбір трактаттарында құрылымы мен бағытына қарай әл-Фараби еңбектеріне жақындық сезіледі. Осман Әмин әл-Фараби мен Спинозаның ұқсас концепцияларын айтады. И.Мадкур екі ойшылдың зерде мен пайғамбарлық

жайлы идеялық ұқсастықтарын көрсетеді. Олардың ішіндегі ең ұқсасы әлеуметтік-саяси концепциялары жөніндегі ойлары. Мысалы, бақытқа жетудің жолдары, мақсаты, мемлекетті басқару формасы мен функциясы т.б. Спиноза, әл-Фараби секілді өзінің қоғам туралы ілімін адамның «шынайы» табиғатынан шығарады, мемлекеттің мақсаты әрбір адамды ақылмен басқарып, бақыт пен бостандық сыйлау дейді. Әл-Фарабидің адамдардың индивидуалды армандарының бірлігі ретіндегі социум ұғымы Ж.Ж.Руссоның «әлеуметтік келісім» идеясына сәйкес. Сондай-ақ әл-Фарабидің «білім – интуицияға негізделген» деген ойы николаустың, Шеллингтің, Бергсонның және Штейнердің еңбектерінде өз көрінісін тапты. Әл-Фарабидің адам туралы негізгі идеясы микрокосмос және макроадамдар әлемі ретіндегі ойлары николаус, Лейбниц, Спенсерден бұрын болды. Әл-Фарабидің зердеге негізделген этикалық жүйесі Еуропада тек XIX ғ-да И. Кант философиясында өз көрінісін тапты. Ф.Дитеричий сынды зерттеушілердің айтуынша: Шығыста Аристотель әл-Фарабидің еңбектерінің арқасында ғана Аристотель атанды дейді. Көптеген ортағасырлық ғалымдардың айтуынша әл-Фараби ортағасырлық еуропалық ойдың қалыптасуына әсер еткен перипатетизмнің негізін қалағандардың бірі. Шығыс перипатетиктері әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд сындылар Аристотель еңбектерін талдап, Еуропаға кеңінен танытты.

Сондықтан да араб тілді ортағасырлық философия көне гректік философияның алғашқы мұрасы ретінде шығармашылық жағынан дамытып, жаңа деңгейлерге көтерді. Әл-Фараби Шығыс пен Еуропа мәдениеттерін байланыстырушы «көпірге» айналды.

Осы тұста белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің әл-Фарабидің әлемдік өркениеттегі орны туралы мынадай пікірлерін

еске алғымыз келеді. Оның айтуынша: «VII ғасырда арабтар Гибралтар бұғазы арқылы өтіп барып, Испанияны басып алды, сол жерде 8 ғасыр бойы тұрақтады. Сондықтан олар Испанияның да, жалпы Еуропаның да мәдениетіне көп жаңалық енгізді, біздің әл-Фараби бабамыз да олардың қатарында. Оның еңбектері XI ғасырда араб тілінен латыншаға аударылды. Олар қандай еңбектер еді? Олар ежелгі гректер Аристотель мен Платонның еңбектері болатын. Еуропа ол кезде Аристотельді де, Платонды да, ежелгі гректердің мәдениетін де білмейтін. Өйткені онда христиан фундаментализмі болды, барлық ұлы ойшылдардың еңбектері жойылған еді».

Осылайша ұлы ойшыл әл-Фараби және жалпы араб мәдениеті қазіргі батыс өркениеті иек артып келе жатқан құндылықтардың қайта жандану дәуіріне өлшеусіз серпін берді. «Олар бұл туралы ұмытып кетеді, сондықтан әл-Фарабидің еңбектері Еуропаның қайта жандануына көмектескенін үнемі еске салып отыру қажет», – деп айтқан пікірі көңілге әбден қонады.

Расында IX–XII ғғ. халифат мәдениеті сол кездегі Еуропадан әлдеқайда жоғары дәрежеде болды. Оның тарихи зор еңбегі еуропалықтардың Шығыс халықтарының жетістіктерімен танысуын қамтамасыз еткен шығыс ғалымдардың еңбектері мен іс-әрекеттерінде меңгеріліп, шығармашылық тұрғыда өңделген көптеген антикалық дәстүрлердің (әсіресе, жаратылыстану ғылымдары мен философия саласы) кең таралуы деп есептеуге болады. Фараби, Бируни, Ибн Сина және көптеген басқа да ойшылдар тек халифаттың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениеті мен ғылымына аса ірі үлес қосты. Медициналық шығармалар мен математикалық трактаттар, астрономиялық кестелер мен түрлі тілден (ең алдымен антикалық) аударылған араб аудармалары Батысқа жетіп, жүз жыл бойы орасан зор абыройға ие болды.

Батысеуропалық әдебиеттің дамуында да Шығыстың рөлі айрықша.

Ислам философиясының тарихына көз жүгіртетін болсақ, әл-Фараби рухани әлемінің қаншалықты биік жоғары деңгейде болғанына көз жеткіземіз. Философияда Фараби иджихад дәрежесіне көтерілді, сондықтан да ол фикх, қалам секілді ілімдер бойынша өз ойын білдіріп қана қоймай, сол мәселелер бойынша лайықты шешім қабылдай алатын еді.

Әл-Фараби Орталық Азия мен Қазақстанның жоғары деңгейдегі ежелгі және ортағасырлық өркениетінің жемісі болып қана қойған жоқ; оның шығармашылығында Мысыр, Сирия, Иран, Ирак, Солтүстік Африка халықтарының мәдениеті мен ғылыми жетістіктері баяндалған. Фараби Үндістан мен антикалық әлемде жасалған барлық нәрсенің ұлы мұрагері болды.

Әл-Фарабидің ғылыми-қызығушылықтары таңқаларлықтай кең ауқымды қамтиды. Оның мұрасында математика, медицина бойынша еңбектері бар; ол Алдыңғы Шығыс музыкасының теориясына, алхимиясы мен магиясына қатысты маңызды еңбектерді жазды. Алайда, оның шығармаларының көп бөлігі философияның, логиканың, таным теориясының, психологияның, этиканың, саясаттанудың, әлеуметтанудың түрлі аспектілеріне арналған. Фарабидің дәл осы ғалымдық іс-әрекеті оны әлемдік мәдениетті жасаушылардың қатарына қойды.

Осындай аса маңызды айғақтарды айтып өтпей әл-Фарабидің әлемдік өркениет философиясы тарихындағы орны мен дәрежесін білу мүмкін емес.

Біз әртүрлі діни ғылымдар бойынша өздерінің терең ойларымен белгілі болған ортағасыр ислам философтарын еске алып салыстырар болсақ, орта ғасыр тарихшылары мен ғалымдарының философия тарихында Фарабидің дәрежесі оларға қарағанда әлдеқайда жоғары екеніне сенімді болды.

Фарабидің өздерінің идеологиялық қарсыластарына тигізген әсеріне көңіл аударатын болсақ, еш талассыз, оның дәрежесі мен философиялық ойлау мәдениетінің жоғары екені тайға таңба басқандай анық көрініп тұр.

Бұл критерийді әл-Фарабидің өзінің философиясынан іздеу керек. Егер біз әл-Фарабиді ислам философиясының негізін салушы деп айтатын болсақ, одан кейінгі ойшылдардың талқылап, ой қоса алатын өзіне тән философиялық принциптері мен идеяларының болғаны шүбәсіз. Бұл қандай негіздер мен принциптер? Бұл негіздердің ежелгі гректік және александриялық философиялық мектептердің ойларынан қаншалықты айырмашылығы бар?

Әл-Фараби және оның ізбасарлары антикалық дәстүрлерді бойларына қалай сіңірді? Әл-Фараби философиялық рухани әлемінің қалыптасуына антикалық философияның нақтырақ айтсақ, Аристотель философиясының ықпалы қалай болды? Оны қалай зерттеді?

Халифаттағы ортағасырлық ғылым Платон, Аристотель және басқа да грек философиясының классиктерінің шығармаларын жаңа платоншылдардың өңдеуі бойынша алды. Әл-Фараби шынайы Аристотельді кейінгі мистикалық түсіндірмелерден тазартып тануға өз алдына мақсат қойды. Бұл еңбекті керемет жазғандығы соншалық, оны көзі тірісінің өзінде-ақ «әл-Муалим әс-сани» (Екінші ұстаз) деп атап кетті, себебі арабтар Аристотельді Бірінші ұстаз санаушы еді. Сонымен қатар, әл-Фараби Аристотельдің трактаттарына («Категориялар», «Герменевтика», «Бірінші және екінші Аналитика», «Топика», «Риторика», «Поэтика» және т.б.), басқа да грек философтарының еңбектеріне түсініктеме берді. Бұл еңбектің сапасы туралы куәлік бізге Ибн Сина арқылы жетті: «Мен Аристотельді әл-Фарабидің түсініктемесін оқығаннан кейін түсіндім».

Біз әл-Фараби және оның ізбасар-

ларының Ежелгі грек философиялық мектептерінің еңбектеріне тек қана комментарий жасаумен шектелмегенін білеміз. Қазіргі кездегі белгілі неміс философы ортағасырлық мұсылман философтары жайлы айтқанда былай ой тұжырымдайды: «Әрине оларды (ортағасыр философтары) Аристотель философиясын түсінбеді деген жалған болар еді. Олар оның философиясын жаңа қырынан ғана көріп қоймай, оған жаңа мән мен талғам берді», – дейді.

Демек, әл-Фараби де және оның ізбасарларының да Ежелгі грек философиясын соқыр таныммен зерттемей, оны терең түсіне білді.

Аристотель мен Платон философиясы арасында қайшылық бар, бірақ күмәнсіз, оның себебі әл-Фарабидің оларды дұрыс аудармағанында емес. Әл-Фараби жаңа философиялық түсініктер орната отырып, соларға сай нәтижелерге жетіп отырды. Бұл нәтижелердің көрінісін дінде, діни заңнамаларды, саясат пен ғылым салаларында байқай аламыз. Бұл енгізілген «жаңашылдықтарда» әл-Фарабидің философиялық принциптері мен философиялық көзқарастарының ең алғашқы бастауы ретінде дін қаралады, әрине дін бұл жерде ерекше философиялық ғылым ретінде қаралды. Дін мен философия сонау софистер заманынан бері бір-біріне қарсы қарастырылып келді. Сократқа тағылған айыптардың бірі оның діни құндылықтарды мойындамай, онымен санаспауында еді (яғни, ол философияны діннен жоғары қойды).

Бірақ ортағасырларда дін мен философияның бірлігі мәселесі ислам философиясындағы алдыңғы тақырыптардың бірі болды. Әл-Кинди әл-Фарабидің ойына қарсы пікір айта отырып, философия мен дін екі түрлі қарама-қарсы күштер және олар дүниені түсіндіру мен ақиқатқа жету жолында әртүрлі позиция ұстанады деген ойда болды. Фарабидің ойынша философиялық ақиқат сияқты діни ақиқат та

бар, бірақ бұл бір ақиқаттың екітүрлі көрінісі сияқты.

Философия арнайы заңдар мен аргументтер, дәлелдерге негізделіп жасалатын болса, дінде осындай аргументациялар мен дәлелдердің үнделуі мен бұйырылуы түрінде көрініс береді. Жоғарыдағы сөздерді қорыта келе, әл-Фараби философияны дінмен салыстырғанда алғашқы бастама ретінде атап өтеді. Әл-Фараби бұл жерде философияның алғашқы бастама болуын оның ең бірінші әрі айқын артықшылығы етіп көрсетуге тырыспайды. Бірақ ол философияның дінмен салыстырғанда пайда болу уақыты тұрғысынан алғашқы болуымен қатар ол барлық жағынан діннен жоғары тұратынын айтып өтеді. Әл-Фараби тіршілікте философия мен дін арасында ешқандай қарама-қайшылық көрмегендігін көрсетеді. Оның басты мақсаты философия мен дінді татуластыру.

Осы ойлармен тығыз байланысты әл-Фарабиді екі маңызды сұрақ қатты толғандырды:

– Платон мен Аристотель философиясы арасындағы қарама-қайшылықты жоққа шығарып, оларды татуластыру;

– Ислам дүниетанымы мен Ежелгі грек философиясы арасындағы қарама-қайшылықты жою.

Сол уақыттарда грек философиясына қарсы бағытталған басты сын Платон мен Аристотель арасындағы қарама-қайшылықтың бар екендігі еді. Егер философия біртұтас ақиқатты танымға әкеле алса, онда екі ең танымал философиялық жүйелер бір-біріне қалай қарсы тұрады? Егер олардың екеуі де ақиқатқа жетсе, онда олардың арасында ешқандай қайшылық болмауы тиіс еді; қарама-қайшылық бола тұра екі философиялық жүйе де дұрыс деп танылса, онда философияның жетілмегендігі мен ақиқатқа жеткізетін қабілетінің жоқтығын амалсыздан көрсетіп отыр – сол дәуірдегі философияны сынаудың бірінші бөлімі дәл осыдан тұрады.

Әл-Фараби осы сынға жауап ретінде «Әл-джам бейб фай әл-хасимет Ефлбум әл-илиахи уа Аристо» («Екі дана Құдіретті Платон мен Аристотель көзқарастарының бірлігі») кітабын жазады, ол кітабында Платон мен Аристотель арасындағы айырмашылық тілдің әртүрлі қолданулары мен екі философтың бір-біріне ұқсамайтын өмір сүру салттарында екендігін көрсетуге тырысты; негізі ойшылдардың философиялық көзқарастары мәні жағынан бірдей еді. Кітаптың басында әл-Фараби философияның пәні туралы айтады және ғылымға талдау жасайды, содан кейін Платон философиясынан қысқаша мазмұн келтіреді, ал кітаптың соңғы бөлімінде Аристотель философиясының негізгі сипаттамаларын көрсете келе, екі ойшылдың да ойларының бір-біріне ұқсайтындығын айтады.

Баршамызға мәлім болғандай, екі гректің философиясын «татуластыруды» III ғ. өзінде александриялық философия мектебінің өкілдері Аммоний мен Порфирий жүргізген болатын; сонда да әл-Фарабидің қозғаған ойы басқаша еді.

Әл-Фарабидің ойы бойынша, философия ақиқаттың өзі және Ақиқат туралы білімді іздеу үдерісінің атауы, сондықтан барлық ұлы ойшылдар мен философтар бірдей ойлайды және бір қорытындыға келеді; осы жағынан алғанда олардың барлығы Ақиқатты іздеу мектебінің шәкірттері, сондықтан әртүрлі философтардың арасындағы айырмашылық сол бір Ақиқатты әртүрлі әдіспен жеткізуден басқа ешнәрсе емес. Платон мен Аристотель философиясын татуластыруға әл-Фарабиді итермелеген тағы бір себеп сол уақыттағы ислам дүниетанымына қарсы келген Аристотель философиясын Платонның философиялық оқуларымен «жұмсартуға» тырысу.

Әл-Фараби үшін адами ойлау ретіндегі философия мен құдайылық туындау жүйесі секілді даналық арасындағы

ғасырлар бойы үзілген байланысты қалпына келтіруге тырысқан, құдайылық даналыққа қарсы тұрмайтын ақиқатты философияны көрсеткен Платон мен Аристотель өз дәуірінің прогрессивті ғалымдары болды.

Ал енді әл-Фарабидің антика дәстүрімен байланыстылығы, осының арқасында оның Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз атанып, даңққа ие болғанын айтар болсақ, әл-Фараби жастайынан Ұлы Аристотель мен Платонның ерте дүниедегі Грекияның философтарының шығармаларымен түп нұсқасынан танысқаны жөнінде деректер бар.

Әл-Фараби рухани әлемінің қалыптасуы да осы антикалық философиялық дәстүрді бойына сіңірумен байланысты. Анығырақ айтсақ Аристотель мен Платон философиясы әл-Фараби ойларының теориялық қайнар көз болды. Платонның (жаңа платоншылдардың) және Аристотельдің философиясы әл-Фарабидің философиясының теориялық негізі болғанымен, оның дүниетанымын тек қана плотонизм мен аристотелизмнің қосындысы деп білуге болмайды.

Әл-Фараби Аристотель мен Платонның, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетті. Оның рухани әлемі, интеллектуалды деңгейі өз замандастарын таң қалдырды. Әл-Фараби өз заманындағы өнер мен білімнің ең асылын таңдап алып, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасай білді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, зер салмаған, ғылыми болжам жасамаған бірде-бір ғылым саласы жоқ десек, артық айтқандық емес.

«Мұсылман Ренессансы» деген атауға ие болған сол заманға тән белгілері оның шығармаларынан белгілі бір дәрежеде өз орнын алды. Фараби шығармашылығында антик заманындағы дәстүрдің және «Бірінші Ұстаз» деп Шығыста аталып кет-

кен Аристотельдің тарихтың басында қалдырған әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотельдің идеяларының ең жақсылары мен бағалыларын әрдайым таңдап ала бермейтіндігі де даусыз.

Бірақ біз үшін бағалы жағы сол ол Аристотель ілімінің формальдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама-қарсы қоюда белгілі бір дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының іргетасы болып табылатынын дәлелдейді. Мәселен, әл-Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» еңбегінде Аристотель философиясын меңгеруге қажет болатын тоғыз шарт жайлы өз пікірін ортаға салды.

Бұл ойларды түйіндеп айта келгенде, әл-Фарабидің пікірінше, ғылым мен философия адамы болу үшін қойылатын ең бірінші талап, ол адамның жан тазалығы, ар тазалығы, адамға, өз халқына деген таза махаббаты, ғылым мен білімге деген қалтқысыз құштарлығы мен шынайы сүйіспеншілігі. Бұл шарт орындалмаған күнде адам философияны үйрене алмайды, үйрете де алмайды деп көрсетеді.

Әл-Фарабидің еңбектерінде логикаға үлкен орын беріледі, оның пікірінше ол, ақиқатты жалғандықтан айыруға көмектеседі. Логика – зерденің негізі, ол дұрыс жолға жетелейді және қатенің алдын алады. Логика екі бөлімнен тұрады: ұғымдар мен анықтамалар теориясынан және пайым, дәлел, қорытынды теориясынан. Оның мақсаты – дәлелдерді зерттеу. Әл-Фарабидің логикаға үлкен мән беруі, сол заманның жаңашылдығы болды.

Әл-Фарабиді дүниеге танытқан музыка теориясына арналған шығармаларының бірі «Музыканың үлкен кітабы» еңбегі болып табылады. Ғұлама

бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірді. Ол тек музыка теориясын жазып қоймай, музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай білген екен. Қазақ домбырасын дүниеге келтірген асқан музыкант ұлы бабамыз Әбу-Насыр әл-Фараби десек біз қателеспеген болар едік. Оған бірнеше ғылыми дәлелдер, Фараби жасаған музыкалық аспаптар түрі куә бола алады. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар да бар.

Фарабидің бұл кітабы музыкалық дыбыстардың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиямен байланысына дейінгі «музыкалық ғылымның» мәселелеріне ғана арналмай, музыканың эстетикалық-теориялық принциптерін шешуге бағытталған. Музыканы зерттеу саласындағы еңбектерінде Фараби оның емдік қасиетін, жағымды әсерін жан-жақты дәлелдейді, сондай-ақ оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтты. Адамның музыка шығару қабілеті дарындылығы дәрежесінің әртүрлі сатысын көрсетіп, адамның жан дүниесіне жағымды, жағымсыз әсер ететін музыкалық жанрларға талдау жасайды.

«Музыканың үлкен кітабы» – музыка ғылымына кіріспе; музыка ғылымдарының негіздері; музыкалық аспаптар; музыкалық композиция деген үлкен-үлкен төрт тараудан тұрады. Фарабидің бұл еңбегі XV ғасырда латын тіліне аударылып, Еуропа музыка ғылымы мен өнерінің дамуына үлкен әсерін тигізді.

1930-35 жылдары француздың белгілі музыка зерттеушісі Г.Эрланже оны француз тіліне аударған. Ол: «Фарабидің бұл еңбегін кейіннен араб тілінде жазған авторлардан артықшылығы жер мен көктей» деп жазса, ағылшынның

қазіргі үлкен бір музыка зерттеушісі Г.Фармер бұл еңбек жайында: «Фараби орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды» деп ой түйіндейді.

Қазақстан ғалымдарының соңғы зерттеулері әл-Фарабидің жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша да аса терең, салдарлы мұра қалдырғанын анықтап отыр. Бұл, әсіресе, оның математика, астрономия, физика, медицина, химия, биология салалары бойынша жазған еңбектерінен айқын көрінеді. Ғұлама өзінің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты трактатында табиғаттану ғылымдарының шығу төркінін, себептерін ашып көрсетуге тырысады. Оның пікірі бойынша табиғат әуелде жаратқан бір Алланың құдіретті күшінен пайда болып, одан былай өз алдында дербес заңдылықтарымен өмір сүреді және бөтен ешнәрсеге тәуелді болмайды.

Ғұламаның математикаға қатысты еңбектері «Евклидке түсініктеме» геометриялық трактат, Птоломейдің «Алмагестіне» түсініктеме, «Музыканың үлкен кітабы» және т.б. Ол математик ретінде өзара бір-бірімен тығыз байланысты үш бағытта зерттеулер жүргізіп, көрнекті жетістіктерге жеткен.

Әл-Фараби әсіресе математика философиясы, геометрия, тригонометрия салалары бойынша ірі жаңалықтар ашқаны да бізге мәлім.

Енді әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық рухани дүниетанымына келетін болсақ, этиканы ол ең алдымен жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі концепцияларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытынды-

ның басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік сұлулық хақында: «Көркемдік – өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыс нақты түрде бар құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік адамның денесі мен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі» деп санайды.

Фараби «Бақыт жолын сілтеу» трактатында оған жетуге бастайтын ерекше ұғымға айырықша назар аударады. Әл-Фараби өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек. Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді.

Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен үйлес келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады.

Бір сөзбен айтқанда Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруы тиіс, сондай-ақ ол ақиқат пен тек айналадағы дүниені танып білу арқылы жетіледі деген түйін жасайды.

Әл-Фарабидің азаматтық саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары да, өзінің «Фусул ал-мадани» («Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері») трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әртүрлі болса да негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – денелік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы.

Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді.

Өйткені, жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

Әл-Фарабидің «халықтар» ұғымына берген анықтамасы да өзекті. Оның пікірінше бір халық екінші халықтан екі нәрсемен ерекшеленеді: табиғи әдет-ғұрып пен табиғи қасиеттер және тіл. Халықтардың бұл әдет-ғұрыптары мен қасиеттері географиялық ортаның әсерімен қалыптасады. Фарабидің бұл тезисін әрмен қарай ортағасырлық Алдыңғы Шығыста тарих философиясының негізін салушы Ибн Халдун (XIV) дамытты.

Әл-Фараби сонымен қатар әртүрлі қоғамдық таптармен мен топтарды анықтай отырып, әртүрлі «қалаларға» талдау жасады.

Фарабидің пікірінше, «қайырымды қала» идеал болып табылады. Бұл қайырымды билеуші басқарған феодалдық қала. Оған өзінің мақсатына сәйкес әрекет ететін басқарушы шенеуніктердің міндетін жүзеге асыратын келесі рангілі шенеуніктер көмектеседі, осылайша қоғамның төмен қабаттарына дейін жалғасады. Әл-Фарабидің «қайырымды қаласында» теңсіздік орын алады, тек рухани ғана емес, дәулет теңсіздігі де, себебі, «қайырымды қала» тек өзінің қажеттілігімен шектелген еңбек етушілер тұратын «қажеттілік қаласыз» мүмкін емес. Олар қажетін өзара көмек арқылы табады және төзімділік пен көну арқылы аман-саулыққа қол жеткізеді.

Әл-Фараби сын тағатын басқа қалалар үстемдік ететін түрлі таптармен сипатталады. Мұндай қалалар «мансапқұмар», «атақ құмар», «тәтті құмар» болып келеді. Қалада «опасыздық пен бақытсыздық», мысалы, тек тамақпен, шараппен, махаббаттық рахатпен қанағаттану үшін ғана өмір сүреді. Қалада көпестер мен өсімқорлар өзгенің еңбегін алып-сатумен береке табады.

Феодалдық қоғамның ақаулығын сынай отырып, Фараби сол қоғамның ақаулығын түзетудің міндетін шек-

тейді. Оның ілімінің негізі «жалпыға бірдей игілік» тұжырымы болып табылады, осының қанат жаюы мемлекеттік биліктің мақсаты. Фараби түсінігінде мемлекет – адам қажеттіліктерін қоғамдық қанағаттандыру үшін құрылған ұйым. Әл-Фарабидің гуманистік пікірлері туралы толық түсінік алу үшін оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» шығармасынан үзінді келтіреміз: «Ақиқатында табиғат игілік болғандықтан, оған тілек пен еркін таңдау арқылы ғана қол жеткізеді, осы ретте әрбір қала да бақытқа қол жеткізе алады. Адамдарының бірлестігінің мақсаты іс-әрекетте өзара көмек көрсету болған қала шын бақытқа жетеді, қайырымды қала болып табылады, бақытқа жету мақсатында бір-біріне көмектесетін қоғам – қайырымды қоғам. Қаладағылардың бәрі бақытқа жету мақсатында бір-біріне көмектесетін халық – қайырымды халық. Осылайша бүкіл халықтар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесетін болса, жер беті қайырымды болады».

Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше, философ өзгермейтін ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал Әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада Әл-Фараби дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше, дін-философияның ұқсасы: екеуі де жоғары принциптерге бар заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Фараби мемлекетті философтар басқару керек дейді. Заң шығарушы

өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның мүдделеріне сай келуге тиіс заңдарды дұрыс жүзеге асыра алады.

Имам – ең жоғары дәрежеде теориялық білімі және ойшылдық қайырымдылықтары бар адам, мұның өзі оған адамдарға ақылшы, жетекші болып, оларды бақытқа жетуге бағыттап отыруға құқық береді.

Сонымен, «философ», «заң шығарушы», «имам» және «бірінші басшы» ұғымдары бір нәрсеге келіп қосылады. Олар бір мақсатқа қызмет етеді, бірақ бұл мақсатты әртүрлі әдістермен жүзеге асырады. Адамдар бірлестіктерінің ерекшелік белгілері болып табылатын теориялық және практикалық қайырымдылықтарға тек философияның көмегімен жетуге болады деп тұжырымдайды ұлы ғұлама. Міне, көріп отырсыздар әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастарынан бүгінгі қоғамның көріністерінен пайдалы тиесілі үндестік табамыз. Адам, мемлекет, ел басқару жөніндегі Фарабидің өз заманында айтылған құнды пікірлерінің қазіргі таңда да қаншалықты маңызы барлығына көз жеткізіп отырымыз.

Түйіндеп айтқанда ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фарабидің философиялық, локикалық-гносеологиялық әлеуметтік пікірлері, эстетикалық, теориялық, жаратылыстану ғылым салалары жайында айтылған ой-тұжырымдары мен ғылыми сараптамаларымен жете танысу оның дәуірін терең түсініп бойлауға мүмкіндік береді. Оның ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой пікірлері мен өнерін дамытуға, жалпы рухани құндылықтарының қалыптасуына әсер етіп, орасан зор ықпалын тигізіп отырды. Ұлы философ Әбу-Насыр әл-Фарабидің рухани әлемі – адамзат өркениеті мен рухани құндылықтарының биік шыңы іспеттес мұра.



Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби
(870– 950 ж. ш.)– әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Ғұлама нақылдары

- Ақыл-нарасат күші ақамның ойлауына, найымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш.

- Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық– шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру– қақірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкіртті селқос қарайтын болады.

- Бақыт, қуаныш пен ләззат асқан сұлу, ең әсем, ең көрікті нәрсені барынша тиянақты және кемелді нәрсе түрінде аңғару арқылы ғана пайда болып, толық дәрежесіне жетеді.

- Ар-ождан алдыңдағы ақалдық өз қақір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.

- Ақам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

- Өзгенің нікірін иемденіп кету – нақандық һәм ниеті қара ақамға лайық іс.

- Ақамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, соған рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы нағи ете алу.

- Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу.

- Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады.

- Тәрбиелеу дегеніміз – ақамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын қарыту.

- Ғылым ақам санасына белмысы бөлек, ерекше ұмтыр ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.

- Ғылыммен айналысқан деген ақамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен ақалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет ондай болмасқа керек.

МӨЛДІР БҰЛАҚТАР

Таяуда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен басқосуда Ұлыбританиядағы Кембридж университеті Пембрук колледжінен, Түркия Республикасынан және Иран Ислам Республикасынан келген қонақтар үш жақты келіссөз барысында «Иран-Тұран» жобасын талқылады. Алдағы уақытта Кембридж университетінде Түркітану мен ҚазҰУ-дың ғылыми орталығын ашу ұйғарылды.

Осыған орай, Түркиядан келген ғалымдар ҚазҰУ мен Кембридж университеттерінде түркітануға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсететіндіктерін білдірді.

Біздің ойымызша, тарих шығыршығын айналдыратын, тарихты түзетін үш қозғаушы күш бар. Біріншісі – халық, екіншісі – тұлға, үшіншісі – билік. Кеңестік дәуірдегі оқулықтар мен зерттеулерде экономикаға, әлеуметтік-мәдени өмірге, соғыстар мен көтерілістерге қатысты статистика молынан беріліп, жоғарыда аталған қозғаушы күштер көлеңкеде қала беруші еді. Турасына келгенде үшеуінің мақсатты әрекетінсіз елде шидің басы да сынбайды, тышқан да жорғаламайды.

Әрине, тарихи үдерістің барысы мен мазмұнын осынау елішілік факторлар ғана анықтай бермейтіні құпия емес. Ол әсіресе отар елдерде жиі байқалады. Айталық, бірінші немесе екінші дүниежүзілік соғыстардың бүркі ете қалуына Қазақстанның еш қатысы болған жоқ. Дей тұрғанмен, сол соғыстар Қазақ елінің тарихына терең өзгерістер әкелді. Немесе күтпеген жерден басталған оқыс оқиға, айталық, тың игеру, 1986 жылғы желтоқсан кө-

терілісі халық пен тұлғалардың тағдырына, биліктің табиғатына зор ықпал еткені белгілі. Демек, ұлттық тарихтың қадір-қасиетін ұғыну үшін оған жаһандық өлшеммен де, тарихты түзуші факторлардан тыс ықпал әсерін ескерумен де көз жүгіртуді ұмытпаған абзал.

Халықтың ғұмырын ұзартып, тарих үдерісіндегі рөлін арттыратын интеллектуалдық және рухани қазына, білім мен ғылым, тәжірибе мен тағылым сол халықтың тілі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Тарихтағы ұлттық ерекшелік барынша айшықталатын тұс – осы. Бұл мүмкіндік жазу шыққаннан кейін әлденеше еселеп артты. Ал адамзат өркениетіне баға жетпес олжа салған алғашқы жазулардың бірі түркілік руна екенін биік методологиялық қарым-өремен аша алсақ, бабаларымыз әлемдік тарихтың өзегінде тұрғанын қапысыз ұғынамыз әрі ұғындыра да аламыз. Осынау биік пассионарлық қуат Күлтегін, Тоныкөк заманында тасқындап, XV ғасырда Осман империясын шалқытып, кейінде ішінара, шамамен бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін сақталды.

Түркі дүниесінің ұзына тарихында 16 жазу үлгісі, 18 әліпби қолданылыпты. Қазақ ғалымы Т. Жұртбайдың тарқатуы бойынша олар:

1. Фразограммалық шолу. Байырғы түркі бітіктің бастау қайнары осыдан 20-15 мың жыл бұрынғы тас бетіне сызылған петроглифтен басталады.

2. Бітік жазуы өзінің даму тарихының келесі кезеңінде логограммалық – мағыналық суреттер сызу деңгейіне көтерілді.

3. Үшінші кезеңде буындық жазуға көшті.

4. Фонограммалық (дыбыстық) жазу сатысы байырғы түркі бітігі (руника) жазуын өмірге әкелді. 552-580 жылдары аралығында оның грамматикалық ережесі жасалып, ежелгі түркі бітігіне реформа жасалған екен. Байырғы түркі әліпбиі фонограммалық кезеңнен бастап әліпбилік жазу үлгісіне ауысқан.

5. Түркілер VII-VIII ғасырларда қытай иероглифін дипломатиялық қатынас құралды жазуы ретінде қолданған.

6. Брахми жазуын байырғы түріктер IV-VI ғасырларда дипломатиялық қарым-қатынас құралы ретінде қолданған.

7. VI-VIII ғасырларда түркілер соғды жазуын еларалық мәмілегерлік ісіне пайдаланған.

8. Біріккен түрік қағанат дәуірінде (789 жылдан бастап) Тоғыз-оғыз (керей), Сегіз-оғыз (найман) тайпалары соғды жазуының бірнеше әріптерін, жазудың жазу бағыттарын өзгертіп пайдаланды.

9. Манихей жазуы. Манихей әліпбиі III ғасырда пайда болды. Ол түркілердің арасында шамамен 760-805 жылдар аралығында қолданыста болды.

10. Араб әліпбиі. Араб әліпбиі ислам дініне дейін қалыптасып үлгерген.

11. Сириялық әліпбиі. Бұл жазулармен христиан дінінің уағыздары, Талас бойындағы құлыптастардың эпитафиясы жазылған.

12. Қидан жазуы. XI-XII ғасырда



«қара қытай» деген атпен белгілі болған моңғол тектес халық. Қидандарда «үлкен» немесе қытай иероглифі, «кіші» немесе киданның ұлттық иероглифі болған. Осы кіші жазумен мыңдаған шежіре, кітаптар, деректер, ескерткіштер қалған. Өкініштісі, бұл жазудың бүгінге дейін кілті табылған жоқ.

13. Моңғол жазуы (XIII-XXI), жоғарыдан төмен қарай жазылады. Моңғол жазуының негізінде ойраттар – «тот» (анық) жазуын, манжур ханы Нұрхаштың бұйрығымен Дахай деген оқымысты 1632 жылы «манжу» жазуын өмірге әкелген.

14. Армян жазуы (V ғ.). Солдан оңға қарай жазылатын аршакид (пехлеви) әріпінің негізінде жасалған. Түркі-қыпшақтар осы армян жазуын пайдалана отырып, түркі-қыпшақ сөздіктері мен уағыздық әдебиеттерді дүниеге әкелді. Бұл әліпби әлі күнге дейін пайдаланылады.

15. Қазақ әліпбиі. Қазақ жазуы. А. Байтұрсынұлы жасап шыққан. 1912 жылдан бастап қазіргі күнге дейін пайдаланып келеді.

16. Латын әліпбиі (1928-1940). Қазақ ұлтының он жыл көлеміндегі рухани мұралары осы әріппен жазылды.

17. Кириллица. Қазақстандағы қазақтар 1940 жылдан бастап қазірге дейін қолданып келеді [5].

Осылардың бірде-біреуі түркі дүниесінің тіліне, халықтың жасампаздық әлеуетіне әсер етпей қалмады. Халықтардың аралас-құраласы қашанда берекені арттырады. Екі жақты үдерістің қайсы бірінші, қайсы екінші болғанын анықтау интеллектуалды тарихты түзуге, өркениеттер ықпалдастығын ұғынуға қосылатын олжа екені күмәнсіз.

«Ерден ердің несі артық, тауып айтқан бір ауыз сөзі артық» дейді халық даналығы. Бұл – теориялық танымның салыстыру әдісі. Тарихты зерттеуге қолдансақ, халықтан халықтың сапалы айырмашылығы алдымен тілінен көрінгенмен, яғни бірін-бірі тү-

сінетін-түсінбейтіні бірінші орында тұрғанмен, басқа да шаруашылық-экономикалық, интеллектуалдық әлеуеттен, саясатпен өмір салтынан көрінбей қалмайды. Ежелгі дерек бойынша, Анахарсис афиналықтарға айтқан екен: «Адам мен адамның айырмашылығы тілі мен атақ-даңқында емес, ақылында... Скифтер сүйектен өткізіп айтқан сөзді келеке қылмайды, керісінше, жеріне жеткізіп айта алмаған сылдыр сөзді мақтамайды. Сөзде ақыл жоқ. Егерде жаксы ниетті, адал істі жеткізуге арналса, одан артық қасиетті құрал болмайды. Сыртынан күліп, ішінен күңіреніп тұрып айтқан сөзінді ғана скифтер жаманатқа балайды. Мәселе сөзде емес, пиғылында» [6].

Халықтан халықтың айырмашылығын тіл мен сөзден де артық дәйектейтін көрсеткіш – олардың демографиясы. «Көп қорқытады, терең батырады», «Көпке топырақ шашпа», «Көп түкірсе – көл», «Жалғыздың үні шықпас» сынды мақал-мәтелдер тарихи демографияның санадағы бейнеленуі. Адам санының молдығы этносқа саналуан басымдық беріп, болашағын ашады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қауіп жатқан Германия мен Жапонияны, «мәдени революциядан» тұралаған Қытайды аяғынан тік тұрғызған себептердің ең бастысы адам санының, еңбек қолының молдығы. Бұлардағы аумақтық тұтастық пен моноұлттық құрам да жағымды рөл ойнады.

Халық қатып қалған статика емес. Ол өзгерістер үстінде болады. Өссе – ғанибет, өссе – қасірет. Оның этникалық, экономикалық, саяси дамуының ең биік сатысына, ұлт деңгейіне көтерілгенінің айғағы – билік жүйесі, заңы бар, халықаралық қауымдастық таныған мемлекетін құрғаны. Мемлекет ұлтқа тән өміршең, өскелең құндылықтарды, ұлттық намыс пен ерекшеліктерді құрметтейтін, құрметтеткізетін саяси-құқықтық жүйенің барында

ғана мемлекет болып табылады. Ұлттың өркенінің өсуі – мемлекетте, мемлекеттің күші – ұлттық бірлікте. Бірлікті зерттеу методологиясында жойдасыз даңғазалық пен боссөзділікке, биліктің ауанына жығылуға жол беру тарихты түзудегі халықтың құлшынысын бәсеңдетеді, іс пен сөздің, сан мен сапаның сәйкессіздігін асқындырады.

Қысқасы, адам капиталы, еңбегінің сапасы мен өнімділігі, интеллектуалдық және инновациялық тіршілігі, ізденісі мен ілгерілеуі, қоршаған ортамен үйлесімі немесе қайшылығы, қоғамдық-саяси ой-санасы мен тандауы, әлеуметтік-демографиялық үдерістер – бәрі ұлттық және ортақ түркі тарихын, ондағы халықтың орнын зерттеудің өзіндік және жалпы методологиялық мобильділігін үздіксіз талап етуші заңды құбылыс. Бұлардың әрқайсысы кешенді құбылыстың құрамдас бөлігі әрі дербестігін сақтап, бой көрсететін болғандықтан зерттеушіні бір ғана ғылым шеңберінде қалдырмайды. Ғылыми интеграция мен дифференциация үйлесімі тарихшының қарымын арттырғанда ақиқат та айтылады, жаңалық та ашылады.

Тарих көшіне ілесе алмаған халық бар шығар, әйткенмен халықтан тыс тарих болған емес, болмайды да. Халықты тарихтың субъектісі ретінде зерделеуші методологиялық пайым мемлекеттегі демократия, азаматтық қоғам, саяси жүйе, экономикалық белсенділік, ұлтаралық, дінаралық қатынастар сияқты өзекті тақырыптарды жан-жақты саралауға, басқалармен салыстыра-шендестіре тануға мол мүмкіншілік туғызады. Ортақ тарихымыздың өн бойында тағдыры мен тілегі тоғысқан халық тұрмаса, кімнің кім екенін, тарихымыздың ортақ екенін ашу мүмкін емес.

Тарихтың жолы қайшылықтар мен қиыншылықтарға толы. Олардың негізінде адамдардың байлық пен билікке таласы, өз кәсібі мен табысына,



қоғамдағы орны мен қадір-қасиетіне, бүгінгі мен болашағына наразылығы, қанағаттанбауы жатыр. Адамдар тапқа, партияға жіктелмеген ықылым заманнан белгілі осыны қанаушы мен қаналушының тап күресі, революциялардың алғышарты ретінде әсіре саясиланған методологияға айналдыру идеологиялық ымырасыздық пен жар астынан жау іздеуге, әдебиет пен өнерде қисынсыз деформацияға соқтырады екен.

Қайшылық пен қиыншылық – адам қоғамының мәңгі серіктері. Бұлар тарих қозғалысының детерминизмі. Қарапайым малшы мен диханның да, зергер мен ұстаның да, жас пен кәрінің де, ерлер мен әйелдердің де алдынан әркез шыққан әрі шыға да береді. Қордаланып асқынғаны болашақ үшін қатерлі. Дерттің алдын алмағандар сан рет өкініште қалған.

Сонда не істеу керек? Миллиондардың біліп-білмей араласуын қажетсінетін революциялар мен соғыстар, өндірілетін ине мен түймеге дейін алдын ала болжаған жоспарлы

экономика, империализмді іріп-шіріген капитализм деп түсіндірген идеология әрқашан ұшпаққа шығара бермейтініне XX ғасыр көз жеткізді. Заманауи тәжірибені ескерген методология позициясынан ой жүгіртсек, қайшылық ұрындырған тығырықтан тұлғалар алып шығатын тәрізді. Қазақи ұғыммен айтқанда – екiнiң бiрi. Мәселе шешiлмесе, қоғам күйрейдi, не осынау қайшылықтар мен қиыншылықтардан алып шығатын адам табылады. Күрмеуi күрделi құбылыстың шешiмiне қол жеткiзген ой мен әрекет иесiн, басшыны, жасампаз жанды, халқы мен мемлекетiнiң беделiн, күш-қуатын арттырған азаматты, бiздiң пiкiрiмiзше, Тұлға деген жөн. Тұлға – өзiне тәуелдi емес объективтi әлемдегi (ортадағы) қажеттiлiктi (экономикалық, ғылыми, саяси, өндiрiстiк, т.б.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтiк субьект. Тұлға дөйектеген iзашарлық нәтиженi замандастары, кейiнгi ұрпақ та кәдеге жаратады.

Көктей шолып қарайтын болсақ, ортақ түркі тарихында тұлғалар жалғастығы үзілмегенін көреміз. Тарихи таным үшін методологиялық мәні зор үдеріс – осы. Парсы әскерін шөл далада адастырған Шырақ та, білім-ғылым қуып қиырға кеткен сақ ойшылы Анахарсис те, күй атасы Қорқыт та, энциклопедиялық білімді дәрігер Ибн Сина да, ағартушы И. Гаспыралы да, азаттық жолында құрбан болған С. Юлаев, Махамбет, Кенесары, М. Сұлтан-Ғалиев та шынайы Тұлғалар. Бұлар халқының, жерінің, тілінің, мемлекетінің мәңгілігі үшін қанын да, терін де төкті. Сөзі мен істері, мұралары мен аманаттары тәуелсіздік мұратынан қылаудай ауытқыған емес.

Тұлғаны тұлға еткен іргелі нәтиже, танымдық және қолданымдық бәсі жоғары теориялық-практикалық

шешім дайын күйінде туа қалмайды, алғашқыда ниет, арман, қиял түрінде көрініс береді. Осының бәрі түркі халықтарының ертегілерінде, аңыз-әңгімелерінде молынан орын тепкен. Бұл – утопиялық идея. Келесі саты – ықтималды идея, яғни жүзеге асуы бек мүмкін идея. Айталық, көкте құстай қалқуды армандаған батыр бабаларымыз жалған елес құмаған екен. Бірақ ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйенген нағыз ұшу аппараты түгілі қарапайым ұшу құралын түзе алмады. Аспан әлемін зерттеген Ұлықбек сынды тұлғаларымыздың теориялық-практикалық жаңашылдығы үшінші сатыға – шынайы идея сатысына, нақты нәтижемен көмкерілген идея биігіне көтерілмеді. Оған, біріншіден, түркі әлемінің XX ғасыр басындағы инженерлік-техникалық, экономикалық даярлығы мен мүмкіндігі шектеулі еді, екіншіден, утопиялық идеяның ықтималды идеяға, ықтималды идеяның шынайы идеяға және көздеген нәтижеге айналуы үшін интеллектуалдық ізденіске толы уақыт керек, үшіншіден, өміршең идеяны туындатушы, оны бір сатыдан келесі сатысына жеткізуші конструктор тұлғалар сабақтастығы үзілмеуі қажет. Бұлардың бірде-біреуі Еуразиялық, Орталық Азиялық, Кавказдық, Османдық түркілерде орныкпады.

Жалпы, адам баласының санасы мен жүрегін мазалаған, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан утопиялық идеялардың басым бөлігі түбінде жүзеге асады. Өйткені олардың бастау бұлағында өмірлік қажеттілігін тереңінен ұғынған, замандастарын иландыра білген, қоғамдық санаға нық орнықтырған, орасан жауапкершілікті мойнына алған «Тұлға» тұр. Көптің үйреншікті өмір салты мен тіршілігіне қозғау салатын, өзгеріс әкелетін тұлғалардың ақыл-ойы мен әрекетінсіз тарих қарыс-сүйем алға баспас еді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «Ұлы тұлғаларын біл-

мейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Неге десеңіз, адам тағдырының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол – ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған» [7].

Халық пен тұлғаға методологиялық басымдық беру ортақ түркі тарихының ұлттық сипатын тереңінен ұғындырады, адами-өркениеттік көзқарасымыз бен бағыт-бағдарымызды адастырмайды, тұтастығымыз бен бірлігімізді нығайтуға қызмет етеді. Қазіргі жаһандану кімнің қолынан не келетінін ашып берді әрі бас басына би болудың жолын кесті. Ұлттық мақтаныш методологиясының қарымы адамзат өркениетіне құрметпен көмкерілгенде қатерлі дерттің емін табу, экономикалық дағдарысты еңсеру, терроризмді жеңу тәрізді планетарлық мәселелерді шешуге, халықтық дипломатияны, тұлғалар одағы мен бірлестігін тиімді пайдалануға серпіліс беріледі.

КОКП билеген дәуірде тарихқа материалистік көзқарас ұлықталып, нақты адам, тіпті тұлға үлкен механизмнің кішкене тетігі орнына жүрді. Тарихтағы тұлғаның рөлін екінші қатарға ысырған жүйе елдің бірінші басшысы – бас хатшыны, әсіресе Сталинді жер-көкке сыйғызбай дәріптеумен өздеріне өздері қайшы келді. Пайғамбарлық пайғамбарға ғана жара-

сатынын ескермеді. Осының салдарынан миллиондардың тағдыры нақақтан қиылды, көбінің өмір жолын анықтау мүмкін емес. Қасіретті тарихтан методологиялық, практикалық тағылым алатын кез келді.

Ал қазақ әлемі мен түркі дүниесінің тарихындағы билік мәселесіне келсек, бұл орайдағы методологиялық талап қоғамдық-гуманитарлық ғылыми ой-санада әлемдік қолдау тапқан ұстанымдармен, әсіресе саясаттану, құқықтану салаларының үздік жетістіктерімен үндесіп жатқанын қалаймыз.

Билік адамдар қауымын басқаруға бағытталады. Оның мәні – адамдарды адам қалпынан шығармау. Тап осы тұрғыдан келгенде, билік халықтан бір-ақ жас кіші болса керек. Мемлекет пайда болмай тұрғанда орныққан билік жазусызусыз, ресми заң күшінсіз, арнайы тағайындалған қызметсіз ұйымдастыру, басқару, атқару міндеттерін жүзеге асырды. Мемлекет шыққан соң билікке жүктелген міндеттерді тізіп тауысу мүмкін емес. Алайда мінсіз билік жоқ, болған да емес. Ең қатерлісі – мемлекеттік мүддені жамылып, әкімшілік ресурсты асыра пайдалану, билік функциясын үлкенді-кішілі билеушінің алмастыруы. Биліктің тепе-теңдігі мен тежемелілігі, заңның биік тұруы, құқықтық мемлекет қағидаларының бәрі билікті ауыздықтауды емес, оны билеушінің өктемдігі алмастырмауын көздейді. Билік билеушінің илеуінде қалған елде ақ пен қараның, өтірік пен шынның арасындағы айырмашылық жоғалады. Өлін білмеген Аязбилер, жолын білмеген құмырсқалар мейрамы басталады. Осы орайда түркілік мол тәжірибе жинақталған. Осман империясының күйреуінің, Кеңестер Одағының ыдырауының басты себебін жүйелік дағдарыстан емес, билеушінің билік жүргізу заңдарын өрескел бұзғанынан іздеген дұрыс болар. Жалпы, адамдар өмірі мен қауіпсіздігіне қайшы билеуші де, билік те ешқашан ұзақ сақталған

емес. Адам баласына қызмет етуімен ғана билік тарихты түзуші күшке айналады.

Билік эволюциясы тарих үдерісімен бірге өрілген. Оның ең жоғарғы сатысы – мемлекеттік билік пен басқару. Күлтегін жазуында:

«Жоғарыда көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда.

Екеуінің арасында адам баласы,

Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды,

Бумын қаған, Істемі қаған отырған,

Отырып, түркі халқы елін, заңын

Ұстай берген, иелік еткен» деген ғой [8].

Осынау жолдар – мемлекеттің анықтамасы, биліктің формуласы. Түркі халықтарындағы мемлекеттік билік пен басқарудың формасы, типі, субъектілері әлемдік үлгіден, заңдылықтан алшақ кеткен жоқ. Олардың ішінде әр кезеңде монархиялық, парламенттік, президенттік, президенттік-парламенттік басқарулар болған, кейбіреуі әлі де бар. Саяси режимнің авторитарлық, тоталитарлық, демократиялық жүйелерін бастан кешкеніміз тарихи факт.

Демек, Қазақстанның әр дәуіріндегі, ортақ түркі тарихындағы билікті зерттеу методологиясы үш міндетті шешуі керек: біріншіден, биліктің шығуы, даму белестері, мәнді сипаттамасы бойынша әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі болған-болмағанымызды тиянақтау, екіншіден, қазақ әлемі мен түркі дүниесіндегі билік формаларының, сала-салаларының өзіндік ерекшеліктері мен мәнді белгілерін, диалектикасы мен эволюциясын ажырата алу, үшіншіден, әр саладағы билік иесінің тарихтағы орны мен жаңашылдығын немесе кертартпалығын елеусіз қалдырмай, әділ бағалай білу.

Пайымдары мен дәйектері бойынша тарихи зерттеулер мен оқулықтар биліктің халқына, экономикаға, руханиятқа, сыртқы елдер саясатында уақыт талабына, ұлттық қауіпсіздік жә-

не мемлекет мүддесіне сай келген-келмегенін аша алатын методологиялық парадигмаларды түзгені абзал. Әсіресе биліктің құқықтық өкілеттілігі, ауқымы мен шегі, атқарылуы мен жемқорлығы, жаңғыртылуы мен тоқырауы, тиімділігі мен зардабы тарихи динамикада зерделенудің мәні зор.

Келесі методологиялық талдау мәні биліктің шешімі миллиондардың тағдырын шарптитынын дәйектеуге саяды. Билікке талас та, егер екі есті елірменнің қолына түсе қалса, сан мың адамның өмірін қыл үстінде қылпылдатады. Мәселенің осы жағын методологиялық тереңнен толғау тәуелсіз жас түркі мемлекеттерінде билік институттарын қапысыз орнықтыру әрі соларға қатысты дұрыс тарихи сананы қалыптастыру үшін қажет-ақ.

Биліктің қолданылуы мемлекеттің атауымен, құрылымымен анықтала бермейді. Бұл орайда саяси билік иесі – қағанның, ханның, сұлтанның, президенттің, бас хатшының – позициясы айрықша маңызды. Елдегі жүйелер мен үдерістерді, саясат пен саяси институттарды, институционалдық пен институционалдық емес негіздерді анықтаушы – мемлекет басшысы, жақын шоғыры, партиясы. Қисапсыз тәжірибе көрсеткендей, билік өзі ұсынған жобаны, бағдарламаны орындатпай тынбайды. Бірақ бодан елдің билігі мен тәуелсіз елдің билігі жіберген қателіктер арасындағы айырмашылықты, саяси-идеологиялық өктемдік пен нарықтық қажеттіліктен туындаған шешімдерді, жаһанданудың ұлттық билікке түсіретін салмағы мен қысымын биік методологиялық өлшемдермен, ұғым-түсініктермен тани алсақ, ақтандақтар ақиқатын табамыз. Сонда тұтас халықты айыптаудан ада, азаттықтың қадірін қастерлейтін, отансүйгіштік қасиеті берік ұрпақ тәрбиелеуге ортақ түркі тарихы септесетіні сөзсіз.

Елдің әскери-экономикалық қуаты ернеуінен шыға тасығанда, демография-

лық ресурстары айналасындағы тәуелсіз халықтарды қосып алумен артқанда, сыртқы саясаты оңай олжамен, басқыншылықпен заңсыздыққа бастағанда, обырға айналған билігі, дұрысы – билеушісі ұлттық сұраныс пен қажеттілік шеңберінен аттап, әлемдік, құрлықтық, өңірлік тарихтың табиғи-ырғақты барысын бұзатыны бар. Байырғы түркілер мен Осман империясы дүниенің төрт бұрышын өзіне бағындырмақ болғанын, кеңестік тоталитаризм ортақ түркі тарихына аяусыз тырнағын батырғанын халық әрекетімен байланыстырғаннан гөрі билік пен саяси басшының монополиялық жүгенсіздігін және көпшілікке белгісіз шешімдерін әшкерелейтін методологиялық қағидалар арқылы зерделесек, тарих ақтандақтары азая түсер еді.

Империялардың бәрі басқа ел мен жерді жаулап алумен құрылды. Бұған көнгісі келмеген халықтар метрополиямен қарулы-қарусыз қақтығысын тоқтатпай жүргізе берді. Бірде жария, бірде құпия перманентті соғыс, мылтықсыз майдан туындатқан қиыншылықтар мен қайшылықтарға, шығындар мен қасіретке шыдас бермей, ыдыраған империялар аз емес. Қазіргі таңда да халықаралық қатынастар «бір атым насыбайдан» асқынып жатса, оған «насыбайды» (мұнайды, суды, атомды, экологияны ...) кінәлаудың қажеті жоқ. Билік пен билеуші факторын, солардың саясаты мен идеологиясын методологиялық талдауға алу керек.

Қазақта: «Адамның күні – адаммен» деген мақал бар. Тағдырың, қуанышың мен ренішің, барша ғұмырың адаммен өтетінін меңзегені. Демек, ұлттық тарихымыздың, ортақ түркі тарихының «бар қызығы» адамда, тұлғада, билікте. Бұлар өзіндік «Менін», «Біз және басқалар» айырмашылығын ана тілінде сөйлеп, туған жеріне табан тіреп тұрғандықтан, мемлекетінен күш алып, сөзі мен ісін арнағандықтан тапты. Өткенге құрметі – халқының баянын тасқа басқаны, бүгінге қызметі – қара терін, қызыл қанын судай ағызғаны, болашаққа сенімі – «Мәңгі ел» аманаты.

Түйіп айтар болсақ, «Қазақ» газетінде, онымен қатар шығып тұрған «Айқап» журналында ұлттық тарихымызды, түркі дүниесінің өткенін ақиқат биігінен зерделеуге кілт ұстататындай методологиялық пайымбайлаулар молынан кездеседі. Сол мұраны шығармашылықпен игеру – бүгінгі тарихшылардың парызы. Күндердің күнінде Алаш идеялары тарих төрінен көрінетініне замандастары сенген. «... Ахмет Байтұрсын баласының қаламынан «Қырық мысал» деген бір кітап шықты, – деп жазған екен «Қазақ» 1913 жылы. – Онан біраз соң Міржақып Дулатов мырза «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» деген рисалелер жазып көңілімізді тағы көтеріп тастады. Бұлар дін дәрістерін оқыған шәкірттер емес еді. Тәңірінің қазақ халқына арнап жіберген бір жарық сәулелері екен дедік» [9].

Әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. / Құраст. С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2009. – 22-б.
2. Жұртбай Т. Тастағы дастандар //Қ. Сарткожаұлы Қазақ қолжазбалары. Көне түркі жазба әдеби үлгілері: Орхон мұралары. Т.2. – Алматы: «Ел-шежіре». 2011. – 8-11 бб.
3. Қазақ қолжазбалары. Ежелгі грек, көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер. Т.1. – Алматы: «Ел-шежіре». 2011. – 89-б.
4. Назарбаев Н. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! // Егемен Қазақстан. 1998. 16 желтоқсан.
5. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: «Ғылым». 1990. – 56-б.
6. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. / Құраст. С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2009. – 279-б.



НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ САЯСАТКЕР ТУРАЛЫ КІТАП

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Өнегелі өмір» сериясының арнаулы шығарылымы еліміздің бүгіні мен ертеңі үшін ерекше еңбек еткен, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі жолында қоғамдық өмірдің бар саласында қайраткерлігімен танылған, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған құнды кітаппен толығып отыр.

Ол қарапайым жұмысшыдан, Қазақстан Республикасының Президенті жоғары лауазымды қызметіне дейінгі

сатылардың бәрінен абыроймен өтті. Оның тек өмірбаяндық деректерін оқыған әрбір жас нағыз өнеге тұтатын еңбек пен ерлік шежіресіне кезігеді.

Тұңғыш Президент 25 жыл бойы елімізді жаңғырту, жаңарту арқылы түбегейлі өзгерістерге қол жеткізіп, Тәуелсіз Қазақстанды әлемге танытты. Оның басшылығымен Қазақ мемлекетінің территориялық тұтастығы халықаралық ережелерге сәйкес айқындалды; ядролық қарудан бас тартып, Семей атом полигоны жабылды; елдегі ұлтаралық ынтымақ негізінде Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрылды; ел Астанасы Алматыдан Ақмолаға көшіріліп, әлемдегі әсем қалалардың біріне айналған жаңа Астана бой түзеді; әлем діндері және конфессияларының татулығына бағытталған дәстүрлі съездер өткізілді; дүниенің 56 елінің басшысы қатысқан Еуропа Ынтымақтастық және Қауіпсіздік Ұйымының саммиті Астанада өтті; Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елу мемлекеттің қатарына қосылды. Бүгінде «Нұрлы жол» бағдарламасын жасап, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын ұсынған, әрі Қазақстанның даму жолын айқындап берген, Қазақ мемлекетінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы – аса ірі мемлекет басшылары мойындаған, әлемге әйгілі саясаткерлердің бірегейі.

Қазақстан білімі мен ғылымының дамуына баса назар аударып келе жатқан Елбасы ҚазҰУ қалашығының іргетасын қалаудан бастап, университеттің әлемдік дәрежедегі жоғары оқу орны деңгейіне жетуіне дейінгі аралықта үнемі қамқор болып, қолдау білдіріп келеді. Университетке әлем таныған ойшыл, екінші ұстаз атанған ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің есімі берілуі де – Президенттің көреген көшбасшылығының дәлелі. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Қазақ ұлттық университетінің Құрметті докторы, Құрметті профессоры. Елбасы ҚазҰУ студенттерімен кездесу кезінде оқыған лекциясында ұлттық университетке: «ҚазҰУ жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымының форпосты» – деген жоғары баға берген болатын.

«Өнегелі өмір» кітабында бейнеленген Нұрсұлтан Әбішұлының Қазақ елінің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірген асқақ Тұлғасы – өскелең ұрпаққа өшпес өнеге, айнымас үлгі.

*Бас редактор, ректор,
Ғ.Мұтанов*

Автор туралы:

филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі. Қазақстан Республикасы Президенті Баспасөз хатшысының орынбасары. Мұрат Мөңкеұлының шығармаларын, қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымын, оның генезисі мен типологиясын, поэтикасын, ежелгі әдебиет мәселелерін, ұлттық құндылықтардың даму заңдылықтарын зерттейді.



Бауыржан ОМАРОВ

«ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІ: ТҮРКІЛІК ТАНЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМ

Summary: Issued from March, 16, 1911 in Horde and Orenburg a newspaper «Kazakhstan» is one of the first printed organs of a democratic Kazakh intelligentsia. Prominent researchers of a printing Beisenbay Kenzhebayuly and Hayyirzhan Bekhoshin wrote about this edition. 16 issues of this newspaper had been published during the years 1911-1913.

...Елдің санасына сәуле түсіріп, жақсылыққа жетелеген, арқа сүйер панасына, ой бөлісер отауына айналған басылымның бірі – 1911 жылдың 16 наурызынан бастап Орда мен Орынбордан шығып тұрған «Қазақстан» газеті. Бұл басылым туралы профессор Бейсенбай Кенжебаев өз еңбегінде «нағыз прогресшіл, демократияшыл бағыттағы газет деуге болады» [1, 28], – деп қорытынды жасаған. Ал қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші Хайыржан Бекхожин: «Газеттің «Қазақстан» деп аталуында да мән бар. Бұл қазақ жерлерін біріктіріп, демократиялық республика орнату идеясын аңғартады» [2, 323], – деп баға берген.

1911-1913 жылдарда ұлттық басылымның 16 саны жарыққа шыққан.

Зерттеулерде газетке Бакытжан Қаратаев, Елеусін Бұйрин және Ғұмар Қараш басшылық жасағаны туралы баяндалады. Басылымды алғаш Мәскеу мұрағаттарынан іздеп тауып, 1938 жылы бірінші болып оқыған зерттеуші Мұстафа Ысмағұлов 1951 жылы «Газеттің аты «Қазақстан» еді» деген деректі фильмнің сценарийін жазған [3, 324]. Тарихшы ғалым Исатай Кенжәлиев газеттің Ғұмар Қараштың ұсынысымен «Қазақстан» деп аталғаны туралы айтады [4, 338]. Әдебиетші ғалым Мақсат Тәжімұратов бұл басылым Шәңгерей Бөкеевтің тікелей ықпалымен шыққаны туралы бірқатар деректер келтіреді [5, 343]. Сонымен қатар, «Қазақстан» газетінің мән-маңызы туралы пікірлер Қ.Сыдықов

[6, 20], С. Жұмағұлов [7, 87-89] еңбектерінде де қамтылды.

Барлық зерттеушілердің еңбектерінде газеттің ұлттың сөзін сөйлегені, елдің мұңын жоқтағаны, бұқара халықтың үніне айналғаны жөнінде баяндалады. Оны жүршылықпен жақындастыра түсетін себептің бірі – «Қазақстан» деген атауы. Бұл атау газет шыққан жылдар үшін жаңалық әрі ұлттың ұпайын түгелдеу жолындағы маңызды қадам болғаны даусыз. Осы тұрғыдан С.Матаевтың пікіріне жүгінсек, «Қазақстан» газеті туралы айтқанда, оның атауына ерекше тоқталмасқа болмайды. Әрине, қазір «Қазақстан» атты мемлекетті күллі әлем білгенімен, осыдан 100 жыл бұрын қазақты өзінен басқа ешкім танымайтын. Күллі құжат-жазбада қазақ атауы «киргиз», «киргиз-кайсақ» деп бұрмаланатын. Осындай кезеңде «Қазақстан», яғни «Қазақ елі» деген атаумен газет шығарып, жаппай тарату ерлік болса, бүгінгі күні бұл атаумен мемлекеттің аталуы – көрегендік» [8, 5].

«Қазақстан» газетін ұйымдастырып, оны шығару ісі оңайлықпен жүзеге аспаған. Бұл шаруаға бүкіл ел қолғабысын тигізген, әркім қолынан келгенше көмек көрсеткен. Басылым нұсқалары ұзақ уақыт бойы табылмағандықтан ол туралы толық мәліметтер көп уақытқа дейін жинала қоймады. Газеттің табылған нұсқаларын жинақтап, кітап етіп бастырған зерттеуші баспагер Ж. Нәбиоллаұлының дерегіне сүйенсек, «Басында газеттің редакциясы Көлборсыдағы Шәңгерей Бөкейдің усадьбасында болған. Ал газетті Астрахандағы баспаханадан бастырады. Кейін редакция Орда қаласына көшеді, қарызданып-қауғаланып, өздеріне баспахана сатып алады. Содан газет тоқтағанға дейін «Қазақстан» баспаханасында басылды. Газеттің шығуына атсалысқандар қатарында Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Сейітқали Меңдешев және қомақты қаржы беріп көмектескендер Шәңгерей Бөкеев және Бакуден Зейнелғабиден Тағиев болды» [9, 10-11].

«Қазақстан» газетін ұйымдастырушы Шәңгерей Бөкеевтің усадьбасында басы-

лымға қаржылай көмек сұрау туралы шешім қабылданып, Бакуде тұратын атақты мұнай алпауыты, генерал Зейнелғабиден Тағиевке арнайы кісі жіберу ұйғарылғаны, осыған орай газеттің қазақша және орысша нұсқаларының шығарушылары Ғұмар Қараш пен Елеусін Бұйрин әзербайжан еліне жолға шыққаны, олардың қажымен кездесіп, басылым үшін қомақты қаржы алып қайтқаны туралы М.Тәжімұратовтың «Тағиев» деген тағылымды еңбегінде жан-жақты баяндалған [10, 175-176]. «Қазақстанды» шығарушылардың осы сапары туралы Ғұмар Қараштың «Қазақстан» газетінің 1912 жылғы 6 наурызда, №8 санында шыққан «Баку» деген мақаласында айтылған [11, 177]. Зерттеуші М. Тәжімұратов кейін Ғұмар Қараш пен Елеусін Бұйрин арнайы барып, сөйлескен Зейнелғабиден Тағиевтің мұражай-үйінде болып, бірқатар тың мәліметтерге қол жеткізген.

«Қазақстан» газетінің кейін дербес баспахана иеленуі бұл басылымға көрсетілген көмектің ауқымды болғанын айғақтайды. Бұл – ол тұстағы ұлт басылымдарының бәріне бірдей бұйыра бермеген мүмкіндік. М.Ысмағұловтың «Газеттің аты «Қазақстан» еді» деген сценарийінде осы баспахананың қалай жасақталғаны жөнінде мынадай мәлімет келтіріледі: «Қарашев пен Бұйрин Қазақ елінде шамға құятын керосин жоқтығын сылтау етіп, Бакуден темір бочкаларды сатып алады. Сол бочкаларға типографиялық әріптерді, бояуларды, бояу құралдарды сатып алып, керосин құйып, білдірмей, Астрахандағы большевиктердің типографиясына иелік етуші Апрессянц және Окур деген екі армянға тапсырады» [3, 333]. Жалпы, «Қазақстан» газетін шығару барысындағы оқиғалар, осыған орай туындаған мәселелер, басылымды ұйымдастыру ісінің жай-жапсары М. Тәжімұратовтың Ғұмар Қараштың шығармашылық өмірбаяны туралы жазылған ғылыми монографиясында [12, 66-111] толық қамтылған. Сондай-ақ, баспасөз тарихын зерттеу-

ші Қ.Аллаберген «Қазақстан» газетінде оқу-ағарту мәселесіне байланысты проблемалық материалдарын жариялап тұрған, кейіннен ірі қоғам қайраткері Сейітқали Меңдешевпен қатар Ғ.Мұсағалиев пен Ғ. Бердиевтер де болғанын айтады [13, 14].

Газет шыққанда кез келген қазақтың қатты қуанғаны, бұл қадамды ұлт болып ұйысудың белгісі деп бағалағаны басылым мақалаларынан айқын аңғарылады. Бұл кезде халықтың қуған-сүргінге ұрына қоймаған, кәмпескенің аулы алыс жатқан, ашаршылықтың азабын әлі тартпаған заман еді. Саны көп халықтың ұлттық санасын оятып, ағарту жұмыстарын жүргізу міндеті алдыңғы кезекте тұрды. Осы тұстағы елдің ахуалы Мұстақим Малдыбаевтың «Хайырлы сағат» деген мақаласында былайша баяндалды: «Санымыз көп, сапамыз жоқ болып, бүтін дүние ағарып алға кетіп жатқанда біздің 5-6 миллион қазақ халқы ұйықтап жатыр еді. 10-15 жылдан бері оқу орнының керектігін аңдап, мұсылманша тәртіпті мектепте хәм орысша оқушыларымыздың саны аз да болса, арта бастады. Жаксы, жаңа тәртіпті мектеп ашып, малымен милатқа жәрдем ете бастаған байларымыз көріне бастады. Айт пен қымыз арасында жоғалып жүрген әдеби шиғырларымыз, рисале руманлар де көріне бастады. Осындай көп халық болып, өз тілімізде газет-журнал жоқтығына талай қазақ баласы жылаушы едік» [14, 70]. Сол сәтте осы олқылықтың орнын толтырып, басылымды ұйымдастырған азаматтар ұлттың зиялы да зерделі азаматы ретінде қадірленді, елдің аузынан түспейтін тағылымды тұлғаға айналды.

«Қазақстаннан» сәл бұрын жарыққа шыққан «Айқап» журналының шығарушысы Мұхамеджан Сералин де осындай жалпыхалықтық құрметке ие болды. Газеттің басылым жайына арналған мақалаларынан Мұхамеджан Сералиннің есімі қалыс қалмайды. Елдің мұңы мен мұқтажын дөп басқан «Айқап» пен «Қазақстанның» аты үнемі қатар аталады. Мұстақим Малдыбаев

аталған мақаласында да бұл дәстүрді өзі бастап береді: «Осындай көп халық болып, өз тілімізде газет-журнал жоқтығына талай қазақ баласы жылаушы едік. Бұ жылғынауарда мұхтарам Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналын шығарды. Бұ жігітке не қадар «Алла риза болсын» айтсақ та аз. «Айқабымыз» аяғын басып жүре бастағанда оның соңынан мұхтарам «Қазақстанымыз» туды. «Қазақстанның» ғұмыры ұзын болып, қазақ халқының ағаруына ала жаулық орнына ынтымақ, бірлік, соларға нәсіп етсін! ... «Айқапқа» алушы жиған жігіттер «Қазақстанға» да жәрдем етер» [14, 70]. Ал сұлтан Бақытжан Қаратаевтың газет-журнал шығарған екі жігітке берген бағасы – шын көңілден шыққан ризашылықтың жемісі. Оларды ұлтымыз төбесіне көтере мақтан тұтатын нағыз ерлерге балайды, қалың қазақ жұртының басылымды ұйымдастырушыларға деген құрметін оятады. Осыған қарап бүкіл халық өздерінің ой-арманымен үндескен ақпарат өнімін шығарушыларды ұлт қайраткері деңгейінде қадірлегенін көреміз.

Б. Қаратаевтың «Бұл екі жігітіміздің де шешелері нағыз нағыз түс қазақ қыздары еді хәм аталары да нағыз түс қазақ еркектері еді. Сол себепті бұл екі дана уа данышпан жігіттерімізді заман түріне қарай шыққан аспандағы жұлдызымыз, мандайдағы құндызымыз деп нандық» [15, 100], – деп редакторлардың ататектеріне үңіле отырып айрықша дәріптеуі оларға деген қалың елдің ыстық ықыласын байқатады, ал солар басқарған «Қазақстанның» ұлттың туы болғанын аңғартады. Газет шығару жайын үнемі қозғап, елдің намысын жаныған мақалаларымен танылып отырған Бақытжан Қаратаев басылымдарға қаржылай көмектескен түркі халықтарының өкілдерін ойға алып, ризашылығын білдіріп қоюды ұмытпайды. Ол кезінде «Айқапты» шығаруға жәрдем еткен Троицк мұсылманы Иаушиевтің, «Қазақстанды» шығаруға қомақты қаржы бөлген бакулік генерал Тағиевтің есімдерін

айрықша ілтипатпен атайды. «Генерал Тағиевтің нәсілі әзербайжан татары, Иаушиевтің нәсілі Қазақ татары болады» [16, 118], – деп олардың тек-тарихынан мәлімет береді. Төре Шәңгерейді де солардың қатарына қосады. Түркі зиялыларының бауырлас халықтарға қолғабыс етуінің себеп-салдарларын түсіндіріп, бұлардың дін жағынан да, тіл жағынан да, тек жағынан да жақындағына тоқталады. Түркі дүниесінен тамыр тартатын туыстық қиын-қыстау кезеңде бір-біріне деген жанашырлықты оятатынын, аяныш сезімін туғызатынын, ортақ намысты қозғайтынын еске салады.

«Қазақстан» газетінде тек қазақ ұлтының мәселесі көтеріліп қана қойған жоқ, түбі бір түркі халықтарының тыныс-тіршілігіне, олардың өткені мен бүгініне қатысты материалдар ұдайы жарияланып тұрды. Басылым туыстас елдерде болып жатқан оқиғалардан халықты жиі хабардар етті. Әсіресе, түріктерге қатысы бар әлемдік қақтығыс ошақтарынан мәлімет беріп, соғыстың барысы туралы тұрақты баяндап отырды. Осынау қолға тиген құнды жәдігерліктің тігінділерін түгел оқып, қазіргі әріпке көшірген Қазбек Құттымұратұлының пікіріне ден қойсақ, «аз уақыт ішінде, іркіліп-іркіліп шықса да, «Қазақстан» газеті мерзімді басылым ретінде барынша қалыптасқан, қазіргі «бұқаралық ақпарат құралы» анықтамасының барлық сипаты көрінетін толыққанды газет болғаны байқалады» [17, 14]. Бүгінгі бұқаралық ақпарат құралының негізгі тақырыбының бірі халықаралық жаңалықтар десек, аталған басылым бұл талапты сол дәуірдің өзінде қанағаттандыра білген.

«Қазақстан» түркі халықтары өміріндегі кез-келген жаңалық-өзгерістерге үнемі назар аударды. Әсіресе, газетке қол үшін берген бауырлас елдердің өкілдеріне деген құрметі шексіз болды. Басылымда олардың аттары аталып, шынайы көңілден шыққан ризашылық сезімдер сол азаматтарға арналды. Ғұмар Қараш пен Елеусін

Бұйрин Бакуге арнайы барып, алпауыт Зейнелғабиден Тағиевке жолығып, демеушілік қаражат алып қайтқанын жоғары айттық. «Қазақстан» газеті бұл қамқорлықты ұмытпай, сөз реті келгенде оқырманның есіне салып қоюды дағдыға айналдырды. Газеттің 1911 жылғы 27 мамырда шыққан №2 санында жарияланған «Хұрматлу оқушыларымызға» деген редакциялық мақалада былай делінеді: «Қазақстанның» екінші нөмірі кешігіп шықты. Шығарушылардың не хәлде болғаны бір Аллаға, екінші өздеріне аян. Қайғылы күндердің, ұйқысыз түндердің талайын бастан кешті, алдарында да тар жерлер, тайғақ кешулер жатыр. Алла саламатшылық берсе, мәшһүр генерал Зайнал Ғабиден Такиұф жанаблары ейкден бір көтеріп жіберді, яғни, бір мың сом газетіміз пайдасына жәрдем етті. Бұл кісі – орыс, мұсылманға ортақ кісі, «бір патшалықта тұрған адам, «сен орыс» деп, «сен қазақ» деп, «сен ноғай» деп, бірін-бірі жат көрмеске керек» деген пікірдегі кісі» [18, 93].

Газетті шығарушылардың бірі Ғұмар Қараш «Бұл қай заман?» деген мақаласында өз халқын өнері іргеленген өзге жұрттардан үлгі алуға шақырады. Жас ұрпақты білім үйренуге, жылт еткен жаңалыққа талғампаздықпен қарауға үндейді. Мақсатқа жету үшін тынбай еңбек ету қажеттігін алға тартады. Ел ішінде ашылып жатқан мектептерді тиімді пайдалану керектігін айтады. Оның осы мақаласындағы: «Бұл түріктің күресінде жығылмау үшін ғылым керек, өнер керек. Қара күш пайда беретін заман артымызда қалды. Қазір түрлі мәшине тетікпен ісетін заман, суда жүзіп, көкте ұшқан заман, алысты жуық, ауырды жеңіл еткен заман. Осы айтылған себептер үшін біз қазақ халқы да балаларымызды замандастарымен бір арбаға жегілгенде парға шыдарлық кісі етуге жиһад еңбек керек» [19, 55], – деген тұжырымды өзге түркі халықтарына да берілген

бағыт-бағдар деп ұғынған жөн.

Газет бауырлас түрік халқына қатысы бар жанжал ошақтарынан үнемі хабар беріп, халықты құлақтандырып отырады. Халықаралық жаңалықтарды ұсынған кезде де «түрік» деген атау кездесетін тұстарға айрықша мән береді. Мәселен, басылымның 1911 жылғы 15 қарашадағы №1 санындағы хабарлардағы «бұл күндегі хиалына карағанда көрші түрік бітіседі», «түрік менен ғараблар 650 жыл керуен білан азық айғанлар», «түрік және ғараб әскерлері», «өткен мизан ішінде түріклерменен соғыса бастап еді», «түріклер италиандардың ойлаған жерінен шықпады», «Триполи ғараблары һәм түрік ғаскері кызуланып, жер үшін, ел үшін, сұлтан тахыты үшін, мұсылмандық үшін қанын төгіп, жанын беріп, бұл күнге шейін италианға жеңдіртпей тұр», «мүмін малын залым жемесін» дейтұғын патшалықтар түріклерінің тілегінде, о да болса оларға жәрдем дағы» [20, 58-59], – деген тіркестер осыны айғақтайды. Түрік халқының тағдырына жанашырлық білдіріп, жеңісіне қуанып, жеңілісіне күйіну сезімі мұндай хабарлардан жиі байқалады.

1911 жылғы 1 желтоқсанда жарияланған «Дүниа соғысы» деген хабарда «Дүниада зор соғыс болып, италиандардан екі жүздеп кісі өлген һәм көп құралдар һәм басқа нәрселер түріктің қолында қалған» [21, 72], – делінеді. Бұл хабардың ақпараттық сипаты басым болса, «Түркие – Италия соғысы» деген тағы бір хабарламада сараптаманың белгілері байқалады. Қай әскердің қандай әрекет жасап жатқанына, қайсысының әлдірек, қайсысының әлсіз екеніне, соғыс тактикасының ерекшеліктеріне талдау жасалады. Қысқа жазылғанымен қазіргі хабар жанрының талаптарының шеңберінен шығып, талдамалы дүниенің сипатына ойысып кетеді. Сондықтан бұл хабардан біз мынадай мәлімет аламыз: «Бенғазыда түрік ғаскері италандарға ұжымдық қылып, көп зарарға ұшыратыпты. Траблас жанында һәр уақыт уақ-түйек соғыс болып тұрады

білемін. Италиан ғаскерлері түріктің ішіне кіре бастаған, түрік ғаскері артық тырысып, қарсы тұрмайтын көрінеді. Оның үшін италиандардың бүйтіп ішке кіруі түріктер үшін пайдалы көрінеді» [22, 86]. Одан әрі түріктердің Италиадан қолға түскен әскерлерін ауыстыруды сұрағаны, түріктердің қолында 150 италиан әскері, ал олардың қолында 36 түрік жауынгері тұтқында отырғаны жөнінде мәлімет беріледі. Басылым соғыста жараланған түріктер мен арабтарға арнап қаржы аударып жатқан жандарды да назарға алады. 1912 жылғы 19 қаңтарда жарияланған шағын хабарда Лондонда мұсылмандар арасында Түркияның пайдасына қаржылай көмек беріліп жатқаны, ол жәрдем Триполитанда жараланған түріктер мен арабтарды емдеуге жұмсалатыны, Үндістан істері жөніндегі кеңестің мүшесі Ага ханның төрт мың сом ақша бөлгені туралы айтылады [23, 128].

Түркия мен Италияның соғысына арналған келесі мақала да сараптама үлгісінде жазылған. Онда қақтығысып жатқан халықтардың қайсысы қандай мүдде көздейтіні, бастарындағы ахуалға орай құрып отырған жоспар-жобалары жөнінде талдау жасалады. Бұл талдау түрік жұртының жиырмасыншы ғасырдың басындағы тарихы туралы нақты мәлімет бергендігімен құнды: «Хазірде Италия Түркиенің Триполи деген жерін алып тұр. Осы жерді алып қана артық расходқа батпай тұра қалғысы келіп, Италия Түркиемен татуласқысы келеді. Түрік жерін беріп татуласқысы келмейді. Жаңадан Мәрмәр деңізіменен Ак деңізді тұтастырып тұрған Дарданел деген тымақты өтіп, Стамбұлға келмекші болып, италиандар түріктермен біраз атысқан соң кейін шегінді. Содан соң қайтып көрінген жоқ. Бұндағы Италияның мақсұты Түрікті қорқытып бітімге айдау деп сөйлейді. Су үстіндегі һәр патшалықтың сауда кемелері тоқтап тұр» [24, 244].

«Қазақстан» газетінде сол тұста жарияланған материалдар бүгінгі түрік тарихына қатысты құнды деректерге



айналып отыр. Қазақтың басылымында түріктің жиырмасыншы ғасыр басындағы әскери іс-қимылдарының шежіресі түзілген. Мәселен, түріктердің италиялықтармен ара қатынасының әбден ушығуына байланысты осы елдің бір мүйісінде тұратын италиялықтарды қоныс аудартуға шешім қабылданған. Ол хабарламада «Түркияның Айдын деген уалайатындағы Исмилна деген үлкен қалада көптен мекендеп отырған бір талай италияндар бар екен. Соларды түріктер жетім-жесірден басқаларын қуып, өз жерлеріне жіберіп жатыр» [25, 260], – деп баяндалады. «Қазақстан» осы шешімнің өзінен түрік ұлтының гуманизмі жөнінде мағлұмат береді. Түріктердің Дарданелді ашып, патшалықтардың тоқтап тұрған кемелерінің арлы-берлі өте бастағаны [26, 260], Ақ теңіздегі Радос деген аралдағы кезекті ұрыста түріктердің италиялықтарды жеңіп, мың кісіні қолған түсіргені [27, 261], өздерінің есебін аламын дегенге көнбей, түріктерге қарсы шапқан жүздеген албанның оққа ұшқаны, көбісінің тұтқынға түскені [28, 261] туралы ақпараттар бүгінгі түрік тарихшыларының қызығушылықтарын туғызатыны даусыз.

«Қазақстанның» хабар түріндегі мақалаларында түрік соғысының тарихы терең талданады. Оған түрткі болған себеп-салдардар атап өтіледі, қақтығыстың мақсаты анық көрсетіледі, ұрыстың алдағы іс-қимылдарына болжам жасалады. Басылымда бір оқиғаны білдіретін бір тектес хабарлар арнайы топтастырылады. Мысалы, 1913 жылғы 27 қаңтарда жарияланған

«Соғыс» деген мақалада алдымен мәселенің жай-жапсары баяндалып, хабарлама соңында осы мәселеге байланысты Венадан, Стамбұлдан, Софиядан, Лондоннан алынған мәліметтер тіркеледі [29, 277].

Сол деректерге сүйенсек, Балқан түбегін мекендейтін Черногория, Болгария, Сербия Грекия төртеуі бірігіп, түріктермен соғысады. Түріктер күштің тең емесін байқап, соғысты уақытша тоқтатып, бітімге келуге мұрсат сұрайды. Бұдан соң соғысушы патшалықтар Лондонда бас қосып, өз талаптарын ортаға салады. Төрт патшалық Адрианаполды сұрап, қолқа салады. Түріктер келіспейді. Сол кезде олар аралық шешім ретінде Адрианаполды Болгарияға беріп, бітімге келуді талап етеді. Түріктер кеңесуге кетеді.

Бұл шағын мақала осы мезгілдегі қалыптасқан жағдайды талдап-таразылауға арналған. Қосымша тіркелген «Вена. Ыстамбұлдан алынған хабарға қарағанда түрік министрлері өзді-өзі кеңесіп, сұлтан риза болса бітіріміз деп, араға кірген патшалықтардың мәслихатын қабыл етіп, бітуді мақұл көріскен», «Ыстамбұл. Сұлтан үй-ішімен мәслихаттасқанда аға-інілері бітімді мәслихат көрген. Жакын арада сұлтан сарайына барлық бас адамдарын жинап алып, қайтадан соғысарға ма, бітерге ме, сөйлеспекші, сұлтанның бас уәзірі Кемал паша түріктің соғысуға халі қанша, халыққа мағлұм етпекші», «София. (Бұлғарлардың бас қаласы). Бұлғар әскері хәзір жеті жүз елу мың (750 000) кісіге толған. Соғыс басталған уақытта онан да аз еді. Әскері соғысқа бек әзірленулі», «Лондон. (Ағылшынның патшаны тұратын қаласы). Адрианаполдан жұма шыққан деген хабар бар» деген ақпараттар қазақ басылымының түріктердің басына түскен ахуалға айрықша мән бергенін аңғартады.

Газет осынау ел назарындағы халықаралық оқиғаның даму барысын одан әрі қадағалап отырады. «Бітім хақында мәслихат» деген мақалада [30, 278] сұлтанның Ыстамбұлдағы «Далмабақша» деген үйінде уәзір Кемал Пашаның төрағалығымен арнайы

жиын өткені, онда соғыс министрі Назым пашаның қазіргі ахуалды баян еткені айтылады. Бұл ақпараттан түрік халқына қатысты қақтығыстың барысы ғана емес, түрік елі басшылығының басқосу өткізу тәртібі, жиынды жүргізудің, лауазымды тұлғаларды өз деңгейіне лайықтап жайғастыру реті жөнінде де мағлұмат аламыз. Ал мұнан соң іле-шала жарық көрген «Стамбұлдан уақиға шыққан» деген хабарламадан бітімді көздеген жиыннан соңғы жағдай тіпті ушығып кеткенін аңғарамыз: «Түріктің бірқатары 9-інші дәлуде «Далмабақша» деген сұлтанның бір сарайында болған бітім хақындағы мәжіліске риза болмаған көрінеді. Бұлар жиналып, Назым паша деген соғыс министрін өлтірген. Мұнан соң Әнуарбек деген бұлардың бір басшысы сұлтанның бас уәзірі Кемал пашаға келіп, қазір отставка беріп қал деген. Кемал паша бір ауыз сөз қайтармай, отставка берген де қалған» [31, 278].

Бұдан әрі түрік үкіметі басшылығындағы бірқатар адамдардың ауысканы, олар бітімді теріс көрмесе де, Адринаполды беруге риза еместігі баяндалады. Газет осыған орай: «Түрік әлі жауап қайырған жоқ, қайтадан шайқас болатыны, яки, бітім болатыны әлі белгісіз» деп халықаралық ахуал туралы нақты мәлімет бере отырып, «Түрік халі жақсы емес көрінеді. Қазір өзді-өзі жауласып жатыр деген хабар бар» деп ағайын жұрттың жағдайына алаңдаушылық білдіреді. Оқиғаның одан әрі өрістеуі бітімге қол жетпегенін көрсетеді. Осыған орай басылым: «Түрік бітіреміз деп араға кірген патшалықтарға екі ұшты жауап берді. Отказ де емес, емес те емес. ... Мынау жауласып тұрған төрт патшалық бұған риза болады. Сонымен 21-інші дәлуде соғыс қайтадан басталды. Не болары әзір белгісіз» [32, 282], – деп хабарлайды. Бұдан соң да тартыстың ошағына айналған Адринаполдың ахуалы, ондағы халықтың жағдайы, қалған азық-түлік қорының жайы, ұрыста қарудың қандай түрлері қолданылып жатқаны туралы үнемі құлақтандырылып тұрады. Сонымен қатар, «Клиболи соғысы» деген

хабарламадағы «Клиболи деген аралдағы соғыста түріктердің хабары бойынша түріктер жеңген, бұлғарлардың хабары бойынша бұлғарлар жеңген» [33, 295], – деген екіұшты мәлімет оқырманның өз бетінше ой қорытуына жетелейді.

«Қазақстан» газеті Қара теңізге құятын Дунай өзені жағасын мекендеген халықтар арасында тағы бір қақтығыс ошағы туындап келе жатқанын еске салады. «Қан төгілмегенін тәуір көріп, патшалықтар бұларды келістірер деген үміт бар, егер келісім болмаса, тағы бір жаңа соғыс болуға қалып тұр» [34, 299], – деп, мәселенің бейбіт шешілуіне тілеуестік білдіреді.

Бұл кезеңде газет түркі дүниесі әлеміндегі тарихи жәдігерліктер, мәдени құндылықтар туралы мақалалар жариялап тұрды. Бакуде осы елдің мұсылмандары арасынан шыққан тұңғыш драматург Фатиг Ғали Ахундовтың туғанына 100 жыл толуына орай ауқымды мереке ұйымдастырылғаны, бұл мейрамның Тағиев театрында өткені туралы хабарлама – соның айғағы [35, 75]. Басылым мұндай дүниелерді жариялау арқылы қазақ халқын түркі әлемінің тарихынан, түркі тілдес халықтардың тағдыр-талайынан хабардар етуді мақсат тұтқан.

Мәдениет пен тәрбиеге үндейтін жарияланымның бірі – Ғұмар Қараштың «Бакуде қыздар медресесі» деген мақаласы. Бұл – оның Елеусін Бұйрин екеуінің Әзербайжан астанасына генерал Тағиевке жолығу үшін барған сапарынан жазған дүниесі. Осы оқу орнын Тағиев өзі салдырған көрінеді. Автор қыздар медресесін аралап көргенін, тіпті олардың сабақтарына қатысып, бірнешеуімен тілдескенін, олардың дін іліміне қоса сол кездегі заманауи ілімдерді де жан-жақты игеріп жатқанын айтады [36, 178]. Осы арқылы бауырлас халықтарға жақсы бастаманы дәріптеп, жаңалыққа жетелеу мақсатын көздейді. Сонымен қатар, ол өзгелерге де өнеге болсын дегендей, бұл мақаланың орысша нұсқасын да газетке жариялаған.

Газет шығаруды ұлттың санасын ілгерілету үшін ең пайдалы нәрсе деп

санаған азаматтар бұл тақырыпқа үнемі оралып соғып отырады. Сол кезеңде қазақ басылымының қадамдарын өзге елдердің газет шығару тәжірибесімен салыстыру негізгі үрдіс болған секілді. Мысалы, «Газет пайдасы» деген мақаладағы: «Өнерлі халықтардан біздің казиттер 200 жылдан артық соң басталды. Біз соң өсіп-өніп келе жатқан халықпыз. Пайдалы істі кеш бастасақ та қайырлы болар» [37, 181], – деген пікір осыны аңғартады. Сондай-ақ, Ғабдулла Көпжасаров деген автор басқару алқасына жазған хатында былай дейді: «Орыс тілінде 500-дей казит бар. Дін қардашымыз ноғай тілінде 20-дан артығырақ казит бар. Осы казиттердің бәрі де халықтың жәрдемінен тұр. Һәрбір тілі бар, діні бар халықтың өзі тілінде кітабы, өз тілінде казиті болуға керек. Әгар болмаса, ол тіл менен дін өспейді, өшеді. Бізде бұ кітап, казит деген заттар бұрын жоқ еді. Бір-екі казит жаңадан Хұдай оңдап бола қалып еді. Енді бұлардан оқушыларымыз болғай, осындай көп халық болып бір-екі казитті ұстап тұра алмай, айрылып қалсақ, барлық қазаққа үлкен ар-намыс емес пе?» [38, 201], – деп ноғай, татар бауырлардың ұйымшылдығын үлгі етеді.

Сол кездегі авторлардың қай-қайсысы да газетті ұстап тұруды, оны тұрақты шығаруды, түрлі себеппен жауып алмауды ел болудың, бірлік-берекенің көрінісі ретінде қарастырады. Әсіресе, «дін қардашымыз – ноғай» тілінде де бірнеше халықтарының осындай титтей жаңалығы мен жақсылығын сөз арасында тілге тиек етіп, насихаттап отыру үрдісі басылымның көптеген мақаласынан байқалды.

Газеттің 1912 жылғы 7 сәуірдегі санында жарық көрген «Тіленшілік тыюлы» деген мақала еріксіз назарыңды аударады. Қай заманда да, қай елде де қайыршылықтың орын алып келе жатқаны белгілі. Солай бола тұрса да бір кезде Түркия елі тіленшілікті тыю жөнінде қарар қабылдапты. Шағын хабардан бұл істің Стамбұлда басталып жатқаны, олардың қатарын азайту үшін

қамқорлыққа алу, тәрбиелеу жолын ұстану қажеттігі, тіленшілердің қайыр сұрамауына кепіл болу талабы жөнінде баяндалады [39, 223-224].

Басылымда тегі бір туыс халықтар өкілдерінің қазаққа қатысты мәселелерді көтерген мақалаларына да кеңінен орын берілген. Мұндай хаттарда көбінесе білім және мәдениет шаралары қамтылады. Астрахан губерниясындағы қырғыз Таловкасының тұрғыны Әмина ханым бит Мұхамедшакир Алмаеваның «Қазақ қардашларымыз» деген хат түріндегі құлаққағыс мақаласында сол жерді мекендейтін қазақтардың білім алу жайы сөз болады. Автор олардың оқуға тәуір, ілім-білімге зерек екендігін айтып, жаңа оқытушы тауып, балаларды білімге үйрету ісін жолға қою қажеттігін сұрайды [40, 242-243]. Бұдан біз бір-біріне жаны ашитын бауырластықтың сипатын аңғарамыз.

Туыстардың жақсылығының жаршысы болуға келгенде қазақ жағы да аянып қалмайды. Осы нөмірде басылым Томск қаласында ноғай тілінде «Сибирия» деген газет шыққанын, әзірге аптасына бір рет басылып тұрғанын, жақын арада екі рет шығару ойластырылып отырғанын, алдағы уақытта оқырманы көбейсе, жұмасына төрт рет шығару ниеті бар екенін қуана хабарлаған [41, 243]. Хабарлап қана қоймай, газеттің бір айға, үш айға, алты айға және бір жылға жазылу бағасын, мекен-жайын еске салып, жаңа басылымды жарнамалайды. Сонымен қатар, газет игілікті шараларды қолдап, қол ұшын берген түркі халықтарының мәрт мінезді азаматтарын көпке үлгі етеді. Мысалы, бакулік алпауыт Мұса Нағиевтің ауру бағатын үй салу үшін 300 000 (үш жүз мың) қаржы бергенін, «бұл орынның жартысы мұсылман арасындағы науқастарға арналсын» деп шарт қойғанын» [42, 297] хабарлайды.

Басылым түркі тектес халықтардың ұрпақтары қиыншылықты бастан кешіп жүргенін көрсе, олардың мұң-мұқтажын жоқтап, жарияға жар салып отырды. Бұл халықтардың бұрынғы тағдырына те-

рең бойлап, тарихтан мысалдар келтіріп, қазіргі күйге қалай түскеніне талдау жасап, жанашырлық танытты. Сондай-ақ, кейбір өнегесі көп бауырластарымыздың тұрпайылау қылықтарын сынап-мінеу үрдісі де анық байқалды. Бұл тұрғыдан алғанда да олардың тәлімді тарихын еске салу газеттің бұлжымас дағдысына айналды. «Қазақстанда» басылған «Біздің туыскандарымыз» [43, 262], «Татар хатунларының ғұрыф уа ғадеті» [44, 263] деген мақалаларды осындай жарияланымдардың қатарына жатқызамыз.

Түркілердің тарихына үңіліп, тағдырына алаңдаған дүние ретінде 1912 жылғы 31 мамырда шыққан «Көшпенділердің қырылуы» («Вымирание кочевников») деген мақаланы атауға болады. «Б.В.» деп қол қойған автор орыс тілінде жазылған мақаласында «Солтүстік Кавказ көшпенділері – қалмақтар, ноғайлар және кара ноғайлар жыл өткен сайын құрып кетіп барады. Енді бір 20-30 жылдан соң осы моңғол тайпаларының ізі де қалмайтын шығар» [45, 265], – деп дабыл қағады. Мақала авторы көшпенділер тарихына тоқталып, олардың ұрпақтары он тоғызыншы ғасырдың алпысыншы жылдарында өсіп-өркендегенін, арасынан ірі алпауыттар шыққанын айтты. Қазір солардың қатары түрлі аурулар мен қоғамдық кеселдердің салдарынан күрт азайып келе жатқанына тоқталады. Бір кездегі әлемге үстемдігін танытқан көшпенділердің тарих сахнасынан ығысып бара жатқанына қиналады.

1913 жылғы 16 ақпанда жарияланған «Бұхар ғалымы Хайыр» деген орыс тіліндегі мақала елге ой салатын тәмсілді баяндауға арналған. Хайыр деген бұқарлық ғалым медресе бітіріп келген жалғыз ұлы Әлиге: «Білімді адам деп кімді атаймыз?», – деп сұрақ қойыпты. Әли: «Әрине, орта және жоғары оқу орындарында білім алғандарды атаймыз», – деп ойланбастан жауап беріпті. Сонда әкесі: «Олар тек мамандығы бойынша ғана білімді адамдар, ал мен

білімді адам деп өмірге дұрыс көзқарас қалыптастырған адамды айтамын» [46, 303], – депті. Содан олар Хайырдың рұқсаты бойынша, әке мен бала емес, ғалым мен ғалым болып пікірталасқа түседі. Ақыр соңында екеуі халық даналығына сүйеніп, бір тоқтамға келді. Газет мұндай материалдарды ұсыну арқылы түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтарды санаға сіңіреді, бауырлас халықтардың тарихи аңыз әңгімелеріне қанықтырады, жас ұрпақты бабалар дәстүрінен тәлім алуға баулиды.

Сонымен, «Қазақстан» газетіндегі түркі халықтары тақырыбына орай жарияланған мақалаларды саралай келе мынадай қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден, басылымның мақалалары азаттық аңсаған халықтың ой-арманымен, тәуелсіздік талаптарымен берік үндеседі. Сол тұрғыдан газет ұлт тағдырын өзге түркі тілдес халықтардың тағдырымен салыстыра қарастырады.

Екіншіден, газетті шығарушылар түркі тілдес халықтардың бір кездегі ортақ тарихын елдің есіне салып, тамырластық пен тағдырластық мәселесін тақырыпқа үнемі арқау етіп отырған.

Үшіншіден, басылым түркі халықтарының тағдырына жаны ашып, жетістігіне қуанып, кем-кетігіне күйзеліп, олардың өміріндегі үлкенді-кішілі оқиғаларға көзқарасын білдіріп тұрған.

Төртіншіден, газет түркі дүниесінен шыққан танымал азаматтарды көпке ортақ тұлға ретінде насихаттап, елге пайдалы істерін үлгі етуді үрдіске айналдырған.

Бесіншіден, басылым бауырлас халықтардың елден ерек өнері туралы барша жұртқа қуана хабарлап, басқаларды олардан үйренуге шақырған.

Қорыта айтқанда, жиырмасыншы ғасырдың басында бүгінгі мемлекетіміздің атын иеленіп, жақсы ниет танытқан «Қазақстан» газетін тәуелсіздікті аңсаған идеялары арқылы қазіргі жеткен биігімізге жол бастап, тұғырлы ел атануымызға тілеулес болған басылым дей аламыз.

Әдебиеттер:

1. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ-жазушылары. Алматы: Қазақстан, 1958. – 308 б.
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. Алматы: Ғылым, 1981. – 192 б.
3. Ысмағұлов М. «Газеттің аты «Қазақстан» еді» деректі фильмінің сценарийі // Қазақстан. Орал, 2012. – 400 б.
4. Кенжәлиев И. Ғұмар Қараштың «Қазақстан» газетін шығарудағы ұйымдастыру, басқару қызметі // Қазақстан. Орал, 2012. – 400 б.
5. Тәж-Мұрат М. Ғұмардың туысы мен тағдыры // Қазақстан. Орал, 2012.
6. Сыдиықов Қ. Ағартушы, ойшыл, қайраткер ақын // Ғұмар Қараш. Замана. Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
7. Жұмағұлов С. Ғұмар Қараш шығармашылығы: оқу құралы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 120 б.
8. Матаев С. Алғы сөз // Қазақстан. Орал, 2012.
9. Нәбиоллаұлы Ж. «Қазақстан» қалай табылды? // Қазақстан. Орал, 2012.
10. Тәж-Мұрат М. Кәбиса жыл. Зерттеулер, эсселер, әдеби толғамдар. Астан: Хұснихат, 2009. – 400 б.
11. Қараш Ғ. Баку. «Қазақстан», 6 наурыз 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
12. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖСШ, 2004. – 384 б.
13. Аллаберген Қ. Тарих және баспасөз (Қазақ мерзімді баспасөзінде тарихтың «ақтандақ» мәселелерінің жазылуы). Павлодар: «Кереку», 2009. – 148 б.
14. Малдыбаев М. Хайырлы сағат. «Қазақстан», 1 желтоқсан 1911 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
15. Қаратаев Б. Азаматтарға бір-екі ауыз сөз. «Қазақстан», 2 қаңтар 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
16. Қаратаев Б. Азаматтарға және бір-екі ауыз сөз. «Қазақстан», 19 қаңтар 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
17. Құттымұратұлы Қ. Ғасырлар бойы сөнбейтін жалынды сөз // Қазақстан. Орал, 2012.
18. Хұрматлу оқушыларымызға. «Қазақстан», 27 мамыр 1911 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
19. Қараш Ғ. Бұл қай заман? «Қазақстан», 15 қараша 1911 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
20. Хабарлар. «Қазақстан», 15 қараша 1911 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
21. Хабарлар. Дүниа соғысы. «Қазақстан», 1 желтоқсан 1911 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
22. Түркия – Италия соғысы. «Қазақстан», 15 желтоқсан 1911 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
23. Турция. «Қазақстан», 19 январь 1912 г. // Қазақстан. Орал, 2012.
24. Түркия – Италия соғысы. «Қазақстан», 24 сәуір 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
25. Түркия – Италия соғысы. «Қазақстан», 31 мамыр 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
26. Дарданел. «Қазақстан», 31 мамыр 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
27. Радостағы соғыс. «Қазақстан», 31 мамыр 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
28. Албаниадан. «Қазақстан», 31 мамыр 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
29. Соғыс. «Қазақстан», 27 қаңтар 1913 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
30. Бітім хақында мәслихат. «Қазақстан», 27 қаңтар 1913 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
31. Стамбұлда уақиға шыққан. «Қазақстан», 27 қаңтар 1913 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
32. Соғыс басталды. «Қазақстан», 27 қаңтар 1913 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
33. Клиболі соғысы. «Қазақстан», 16 ақпан 1913 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
34. Қысқа хабарлар. «Қазақстан», 16 ақпан 1913 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
35. Бірінші татар-түрік драматургі Фатиг Ғали Ахундов байрамы. Түркия – Италия соғысы. «Қазақстан», 15 желтоқсан 1911 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
36. Қараш Ғ. Бакуде қыздар медресесі. «Қазақстан», 6 наурыз 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
37. Арғын (Тәбиб). Газет пайдасы. «Қазақстан», 6 наурыз 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
38. Көпжасаров Ғ. Хұрмәтлу басқарушы. «Қазақстан», 6 наурыз 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
39. Еділ. Тіленшілік тыюлы. «Қазақстан», 7 сәуір 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
40. Алмаева Ә. Қазақ қардашларымыз. «Қазақстан», 24 сәуір 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
41. Жаңа газет. «Қазақстан», 24 сәуір 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
42. Хабарлар. «Қазақстан», 16 ақпан 1913 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
43. Ахметшах Ғ. Біздің туысқандарымыз. «Қазақстан», 31 мамыр 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
44. Билеева Х., Сағидова Ф. Татар хатунларының ғұрыф уа ғадеті. «Қазақстан», 31 мамыр 1912 ж. // Қазақстан. Орал, 2012.
45. Б.В. Вымирение кочевников. «Қазақстан», 31 мая 1912 г. // Қазақстан. Орал, 2012.
46. Бухарский ученый Хаир. «Қазақстан», 16 февраля 1913 г. // Қазақстан. Орал, 2012.

ҚАРА ҚАЗАН, САРЫ БАЛА ҚАМЫ ҮШІН

Бір мезгілде көтерілген қазақтың ресейлік отарлау саясатына шоқпар болып тигені өз заманында әбден пісіп жетілген елдік намыстың бір арнаға тоғысқандығынан еді. Архивтік деректерде бұл көтерілістің қазақ даласында ақылдасқан түрде басталып, қан-жоса болып басылғанын көлденең тартатын мәліметтер қадау-қадау.

«...Құрметті мәртебелім, Сіздің назарыңызға мына жайды хабарлаймын: Патша ағзамның осы жылғы маусымның 25-інде тыл жұмысына адам жинау жөніндегі Жарлығына сәйкес қазақтардың тізімін жасау мүмкін емес.

Болыс тұрғындары адам бергісі келмей, управительді және басқа да лауазымды адамдарды тұтқындап алды.

Бұған дейін мен жасаған тізімді күшпен тартып алып, кеңсеге барып кірген адамдар жойып жіберді».

(Жаркент уезі, Иванов болысының тілмәшінің 1916 жылы шілденің 11-і күні жазған мәліметінен. ҚРОҰА, 2086-іс, 2-б.,)

«...д) Ояздың оңтүстігінде 24 болыс ел Сарысу өзенінің бойына жиналған. Жоғарыда көрсетілген ең ірі топтарынан бөлек, ояздан тыстағы да бірнеше қазақ жасақтары жиналған, атап айтқанда:

- а). Төртсарт көлі бойында Нұрын болысының бөлігі, барлығы 300-400-ге жуық күрке;
- б). Шошқалы көлінің қасында Нұрын және Құлан-Өтпес-Нұрын болыстарының бөлігі, барлығы 300-400-ге жуық күркеге жуық;
- в). Қазоты-Аққұм аңғарында Нұрын болысынан 600-700 күркеге жуық;
- г). Қоскөл көлінің маңында, Атбасар уезінің шекарасында Аксирак Құл болысынан 400-ге жуық күрес;
- д). Қыр-Қарасу аңғарында Қарабұлақ болысынан 300-400 күркеге жуық;
- е). Илинск стансасының маңайында Қызыл топырақ және Селеті болысының 400 күркеге жуық;
- ж). Раздольный стансасының маңайында Шерубай-Нұрын, Бұғылы және Құмкөл болыстарынан 400-ге жуық күрке;
- з). Борлықөл көлінің маңында Қарағанды және Спасск болыстарынан 300-ге жуық күрке топталған...»

(ҚР ОҰА, 1303-а=іс, 308-312-парақтар).

* * *

«Қазақтың» 237-ші нөмірінде Қытайға босқан қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетіліп еді. Енді бұл туралы анығырақ есеп-қисап көрсетпекшіміз...

Қай ояз Қай болыс	барлық адамы	қашқан жан	қырылған жан
Жаркент Ивановск	3950	3950	2500
Байынқол	4300	4300	2700
Құрман	4635	4250	2600
Әлжан	4515	4000	2500
Кеген	4870	4150	2500
Айт 4560	4100	2500	
Әділбек	1940	1900	1200
Қоңырбөрік	5610	4550	2800

Сарыторғай	3385	2450	1500
Меркі	5845	5600	3500
Шілік	5530	2900	1900
Торайғыр	3885	3400	2100
Қожмамбет	6755	4200	2600
Бөгеті	4015	2700	1700
Алматы Қызылбөрік	5645	4500	2500
Барлығы:	69440	56950—	35100

Бұл есепке карағанда бұл елдердің босқындарынан жартыға таяу адамы қырылған.

(«Қазақ» газеті. 1917-жылғы желтоқсанның 6-сы №254).

* * *

« ... Қарабұтақ ауылын қоршап алған қазақтар адам бергісі келмей, өкіметке қарсы шығу үшін дайындалып жатыр. Қанжар, найза, шоқпар, басқа да қарулар жасап, ауыл-ауыл болып жиналуда...».

(Торғай облысы, Қарабұтақ почта-телеграф бөлімшесі бастығының Самар почта-телеграф округінің бастығына жазған мәліметінен. ҚР ОҰА, 28-қор 1-тізбе, 113-іс, 6-парақ).

«Қазақстан жұмысқа шақыру туралы хабар келісімен барлық жұмысшы қазақ өз жұмыстарын тастап жатыр және де ешбір үгіттеуге көнбей зауытта жұмыс істеуге келісім бермеді. Жұмыс істеуден бастартқан олар өз бетімен ауылдарына тарап кетті...»

(Томск губернаторына Риддер Тау-кен акционерлік қоғамының мәліметі. Тамыздың 11-і, 1916 жыл).

* * *

«1916-жылғы тамыздың 11-і. Таңертеңгі сағат 9-дан бастап Қарқараға қарай Санташ жақтан және Жалаңаш жақтағы тау бөктерлерінен қазақтар топ-топ болып, қаптап келе бастады. Ертеңгі сағат 11 мезгілінде қаптаған жұрт Қарқара алқабының батыс жақ бөлігінде, біздің отряд тұрған жерден 1200 адымдай шамаға шоғырланды. Қазақтарымды жинастырдым, оларды өзеннің арғы бетіне қарай алып шығып, бытыра жатқыздым да, бір мәрте оқ нөсерін жаудырттым. Қазақтар абдырап қалды. Төрт кісі аттан сұлай құлағанын көрдім. Екінші мәрте оқ жаудырттым. Тағы да бірнешеуі құлады...»

...Осы ұрыстың нәтижесінде 10000 бас мал, 40 түйе, артылған жүгімен әрқайсысы жүз-жүзден екі үйір жылқы және бірнеше мылтық қолға түсіріп, ротмистр Кравченкоға табыс еттім».

(Жазалаушы отрядтың бастығы фон Бергтің күнделігінен. Тамыздың 10-ы- 28-і аралығы).

(Қырғыз Р. ОМА, «1916 жылғы көтеріліс туралы» 11-іс, 28-парақ, 39-бет)

* * *

«... 1917-жыл желтоқсанның 29-ында біз қазақтардың ортасында түнеп, 30-шы қаңтарда 36 еркекті Охотничийге айдап шықтық. Олар жолсыз қалың қармен, қолдарына киіз үйдің керегесін, уықтарын қалың қарды байқау үшін таяқ етіп алып, жаяу ықылассыз жүрді...»

Біз олардан 150 қадам жерге атпен шоқытып шығып, тағы да үгіттей бастадық. Бірақ олар: «Бірімізді емес, барлығымызды осы жерде атып тастасаң да, Охотничийге бармаймыз»— деді. Сонан кейін мен Савинков екеуміз қазақтарға оқ аттық. Олардың барлығы да жерге екі топ болып құлады. Біз ызыланып, көз байланғанша, қазақтардың жатқан жері елеппестен әрең көрінгенше, жарты сағат бойы оларға оқ жаудырттық. Содан кейін жақын келіп тұруға әрекеттенгендерін қылышпен шаптық. Қаңтардың 2-сінде Охотничийден Түзкөлге оралғанда, қазақтарды санадық. Олар екі топта 26 адам болды... Бұлардан шамасы бір шақырым әлде одан да аз жерден аяғынан оқ тиіп жараланған 27-ші жаралы қырғызды (қазақты) елі алып кетуге уәде берген екен. Оның аянышты азабын жеңілдету үшін, оң жақ самайынан қылышпен шауып, турап тастадым...

(Михаил Коровин, казак, ҚР ОҰА, 109-қор, 1-тізбе, 27-іс)

Әзірлеген С. Сабырбек

Автор туралы:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және әлем тілдері факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі алаштанушы-ғалым, педагог.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ

ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАРЫ – АЗАТШЫЛ РУХ АЙНАСЫ

Summary: Poems of Homer of the twentieth century, Jambul Dzhabayev are works of a high artistic value, glorifying a freedom-loving spirit of a people. He is an author of the great epic poems, such as «Otegen batyr», «Suranshi Batyr», in which are sung patriotism and heroism of the leaders of the national liberation uprising. Jambul Dzhabayev is a singer of the People Feat in history.

XIX-XX ғасырлардағы өлең сөздің жүйірігі Жамбыл ақын жырлары – ұлт-азаттығын асқақтатқан рухқа толы, болмысы бөлек дүниелер. Туған жер, туған елді ардақ тұтқан дана жырау шығармашылығының үлкен бір саласы – эпикалық жанрдағы дастандары. Ол өскен елін, туған жерін жаудан қорғаған Өтеген, Сұраншы, Саурық сынды батырлар туралы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ел аузында айтылып келе жатқан аңыздар негізінде «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» және т.б. дастандар шығарып, оны өзі жырлап, елдің отаншылдық санасын оятуда аянбай еңбек етті.

Мәселен, «Өтеген батыр» дастанында жұрт қамын ойлаған, елінің «қой

үстіне боз торғай жұмыртқалаған» заманда тыныштықты өмір сүруін аңсап, Мәңгілік елдік қоныс іздеген Өтеген батырдың ерлік істері жырланып, шет жаулардың шапқыншылығынан қысым көрген халқына жайлы қоныс іздеген ел үшін туған ердің өмір-тағылымы өсиет етіледі.

Дастанда дәстүрлі шығыстық қиссаларындағы қиял-ғажайыптық көркемдік үлгілер көп кездеседі. «Жерұйық» деп аталар қасиетті құт мекенді іздеген Өтеген жорықты жолында кездескен түрлі аса қауіпті жыртқыштар мен жауыздық символы іспетті мифологиялық бейнелерді жеңіп талай сындардардан өтеді. Көп кедергінің бәрінен батырлығы мен ержүректілігі,

ақылдылығы мен айлакерлігі арқылы өткен Өтеген «Жиделі байсын» деп аталар арманына айналған жұмақ жерді табуға ұмтылады:

Мен табамын, табамын,
Бұлақ аққан жерлерді.
Көгі көктеп, нұр жарып,
Құрақ атқан жерлерді.
Төрт түлікке ыңғайлы...

Алайда, дастанда Өтеген өзі іздеген жұмақ жерді тапқанымен, өзінің туған жерін солардың бәрінен артық сезініп, туған еліне, біздің түсінігімізде «Жер жанаты – Жетісуына» қайта оралады. Жырда жырау ілгерідегі Асанқайғы данагөй іздеген «Жерұйықтай» жақсы қоныс, тыныш өмір аңсаған халық арманын жырлай отырып, отанына, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілікті бәрінен де алға шығарады.

Қазақ қазақ болғалы, ел болып ұйысқалы, ұлт болып орныққалы сыртқы жаудың шапқыншылығына, аласапыран замандарды әкелген жаугершілік пен үркіншілікке аз ұшыраған жоқ.

Ата жұрты бұқара,
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайраты туған ер ғаріп, –

деп Асан Қайғы «Ой түбіндегі асыл сөзді шер толқыта шығарған» небір замандар да өтті. Ой толғаудың өрісін ашып, көкейге сары уайым ұйытпай, санаға серпіліс әкеліп, туған ел, туған жер сағынышын ұран ғып көтерер, азамат намысына от жаныр бұл жолдар



– кезінде ұлт боп ұйысудың, ел болып бірігудің қатығына айналған жырлар болған-ды.

Уақытының ұлы тұлғасы Асан Қайғы – болашақты болжап, келер күннің алдан шығар кесепатын кейіптей білген данагөй. «Алғашқы тар заманының құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп болжал айтқан Асан Қайғы. ... өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол» дейді М. Әуезов дала данасы туралы. Ендеше қазақ хандығы дәуірінің болашағына ой жіберген Елдік жырының бастау көзі Асан Қайғы жырлары болса, оны жаңа дәуірде жалғастырып, жаңаша жырлаған Жамбыл жырау.

Жамбыл толғау-дастандары – туған ел мен туған жердің кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі жайлы терең пайымдаулардың, өз тұсындағы ел мен елдің, ерінің жақсысын асырмай, жаманын жасырмай шындығын ашып айтқан қатты да ащы ұстындар жиынтығы. Жыр-толғауларының қай-қайсысында болмасын ол өткеннің жайын айтып ғана қоймайды, кешегінің нәтижесін бүгіннен шығарып, ертеңіне ой жібереді. Уақытында көзбен көргенді ақылмен екшеп, келешектің келбетіне көкірек көзімен үңіледі. Соның бірі ғана емес, бірегейі – «Сұраншы батыр» жыры.

Жалпы Жамбыл жырлары – ұлт-азаттығын асқақтатқан рухқа толы кемел дүниелер. Жоғарыда айтқандай, азатшылық, тәуелсіздік идеяларын жырлаған шығармаларының ішінде дастандары айрықша көзге түседі.

Ұлы жыраудың «Сұраншы батыр» жырындағы Сұраншы батыр Ақынбекұлы – қазақ тарихындағы белгілі тұлға. Ол 1815 жылы Алматы жанындағы Қастек өзенінің бойында дүниеге келген. Атақты қазақ батыры Саурықтың немере інісі. Сұраншы батырлық болмысы ерте танылған, кішкене күнінен Жетісу, Оңтүстік өңірінің аты жалпақ қазаққа жақсы

таныс айтулы батырлары Қарасай, Өтеген, Наурызбай, Райымбек, Сыпатай, т.б. ерлердің ерлігін өнеге тұтып өскен жас. Ол ержетіп, азамат болысымен Жегісу жерін билеп, елге озбырлық жасап, тізесін қатты батырған Қоқан бектеріне қарсы күресіп, келелі жерде сөз бастаған көсем, керекті жерде қол бастаған даңқы асқан батыр болады.

Жалпы дастанда XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қоқан хандығының езгісінде болған Қазақстанның оңтүстік аймағын Патшалық Ресейдің жаулап алып, отарына айландырған кезеңнің тарихи шындығы суреттеледі. 1853 жылы Ресей әскерінен бұрын елді жаулап алмақ болып, қоқан ханы қазақ еліне тұтқиылдан шабуыл жасап, бейбіт елді ойран-топан етеді. Сонда Сұраншы батырдың қол жасақтап шығып, Қоқан хандығымен ымыраласып, қазақ жерін шапқан, асып-тасқан қырғыз манабы Орман жасағымен ұрысы, жаулаушылардың тас-талқанын шығаруы баяндалады.

Жамбылдың осынау ел арысына айналған Сұраншы батыр тақырыбына баруы, оны дастан етіп жырлауы тегіннен-тегін емес, Сұраншы батырдың ерлігін оның атақты ұстазы Сүйінбай ақын да жырлаған-ды. Жамбыл сол ескі жыр сілемін жаңғыртып, жаңартып ғана қоймай, оған өзіндік идея жүктеп, азатшыл жырдың асыл арнасына айналдыра білді. Сөйтіп, Жамбылдың «Сұраншы батыры» ерлік пен елдікті жырлаудың асыл нұсқасына айналды.

Жамбыл жырындағы Сұраншы батырдың бүкіл болмысы мінез-кұлқы, түр-түсі, батырға тән бейнесі – бәрі біте қайнаса келіп ел ұғым-танымындағы нағыз қаһармандық тұлғаға айналып, өзін ерекшелей түсер сипатқа ие болып шыға келеді. Өз шығармасына азатшыл ойды ұстаным еткен Жамбыл ел қорғанына айналар Сұраншының Қоқан шапқыншыларына қарсы соғысын да үлкен ақындық шабытпен көркем де шынайы суреттейді. Соғыс қимылдары



тікелей көрініс тапқан тұстарда Сұраншы ересен күш иесі, батыр ғана емес, соғыстың айла-тәсілдеріне де жүйрік, тапқыр ойлы, «Арыстан болған жау үшін түлкідей болсын әдісің» дейтін халық қағидасын еске түсірер, үлкен айла, әдіс-тәсіл иесі ретінде танылады. Жауға қай кезде, қалай шабуыл жасаудың жолын табу, таудың басынан етегіне дейін алаулатып от жағып, тұс-тұстан барабан қағып, құр дәрілеп мылтық атып, сырнай шалып сарбаз санын өте көп етіп көрсету тәрізді соғыс қулықтарын алдын ала мұқият ойластырып алуына ерекше көңіл бөле жырлау Сұраншының көзсіз батырлығын ғана емес, көшбасшы жанға тән көрегендігін де танытады.

«Сұраншы батыр» дастаны жәй қиялдан туған ақынның көркем ойының жемісі ғана емес. Жырда жырау қиялының көркемдік шындығын негіздер тарихи дерек молынан кездесіп, тарих тағлымының қатпарлы сырларын терең тануға да мүмкіндік беретін мәлімет-деректер де жетерлік. Дастанда қырғыз ханы Орманның қанқұйлы әрекеттері, қоқанның Құдияр ханмен ымыраласып, тыныш жатқан қазақ ау-

ылдарын талағаны құжатқа бергісіз
шындық болып табылады.

Қоқанды құртқан Құдияр,
Патшаға қарсы тұратын
Қуаты жоқ бойында.
Қырғызды қанға батырған,
Әркімге бір сатылған,
Орман хан бар қолында:
Қазақты барып талайық,
Патшадан бұрын алайық,
Деген мақсат ойында...

дейтін жолдар бұған дәлел.

Жырдың екінші бөлігінде Сұраншыны өлтірмек боп, балағаттап хат жазып, соғысқа шақыратын да осы Орман хан.

Дастанның соңы дәстүрлі эпикалық аңыздардың сарындарымен үндес болып келеді. Тарихи тұлға Сұраншының дастандағы көркем бейне Сұраншыға ұқсайтын да, мүлде алшақ кететін жерлер бар. Ең ғажабы сол – өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыру мақсатындағы «әсерленген» жерлер Жамбыл жырының көркемдігі төгіліп түскен тұстары болып табылады.

Дастанның бітер тұсында жырау әлдінің – әлсізге, көптің – азға зорлығы «ерге еркіндік, кемге кеңдік» болмаған, әділетсіздік белең алған замана алпаты туралы толғана жырлай келіп, Сұраншы батырдың азаттық үшін, елдің еркіндігі, ұлт тәуелсіздігі жолында өмірін құрбан еткен ерлігіне арналған «Жоқтау-Мадақ» жырын жырлайды. Бұл бүтін түркі жұртының ежелгі жыр-дастандарынан келе жатқан дәстүрлік үлгі.

Жырбаянда XIX ғасырдағы қазақ елінің өмір тіршілігін Жетісуда өмір

кешкен жұрттың тарихи-әлеуметтік хал-ахуалын кең көлемде суреттеп, деректі оқиғалар арқылы бейнелі түрде жеткізеді. Тарихи деректердің молынан кездесуі – жырдың көркемдік шындығының ажарын аша түседі. Әсіресе, отаршылдық пиғылы астам, жаулаған елін өз қарауына алу үшін Ресей империясының да, Орта Азия хандықтарының да жанталаса әрекеттенгені шындыққа сай көрсетілген.

Лек-лек солдат айдатып,
Мойнына шекпен байлатып,
Оралдан өрлеп Алтайға,
Алуға патша ынтықты.
Садақ тартқан қазаққа,
Түтіндетті мылтықты.
Ертісті өтіп оралтып,
Жетісуға қол сұқты.

Онда Жетісу елінің сол тұста қуғын көрген қасіретті жайттар нақты дерек арқылы ашылып, бір жағы Қоқан, бір жағы Ресей қанқұйлылары екі жақтап тоз-тозын шығарған қазақ ауылдарының паналаған жерлеріне дейін дастан-жырда дәлме-дәл көрсетілген.

XX ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқының тарихында орасан оқиғалар, түбегейлі өзгерістерге толы болды. Жамбыл соның бәрін халық мұраты тұрғысынан замана биігінен көрінген шығармашылығы арқылы жырлады.

Өз дастандары негізінде Ел тағдырын Елім деп еңіреген ерлер тағдырымен бірлікте алып жырлаған Жамбыл Жабаев Ерлік пен Елдіктің XX ғасырдағы ұлы жыршысына айналды.



Жамбыл Жабаев
(1846 жыл. Ақпан -1945 жыл. 22-маусым)

Жыр алыбы нақылдары

**Артықша туған азамат,
Халыққа үлкен бел болар.**

**Серт ақамқы байлайқы,
Ер жігіт серттен таймайқы.**

Елдің серті — ер серті.

**Ел үшін туған ерлердің,
Алғы-арты қария кең болар.**

**Жаманның көңілі көкте, жерге басы,
Алыс қой аңғарғанға екі арасы.
Жақсының өзі кішік, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің мәртебесі?**

**Ел қақірін ел баққан
Ерлер білер қеген сөз.
Зер қақірін зер баққан
Зергер білер қеген сөз.**

**Жұмыста да соғыста
Ақылыңғы аму қыснасын.
Ашушаң болсаң: сол қолың
Оң қолыңғы ұстасын.**

**Ел менен ел қостасқан
Ғасыры туғы ақамның.**

Автор туралы:

«Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры – редакторлар кеңесінің төрағасы, саяси ғылым кандидаты. «Желкілдеп өскен құрақтай», «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз», «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз», „Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа„ атты деректі әңгімелер мен эсселер кітаптарының авторы, көсемсөзші.



Жұмабек КЕНЖАЛИН

ҰЛЫ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТАРИХЫНА, ТАҒДЫРЫНА ТАМСАНҒАН ЖӘНЕ ТАҢДАНУДАН ЖАЛЫҚПАҒАН ЖОЛАУШЫ

Summary: Deported Poles have left a trace in the history of Kazakhstan. Served in the Frontier Control of Siberian Kazakhs Adolf Yanushkevich travelled a lot across the steppe and learned Kazakh language. Based on his observations in 1846 he wrote «The diary of a journey to Siberia», which is a valuable historical and ethnographic source for the study of a socio-political state of Kazakhs in the 1st half of the 19th century.

Азия мен Еуропа құрлықтарының түйіскен кіндігінде орын тепкен кеңбайтақ қазақ жері ежелден түрлі мәдениеттердің диалогына интеграциялық байланыстың алтын көпіріне арқау болып келеді. Ал, Шығыс пен Батыстың арасын байланыстырған Ұлы Жібек жолының Жетісуды жағалап, Сарыарқа мен Бетпақдаланы бойлай, Қазақстанды басып өтуі, тіптен, өз алдына бөлек шежіре. Шығысынан мұсылмандық түркілік және араб-парсылық, одан қалды, діні бөлек қытай-моңғол мәдениеттері, батыстан славяндық орыс, украин, поляк мәдениеттерімен қатар, католиктік

европалық өркениет қазақ мәдениетімен біте қайнасып, біздің тіліміз бен ділімізді, әдебиетіміз бен өнерімізді байыта түсті.

Бұған қазақ тіліндегі кірме сөздердің көптігі, этнографиясы мен фольклорындағы сырттан енген құндылықтардың сан-алуандығы, транзитті аймақтағы ұлт ретінде еліктегіштігі мен қарым-қатынасқа бейімдігі дәлел.

Протоқазақтар тарихына қатысты «Тарихтың атасы» атанған Геродоттың, Орхон-Енисей сына жазулары мен көне Қытайдың жазба деректері, орта ғасырлардағы әл-Фараби

бабамыздың «Шығыс Аристотелі» атауы, жалпы, қазақ ақын-жырауларының туындыларына Омар Хаям, Фирдоуси, Шамси, Сағди сияқты шығыс шайырларының ықпал етуі, ислам қағидаларының қазақ философиясымен ықпалдасуы да ұлтымыздың ерте заманнан мәдени-рухани алмасуға бейім екенін айғақтай түседі.

Бір өкініштісі, осынау ұланғайыр кеңістікті жайлаған Қазақ Елі сыртқы жаулардың шапқыншылығынан көз ашпай, халқы қырылып, қалалары қирап, мәдени-рухани тұрғыдан күйзелісті көп көрді... Бұл туралы еуразиялық идеясымен танымал ғалым Л.Н. Гумилев «Древняя Русь и Великая степь» атты еңбегінде «Странно, но долгое время считалось, что народы Евразийской степи, в особенности кочевые, не имели собственного культурного развития, собственной истории и уж обязательно – оригинального искусства. Раскопки на Алтае, в Монголии и Сибири показали, что искусство евразийских народов существовало, история их ныне написана, прочтенные тексты показали наличие передовой философской литературы, а фольклор зафиксировал оригинальные сюжеты. Все у них было, но мало что сохранилось» деп атап көрсетеді. (Гумилев Л.Н. «Древняя Русь и Великая степь» // <http://gumilevica.tripod.com/ARGS/args101.htm>). Бұл қазақтардың бас сауғалап, Ресей патшалығына қосылуына мәжбүр еткен тарихи-саяси факторлардың бірі еді.

Қазақтар Ресей патшалығына қарағаннан бастап ұлт мәдениетіне батыстың ықпалы арта бастады. Сәйкесінше, қазақы мәдени алмасудың дәстүрі ағартушылық дәуірі атанған XIX ғасырда осы үрдісте жалғасын тапты. Бұл кезеңде көршілес Ресейде А. Пушкин, М. Лермонтов, Н. Гоголь, Ф. Достоевский, Л. Толстой, Г. Потанин, А. Чехов, В. Белинский, И. Крылов, А. Герцен, Н. Чернышевский т.б., украиндардан Т. Шевченко, П. Кулиш,

поляктардан А. Мицкевич, Ю. Словацкий, А. Янушкевич, Г. Зелинский, З. Красинский, Р. Дмовский, ал қазақ жерінде Махамбет Өтемісұлы, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкірім Құдайбердиев сынды ұлы ақын-жазушылар мен ойшылдар данагөй шығармашылығымен танылған еді. Абай Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін қазақ тіліне аударып, олардың шығармашылығын қазақ халқына көркемдікпен жеткізсе, Шоқан Уәлиханов Достоевскиймен дос ретінде хат алмасып, П.С. Семенов-Тянь-Шанскиймен, Г. Потанинмен тығыз араласты. Ы. Алтынсарин Толстой мен Крыловтың шығармаларын қазақшаға аударып, Потанинмен дос болды.

Өз кезегінде, А. Пушкин 1833 жылы қыркүйек айында Николай I патшаның рұқсатымен «Пугачев тарихы» және «Капитан қызы» атты шығармаларына материал жинау үшін Орынбор арқылы Оралға келіп, қазақтардың тұрмыс-тіршілігімен танысып, олардың әдебиеті, өнері, мәдениеті туралы мағлұмат жинаған. Зерттеуші Н. Жуанышбековтың көрсетуінше, ол тіптен Махамбетпен кездесіп, одан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» туралы жырдың аудармасын жазып алған. (Жуанышбеков Нурболат. Свет Пушкина в Казахстане / Учебное пособие. – Алматы: Искандер, 2000. – 132 с.). Г. Потанин қызмет бабымен қазақ жерінде біраз болып, қазақ зиялы қауымымен достық қарым-қатынаста болған. Украин Т. Шевченко Қазақстанға жер аударылып келіп, өзінің шығармашылығымен отандық тарихымызда ізін қалдырды. Ал, поляк А. Янушкевич 1841 жылы Омбыға көшіп келіп, 1842 жылдан бастап Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасында қызмет етті. Қазақ жерін көп аралап, қазақ тілін үйренді. 1846 жылы Қазақстан тарихы үшін құндылығы зор саналатын «Сібірге сапардың күнделігі» атты еңбегін жазды.

Сондықтан да, бүгінгі қазақстандықтар өздерінің тарихы мен мәдениетін құрметтеген, оның қадір-қасиетіне жеткен, тиісінше бағалаған шет ел азаматтары туралы ұдайы сүйіспеншілікпен, айрықша ықыласпен ауызға алады. Солардың алдыңғы легінде поляк халқының адал перзенттері, Адам Мицкевич, Густав Зелинский, Адольф Янушкевич секілді әдебиет пен мәдениеттің, қоғам қайраткерлері де бары анық. Бұлардың қай – қайсы да XIX ғасырдағы қазақ қоғамының жай-күйі, әдет-ғұрпы, салт-санасы мен дәстүрі туралы танымды шығармалар жазып, кейінгі ұрпаққа қалдырған.

Әсіресе, А. Янушкевич пен Г. Зелинскийдің мұралары Қазақ даласының болмыс-бітімін, ондағы тыныс-тіршілікті білсем, дархан Дала тарихының сырына қанықсам дейтін оқырман үшін үлкен олжа болғаны сөзсіз. Сондықтан да біз ең алдымен осы аттары аталып отырған кісілердің ішінен Адольф Янушкевичтің тұлғасы туралы аз-кем тілге тиек етіп, ой қорытсақ деген ниетіміз бар.

Жастайынан төңіректегі құбылысқа ойлана көз жүгіртіп өзінше пікір түйе білген Адольф Янушкевич кішкентай кезінен-ақ әйгілі Тадеуш Костюшконың көтерілісі туралы мағлұматтарға қанық болып өсті. Ол поляк халқының осынау асыл перзентінің ұлағатты өмірі мен өз елінің тәуелсіздігі жолындағы күресінде басын бәйгеге тіккен Костюшконың ерлігіне еліктей білді. Кезінде Винницы гимназиясын үздік бітірген ол кейінірек Вильно университетінің тіл-әдебиет факультетінде оқиды. Осы жылдары жас патриоттың Адам Мицкевич басқарған студенттердің астыртын ұйымына деген ерекше ілтипаты пайда болады. Бұл ұйым революциялық қозғалыстың басшыларымен, тіпті, орыс декабристерімен де байланысы болғаны мәлім. («Қазақ Совет Энциклопедиясы», Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 12 – том, 1978 ж., 542 б.).

Адольф Янушкевич университетті бітіріп өзінің туған жеріне, өскен ортасына оралғаннан соң да оның революциялық рухтағы әріптестерімен байланысы үзілмеген еді. Осы тұста ол өзінің шығармашылық белсенділігімен де оқырман қауымға таныла бастаған болатын. Айталық, 1821 жылы «Dziennik Wileński» деп аталатын журналда «Мелитон және Эвелина» деп аталатын сентименталды поэмасы жарық көрді. Адам Мицкевичтің творчествосын қастерлеушілердің санатынан табылған ол кейін Подольеде оның поэзиясын белсенді түрде насихаттаушысы атанды.

1826 жылы А. Янушкевич Каменцедегі Азаматтық сот жөніндегі бас палатада депутат болып қызмет атқарды. Алайда, кейінірек денсаулығына байланысты бұл қызметтен шығып, емделу мақсатында Германияда, Оңтүстік Францияда, Италияда болды. Осы кездері ол Римде саяхатшылап жүрген А. Мицкевичпен және А. Одынцпен кездеседі.

1830 жылы қыркүйек айында елге қайта оралып, Қараша көтерілісіне қатысады. Осы кезде ол қақтығыс сәтінде жараланып, тұтқынға түседі. 1832 жылғы 4 наурыздағы сот үкімімен өлім жазасына кесіліп, кейін бұл үкім оның Сібірге жер аударылуына алмастырылады. Сонымен қоса, ол дворяндық атағынан айырылып, бүкіл дүние-мүлкі тәркіленеді.

Міне, осы кезден бастап, нақтылап айтқанда, 1833 жылдары Адольф Янушкевичтің ежелгі Қазақ жеріндегі өзінің жазасын өтеуге байланысты айды-айға, жылды-жылға алмастырған өмір кезеңі басталады. Алғашында, өзінің жаза өтеу күндерін Тобылда бастаған ол кейінірек, дәлірек айтқанда, 1835 жылы Есілге ауыстырады. Өзімен бірге елден алдырған шағын да болса кітапханасын әкеледі. Сол кітаптармен бірге мұнда алыстан Еуропадан әкелінген мерзімді басылымдар да бар еді. Осы кітапхана Янушкевич секілді өзге де жер

аударылғандардың рухани қазына бұлағына айналып, жазасын өтеушілердің жиі бас қосатын, әңгіме-дүкен құратын мекені болады.

Есілде Янушкевич Г. Зелинскиймен, А.И. Одоевскиймен кездеседі. Кейін белгілі болғанындай, поляк әдебиетінің көрнекті өкілі Г. Зелинский Янушкевичтің ықпалымен атақты «Қазақ», «Дала» поэмаларын жазған. Бұл поэмада сол кездегі қазақ тұрмысы мен өмірінен мол мағлұмат алуға болады.

Романтикалық сарында жазылған дастанның артықшылығы сол Еуропа оқырмандары қазақ даласының болмысын, оның табиғаты мен тағдырын бағамдай, бағалай алатындай әсерде болатыны сөзсіз. («Қазақ Совет Энциклопедиясы», Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 4 – том, 1974 ж., 596-597 бб.). А.И. Одоевский Янушкевичтің өзіне де бірнеше жыр жолдарын арнаған.

Янушкевич 1841 жылы Омск қаласына қоныс аударады. Мұнда ол Омбы өлкелік сотында кеңсе қызметін атқарушы болады. Кейін «Сібір қырғыздарының» Шекаралық басқармасына ауысады. 1845 жылдан бастап Адольф Янушкевич Шекара бастығы генерал Вишневскийдің құрамында Орта жүз, Ұлы жүз мекендеген өлкелерді аралады. Сөйтіп жүріп ол қазақ тілін бір кісідей-ақ меңгерді. Оның ұлан-байтақ қазақ жерінен көргендері мен білгендері кейіннен өзі жазған күнделіктері мен хаттарында маржандай тізіліп жатты. Янушкевичтің жазып қалдырған күнделіктері мен хаттары Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін үлкен деректік мәні зор мұрағат болып табылып келеді. 1853 жылы ол Пермь губерниясындағы нижний Тагильге қоныс аударып, қаладағы бірінші кітапхананың бірінші кітапханашысы атанған болатын. Бұл кітапхана кезінде әйгілі А. Н. Карамзиннің және бірнеше Орал зауыттарының иесі, граф А. Демидовтің бағбаншысының өкімімен ашылған еді.



Алла тағала берген ғұмырының көбін жазасын өтеу үшін айдауда өткізген А. Янушкевич 1856 жылы биліктің рақымымен туған өлкесіне оралады да, ал келесі жылы қайтыс болады.

А. Янушкевичтің қазақ жеріндегі ғұмыр сапары 1848 жылдан басталып өзі қайтыс болған 1957 жылға дейін өтті десек, оның шығармашылығының дені де осы кезеңге арналған. Саяхатшының «Күнделіктер мен хаттар» деп аталатын кітабында оның қазақ жерін бүкіл жан-тәнімен көріп білуге тырысқаны айқын аңғарылады. Оның жазбаларынан тек қана өзі көріп білген жағдаяттарды тізбелеп қана қоймай, әрбір құбылысқа өзінше баға беріп, ой түюге, пікір қорытуға құлшынатындығы байқалады. Біз қазір Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілінің болашағы оның қазіргі дамуы мен жай-жапсары туралы көбірек жазып, оны әңгіме арқауына айналдырып жүргеніміз анық. Бұл туралы арнайы заң қабылданып, пәленбай рет қаулы-қарарларға қол қойылды. Дүркін-дүркін жиналыстар өтіп, ақпарат құралдарында пікір-сайыстар өтіп жататындығы тағы шындық.

Ал, А. Янушкевич 1848 жылы 17 мамырда інісіне жазған хатында қазақ тілінің қаншалықты өміршендігі туралы пікірлеріне келтірілген деректеріне қайран қаласыз. Саяхатшы өзі тоқтаған Семей қаласындағы тілдік ахуалға аз-кем тоқтала келіп, былай дейді «Жоңғарлардың қираған ескі қалалардың орнына салынған Семейде 7 мыңға тарта тұрғын бар, олардың көбі татарлар, ташкенттіктер, бұқарлықтар. Сондықтан шіркеу біреу, ал мешіт алтау немесе жетеу. Қазақ тілі барлық жерде дерлік қолданылады. Тіпті, мұндағы сән-салтанаты асқан Ресейліктердің тең жартысы, біздің әйелдеріміздің французша сөйлейтініндей, осы тілде еркін сөйлейді». (Янушкевич Адольф

«Күнделіктер мен хаттар». Алматы, «Жалын», 1979ж. , 23б.). Демек, ежелгі қазақ жерінде кеңестік-тоталитарлық жүйеге дейін қазақ тілінің қаншалықты мәртебеде болғанын осы пікірден-ақ айқын аңғаруға болады.

Ал, саяхатшы осы жылдың 22 мамырында інісі Януариға жазған хатында иісі қазақ әулетінің өздерінің әдет-ғұрпында тазалық пен мәдениеттілікке қаншама мән беретіндігіне көңіл аударады. Мысал келтірейік. Әдеттегідей жолжүргіншілер кешкі тамаққа отырады, сондағы болған жәйтті саяхатшы былайша баяндайды: «Қазақтың әдет-ғұрпын жетік білетін Виктор бір ережені бұзған үшін мені тамақ үстінде едәуір сөкті. Мен онымен қабаттаса құйылған су астына қолымды тосыппын. Түрегеліп емес, жүрелей отырып, әрқайсысымыз жеке-жеке жууымыз керек екен. Мен мұны білмеппін. Мені ұятқа қалдырған тағы бір қатем: қомағайланып табаққа түсе жаздап, еттің сүйегін мүже бастаппын. Шынында, әрбір көргенді адам белдігіне байлап жүретін пышағымен әуелі оның етін турауы керек екен». (Янушкевич Адольф «Күнделіктер мен хаттар». Алматы, «Жалын», 1979 ж., 30 б.). Байқап қарасаңыз, А. Янушке-

вичтің осынау жазбаларынан ежелгі қазақ даласындағы тазалық пен әдептілікке қаншалықты мән беріліп келгендігін аңғару қиын емес.

Біз осы күні ішімдік пен шылымды адам денсаулығының басты жауы деп айтып та, жазып та келеміз. Ал, XIX ғасырда осыған дала қазағының пікірі, көзқарасы қандай болды дегенге мына бір диалог жауап берсе керек:

«Кешкі тамақтан кейін біз сигар тартып едік қазақ жігіті:

– Сен не тартып тұрсың? – деп сұрады Виктордан.

– Сигар тартып тұрмын.

– Сигар дегенің немене?

– Бұратылған темекі.

– Оның құны қанша?

– 5 тиын.

– Күніне сен бұның қаншасын тартасың?

– Кей-кейде 15.

– Қайран ақылсызым-ай! Одан да сен бұл ақшанды қалтаңа сала берсең ғой.

Бұл ащы шындыққа қайтаратын жауап та жоқ еді». (Янушкевич Адольф «Күнделіктер мен хаттар». Алматы, «Жалын», 1979 ж., 31б.).


Осы диалогтан дала қазағының ой-өрісі бүгінде екі күннің бірінде айтылатындай көп мәселеге нарықтық өлшеммен қарай білетіндігі айқын аңғарылады.

А. Янушкевич Қақ жайлауын кесіп өте жүріп, қазақ тұрмысының сән-салтанаты мен өзіндік ерекшелігіне, оны мекендеген халықтың даладай дархан көңілі мен ілтипатты ниетіне әлденеше рет көз жеткізеді. Ол өзі жазғанындай, «Даланы таза ұстауды қазақ өзінің қасиетті парызына санайды», – деп білсе, бұл қағидаға бірнеше мәрте көз жеткізгені тағы шындық.

Поляк саяхатшысының алысты болжай білу қасиетіне бүгіндері қазақ зиялы қауымы таң қалысып жүргені тағы шындық. Оның нақты бір дәлелін мына бір деректерден айқын байқауға

болады. А. Янушкевич 31 мамыр күні Аягөзден жазған хатында былай дейді: «Жаңа Аягөз болса, қауызын жарған қырмызы гүлдей толысып келеді. Әскери горнизонмен әкімшілікке телінген қазыналық үйлерден басқа теректен қиюластырылған бірнеше үй бар. Бұл бара-бара дала өңіріндегі аса маңызды мекендердің бірі болатын секілді. Осы далада ғана, шамасы, Солтүстік Америка Құрама Штаттарындағыдай құбылысты байқауға болады. Халқы тым көбейіп кеткен ескі Еуропаға бейтаныс бұл құбылыс – жаңа елді мекендердің тууы немесе жерді жарып шыға-шыға келетін саңырауқұлақтар тәрізді жыпырлап өсуі. Ақмола, мәселен, бүкіл даланың болашақ астанасы. Ақтау, Атбасар, Көкпекті, Құсмұрын – осының бәрі менің көз алдымда туып өскен мекендер». (Янушкевич Адольф. «Күнделіктер мен хаттар». Алматы, «Жалын», 1979, 57 б.). Байқап қарасаңыз, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жаңа бас қаласы Ақмола болатынын Янушкевичтің XIX ғасырда-ақ айтып кетуі оның сәуегейлігі емей немене?! Мұнан соң бүтіндей қазақ даласын бүкіл ынта-шынтасымен жақсы көрген поляк перзентін қалайша құрметтемей тұра аласыз?!

Қазақ қоғамында, бүтіндей оның әдебиеті мен мәдениетінде Абай Құнанбаевтың есімі айрықша аталады. Ол әдебиетіміздің классигі, біртуарымыз. Ал, енді, мына қызықты қараңыз, Янушевский өзінің 6 тамызда жазған күнделігінде сол Абайдың туған әкесі атақты тобықты болысы Құнанбай Өскенбаевпен кездескенін, онымен қол алысқанын суреттеп жазады. Бір жазбаларында Құнанбайдың асқазаны қатты ауырып жатқан баласын қалай емдейтіндігін баяндаса, ал екінші бір күнделік хатында Құнанбайдың өз шежіресін қалайша тарқата баяндайтынын сүйсіне жазады. Қысқасы ол Құнанбайдың тегін адам емес екендігіне көз жеткізеді. Құнанбайдың өзімен



тікелей пікірлесе отырып, оның зерделі кісі екеніне назар аударады. (Янушкевич Адольф. «Күнделіктер мен хаттар». Алматы, «Жалын», 1979, 173, 178 бб.). Қысқасы, поляк саяхатшысының осы бір деректері бүгіндері қазақ зерттеушілері үшін көптеген ой түйлерге түрткі болып жүр.

Өзінің бастауында А. Янушкевич секілді азаматтар болған қазақ-поляк ынтымақтастығы бүгінгі таңда нығайып, дамып келеді. Оның нақты бір мысалына мына бір деректер анық көз жеткізеді. Айталық, XX ғасырдың басында оқу-тоқу іздеген жас қазақ өрендер Польшаның жоғары оқу орындарына аттанады. Олар, негізінен, Варшава университетінің заң факультетіне сондай-ақ, осы қаладағы ветеринарлық институтқа оқуға түседі. Мәселен, қолдағы бар мәліметтерге жүгінсек, К. Боранбаев (Алматы), А. Күшіков (Семей), Ж. Сұлтанаев (Жетісу), А. Тұнғаншин (Торғай), Уәлиев, А. Шалымбеков (Семей) аталған оқу орындарында білім алып, 1914 жылы атамекенге қайтып оралған. (Алаш оқығандары // «Ана тілі». 2-8 ақпан 2012 ж.).

Қазақстан өз Тәуелсіздігін жарияланғаннан бергі уақытта осы дәстүр жа-

на сапалық деңгейге көтерілді. Қазір Польшаның біраз жоғары оқу орындарында көптеген қазақстандықтар өздерінің аталары салған дәстүрді жалғастыра отырып, білім алып жатыр, тәжірибеден өтіп жүр. Мынандай бір нақты деректерді келтіруге болады. «Соңғы мәліметтерге қарағанда, Польшада 500-ге тарта қазақстандық студент оқиды, ал Познаньдағы Адам Мицкевич атындағы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында 50-ге тарта поляк студенті білім алуда». (Волков А. 20 лет установления дипломатических отношений между Казахстаном и Польшей. Варшава, «Официнна Олшинка», 2011, 81 б.).

Ал, Густаф Зелинский «Қазақ» және «Дала» атты дастандар жазып XIX ғасырдағы қазақ тұрмысы мен салт-дәстүрінің әлеуметтік теңсіздіктің жай-жапсарын өз шығармаларының өн бойына арқау еткен. Сол кездің өзінде-ақ осы «Қазақ» дастаны неміс, чех, француз, ағылшын тілдерінде басылып шығып, оқырмандарының ықыласына ие болған. Екі дастанның екеуінде де қазақ сахарасындағы оқиғалар, табиғаттың таңғажайып сырлы құбылыстары шынайы бейнеленген. Қазақ оқырмандарына оның шығармалары туралы біліктілікпен жазған белгілі жазушы, поляк әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші Ғабит Зұлқаров деп білеміз. Біздің әңгімемізге өзек болып отырған Адольф Янушкевичтің шығармалары туралы да толымды пікір айтып келе жатқан осы кісі.

Біз мақаламыздың басында Александр Затаевич туралы да айтқан едік. Қазақстандықтар оны Адольф Янушкевич бастамаларының рухани жалғастырушысы ретінде біледі. Себебі, ол ақындардың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мұраларын жиыстырып, көшпенділердің өнер әлемінің небір інжу-маржандарын Қазақ Елінің бүгінгі ұрпақтарына табыстаған жан. (Бадовски Р. Польские певцы Казахстана. Вар-

шава. «Bernardinum», 2006 ж., 94 б.).

Оның тапжылмай жанқиярлықпен атқарған шығармашылық ізденісінің нәтижесі 1935 жылы баспадан шыққан «Қазақ алқының 1000 әні» деп аталатын кітабына енді. Ел арасында бірден таралып, оқырмандардың айрықша ықыласына ие болған бұл кітап кейіннен бірнеше рет аса көп данамен қайта басылып шықты.

Қазақ және поляк халықтарының арасындағы рухани байланыстардың тарихына үңілетін болсаңыз онда бүгінгі ұрпақ зор мақтаныш сезіммен еске алатын, айтып отыратын көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен, КСРО Халық әртісі Роза Бағланованың орындауындағы поляктың халық әні «Шла девэчка до лесэчку» шын мәнінде қазақ өнер сүйер қауымының да сүйіп айтатын әніне айналды.

Халық әртісінің Ұлы отан соғысы жылдарында майдан даласының алдыңғы шебіне үнемі концерттік бағдарламалармен болғаны тарихтан мәлім. 1944 жылы Польшаны фашистерден азат ету кезеңіндегі бір сапарында ол поляктың халық әні «Шла девэчка до лесэчку» әнін естиді. Әннің мәтіні мен ырғағы әншінің жүрегін баурап алғаны соншалық оны табанда жаттап алып, жауынгерлердің алдында әлденеше рет орындап үлгерген. Кейінірек әннің мәтінін қазақшаға аудартқызып «Сұлу қыз» деген атпен орындап жүрді. Қазір осы ән поляк және қазақ халықтарына ортақ әнге айналды.

Деректер тілімен айтсақ, поляктар қазірде еліміздің Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай облыстарында көптеп мекендейді. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысында поляктар осы өңір халқының 2,6%-н құрайды. Бүгінде Қазақстандағы поляктар одағы «Polonia» деп аталады. Бұл одақ Қазақстан халықтар Ассамблеясындағы басқа да еліміздің үкіметтік мекемелеріндегі поляк тұрғындарының мұрат-мүддесін білдіріп отырады. Олар,

негізінен, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғырту бағытында поляк тарихы мен оның ана тілін оқып үйренуге байланысты мәселелерді қозғайды. Қазақстандық поляктар өздерінің тарихи Отаны Польшамен байланысты нығайта отырып, ежелгі Қазақ еліне ризашылық сезімін білдіреді, онда тұрып, мекендеп жатқан ұлттар мен ұлыстарды қадірлейді.

Қазақстан поляктардың алғашқы бірлестіктері 1989 жылы А. Дячинскийдің бастамасымен Көкшетау қаласында құрылған болатын. Дәл осындай бірлестіктер Қарағандыда, Алматыда шаңырақ көтерді. Бұл бірлестіктер 1992 жылы заңды тұрғыдан тіркеліп, «Қазақстан поляктары» одағын құрды. Бұл одақтың 13 облыста бөлімшелері жұмыс істейді. Аудандар мен селоларда полоня ұйымдары құрылған. Олар облыстық Қазақстан поляктары одағының құрамына кіреді. Ал республикалық деңгейдегі «Қазақстан поляктары» одағын Республикалық үйлестіру кеңесі басқарады.

Қазақстанның өзінің Тәуелсіздігін жариялаумен орайлас жергілікті поляктардың да мәдени, рухани дамуына байланысты жаңа серпін пайда болды. Қазақстандық поляктар санатынан жыл сайын жүзден аса студент Польша Республикасының жоғары оқу орындарында оқып, білім алып келеді. Олардың қатарында, әрине, қазақтар, орыстар, корейлер мен украиндіктер де бар. Қазақ елінің іргелі жоғары оқу орындарында да атап айтқанда, Көкшетау университетінде және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Поляк тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша кадрлар даярланып жүр.

2011-2012 жылдары Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында да көптеген мақалалар жарияланды. Баспасөз беттерінде радио, теледидар хабарларында Қазақстан мен Польша арасындағы дәстүрлі достық ын-

тымақтастық байланыстың өркенді тәжірибелері үнемі насихатталып келеді. Осының өзі бір кездері өзі көзімен көріп, бай, өркенді де қазақ даласы туралы мол рухани мұра қалдырған атақты саяхатшы Адольф Янушкевичтің ізгі ниетімен сабақтасып жатқандай. Соның жарқын бір мысалы ретінде қазақ-поляк қарым-қатынасындағы рухани байланыстың жаңа бір сатыға көтерілгендігі осы жолдардың авторы біз, өткен 2013 жылдың ақпан айында Познань қаласында болып, поляк саяхатшысының мұраларын ұлықтаушы азаматтармен дидарласқан едік. Бұл жөнінде «Ана тілі» газетінде арнайы жазған да болатынбыз. Сол жолғы сапардың нәтижесінде «Қазақ газеттері» ЖШС-і мен Польша Республикасының бірқатар мемлекеттік және бейресми ұйымдарымен ынтымақтастық байланыс орнады. Бұл күндері Польшада «Қазақ газеттері» ЖШС-нің арнайы өкілі жұмыс істейді. Ал Польша-Қазақстан Сауда өнеркәсіп палатасының президенті П. Гузовски «Экономика» газетінің ақылдастар алқасының мүшелігіне еніп отыр. Соның нәтижесінде, «Қазақ газеттері» ЖШС-і мен Польша-Қазақстан Сауда өнеркәсіп палатасы арасында келісім-шартқа қол қойылды.

Ежелгі екі ел арасындағы мәдени-рухани байланыстың дәнекері, алтын көпірі болған поляк перзенті Адольф Янушкевичке деген қазақстандықтар құрметі әрдайым шексіз. Оның кітаптары дүркін-дүркін басылып оқырман игілігіне айналып келеді. Сол риясыз сүйіспеншіліктің жарқын бір көрінісі Қазақстанның мәдени және рухани орталығы Алматы қаласында Адольф Янушкевич атындағы көше бар. Осы көше бойымен жүріп өткен әрбір жан екі халық арасында қазақтар мен поляктар достастығының алтын көпірін тұрғызып кеткен поляк перзентінің тұлғасын ризашылықпен еске алары сөзсіз.



Автор туралы:

белгілі жазушы, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты. «Үркер» қоғамдық-саяси, әдеби журналының бас редакторы. «Төрт амал тіршілік», «Қобыздың мұңы», «Жасыл жанып тұрғанда», «Ағаш ескерткіш», «Көзбояуы жоқ көріністер» сияқты прозалық кітаптардың, публицистикалық мақалалар жинақтарының авторы.

Қуандық ТҮМЕНБАЕВ

ЖАПОН ҚҰДАНЫҢ ҚАЛАУЫ (әңгіме)

«Құда келіпті. Ерәлінің жапон құдасы келіпті, көрейік» деп таяғына сүйенген екі кемпір мен баланың басындай жұп-жұмыр тізесіне тұз жиналып, ақсаңдай басқан екі келін есік алдына кеп тұрып қалды. Екі кемпірден асып кете алмай, аңсары бір көру болса да алға шыға алмай қалған жастау келін қысық көзді, жымылып тұрған жып-жылтыр дөңгелек жігітке көзін сатып қарай берді.

– Мынау баяғы трэктір міхаиник Шэн-Геннің өзі ғой. Бәрі туыс шығар, – деді таяқ сүйенген кемпір бір адым аттап.

– Тиіш, жай сөйле. Не де болса құдасы ғой.

– Не де болса Бибіханға «құдаңның келуімен!» дейік, – деп кемпір алға озды.

Бұл кезде құда Тәкеши қолын жуып, бұрынғыдай тарам-тарам боп тарбиып жатпаса да жасыл пәлегі қатар тартылған арықтарды жауып, көмескілеп тұрған қауындыққа беттеді.

– Құдасы тыштымханаға кеткенде құтты болсын деп кіріп шығайық, – деп шалы да, өзі де осы ауылдың үлкені – «генерал» кемпір таяғын тақ еткізіп үйге енді.

Құда қара қағазбен қоршалған тыштымханадан әрі өтіп, қауындықты аралап кетті.

– Қандай тамаша. Бұл қай кезге дейін осылай жап-жасыл боп тұрады? – деп алақандай-алақандай қауын пәлегін ұстап көрді.

– Бұл сары күзге дейін осындай боп тұрады. Күзде қауынды жинап, осы пәлектермен қымтап қояды.

– Жылы болсын деп қой?

– Иә, жылы болсын деп...

Күйеу баласы қайын атасының айтқан сөзін мүдірмей аударып беріп тұр.

Бір кезде күйеу баланың ағасы Ғалым құдасын таңқалдырып, қауындықтың ортасында тұрып жүз грамнан тартсақ деп інісін жұмсап жіберіп еді, уысында келген бір бөтелке арақ пен үш қырлы стаканға Тәкеши қабағын шыта қарады.

– Мынадай тамаша табиғатты бүлдірмейік. Онан да фотоаппаратты әкелші, – деп күйеу баласын тағы да жұмсады.

Ғалымның інісі Манат Жапонияда үш жыл оқып, осы келгенде Отанымды көрсетем деп қайын атасын ерте келген беті еді. Сол сәт бір құрбақа арық ішінен секең етіп шығып, құданың алдын кескестей берді. Тәкеши таңырқай қарап:

– Арнайы жібердіңіздер ме, өзі жүр ме? – деді.

– Өзі жүр.

– Ғажап! – деп, фотоаппараттың шыртылына мінезі жеңіл құрбақаның тыным тауып шоқиып отырған кейпі көрініс боп түсіп қалды. Сол сәт ол секең етіп пәлек арасына қайта кіріп еді, артынан қуып, еңкейіп, иіліп, тағы да шырт-шырт еткізді.

– Құданың құдіреті, құдамыз бізді құрбақа құрлы көрмеді-ау, – деп қазақ құдасы інісіне қарады. – «Құдай қосайын десе сұрамайды екен-дә» деген сөзін ішінде іркіп қалды.

Онан кейін де құдасы секектеп жиі орын ауыстырған құрбақаның әр жерде отырған кейпін шыртылдатып түсіріп алды. Ал қазақ үшін ол – арықтағы сумен ағып келген қауындықтағы құрк-құрк еткен құрбақа.

– Арықтың ішінде отырып бір көрейік те, – деп Ғалым інісіне қарады. Ол жыпылдатып аударып еді, қонақ жыпылдатып жауап берді.

– Неше ағайындысыздар?

– Бесеу.

– Әкей қашан қайтты дүниеден?

– Онда несі бар екен-ей? Үш жыл бұрын. Соғысқа қатысқан. Ұлы Отан соғысынан кейін жапон соғысына қатысқан.

Інісі соңғы сөйлемді аудармады. Қайын атам қас дұшпанымның алдында тұр екенмін деп қаймықпасын, деді.

– Әуелі сол кісінің, үлкен кісінің бейіті алыс болмаса, басына барып шықсақ, – деді.

– Онда несі бар-ей? Өзіміз бармағалы қанша жыл. Жүр, кеттік. Құданың көңілін қалдырмайық, – деп алыстан мініп келген «Джипке» отырып тартып кетті.

Ауылдан бір жарым шақырым жердегі құмшауыт зиратты қамыс басып кетіпті. Жылда шөбін отап, алысқа апарып өртеп тұрушы еді, нарық заманына ауысқалы ол да қалды. Зиратқа кіре берісте тізерлеп отырып Құран бағыштады. Сосын әкесінің басына барып, төрт құлақты қам кесек моланың қасында тізерлеп отырып тағы да боздатты. Ғалым жақын жатқандардың бәрін атын атап айтып өтті, қандай жақындықтары бар екенін тәптіштеп түсіндірді. Өнебір бейіт қоршалмапты да, тіпті жермен-жексен болуға айналыпты. Тәкеши елден ерек қоршалмай қалған, басында белгісі жоқ бейітке қарай бергесін:

– Бұл біздің ең жақынымыз, – деді Ғалым. – Үлкен атамыз. Баласы нәшәндік мілитса. Сол қоршап, қада қақпай-ақ қойды әкесінің басына. Нәшәндік мілитсаға ешкім ештеңе демейді.

Інісі мүлтіксіз аударды.

– Әруақты қорғау керек. Ол сонда сені де қорғайды, – деп жермен-жексен боп томпыып жатқан төбешікті шырт еткізіп суретке түсіріп алды.

Үйге қайтып келгенде былбырап піскен қойдың басы мен «мені тура» деп иір-шиір боп қазы-карта күтіп тұр екен.

– Құда сорпаға айран қосып ішсін, – деп құдағиы Бибіхан әдеттегідей кең көңілмен жайылып жастық болды. – Сұйық айран іше ме екен әлде қоюын ба?

– Апам да қызық. Әрине, сұйығын, – деп кәрі шешесінің қылығына шыдас бере алмаған үлкен ұл бағжаң етіп бір қарады.

Қауындықта ашылмай қалған ақ келді. Құда толтырып құйылған стаканның ернеуінен бір ұрттады.

– Алып қойыңыз, – деді Ғалым құда.

– Жок, мен осылай ішемін. Сіздер барлық уақытта осылай толтырып құясыздар ма? – деді қысық көзі күлімдеп, Ғалымның босап қалған қырлы стаканына үйлене қарап.

– Енді құда келгенде неге тауыспаймыз. Құда үшін жан пида, – деп Ғалым қопандап қалды.

– Біз арақтың алдында сыра ішеміз. Сонда жеңіл болады, – деді Тәкеши.

– Дәу кесені толтырып сұйық айран әкелші. Сыранды он орасын, – деді Ғалым. Мөп-мөлдір сұйық айранды сіміріп салған жапон құда беторамалымен аузын сүртіп, басын шайқады.

– Таза сүттен жасалған ғой. Ешқандай қоспасы жоқ.

– Таза жусан мен изеннің, таза құрақтың, таза шиіннің жемісі, – деп Ғалым ауылда өскен шөптердің атын мақтанып тізіп шықты.

Үшеуі екі бөтелке арақ ішті. Қызып алған Ғалым:

– Бәрі де ағарған ғой, – деді.

– Жок, сіздердің ағарғандарыңыздың орны бөлек. Осындай өз ағарғандарыңыз тұрғанда басқанікін неге ішесіздер? Мынау орыстікі ғой, – деді бөтелкенің сыртындағы жазуға шұқшиып.

Күн батқасын өзінің сағат оннан қалмай ұйықтайтынын айтып, қауындық жаққа беттеген құдаға ермей Ғалым қалып қойды. «Тыштымханаға бір өзі бар-сын, ере барғаным сөкет болар» деп өзін-өзі тежеді. Інісіне ер деуге де аузы бармады. Құда, бірақ тыштымханадан шұғыл оңға бұрылып, батқан Күнмен бірге қарауытып жатқан қауындықтың ортасында аяқ киімін шешіп ап, суы тартылған арық ішінде жалаң аяғымен әрлі-берлі жүрді.

– Мынау не қып жүр? Мас боп қалған ба? – деді Ғалым інісіне.

– Жок, табанымен таза топырақты басып жүр.

– Топырақтың бәрі таза емес пе. Сол құрбақа іздеп жүрген жок па?

Бұл кезде Күн түнге ауысып, қауындықтағы құрбақалар қосылып әндете бастаған. Құда тор-тор аяқ киімін қолына ұстап келді де, рахат күй кешкен кейіп танытып:

– Бұлар көп екен ғой. Қандай тамаша оркестр, – деп құрқылдаған құрбақа үніне елтігендей рахаттана құлақ түрді. Күнде естіп жүрген әулекі әуен кызылтандықтарға әсер ете қойған жоқ.

Уақыт тығыз, жұмыс қауырт. Бір түнеген құда Тәкеши таңертең қайтатынын айтты. Дастархан басында қаймағы бетінде қалқыған сүтті шәйді қолына ала алмай ойланып отырып-отырып:

– Кешегі ақ коктеилден қалды ма екен? – деді күйеу баласына бұрылып. Ол түсі бұзылып, бірден қазақшалап:

– Сұйық айран сұрап отыр, – деді.

– Әй, көк шелекті осы жерге әкеп қойыңдаршы. Құмары қанғанша ішсін. Кеше арақ өтіп кеткен ғой, – деді құдағиы жанұшырып. – Өздерің де зорлай бердіңдер.

Құдағиы сапырып-сапырып ұсынған гүлді кеседегі сүп-суық айранды сіміріп сап:

– Табиғаттың таза сусыны. Сәл тоңазытқышқа салып қойыңыздар, – деді.

– Қарап отырмай ақыл айтады, – деді Ғалым жақтырмай. – Сұрашы, кетер аяққа қалай қарайды екен?

Жөпелдегіп жапонша аударған күйеу баласы іле жауабын алды.

– Жоқ, мен үшін мына ақ коктейлден артығы жоқ. Нағыз қазақтың арағы. Сіздер өз арақтарыңыз тұрғанда басқанікіне неге құмарсыздар?!

Інісі күле отырып аударып еді, ағасы қабағын шытты.

– Бізге ақыл айтатын кім бұл?! Қызын бергенін біліп, артын қысып отырмай ма. Онан да қызының бақыты үшін бір рет алып қоймай ма? – деп еді, інісі өңін айналдырып, «Ішем десе арақ дайын» деп аударды.

– Жоқ, жоқ, – деп ол қолын жүрегіне қойып келіндей иілді.

– Әй, жолынан қалдырмай, құданың алдына китін қойсандаршы, – деді кейу-ана шешесі.

Ең тәуір деген қытайдың кастөм-шалбарын төрт бүктеп алдына әкелді. Оның мәнін күйеу баласы түсіндірді. Қайын атасы қап-қара кастөмнің жағасын ұстап:

– Қытайдың фабрикасінікі. Бұлар бәрін жаулап алды, – деді.

– Не деп отыр? – деді айтқаны болмай сіркесі су көтермеген ағасы.

– Қытайдікі екенін танып отыр.

– Қытайдан басқа неміз бар қазір.

Ілкі сәтте Тәкеши құда Ғалым құдасына қарап бірдеңе деп былдырлап еді, күйеу баласы Манаттың екі беті алмадан бетер қызарып кетті де, басы салбырап отырып сөйледі.

– Мен мына сыйлықтарыңды алмай-ақ қояйын. Менің қалауым бар, дейді.

– Айтсын, – деді ағасы інісінің сөзін ақырына дейін тыңдамай.

– Кешегі қауындықтағы құрбақаны сұрайды. Алып кетсем, дейді.

– Оны қайтеді екен?

Інісі аударып еді, қайын атасы ағынан жарыла сөйледі.

– Менің коллекциямда Орта Азиядағы жылан мен тасбақа бар. Мынадай құрбақа жоқ еді. Біз оның өмір сүруіне бар жағдайды жасаймыз, ол өз ажалынан өледі. Өлгесін қатырып, мұражайға қоямыз. Құрметтейміз. Қайдан алғанымызды, кімнен алғанымызды астына жазып қоямыз.

– Құдамнан алдым десін. Мен бұған бір қабын ұстап берейін.

Ғалым мақтанғанмен, құрбақа ұстатпады. Құда бастап арықтың ішіне қол созғанмен секең-секең еткен бір уыс жәндік алақанға ілікпеді, ұстай бергенде секең етіп секіріп кетіп, құшағын ашқан күйі етбетінен түсті. Ақ көйлектің омырауы қоймалжың батпаққа былғанған ол «Тап әкеңнің аузының қорлығы-ай, ә!» деп боқтады. Сосын «Ешкім көрмесін, ешкім естімесін», – деді. Інісі де шалт қимылдап шап бергенмен жат-жұрттық боп кеткен оны да туған жерінің жәндігі маңына жолатпады. Сосын Тәкеши құда «Тсс-с!» деп қос қолын көтеріп бәрін тыныштыққа шақырып, жылтыр қалта сұрады. Манат жүгіріп барып жылтыр қалта әкелгенше ол шырт-шырт еткізіп селт тұрған жәндікті әлденеше суретке түсіріп алды. Сосын жылтыр қалтаны ортан беліне дейін түріп, дәл тіл табысқан ескі таныстардай иіліп, жәй-жәй басып келді де, көзі бір нүктеден ауытқымай тұрған құрбақаның басына төңкере сап аузын буды. Қазақ құда жапон құдасының майдан қыл суырғандай мэттақамдығына таң қалды. Сосын арықта ұйысып өскен көк шиінді уыстап жұлып ап жылтыр қалтаға салды.

– Бұл Жапонияға жеткенше жеп баратын тамағы ғой, – деді күлімдеп.

Келгелі таң қалмаған Ғалым құдай қосқан құдасының нәзік болмысына аузын

ашып, көзін жұмды. «Ауылдағы кәрістердей емес, бәрін біліп істейді екен» деп бас шайқады.

Жылтыр қалтаға салған қалауының сыртынан тағы бір жылтыр қалта кигізіп, оның сыртынан үлкен қалтамен орап ап, құда жолға шықты. Мәшинеге мінерде қолын жүрек тұсына қойып, әрқайсысына жеке-жеке келіннен бетер иіліп, қоштасты. Кір жайып жүріп иіліп-бүгіліп, суы мөлтектеген кірдің тасасында қысылып-қымтырылып тұрған жас келіндерге қолын көтерді. Сөйтіп, бүкіл ауыл жапон құданы жолға шығарып салды. Машина гүр еткенде Ғалым құданың іші шым етті. «Сол құрбақаны тағы бір көретін екен. Кешке таман құрқ-құрқ етіп, қауындықтың көркі еді. Қадірінді сыртқа кеткенде білеміз-ау. Қазақтың қауындығындағы бір құрбақа кеміді», – деп маңғаз басып, суы кеуіп, қауын пісікке бет бұра бастаған арықтардың арасын қарады.

– Қауынға су алғанда, аркасы көрініп жүрген балықты ұстамаушы едіңдер. Көрдіндер ме, өздеріңдей жапонның құрбақаға дейін құр қалдырмағанын.

– Алса, құда ғой.

– Кит кимейтін, қалыңмал дәметпейтін, әйтеуір кергіп мазаны алмайтын құдаға тап қылған Құдайға мың шүкір! – деп кейуана ағаш орындықты қозғалтып қойып, бір нәрсені ұмытқандай селк етіп келініне бұрылды. – Қап, құдаға неге бір қалта күріш сап бермедіңдер. Қуыс үйден құр шығарып...

– Китін алмаған құда күрішті қайтсін. Олардың есігінің алды мен там төбесі сыңсып өскен күріш. Олар адамнан кейін жылан мен құрбақаны құрметтейді. Апам құдасына барғанда құрбақасын танып, көз жасын сығып ап жүрмесе...

– Құдай соған жеткізсін. Құданың аулын да көрерміз амандық болса. Шәй қойындаршы-ей, бір өзді-өзіміз боп рахаттанып отырып шәй ішейік. Арақ іше бергенше әлгі жапон құда секілді неге ағарған ішпейсіндер? – деп қауындық жақтан қалған арақты көрсетпей қағып сап келген үлкен ұлдың аузының иісін сезіп қап секемдене сөйледі.

– Құдаң аузыңа түкіріп кеткен бе?! – деді баласы тілі күрмеліп.

Кейуана «Көрсеткеніңе шүкір!» деп тағы қайталады. «Осылардың алдында алса» деп белгісіз біреуге наз айтқандай болды. Сары самауыр тезірек қайнаса екен деп, жерде жатқан сексеуілдің жігеріне де көмескі жанармен бір қарап қойды.



Автор туралы:

Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Қарағаш ауылында 1931 жылы туған. 1956 жылы КазПИ-дің орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген соң, Біржан елі – Еңбекшілер ауданының Казгородок орта мектебінде директор, СССР Халық ағарту ісінің озаты, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған.



Болат БЕКЕНОВ
(1931-2015)

ӘЛІМЖЕТТІК

Жаздың жайма-шуақ маужыраған бір күні болатын. Машина жүргізуші екеуміз қазақтың киіз үйлі ауылын, тұрмысын, салт-дәстүрін әңгіме етіп келе жатқанбыз. Кезекті жар қырға шыға беріп едік, оң жақ бүйірден бір қаршыға қанатын қақпаған бойы қалықтап келді де, таяқ тастам жерден томпаңдап, ішіне қарай қашып бара жатқан суырдың күшігін көз алдымызда іліп ала жөнелді. Қай сасқанымды білмеймін, машинадан түсе салып: – Әй, сокқан, таста, тастап кет баласын! – деп, айғай салдым. Қаршыға көздің ұшынан таса болғанша қарап тұрдық та, жүріп кеттік. Жүргізуші жас жігіт анда-санда жымыып күледі де, мені жаңа көргендей бетіме қарайды: менің жаңағы қылығыма таңырқайтын сияқты. Осы тұста 1943 жылғы күзгі сүмбіленің көңілсіз бір күні менің есіме түсті. Ол кездегі сүмбіле бір-екі жұмасыз ашылмайтын, ауылдың берекесін алатын, қырық жамау ескі киіз үйлер әр жерде қап-қара болып солпиып тұратын.

Жауын күндіз– түні себелейді де тұрады. Біресе басылғандай болса, артынша киіз үйді сабалап, жауын сау етіп қоя береді. Бір көңілсіз, күңгірт шақ. «Құдай-ау, аспанның қай жері тесілген», – деп күңкілдеп, кемпірлер жүреді. Құдайға да тілдері тиіп жатады. Ал аспан ашылып, күн жарқ еткенде, балаларда ес жоқ, оларға үлкен мейрам, қуаныш. Суды шалпылдатып қара домалақтар салады– ау сайранды. Үлкендердің де қабағы жазылып, жүздері жайнап сала береді. Мен ол кезде екі ауылдың хат-хабарларын үшінші ауылдан әкеліп тарататын почташы баламын. Бірде көрші ауылдың үлесті хат-қағаздарын тастап, атқа мінгелі жатыр едім, балалардың: «Ананы қара, әке, әкетті», – деген дауыстарына, көрсеткен жағына қарасам, ауылдың шетінде жайылып жүрген қойлардың арасынан көкжал қасқыр бір қара қозыны арқасына өңгеріп алып, желе жортып кетіп барады. Сасатын емес. Қойлар быт-шыт бытырап, сапырылысып жүр. Бір уақытта 6-7 жасар бөрік киген, жалаң аяқ бір бала қасқырдың артынан «Таста, таста қошақанымды», – деп

жылап, жүгіріп барады. Үйден шыққан әжесі: «Ана баланы тоқтатшы, ұсташы», – деп маған қарай жығыла– сүріне жүгіріп келеді екен. Баланың артынан тұра жүгірдім. Атымның сыры маған мәлім: шауып кете қоймайтын жануар еді. Бала мен қасқырдың арасы жақындай түскендей, бірақ қорқатын бала жоқ. Баланы қуып жетіп, оны құшақтай ала жерге құладым. «Қоя берші, қоя берші!» – деп бала мені төмпештеп жатыр. Баланы әрең жетектеп, әжесінің қолына тапсырдым.

Ымырт түсе бастады. Ауылдың шеті у-шу. Қора маңындағы иттердің үні жаңа шыға бастады. Жолға шықтым. Бөрікті баланың өксіп жылаған дауысы құлағымнан кетпей тұрып алды.

Алынбаған өш

– Сол 1937 жылы әкемді «халық жауы» деп алып кетеді. Не қылған халық жауы: малшы, сауаты жоқ, бір ауыз орысша білмейді, бар білетіні «ізрәст». Атам баласымен қоштасып қалмақ болып Қызылжарға барады ғой, барса әкемнің көзі үңірейіп, құр сұлдері қалыпты. Этаппен Воркутаға жөнелткелі жатыр екен. Атам өжет, әлді кісі еді, әлдігінде деймісің, күш атасын таныған кез еді ғой, бір сәті түскен де, әйтеуір жолықтырыпты баласына. Атам қоштасарда:

– Балам, халыңды көріп тұрмын, қабағым қайысып тұр, мына түрінді шешен көрмегеніне шүкіршілік, ол байғұстың осы жерде-ақ жүрегi жарылар еді. Ал сенің осы күйіңе кім кінәлі, пәле-жала кімнен келді, соны айтшы маған, жердің асты не үстінде болса тауып алып, көзін құртайын, өшінді алайын, ендігі бар қауқарым, қалған бар өмірім жетсе, арманым жоқ, – дейді.

– Білмеймін, әке. Иапония дей ме, немеңе, әйтеуір осы атты тергеушінің аузынан жиі естідім.

– Сорлы, балам-ай, қайда тұрады ол қанішер, руы кім, қай елдің иті? – дейді атам қалш-қалш етіп, көзінен жасы парлап. – Білмеймін, руы Аңғал сияқты.

– Өзіміздің аңғал батырдың ұрпағы ма? Онда ол қарабет шошқаны тауып алам ғой, – деп атам жылай-жылай елге аттанса керек. Мен ол кезде үштемін. Сонымен әкемді «Япония мен Англияның агенті, шпионы» деп итжеккенге жіберген, қайтып оралмады. Сонда әкем Япония мен Англия деген елдердің барын да білмеген, аттарын да естімеген ғой, жарықтық. Японияны өзінше Иапония (Қанапия деген сияқты) деп, оны кісі деп ұкса керек, Аңғал деп жүргені Англия екен. Анекдот қой, ә?

– Анекдот емес, трагедия ғой, трагедия. Ал сен мұны көңілді, күліп отырып айтқаныңа жөн болсын, Аманжол.

– Е, өзімізді-өзім жұбатқан түрім шығар. Көп ұзамай шешем дүниеден өтті, мен жеті жасымда жетім балалар үйіне түстім. Ел ішінен Иэпонияны таба алмай, баласы үшін, өзі үшін өшін ала алмай арманда атам кетті ғой.

Бәрінен де соны айтсаңшы, ала алмаған өшті айтсаңшы, – деп Аманжол орнынан тұрып кетті.

Хатшы сыры

Ауыздандыру демекші ... техникум бітірген соң,совхозда бес жылдай инженер болып істедім. Бір күні ауданның бірінші хатшысы шақырып алып: –

Совхозына парторг бол, – деп қолқа салды. – Ойланайын, қабырғаммен, әйеліммен ақылдасайын дедім.

Содан көршім Көшімбаймен ақылдасам ғой баяғы. Ол батыр елең етіп, салған жерден: «Бар да бар, сенің қолыңнан бәрі келіп тұр, грамотныйсың, партияға керегі жақсы сөйлей, жақсы жаза білу. Келбетің де келіп тұр, жасың да перспективный», – деп мені мақтай жөнелсін.

– Ие, жуып жібересің ғой, – деп екі алақанын ысқылап алды да, кішігірім семинарды ашып кеп жіберді.

Есік алдында тұрғанбыз. Сөйлеуші – өзі, тыңдаушы – мен. Ақыл-нұсқауы: «Ең бастысы – қағазға мықты бол, жұмыс орындалмаса да, бәрі жайнап жатыр, қатырып жатырмыз деп қағазға хаттап қой, әлгі мүшелік жарнасын уақытында жина, оған қол сұқпа, ебін тапсаң, жеуіне басқа жолдары да бар, директорына қарсы келме, басты изеп, ығында жүр, қазіргі заманда ең ұтымды әдіс – басшыларға қарсы келмеу, алдында иіліп тұру, яғни дистанцияны сақтай білу. Бір-екі есеп баяндамаларыңды жақсылап жазып ал, оның бәлен жылға жетеді, тек сандарын қарындашпен жаз, сосын жыл сайын докладындағы цифр көрсеткіштеріңді қарындашпен жаңартып отырсаң болды, қалғаны, орысша айтқандай, все приложится, мұның бәрі қалыптасқан жай, бұл партиялық талап, әдіс осы ғасырға, сенің өміріңе жетеді, – деді.

Бірақ оның соңғы айтқаны келмеді: партия тыраң етіп құлап қалды емес пе. «Номенклатураға кірдің, қайырлы болсын, ар жағында райком да алыс емес», – деген Көшімбайдың сөзіне ұйып, енді әйеліме келейін». Осылай темір-терсекпен май-май болып қашанғы жүресің, бол совхоздың парторгі, ең болмаса бір сиырдың, он тауықтың жемін жалындырмай өздері әкеп тұрады, алла жазса, үлкен қазанның шетіне біздің де қолымыз тиер», – деп, керіледі әйелім.

Содан бір күні білдей бір совхоздың парторгі болып ояндым. Астымда машина, Көшімбай айтқандай, алдымен қағаздарын ретке келтірдім, менің алдымда пенсияға шыққан парторг аса қозғала алмайтын, балбаң кісі еді, қағазға салақ екен, аудан басшылары жандары ашып, пенсияға дейі ұстап келген ғой. Жұмысым жаман болған жоқ, анда-санда тексеруге келгендер қағаздарымды көріп мақтап кетеді және кеңсенің коридорын партия ұрандарымен, моральный кодекспен (оның өзі құранның сөздері көрінеді ғой), ұйымның жұмыс жоспарларымен, түрлі суреттермен безендіріп қойғам.

Иә, ол кезде арақты аузыма алмайтынмын, тіпті дәмін татып көрген емеспін. Күндердің күнінде ... жазды күні болатын, дуаннан келген бір топ басшыларды қарсы алуға тура келді, ішінде өзіміздің аудан басшылары да бар. Мұның өзі жергілікті жер қоғадай жапырылып жасайтын шаруа екен. Келгендер жұмыс жайын сұраған болды, қағаздарды қарап тексерген болды, жәй алдамшы бірдеңе, көңілдері далада. Мұндай шаруаның жауапты жағы – қонақтардың бабын тауып, тамақ беруде екен. Осы жерде бір көзге түссең, абыройың біраз көтеріледі екен.

Сонымен баяғы банкет. Бәрі сілтеп жатыр, ағы, қызылы, шампаны, конъягі, мипалауы, жамбасы деген сияқты. Бір уақытта бастықтардың бірі: «Сен неге ішпейсің, бізді сынап отырсың ба, контра!» – деп шүйілді-ай келіп маған. Содан арамызда ас жасап жүрген бір әйелге көзі түсіп кетіп, соның белінен ұстап дегендей, ол да кетті-ау әйтеуір, ағаш ішін қыдырып. Жайлы, еркін, кең болсын деп далада, ағаштың бауырында отырғанбыз. Әлгі шертиген қарын кетісімен, шелмиген (шамасы ауру болар) арық біреуі майда тілмен: «Не хорошо, товарищ, надо поддерживать компанию, какой же ты партийный лидер, если водку не пьешь», – деп жаныма келіп отырып алды. Содан тәуекел деп тартып жібердім. Міне, сол тартқаннан

тартып келе жатырмын. Не керек, қонақтарды қарсы алуға, шығарып салуға шебер болып алдым, обалы нешік, директорымыз да ондайға ебелектеп тұратын.

Көп ұзамай шаруам дөңгеленіп, ісім оңға айналып жүре берді, бірақ елдің бәріне жағасың ба. Бір күні астарында машиналары бар бір топ ауылдың жігіттері: «Ақа, бір бой көтеріп дем алайықшы, бүгін мына Бақаңның туған күні көрінеді, ана ағаш ішіне барып, көңіл көтерейік», – деді.

Сонымен, дастарханымыз кенеп қап, ішкеніміз арақ, тіске саларымыз қияр, шаңырағымыз аспан болып, таң атқанша отырдық. Өлердей мас болыппыз. Түнімен ауыз жаласқан «достарым», «бауырларым» таң ата райкомның есігінің алдына көлденең тастап кете барған ғой.

Содан екінші күні күзетші болып ояндым. Жарайды, көп сөйлеп кеттім, білем. Ана жартынды жастықтың астына қой да, тауықтарыңа үш-төрт қап бидай алып кет, тоққа біреу-міреу келіп қалар, тездет. Сенің «ауызбастырық» дегенінді «ауыздандыру» деп естіп, ағынан жарылып, бар сырымды айтып қойдым ғой. Ал қимылда, ерегіскендей ай да бүгін жарық екен.

Бала иісі

Литваның Друскиникай деген курортты қаласында өзіммен жасы шамалас бір қазақ жігітімен таныстым. Бос уақытты екеуміз бірге өткіземіз. Бір күні сол серігімнің бөлмесіне есік қақпай кіріп келіп едім, шамаданға бір нәрсені шапшаң тастай салды да, өзі әлденеге қуыстанып қалды. Екінші рет осындай жағдайдың үстінен түскенімде, ол күліп жіберді де, жастықтың астынан жаңа ғана тыға салған сәбидің етекжеңі қысқа алақандай көйлегін алып шығып оны құшырлана иіскеді де:

– Немеремнің осы ит көйлегін иіскегенде маужырап рахаттанып қалам,– деп ағынан жарылды.

«Балам, балалы болғанда білерсің» демекші бүгінде әлгі танысымның көбіне өзім де түскендеймін. Шынында да, немере деген ыстық болады екен ғой.

Қара май шелек

Бірде нағашы ағам Ғазез: «Ол жылдары неше түрлі сұмдық болды ғой»,–деп бастады кезекті бір әңгімесін. 1937 жылы Орал пединститутында оқып жүрген кезім. Бір күні деканымыз аудиторияға кірді де: «Лекциядан кейін бірің қалмай актовый залға жиналыңдар, жиналыс болады», – деді. Жиналдық, оқытушылар да келді. Белгілі жәй, президиум сайланды. «Жиналыстың күн тәртібінде студент, комсомол Қожамұратов Шалабайды институттан, комсомолдан шығару мәселесі», – деп жариялады жиналыс басқармасы. Залдың іші тым-тырыс. Шалабай ұзын қара тактаның алдында тұр. Өзі де сымбатты жігіт еді, үрей еңсесін басып тұр.

– Қожамұратов, сенің үстіңнен арыз түсті, әкең Меккеге барыпты, молда, хажы көрінеді. Оны неге жасырдың, – деп жиналыс басқармасы столды жұдырығымен бір қойды, дүңк еткен жаңғырық түкпір-түкпірді қуалап жүре берді. Осы кезде күннің көзін бұлт басып, зал іші күңгірт тартты. Біраз үнсіздік орнады. Шалабай ауыр күрсініп алып: «Әкем байдың жалшысы болған, сол байдың атқосшысы ретінде Меккеге барғаны рас. Әліпті таяқ деп білмейтін қараңғы, тақыр кедей, бағы ашылмаған бір сорлы кісі. Ал қара май шелекті арбаға байлап жіберсе, ол

да Мекке мен Мәдинаға барып келмей ме?» – дегенде, залда отырғандар ду күлді, жиналыс басқармасы:

– Сөз бітті. Жиналыс жабық, – деп шығып жүре берді.

– Нағашы, іс сонымен бітті ме?

Оны қайтесің, әйтеуір жиналыс сонымен аяқталды ғой. Ол кез ауыр, сорақы, шырғалаң бір заман еді ғой. Әкеңнің туған ағасы Сүлеке ол кезде осы ауылда колхоз басқармасы болды, шала сауатты, дін ұстамаған (дін ұстауға шама берді ме), орта жаста, ұстамды жігіт еді. Сол кісі бір қонақта отырмай ма. Іштерінде екі-үш қарт адам болады, солардың біреуі ас қайырып, дастарқан басында бата берсе керек, отырғандар қолдарын жайып, беттерін сипайды, қорықса да, Сүлеке де ишаратын жасаған, саусақтарының ұшымен иегін сипай салыпты. Артынша ауылдың екі-үш адамы «басқарма дінге сенеді, молдалық құрып жүр, бәленшенің үйінде астан кейін бата берді» деп үстінен арыз жазып, қолдарын қояды. Сол кеткеннен Сүлеке атаң келмеске кетті. Ал Кәрім ағаң ше? Әкеңнің туған інісі. Ленинградта аспирантураны (тіл маманы) бітіріп келе жатқанда, жолда ұсталыпты, атып тастаған болу керек, қазір қолда ақталған қағазы ғана бар. Сөйтсе алдында ғана оларға дәріс берген бір профессор ұсталған екен, ал оның күнәсіз шәкірттерін үйлеріне жеткізбей жол-жолда ұстады ғой. Профессор да жазықсыз екен, кейін ақталыпты. Баяғы «Халық жауы» деген нәубет қой. Айтатыны бар ма, халық жаман күйзелді ғой, әсіресе біздің қазақ. Өзімізден де болды: Қазақта қызғаныш мол, ынтымақ аз. Өмірдің бір кезеңдері, жеке басты адамның іс-әрекеті халықтың тұрмысына, мінезіне әсерін тигізбей қоймайды ғой. Қызғаныш, жалтақтық, еліктеушілік өмір соқпағында жүріп жол жөнекей тапқан олжамыз шығар...

Жарайды, бұл өз алдында бір әңгіме. Ішінде дөңгелекке жағатын қара майы бар, арбаның астына байланған шелектің Меккеге барып келгенін айтсайшы, – деп күлді Ғазез ағам. Алдында ғана әңгімесін түнеріп отырып айтқан нағашым менің көңілімді аулады ма, көңілденгендей, күлгендей болды, сосын үй ішінде үн-түнсіз әрі-бері жүріп алды.

Көз жасымен суланған, тұншығып шыққан күлкіден ауыр не бар дейсің.

Қарыннан қалған өкпе

– Апа, бір мәтелдің реті келіп тұрғаны:

– Иә, айта бер.

– Баяғыда үйіне қонақ келгенде, байы: – «Әй қатын, қазанға не салдың?» – депті. – «Қарасын болсын деп қарынды көп салдым», – деген екен жұбайы, сол сияқты, нағашы апа, жиеншарға осы да жарайды ғой дегендей өзіңіз тұрмай, келініңізге «ас сал» деп күбір еттіңіз, келмегелі жыл болды, өкпелеп отырмын, – дедім ойынды-күлкі.

Ойбай, ондай мәтел-әңгімең бар болсын, соның қырсығынан құда мен құдағидың жүзін көрмегелі үш жыл болды. Ана бір жылы құда мен құдағи бір жақтан жол жүріп келе жатып, біздің үйге түсті. Соғым етінің бітетін кезі болатын, бірақ құдайға шүкір, қамсыз отырмаймыз, азын-аулақ сүр де шығарамыз, оған ана келінім шебер-ақ. Содан қонақтарға шай бердім, келін шаруамен жүрген, біздің үйдің ас-суына келін ие, кейбір қайыненелерге ұқсап, қоқақтап келінге көп билік айта бермеймін, жексұрын болғым келмейді, сыйласып өткенге не жетсін, кәрі мен жастың жағаласып жүргені қайбір жақсы дейсің. «Сыйластық сый туғызады, қиқарлық ашу туғызады» деп отырушы еді әкең.

Иә, сонымен ас та келді. Табаққа қарасам, берекелі ештеңе жоқ, табақтың қақа жартымсын қарын алып жатыр, ескі көне көрпе сияқты көлденең сұлап жатыр. Ұят болды. Бұны көргеннен-ақ құдағидың қабағы ашылмады. Ақыры олар өкпелеп аттанды. Ауыз үйде келінге: – «Мұның не?» – десем, – «Өзіңіз емес пе қарасын болсын қарынды көп сал», – деген деп қарап отыр. Күлейін бе, жылайын ба. Сүйтсе шай үстінде әңгіменің бір реті келген жерде жаңағы сен айтқан мәтел-әңгімені мен де құдаларға айтамын ғой баяғы, сол тұста келін ауыз үйден басын сұғып маған: «Ас салайын ба?» десе керек, оны байқамаған мен әңгімемді «қарасын болсын, қарынды көп сал», – деп аяқтаппын ғой. Келін ол сөзді өзіне айтты деп ұғып, қазанға бар қарынды салған ғой.

Міне, жиеншар, ол мәтел-әңгіменді енді менің есіме салма. Сол құрғырды баяғыда сенен естіген екенмін ғой. Ой, дудар басым, онда ана құда мен құдағиды ренжіткен сен болып шықтың ғой. Жарайды, жайланып отыр, өзім тұрайын, ас салайын, – деп нағашы апам жер таянып орнынан тұрды.

Терезеден қарап тұрмын. Апам бірден қазан-ошаққа бұрылған жоқ, анадай жерде ойнап отырған немерелерінің жанына барды.

Әзіл

Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов (1922-2011) Жамбыл облысының Сарысу ауданында оқырмандармен кездесу өткізеді. Ауыл мектебінің әдебиет пәнінің мұғалімі Әзекеңнің шығармашылығы туралы баяндама жасайды. Мұғалім ұзағынан сөйлеп келіп:

– Сіздің «Махаббат қызық мол жылдар» романыңыз – ел-жұртыңыздың жүрегіне жол тапқан ұлы шығарма! – деп сөзін ұрандай қорытады. – Мұндай роман жазған жазушы өлсе де арманы жоқ!


Сонда Әзілхан орнынан баяу тұрып:

– Ғафу етерсің, інім! – депті иіліп тағзым етіп. – Мен «Аңыз бен ақиқат» деген тағы бір дүние жазып жатыр едім. Сол роман аяқталған соң сіздің мына ұсынысыңыз жайында ойланайын!

Жазып алған Ә. Асқаров

Автор туралы:

венгр акыны, 1848-49 жылдардағы Венгрия төңкерісінің белсенді қайраткерлерінің бірі. Алғашқы жырлары «Ішкіш», «Дунайда» 1842 жылы тамызда, ал соңғы шығармаларының бірі «Сұмырай заманда» 1849 жылы шілдеде жазылған. Осы аз уақыт аралығында ол 85 дастан-жыр, 3 әңгіме, 2 драма, 1 роман жазды. Бұған қоса саяси-әлеуметтік мәселелерге арналған өткір мақалалары, хаттары, күнделіктері, аудармалары сақталған.



Шандор ПЕТЁФИ
(1870-1910)

ОЯН, ОТАН!

Оян, Отан! Жер-көкті
Күн тербетіп, Күн арбап
Қораздар да әндетті
Таң атқанын хабарлап.

Оян, Отан! Ол сені
Сәулесімен ұрады.
Биік ұстап еңсені
Тәкаппарсып тұрады.

Оян, Отан! Қыраным!
Бұлттар көшті жел тұрып.
Астығымен ұраның
Торғай қарнын толтырып...

Оян, Отан! Жұрт үшін
Оянбай кім қалады?
Мысықтар да сүт ішіп,
Бет-ауызын жалады.

Оян, Отан! Асқақта!
Барабанды қақпақ жыр.

Бақташысыз баспақтар
Көк егінді таптап жүр.

Оян, Отан! Ұл-қызың
Толтырады олқыны.
Күтімі жоқ жүзімнің
Солып қалған солқымы.

Уақыт келді қарманар
Әйелің де, ерің де.
Жек көреді шаруалар
Жырттып жүрген жерін де.

Қадірі жоқ бастың да,
Басты таспен уатасың.
Ұлы дабыл астында
Қалай тыныш жатасың?

Отан! Төзім тозбай ма?
Мен жылаймын, күлмеймін.
Өлгеніңді сезбей қап
Жүресің бе! Білмеймін!

Ұлттық жыр

Тұр, мадьяр! Басың көтер! Сынатпа!
 Қасіретті қалың елді жылатпа!
 Не ұлы бол, не құлы бол заманның
 Ермін десең, қару ал да мін атқа!
 Бұл жолы біз ант етеміз
 Басқаша:
 Ешқашанда құл болмаймыз!
 Ешқашан!

Бір кездері төтеп берген тасқынға
 Қасиетті, қадірі жоқ бастың да!
 Аруақтар да айырылды сабырдан
 Жатқан мына қара жердің астында,
 Бұл жолы біз ант етеміз
 Басқаша:
 Ешқашанда құл болмаймыз!
 Ешқашан!

Ашу-кектің алау-оты қоздасын!
 Бес қаруды тат баспасын, тозбасын!
 Оңбайды адам елі менен жұртынан
 Жоғарырақ қояр болса өз басын!
 Бұл жолы біз ант етеміз Басқаша:
 Ешқашанда құл болмаймыз!
 Ешқашан!

Бір сілкінсін жалқауың мен енжарың
 Атқа қонсын өзің түгіл, жан-жарың!
 Шынжыр емес, сыңғырласын
 қылышың,
 Кісен емес, жарқылдасын қанжарың!
 Бұл жолы біз ант етеміз Басқаша:
 Ешқашанда құл болмаймыз!
 Ешқашан!

Венгр аты әр кезде де, ұдайы
 Өткеніне болу керек лайық!
 Қан мен жуып кінәміз бен ант етеміз
 Басқаша:
 Ешқашанда құл болмаймыз!
 Ешқашан!
 Өлген жерден көтерілер төбешік.
 Қала қоймас еліміздің үні өшіп.
 Аттарымыз әулиеге айналып,
 Тоймағанмен бұл ажалдың өңеші,
 Бұл жолы біз ант етеміз
 Басқаша:
 Ешқашанда құл болмаймыз!
 Ешқашан!

Жетеді енді!

Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз!?
 Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!
 Сыбызғылар қоя тұрсын сызылмай,
 Керней үнін күтіп жатыр даламыз.

Кезкелген жау алды бізді басынып.
 Отан, оян! Шық қаруың асынып!
 Тұтандыру үшін сені керек пе
 Жаратқанның жарқ-жүрк еткен
 жасыны?!

Шығасың ба? Шықпайсың ба майданға?
 Қол жинасаң, құйыламыз қайдан да!
 Кумайсың ба қазыларды безбүйрек
 Жұрдай болған жүректен де, мидан да!

Қайда кеткен мадьярдың қуаты?!
 Қас-дұшпанын өз қанына жуатын?!
 Әлде біздер жасықпыз ба? Аналар –
 Таусылған ба қайсар ұлдар туатын?!

Ей, желөкпе, айта көрме асырып!
 Біздің халық көрген емес бас ұрып.
 Мадьярдың шарабындай бір отты
 Елім менің отыр, сірә, жасырып!

Өте шығар ә дегенше ай ұзын.
 Кәне, керней, қандыр жұрттың айызын!
 Жібереік бәрін өле мас қылып,
 Көмейлерге бір тамшы қан тамызып.

Отан! Отан! Жалтақтама, жасқанба!
 Ыңырсысын дұшпан тұяқ басқанда.
 Немістердің табанынан босанып,
 Жұлдыз даңқың қайта шықсын аспанға!

Алға! Алға! Жүрексінбе! Тартынба!
 Қайыспайтын қайсарлар бар артыңда.
 Ағып түссін жаудың жауыз көздері
 Алдаспаның шыққан кезде жарқылдап!

Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз?!
 Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!
 Сыбызғы үні тұра тұрсын сызылмай.
 Керней үнін күтіп жатыр даламыз!

Венгр халқы

Немістердің ұғымында бейшара да
пақырың.
Бакыт-дәулет; бостандықтың бәрінен де
мақұрым.
Ғұмыр бойы құл боп келген, көтермеген
еңсесін
Азат болды азапкер ел, менің халқым
ақыры!

Ерте кезден мандайында тер менен қан
баттасқан.
Жүре берген, жүре берген шаттық дәмін
таптастан.
Енді міне еркіндікті тартып алды
тағдырдан,
Алдаспанға айналдырып кісендерін
тат басқан.

Халқым менің еркін қазір арқасында
жеңістің.
Сөзі түгіл бөзі өтпейді бүгін бізге немістің.
Ескі күнді еске салып, есемізді қайырып
Басқа жұртқа таптатпаймыз бүгін
біздер қонысты.

Бағымызға бакыт қонды, көлімізге
құс келді,
Қашып жүрген қуаныш та келіп бізден
түстенді.
Тау біздікі, су біздікі – бәрі, бәрі біздікі,
Бұдан былай ешбір халық жасай
алмас үстемдік.

Өз жерінде өзің ауна, шөбінді шап,
егін сеп,
Іші күйсе тұз жаласын қожайыншыл
келімсек.
Келімсектің кеудесіне кадалады өкшеміз,
Ат үстінде, ер үстінде отырып ап тебінсек.

Венгерлерге ұйқыда да болу керек қырағы.
Қас-дұшпанның болған емес жақыны
мен жырағы.
Егер олар басып кірсе, әрең жатқан
науқастың
Төсегінде дайын тұрсын қаруы мен
құралы.

Бостандық пен ұлы Отан – ажырамас
бірлікте.

Осынау бір екі сөзден артық қымбат
жыр күтпе.
Жауыменен жағаласқан батыр венгр
майданда
Осы екеуін айтып барып бақылдассын
тірлікпен.

Венгр болды венгрлер

Елің ғана баспана,
Ұқсын соны жас бала.
Венгр болды венгрлер,
Малай болмай басқаға!

Жоқ халықтың арманы,
Көрді қанша қарманып.
Венгр болды венгрлер
Быт-шыт қылып жарманы!

Атқа отырып атойлап,
Астарында ат ойнап,
Венгр болды венгрлер
Көздерінде от ойнап.

Туысқандар суысқан
Қолын беріп туысқа,
Венгр болды венгрлер
Қолдарына ту ұстап.

Бір жүрек боп соққанда
Ол мықтырақ оқтан да!
Венгр болды венгрлер
Келіп сондай тоқтамға.

Тапқан екен аңғалды!
Жерде көл боп қан қалды.
Венгр болды венгрлер,
Бүкіл әлем таң қалды!

Қастасың да таң қалар,
Достарың да таң қалар.
Венгр болды венгрлер,
Бой бермейді енді олар!

*Қазақ тіліне аударған
Қадыр Мырза Әлі*

Об авторе:

поэт, эссеист, переводчик, публицист, литературный деятель. Директор и главный редактор журнала «Сибирские огни», секретарь правления Союза писателей России. Автор книг: «Окоём»; «Золотой Кол» (1989); «Могила Великого Скифа» (1996); «Посланец» (1997); «Тобук», книга поэм (2003); «Кочевник», стихи разных лет (2004); «Золотоносная мгла» (2008); «Ангел расстояния» (2009); «Чаша и пояс» (2013), «Знамя Чингиса», книга поэм (2013).



Владимир БЕРЯЗЕВ

АБУ НАСЫР АЛЬ-ФАРАБИ

* * *

Как бы сильна ни была власть любви –
Жизнь проходит в пустой суете.
Пламенем не меркнувшим стремись к Истине,
Сбросив с себя оковы обывателя (прожигателя жизни).
(Беги от обыденности)

Возрождается жизнь в своей круговерти (вновь и вновь по замкнутому кругу)
И всё же не вечна она,
В погоне за манящими соблазнами (сиюминутными радостями)
Прожигая дни впустую, человеку придется
Покинуть однажды сей ложный мир.

* * *

Бойся пустой суеты: как бы сила и власть
Грешной любви не грели – и это проходит...
Только в стремлении к Истине – светоч спасенья,
Сбрось же оковы обыденных лет, устремись на свободу.

Пусть возрождается жизнь в круговерти повторов,
Всё же не вечна она и соблазны не вечны.
Наши погони за радостью – сиюминутны.
Ложный сей мир – неминуемо каждый покинет...

* * *

Словно прямая черта (линия),
Начертанная на чистом листе бумаги.
Не согнется твое (могучее) естество,
При встрече с превратностью судьбы.

Уходя, все ж оставляем (дарим) мы
Огонь полыхающий сердца.
Не расстанемся с мечтаниями (не перестаем мечтать)
Находясь на пути к великим целям.
(т.е. близки к исполнению одной мечты, а уже мечтаем о чем-то другом)

* * *

Как линия – луча прямее –
Начертанная на листе,
И дух, и естество, и шея
Да нестигаемыми будут
Твои! – вовеки и везде.

Уходим мы, даря любовно
Огонь полыхающий сердец.
Надеясь счастливо-бескровно
Достичь мечты... Чтобы за нею
Прозреть: то путь, а не конец!

* * *

Что мне с того, что широки горизонты души,
Если каждый свой день встречаю с (робкой) надеждой.
(т.е. только надежда, нет уверенности ни в чем)
Всю жизнь – рядом со мной два сосуда (неизменно)
Из них черпает силу грядущее мое.
(В них видит опору мое будущее)

Один из сосудов полон чернил,
В другом же – вино, известное всем (его воздействие).
Чернилами преумножаю мудрость.
От вина же трезвею (избавляюсь) от невзгод своих.

* * *

Что мне с того, что широк я умом и душой?
Тлеет надежда: вдруг жизнь – не порожние числа...
Два лишь сосуда всегда у меня под рукой,
Только из них я черпаю грядущего смысла.

Первый сосуд для письма – он исполнен чернил.
Ну, а в другом же вино – зелена зеленее.
Вязью чернильной я мудрость и славу добыл,
А от вина я в миру лишь трезвею,

а не пьянею...

* * *

Медово-сладостный покой окутал меня.
Степь распростерла объятия для ночи.
В одиночестве полном, лежу без сна.
Убаюкана душа разума (досл. мыслей) светом.

Полыхнет ли след звездопада,
Проникает он в сердце ясным ликом твоим.
Из безвестности хлынув жаром страсти,
Восхитительным светом озарит мою жизнь.

Твой голос услышу из дали любой.
Расцвету я, чувствуя легкое дыхание твое.
Но это – лишь краткий миг ... а потом,
Вновь затяну я печальную песнь свою.

* * *

Я убаюкан покоем медово сладкимым.
Степь распростёрла ночные объятия свои.
Мне одиноко в бессонном молчании дивном,
Разума светом колеблет души колеи

Мерно и мирно...
Падёт ли восторг звездопада,
В сердце ли вспыхнет вселенная – ликом твоим,
Страсти пожаром охвачен – того лишь и надо! –
Я в восхищеньи склоняюсь пред образом сим,

Жизнь озарившим!..
Твой голос из дали далёкой
Слышу, а следом, как нега, – дыханье твоё.
Но лишь на миг, на мгновение... И вновь одиноко!
Вновь лишь печальная песня – моё бытиё.

Автор туралы:

ақын, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі. Ғылыми ізденістерінің негізгі бағыты – қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасындағы публицистика жанрының қалыптасуы мен дамуы, теориялық және шығармашылық мәселелері. «Жұлдызды шақ», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Ақ лақ» жыр жинақтарының авторы



Бауыржан ЖАҚЫП

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ӨЛЕҢДЕР

ДОМБЫРА

Тәңірінің құйған жан нұры домбыра,
Халкымның қилы тағдыры домбыра.
Күй болып ғажап төгілген домбыра,
Еңкілдеп жылап, егілген домбыра.
Іштегі шерді таркатқан домбыра,
Әсем өмірден ән тапқан домбыра.
Қара шанағына мұң толған домбыра,
Пернелеріне үн толған домбыра,
Ақыл нұрына қаратқан домбыра,
Сезім сәулесін таратқан домбыра.
Хандардан қалған көсем домбыра,
Билерден қалған шешен домбыра
Дауларды шешіп тастаған домбыра,
Майданда қолды бастаған домбыра.

Ғасырлар сырын сақтаған домбыра,
Суға салса да батпаған домбыра.
Отқа салса да жанбаған домбыра,
Кең-байтақ жерді қорғаған домбыра.
Құрманғазыдан қалған домбыра,
Дина шешеміз шалған домбыра,
Тәттімбет бабам шерткен домбыра,
Серілер-салдар ерткен домбыра.
Небір шеберлер жасаған домбыра,
Сүгір домбыра, Қашаған домбыра.
Ұшқан күндерге ілескен домбыра.
Үкісі үлпілдеп, жыр ескен домбыра,

Абай домбыра, Жамбыл домбыра.
Даналар тартқан даңғыл домбыра.

Көп әңгімені азайтқан домбыра,
Жігіт боп қызға сөз айтқан домбыра.
Сұлудың үні – гәкку домбыра,
Көлдегі жүзген аққу домбыра.
Бұлбұлдың даусы сіңген домбыра,
Қыран боп түлкі ілген домбыра.
Аңшы боп ойға шомған домбыра,
Аттың шабысы қонған домбыра.
Лекіткен домбыра, лепірткен домбыра,
Ортекелерді секірткен домбыра.

Бәйге атындай баптаған домбыра,
Арыстарымды да жоқтаған домбыра.
Ауыр қазаны естірткен домбыра,
"Жазмыш-ай, жазмыш!" – дестірткен домбыра.
Арқаны жаяу кезген домбыра,
Азапқа талай төзген домбыра.
Азаттық күнін күткен домбыра,
Қазаққа ғана біткен домбыра!

КИІЗ ҮЙ

Киіз, киіз, киіз үй,
Киіз, киіз, киіз үй,
Қара мақпал түндерде
Айдан такқан мүйіз үй.

Ою, ою, ою үй,
Ою, ою, ою үй,
Сенен шыққан күмбірлеп,
Бабам тартқан қою күй.

Отау, отау, ақ отау,
Ырысты отау, бақ отау,
Сенен көзін алмайды
Ақ қар, ақ қар Алатау,
Қатпар, қатпар Қаратау,
Сағым, сағым Сарыарқа,
Атырау, Алтай, дала, тау.

Керегекөз шаңқан үй,
Уық иық шаңқан үй,
Алтын діңгек, тор шаңырақ,
Торғауытты қалқан үй.

Қырға қонған шатыр үй,
Ойға қонған шатыр үй,
Бес қаруын асынған,
Дулығалы батыр үй.

Ақ сеңсеңді бөріктім,
Тау тұлғалы көріктім,
Иен даланың төрінде,
Еркін, азат, еріктім.

Қонағыңды шақыр үй,
Қымызыңды сапыр үй.
Нұр саулаған төсінен
Жыр саулаған ақын үй.

Ашуланса қамшылы үй,
Шамырқанса шамшыл үй.
Қонақ келсе қой сойған,
Туыс келсе қаншыл үй.

Жауын жауса тамшылы үй,
Сәукелелі сәншіл үй.
Көмейінен саз төккен,
Әсем әуез әнші үй.

Күміс баулы туырлық,
Қасиетінді ұғындық.
Түннің аппақ нұрына
Сенде жатып жуындық.

Аққу мен қаз көл аңсар,
Жайлауымсың – мен аңсар.
Шаңырағыңа, о, ғажап,
Сыйып кеткен ғаламшар.

Көк құлынды биенің,
Ақ боталы түйенің,
Саумалының шіркін-ай,
Исі сіңген сүйегін.

Күн шығады таңертең,
Саған сүйеп иегін.
Дала – күйші, әкеркем,
Сен деп білген тиегін.

Өлеңімнің гүл өні,
Өмірімнің тірегі.
Желп-желп еткен түндігі
Кең даламның жүрегі.

Көкте тәңірі – бір ием,
Жерде сенсің – қыр ием.
Сыйып кеткен ішіне
Дөңгеленген дүнием.

Сол үшін де сүйемін,
Алдыңда бас иемін.
Саған ешбір үй жетпес,
Киіз үйім киелім!



Автор туралы:

1990 жылы 10 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Арыс ауданы (бұрынғы Отырар) өңірінде дүниеге келген. «Айтума» жыр жинағының авторы. Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері. Жас қаламгерлердің Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы сыйлығының, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Қазақстан Жастар Одағы «Серпер» сыйлығының иегері. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің «Баспасөз және электронды БАҚ» кафедрасының оқытушысы.



Бауыржан ӘЛҚОЖА

ТОПЫРАҚ

Өн бойыңа сіңгендей тылсым дұға,
Түйірінде қадір бар бір сұңғыла.
Жерге біткен көп-қоңыр болмысыңмен,
Дүниені көтеріп тұрсың мына.

Қойының— алтын, бітеді гүл де саған,
Жомартсың-ау, болыпсың кімге сараң.
Сан қырынды жүргенмен зерттеп бәрі,
Тағлымыңды бес күнде білмес адам.

Батырмайсың алалап нала-мұңға,
Құнарысың баланың, дананың да.

Сонша байлық иесі болсаң-дағы,
Бұл ғаламның жатсың-ау табанында.

Құндақтаулы құпия қойнауыңда,
Жетелейсің әр жанды ойлануға.
Тас қаладан кашамын қажып кейде,
Саған аунап жатсам -деп- қойлы ауылда.

Тіл бітірген, таранған тоты баққа,
Өзіңді аңсап құлайды жапырақ та.
Қасиетінді сезінер, қайран дүние,
Айналғанда бір күні топыраққа.

Автор туралы:

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының жауапты хатшысы



Жанарбек БЕРІСТЕН

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ СТИЛЬДЕР МЕН БАҒЫТТАР

Өнер тарихы – шын мәнінде стильдер тарихы. Мәдениетті зерттеу ісінің де өнер тарихы стилімен біте қайнасып жатқанын көреміз. Біз шағын зерттеу барысында осы стиль мәселесі арқылы пікір айтып, күрделі өнер тарихы мәселесін шешіп тастаймыз деуден аулақпыз, бірақ өзіндік пікір айтуда философиялық деңгейдің жаңа қырын көрсетуге ұмтылатынымыз анық. Өнер тарихы мен стиль ұғымының бірлігін, байланысын қарастырудың мәдениет стилін анықтаудағы рөлі әрқашанда маңызды. Бұның бәрі стильдің ұлттық ойлау мүмкіндігіне негізделмек. Стиль алуандығы – өнер мұқитын байытатын, толтыратын кәусәр бұлақтар.

Егер де хроникамен өлшесек, өнердің тарихи маңызы артпақ, ал стильдік өлшеммен өлшесек, тарихи эстетикалық маңызы артпақ. Сонымен, қазақ жерінде бейнелеу өнерінің қалай дамығанына назар аударсақ және қандай стильмен өркендегеніне көз жүгіртсек. Бұл жерде біз алдымен әлемге белгілі бейнелеу

өнерінің негізгі бағыттарын әуелі айтып алып, содан соң сол бағытта қазақ топырағында кімдер еңбек еткенін тілге тиек етеміз. Сонымен:

Примитивизм (англ. primitism – ең бірінші деген мағынаны білдіреді) 19-20 ғғ. соңындағы бейнелеу өнеріндегі бағыт. Көркемдік бейнелердің сезімталдығын жеңілдету және қарапайым аңқаулау өнердің формасындағы сазды қатынастарды бағамдап бейнелеу. Бұл бағытта өздігінен талпынып үйренетін суретшілер, примитивизмнің әуені мен тақырыптарын, алғашқы өнер ретінде өздерінің жұмыстарында кеңінен қолданды. Сол үшін де примитизм – қандайда бір настальгияның жетістігі, өмірдегі мәдениеттің образы.

Алғаш Қазақстанда бұл бағытта еңбек еткен Николай Хлудов пен Әбілхан Қастеевті, кейін қосылған Сергей Калмыковты, қазіргі заманғы Нейлэ Бубені айтуға болады.

Натурализм (фр. naturalisme, от лат. natura табиғат) – Еуропа мен АҚШ-

та XIX ғасыр соңында қалыптасқан, әдебиет пен өнердегі бағыт.

Өнер саласында натурализм ең алдымен француз жазушылары: «суретшілер ең алдымен айнала қоршаған әлемді ешқандай да қоспасыз шынайы түрде салуы керек», – деді. Олардың адам туралы шындықты айтуынан өмірдің биологиялық жағына қызығушылықтары арта түсті. Дәл осы сипаттама Николай Хлудовта, Әбілхан Қастеевте анық байқалды. Бұл екі суретші де осы жолды бастан кешті. Олар байқағыштық пен бояуды терең сезіну позициясы шектелген таза натуралист еді. Сол кезеңнің қоспасыз өмірі тарихи этнографиялық жағынан да, стильдік жағынан да құнды болып қала бермек.

Біртіндеп қоғам дамып, әлеуметтік жағдай мүлде өзгерді. 1930-1970 жылдары Кеңестік сыншылар натурализмді, көркемдік әдіс ретінде қарастырып, реализмге қарама-қарсы бағыт деген сын айтты. Кеңестік реализм болмыс пен қоғам дамуының идеологиялық эстетикалық көрінісі ретінде насихатталды. Ал Әбілхан Қастеев өз шеберлігін шындай отыра, артынан нағыз реалист суретшіге айналды.

Реализм (фр. *realisme* – нағыз, заттық) – өнердің функцияларын, түсінігін сезіне бейнелейтін: өнердің арнайы құралдарын өмір шындығында бейнелеу, оның көркемөнердегі реалдылыққа енуінің өлшемін, тереңдігіне толық енуін тану болып табылады.

Қазіргі уақыттағы реализм нақтылықпен жаңа тарихи байланыстарды іздестірумен мінезделеді, негізгі түбіртекті шығармашылық шешімдерді және көркемдік мәнерлілікті обрыздайды. 1930 жылдары Қазақстан Суретшілер одағының іргетасын қалаған ұмытылмас есімдер Әубәкір Исмаилов, Қожахмет пен Құлахмет Қожықовтар, Әбілхан Қастеевтер. А. Черкасский, Л. Лизогуб, Б. Орманшы. К. Баранов, В. Антощенко-Оленов, Л.П. Леонтьев-

тар дамытса. Қазақ өнеріндегі 1950-70 жылдар Қанафия Телжанов, Сабыр Мамбеев сынды кемел таланттардың шабытты жемісті еңбек еткен жылдары болды. Сол жылдары М. Кенбаев, К. Шаяхметов, А. Ғалымбаева, Г. Исмайлова, Х. Наурызбаев, Б. Түлеков, Н. Гаев, Н. Нұрмұхамедов, Е. Сидоркин, А. Степанов, Ү. Әжиев, А. Школьный, Ә. Қайдаров, Н. Таңсықбаев, А. Юлдашев, 80-жылдардағы Камил Муллашов, Төлеген Досмағамбетов, Ескен Сергебаев, Бақыт Әбішев, 1990-2000 жылдардағы Жұмақын Қайраңбаев, Зейнекүл Түсіпова, Талғат Искаков, Бақытқан Мырзахметов, Досбол Қасым, Манат Қаспак, Талғат Тілеужан, Токқожа Қожағұлов, Максим Ведерников сияқты суретшілер бүгінгі күндері дамытуда. Тарихи мүсін ескерткіштердің дені осы реализм бағытында орындалды.

Сонымен бірге кеңес заманында Әлеуметтік реализм-ресми көркем бағыт және теориялық принцип, 1930 ж. ортасынан 1980 ж. басына дейін үстем болған. Ол практикада идеологиямен саясат принциптеріне әдебиет пен өнерді бағындырды. Соған қарамастан оның өмір сүру уақытында маңызды көптеген шығармалар дүниеге келді. 1980 жылдардың соңына қарай әлеуметтік реализм саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты тарихи-әдеби терминге айналды.

Қазақ өнеріндегі жаңа бетбұрыс жасаған ағым ол *Импрессионизм ағымы*. Осы импрессионизм арқылы ұлттық эстетиканың сапасын көрсеткен ол Сабыр Мәмбаев ағамыз. Қазақ өнеріндегі 50 жылдардың аяғында келген Импрессионизм (фр. *impressionisme*, *impression* – әсер) өнердегі XIX ғасырдың екінші жартысындағы Франция пайда болған көркем бағыт.

Жаңа ағым сол реализмнің жылдарындағы қазақ өнеріне жаңа көкжиектер ашып, өнердің дамуына және жаңа тұжырымдамалар, ағымдар және формалардың пайда болуына қозғау

салды. Ол өз кезегінде жаңа көркем эстетикалар және бағыттардың пайда болуына ықпал етті. Бұдан басқа Жанатай Шарденов, Сахи Романов, Зейнекүл Түсипова, Өркен Мамакова. Бүгінгі күндері Жұмаш Кененбай, Гүлжамал Тагенова, Құрманғазы Ақашев, Фридли сияқты таланттар жалғастыруда.

Постимпрессионизм (импрессионизмнен кейін) 19 ғ. аяғы – 20 ғ. басында француздық өнердің жиналмалы бірнеше бағыттардың бірі импрессионизмнің жалғаушысы болып табылады. Постимпрессионистік суретшілерді бір ғана нәрсе біріктіреді ол – импрессионизмнен белгілерін көркем-шығармашылық эстетикалық ізденістерге итермелеу, кенепке лезде орындалатын жұмыс емес ұзақтау уақытта бейнеленетін, өмірде кездесетін жағдайларды материалды түрде, жан дүниеді кездесетін бейнелерді кескіндеу болып табылады. Ең таңғалатын құбылыс әлемдегі үдерістің қазақ топырағында кеш басталса, импрессионизмнен кейін постимпрессионизмнің келуі. Ұлттық мектептің пластикалық тілін қалыптастырамыз деп мақсат қоймаса да, өнер формасы бойынша да, мазмұны бойынша да ұлттық болуы тиісті деген идея болды. Бұл ізденістер әртүрлі жолдармен жүрді. С. Айтбаев, Ә. Жүсіпов, Ш. Сариев, Ә. Сыдыханов, Т. Тоғысбаев, К. Дүйсенбаев, А. Ақанаев, Графиктер М. Қисамединов, Ә. Смағұлов, М. Табылдиев, бүгінгі күндері Б. Мырзахметов, Ж. Әбдраман және графикадағы жалғастырушы Т. Ордабеков, М. Канленовтер – осы бағыттың ең жарқын өкілдері.

Сезанизм-постимпрессионизм өкілі, көрнекі кескіндемеші Поль Сезан есімімен аталған – XX ғ. 1-ші жартысындағы кескіндеме ағымы, – П. Сезанның әдісіне бағытталған, түстердің кереғарлық құрылымы арқылы берік, тұрақты көлемді форма; оның көркем түйінделуі мен геометриялылығы.

Сезанның пікірі бойынша, суретшінің міндеті бір мезеттік шындықты фиксациялау емес, оны терең зерттеп, негізгі қасиеттерін – көлемін, құрылымын, мәңгілік мәнін, әлемнің монументтік сипатын, оның тұрақтылығын, өзгермейтін сызығын бере білу керектігінде деген.

Өзінің «іске асыру» деп атаған шығармашылық принципін, Сезанн «Пуссен секілді тікелей заттың өзіне қарап жазу», дәлірек айтқанда табиғатты бақылау мен зерттеу арқылы тікелей заттың өзімен жұмыс жасау арқылы жаратушының құрылымдық ойын түсіну.

Сезандық кескіндеменің негізі – сурет, түс және кереғарлық. Түс – бұл басты форма жасаушы бастау. Ал кереғарлық арқылы суретші заттарға ерекше маңыз бере отырып, оның толық екенін сездіретін көлемдер жасайды. Сезанн, кеңістікке аса мән бермеген, барлық бейнені бірге бір кеңістік аумағына тартады. Сезанды «таза кескіндеменің» өкілі, кейде әлемнің өзіндік философиялық концепциясы мен өнерін жасаушы деп те айтатын. Қазақ суретшілерінің 60-80 жылдары келген үлкен шоғырлы топтың дені сезанистер. Сезанизм мәселесі қазақ өнерінің үлкен бір тарауы, ол әлі қалам тартылмаған, әлі зерттелмеген тың саласы.

Кубизм (фр. Cubisme, куб) – 20 ғасыр басындағы француз өнерінің көркемдік бағыты. Кубизмнің мәні – бұл примитивизм, әлемді, геометриялық фигураларды тура қабылдау формасы.

Кубизм өзінің шарықтау шыңында 3 кезеңнен өтеді: Сезандық, аналитикалық, синтетикалық. Алғашқы кезең (1909) үшін көлемді, бірнеше өрескел формалар, түзу және сынық сызықтар сипатта болды. Екінші кезең (1909-1912) бейнелеуінде ұсақ детальды заттармен ерекшеленетін. Тұтас форманы бөлшектей отырып, суретші заттың анализін жасау үшін оның құрылымына енуге ұмтылады. Бұл бейнеленетін заттардың және жанрдың шектелуіне әкелді (натюрморт, пейзаж, және пор-

трет), синтезге негізделген кезең (1913-1914) коллаж болды. Картиналар әртекті материалдар мен көріністерден жинақталған (киім газеттердің қиындылары, түсқағаз қиымдары, сіріңке қораптары, жапсырмалар). Дәстүрлі кескіндемені қабылдамай, өздігінше, тәуелсіз кескіндеме жанрын құрады. Қазақ өнеріндегі көшбасшылары С. Айтбаев, Ш. Сариев, Ә. Жүсіпов т.б.


Дәстүршілдік. Дәл осы кезеңде қазақ монументалды өнерімен сәндік қолданбалы өнерде дәстүр бояуларын ізденістер кең қанат жайды. Идеологиялық ережелердің таптаурын жолына түскісі келмегендіктен, көркемөнер мектебінің ұлттық принциптеріне деген ізденістер басталды. Сол кезеңде жұмыс істеген монументалистер Молдахмет Кенбаев, Цивчинский, Құрас Тыныбеков, Қанапия Оспанов, сәндік өнердегі Сәуле Бөлтірікова, Бәтима Зәуірбековалардың ізденістерімен белгілі. Бұл суретшілердің шығармалары рухани эстетикалық бағытымызды айқындап қана қоймай, дүниетаным қалыптастыруда үлкен рөл атқарды және ой санамыздың бір адым ілгерілегендігінің айғағы. Рыстан Өмірзақ, Зейнелхан Мұхамеджан осы бағытта үлкен нәтижеге жетті.

Сексенінші жылдардың аяғындағы Кеңестік қоғамдағы «Қайта құру» реформаларының басталуы мен суретшілер арасында ұлы еркіндік атты жағдай пайда болуына жағдай жасалды. Оның артынша табиғи таланттардың лықсыған шығармашылық энергиясының ұлы арнасына айналдырған сондай бақытты сәт Тәуелсіздік те келді. Дәл сол кезде Әбдрашит Сыдыхановтың «Таңбалық кескіндемесі» реформаторлық табыспен стилдік ағымдардың жаппай дамуына бастамашы болды. Мұнан соң шығармашылық потенциалдың жаппай еселей артуының бір ағымы авангардизм келді.

Авангардизм (фран. *avantgard* – алдыңғы қатар), авангард – XX ғ. но-

ваторлық, бунтарлық қозғалыстар мен көркемдік мәдениеттегі бағыттардың жиынтығы. Авангардтық ағымның шығармашылық бағдарламасы, идеялары мен әдістерінің түрлілігі бойынша онда жалпы сипаттарды бөлуге болады: ең алдымен «формадан босатуға», толық еркіндік пен басыбайлықтан босатуға талпыну. Бұл бірінші, дәстүрлік өнерге теріс қатынас көрсетуде, бейнелеу мен сұлулықтың классикалық нормаларынан бас тартуда көрінеді; сонымен бірге өзінің туындыларын көрсетудегі ойлаудың ассоциативтілігі мен эпатажды сипаты.

Суретші-авангардистердің негізгі мақсаты өмірдегі «екінші шындықтың» сипатын, әлемнің субъективті моделін құру болды. Сондықтан да олар өнермен шындықтың арасындағы шекарасын жоюға, өнер туындыларын адамдарды қоршаған ортаға енгізуді ұйғарды. Ол инсталляция, энвайронмент, хэппининг сияқты формаларда кең өріс алып дамыды. Дәстүрлік өнердің ережелерін, көркемдік және антикөркемдік шығармалардың әдіс-тәсілдері, формаларын құра отырып, авангардистер фотография, кино, электрондық музыка секілді өнердің жаңа түрлері пайда болып, олардың дамуына мүмкіндік берді.



Модернизм – (фр. modernisme, от moderne – замандас, жаңа) XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған көркемдік өнердің жиынтық бағыты. Бұл шығармашылықтың жаңа түрін жасайтын шебер, әр шығармасын өз көзқарасы бойынша өзгертіп, өзіндік алған әсеріне сүйене отырып жасаған. Модернистік тенденцияның ерекшелейтін бағыты – импрессионизм, символизм және модерн болды, дегенмен бұл қозғалысқа экспрессионизм, нео және постимпрессионизм, фовизм, кубизм, футуризм және кешірек пайда болған бағыты – абстрактылы өнер, дадаизм, сюрреализм бағыттары жатады.

Ал басқаша айтқанда модернизм – авангардизмнің алғашқы баспалдағы ретінде қаралады. Кең түрде бұл бағытты «басқа өнер» мағынасында түсінуге болады. Бұл қозғалыстың басты мақсаты – бейнелеу өнерінің жаңа бағытын тудыру. Бақыт Бапішев, Асқар Есдәулетов, Ақтоты Смағұлова, Асқар Есенбаев, т.б. осы бағытта ізденуде.

Қазақстан көркем өнерінде бүгінгі күнде дамып жатқан көптеген стильдік ағымдар бұл күнде мәдениеттің – ашық заманауи қоғамның бағыт-бағдарларын білдіреді. Стилистік сантүрлілік, сондай-ақ, жаңа заман тарихына да өз мөртаңбасын басты. Олар заманауи өнер деп аталатын дүниені құрайды. Әрине, барлық айырмашылықтарына қарамастан, эстетика тұрғысында олар белгілі бір ішкі туыстыққа ие. Бүгінгі заманауи қоғамда бірегей стандарттар жоқ, әрбір топ өзінің құндылықтарына, тілі мен стиліне ие. Сондықтан плюралистік қоғамда бір уақытта көптеген стильдер қабаттаса, қосарласа бір тіршілік етуі тиіс. Осы жаңа кезеңде бейнелеу өнері өзіндік үлгілік нәтижелерге де қол жеткізді. Өзінің таза концептуалдық үлгілерімен және өзінің келіскен үйлесімділігімен маңызды қоғамдық резонанс құрып қана қоймай, бізді қызықтыратын

мәселелер үшін маңызды теориялық тұжырымдамаларды ортақтастыра да білген туындылар дүниеге келе бастады.

Неоклассицизм. (лат. Classicus – үлгі) бұл ежелгі грек және рим, ренессанс суретшілерінің негізгі принциптерін басшылыққа алады. Классицизм әдісінің дамуына біріншіден, нарықтық экономиканың сұранысы ықпал етті. К. Муллашевтің ескі шеберлер стилінде салған шығармалары өте табысты болды. К. Муллашевтің, Е. Теёсекілділер де өзіндік өрнегімен ерекшеленіп келеді.

Постмодернизм (соңғы модернизм) – постмодерн термині XX ғ. соңындағы көркемөнердің реалды емес бағытын біріктіруде, көркемөнер қозғалысын ортақ өмірдегі және жаңа дамыған елдің мәдениетіне ұқсас болып келуін білдіреді. Көбін белгілі стильдік тақырыпта ыңғайда ғана қарастыруға келе бермейді. авангардистік тәжірибелердің дендеуі. Постмодернизмнің Қазақстан өнертанушылары айтып жүрген атауы актуалды өнер. Өнердің барлық түрі актуалды және бұл термин атаумен келіспеймін.

Сонымен, Постмодернистік өнердегі стильдердің сан қилылығы, бүгінгі заманның әлеуметтік өмір салтының көрінісі. Постмодернистік өнер әуел бастан-ақ көпқырлы, ыдыраңқы, қарама-қайшылықты құбылыс еді. Кейде оған «бағыттан кейінгі өнер» деген атауды да таңып жатады. Оның мұндай сан қилы сипаттары бүгінгі заман өнерінің қарапайым ағымдарының тізілімін де көрсете алады: видео арт өнері; перформанс; боди-арт; тұжырымдамалық өнер (инсталляция); кескіндеме өнеріндегі шынайы суреттер; мүсіндеу өнеріндегі гиперреализм; монументалдық абстрактілік мүсіндеме өнері (ленд-арт, топырақпен жұмыс істеп, өнер туындысын дүниеге әкелу); бүгінде басты сипаттамасы каталдық пен нақтылық емес, эклектикаға меңзеу болып табылатын абстрактілі кескіндеу өнері.

Постмодернистік өнердің жоғарыда аталған ерекшеліктерін жалғастыра беруге болар еді. Дегенмен, осы айтылғандардың өзінен постмодернизмнің өнердегі қалған барлық түрлерінен қаншалықты айрықшаланатыны және ең алдымен, өзінің тікелей алдыңғы аға буыны – реализммен модернизммен қаншалықты ерекшеленетіні түсінікті. Қазақстан постмодернистері Америка мен Еуропадағы ірі бинналдарға қатысып, үлкен жетістіктерге жетті. Батыстық өнер сүйер қауымды қайран қардырған суретшілердің ой еркіндігін кеңістікті шығармашылық призмасы арқылы көрсетудегі дүниетаным кеңдігін шетелдік өнертанушылар атап көрсетті. Қазақстандағы бұл бағыттағы суретшілер – Кенжебай Дүйсенбаев, Амандос Ақанаев, Мұқатов Табылды, Рашид Нүрекеев, Асия және Қадыржан Хайруллиндер, Алма Меңлібаева, Сәуле Сүлейменова, Руслан Халфин, Елена және В.Воробьевалар, Валерий Рупель, Вячеслав Ахунов, Қанат Ибрагимов, Молдағұл Нарымбет, Саид Атабеков, Виталий Симаков, Ербол Мелдібеков, Андрей Нода т.б.

Абстрактілі экспрессионизм. Суретшілер кенеп бетін ірі жағындылармен бояды. Жазудың бұл экспрессивті тәсілі туындының өзіне қарағанда маңызды болып табылады, сондықтан да картина құру процесі үнемі жарияланып отырды. Көрермендер алдында бүкіл қойылым айналды, онда суретшінің жесті мен қозғалыстары кенеп бойымен төгіліп жатқан бояу секілді белсенді рөл ойнайды. Мұнда сыншыл Харольд Розенбергтің абстрактілі экспрессионализмінің берген екінші атауы – «іс-әрекет кескіндемесі» атауға болады. Ол картина салудың физикалық актіін нақты көрсететін анықтама. М. Нарымбетов – осы бағыттың өкілі.

Пуантилизм – «фр. Pointel – нүктелі хат» кескіндемедегі шығармашылық

тәсіл, өзімен бірге бөлінген жеке нүктелер анықталған мазоктарды ұсақ нүктелі және төртбұрышты түрде таныстырылған.

Түстерді табуы, араласуы және көп түсті ғажайыптың пайда болуы политрада емес, кенепте емес ол – көрерменнің көзінде және қабылдау сезімінде болады. Осы үшін арнайы жазу техникасы – пуантилизм ойлап табылды. Нүктелі жағыстар кенепте таза түстерді физикалық және математикалық заңдылықтарының өзара қатынастарының орналасуының сәйкестігін кенепте көрсетті. Пуантилизм ретсіз импрессионистік ұйымдастыру манераларын нақты және жүйелілік картинаға белгілі бір тақырыптағы тұрақтылық берді. Жазудың жаңа техникасы өте қиын, суретшілердің көп уақытын және көп еңбектенуді, адамның күшін, еркіндік эмоцияларын қажет етеді. Дегенмен де шығармашылық тәсіл ретінде қазір кескіндемедегі ерекше техника болып қалды. Қазақ өнерінде Қалиолла Ахметжан, Болат Тұрғынбай өз қолтаңбаларын айқындап үлгірді.

Видео-арт (ағылшын. video-art – видеоөнер) – XX ғ. соңындағы видеотехника, компьютерлік және телевизионды бейнелердің мүмкіндіктерін көркемдік концепцияда көрсету үшін пайдаланылатын бейнелеу өнеріндегі бағыт.

Боди-арт (ағыл. body-art – дене өнері) – авангардтық өнер түрлерінің бірі, мұнда негізі объект суретшінің өзінің денесі болып, ал мазмұны тұрған тұрысы, жест және денеге салынған белгілер көмегімен ашылады. Дене манипуляциялаудың заты ретінде қарастырылып, суретшілер экзистенциалды жағдайда қызығушылығын білдіреді: өмір-ажал, эрос-танатос, сана-бейсана; боди-арттың келесі доминанты-садомазохисттік мотивтер, фрейдтік символика.

Боди-арт композициясы тірі бейнелер принципінде туындайды. Олар

көрермен алдында түсіріледі, көрме залдарында демонстрацияланады. Медиум суретшілер Виталий Симаков, Саид Атабеков, Молдағұл Нарымбетов, Ғали Мырзаш осы бағытта көп ізденіс үстінде келеді.

Оп-арт (анг. op. art. қысқартқанда *optikal art* – оптикалық өнер) – өнердегі бұл бағыт көрермен иллюзиясына да әртүрлі қолданылады, тегіс және кеңістіктегі фигуралардың ерекше қабылдауының негізінде болады. Оп-арт бағыты 1950 ж. қозғалыс ретінде туындады. Оп-арт 1960 ж. тек кескіндеме өнерінде ғана емес, сонмен қатар сәндік қолдану өнерде, графикада, дизайнда сән әлемінде, сәнді бояуда ұзақ болмасада, кең көлемде етек алды. Бақытқан Аңсапбергенді осы бағыттың өкілі десек болады..

Посткескіндемелік абстракция (англ. post-painter abstraction) 1960 ж. Америка құрама штатында түрлі геометриялық абстракцияның абстракты кескіндеме бағытында пайда болды. Посткескіндемелік абстракция абстрактылы экспрессионизмдегі кескіндеме техникасына қысқартылған сызықты нақты тура контурлар бейнеленді. Қа-



рапайым кескін үйлесімдері композициялы қойылымдарда қайталанды. Кейде геометриялық фигуралар бір кескіндемелік белгіге дейін азайған (үстінен тең бояуға бөлінген жолдар) немесе геометриялық аскетизмнің пайда болуынан – кенеп толығымен бір түсті бояулармен жағылған болды Армад Бектас – осы бағыттың өкілі..

Геометриялық абстракция басқа атаулары суық абстракционизм, логикалық, ақыл-ой абстракционизмі – әртүрлі геометриялық формалар, түрлі-түсті жазықтар, түзу мен қисық сызықтарды үйлестіру жолымен көркемдік кеңістікті негізіндегі және абстрактілі өнердегі ағымды айтамыз.

Геометриялық абстракция заманауи сәулет өнері, дизайнның дамуы, өнеркәсіптік, сәндік-қолданбалы өнердің дамуына үлкен ықпал етті. Қазақ бейнелеу өнерінде осы арнада еңбек етіп келе жатқан Бақыт Шилдерхановты тілге тиек етуге болады..

Аналитикалық өнер – жеке кескіндемелік шығармашылығында негізделген шығармашылық әдіс. Суретші табиғат атом мен молекулалардан едәуір ірі нәрселер қалай жасаса, ол да өз шығармасын солай жасайды. Кез келген объектіде форма мен түсі ғана маңызды болмай, онда көрінетін және көрінбейтін жағдайлар әлемі, олардың эманациясы, реакциясы енгізілуі, генезисі, белгілі және құпия қасиеттері бар екендігін түсіне отырып, көптеген әртүрлі қасиеттер кескіндемеде көрсетілуі мүмкін екендігін пайымдады. Туынды жасау кезінде суретші анық көрініп тұрған жағдайларға ғана емес, сонымен бірге көрінбейтін, жасырын орналасқан көрініске сүйену керек. Бұл бейнеленіп отырған заттың құрылуы мен қызмет етуінің ішкі заңдылықтары. Заттың ішкі көрінісін табиғатқа негізделген «форманың органикалық даму заңына» сүйенетін графикалық-кескіндемелік конструкцияда деп түсіндіреді. Қазақ өнерінде Сәкен

Гумаров, Рахман Бертлеу – осы бағыттағы ізденісте жүрген тұлғалар.

Абстракционизм (лат. abstractus – дерексіз) XX ғ. негізгі шығармашылық бағыттарының бірі. Мұнда туынды құрылымы формальды элементтерде – түзу, түрлі-түсті даққа негізделеді. Абстракционизм туындылары өмірдің формаларынан негіз алады: затсыз композициялар суретшінің субъективті көзқарастары мен қиялын толықтырады, оның санасы бос ассоциацияларды, ой қозғалысын және эмоционалды сезімдерді туғызады.

Абстракционизм бағыт ретінде XX ғ. басында бірнеше еуропалық елдерде пайда болды. Абстракционизм пайда болғаннан бастап екі негізгі жолдар туындады. Біріншісі, геометриялық немесе логикалық абстракция, ол геометриялық формаларды, түрлі-түсті жазықтарды, түзу мен қисық сызықтарды үйлестіру жолымен кеңістікті құрады. Екіншісі, лирикалық-эмоционалды абстракция, онда композициялар ағымдағы бос формалармен ритммен ұйымдастырылады. Бұл Асия және Қадыржан Хайрулиндер шығармашылығында анық көрінеді.

Лирикалық абстракция (екінші атауы – лирикалық-эмоциялық, психологиялық абстракционизм) – абстрактылы өнердің бір бағыты, суретшінің эмоциялық – психикалық көңіл-күйін тура сипаттауға талпынады. Лирикалық абстракционизм – суретшінің фантазиясы мен адамның жан дүниесінің түстерден алған әсерінен пайда болады. Кенжебай Дүісенбаев және оның шәкірттері.

Фовизм (фр: fauve – жабайы) «жабайылар» – XX ғ. басындағы француз өнеріндегі бағыт лидерлері Анри Матисс болған, жас суретшілер тобының шығармашылығымен көрсеткен.

Бұл қозғалыстың нақты формаға келтірілген программасы мен теориясы болған жоқ, оның қатысушыларын тек қарқынды бейнелерді тудыру идеясы

біріктірді. Постимпрессионистердің қол жеткізгендігіне негізделе отырып, фовистер кескіндемеде түстердің максималды мөлшерін қолдануды көздеді. Түс суретінің сезімімен көңіл күйін беретін негізгі затқа айналды. Түстік көлеңке моделировкасы мен сызықтық перспективадан бас тарту – фовизмнің сипатты белгісі. Кенжебай Дүісенбаев және оның шәкірттері осы бағытта үлкен ізденісте келеді.

Лучизм (rayonismus, от франц. rayon – луч) – Орыс өнеріндегі 1910 жылы көркем-сурет мектебі. Кескіндеменің мақсаты – кескіндеменің ерекше заңдары мен қолданыстарын беретін төртінші өлшемі болатын. Суретші кенеп бетіне заттардың өзін емес, оған шағылысқан сәулелерді бейнелеуі тиіс еді: кеңістік бетінде түстер мен энергетикалық сәулелердің әртүрлі заттармен шағылысқанда пайда болған әсерін бейнелейді. Ларионовтың пікірінше, «жазықтықта заттың өзін емес, одан шағылысқан сәулені бейнелеу оның характерін жақсы табуға көмектеседі» дейді. Бұдан басқа, мұндай бейнелеу арқылы біз затты «көзге көрінуі» бойынша бейнелейміз. Бірақ суретші картина жазғанда, тек қана сәулелерді хаотикалық тәртіпте ғана жазып қоймай, оның пішінін табуда одан алған эстетикалық әсерін де бейнелеуі керек. Бірақ, бұл бағыт А.Қазғұловта анық байқалады.

Символизм (грекше symbolon – белгі, символ) – XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Еуропадағы әдебиет пен бейнелеу өнеріндегі бағыт. Қазақ поэзиясында символизм М. Жұмабаевтан басталады. Оның әлемтану тұжымдасамасының негізінде көрініп тұрған әлемнен басқа бұлыңғыр болып көрінетін біздің шынайы әлемімізді көрсету, бейнелеу. Суретші біздің қиял әлемімізбен жоғары сезімдік шынайы өміріміздің арасындағы делдал болады. Ол көру бейнесіндегі «сезім формасындағы идеяны» көрсетеді.

Бейнелеу өнеріндегі символизм – бұл бір система бойынша құрылмаған және суреттік тілі қалыптаспаған. Суретшілер акын-символистер секілді өлім, махаббат, күнә, ауру мен қайғы, эротикадан шабыт іздеді. Суретші-символистер көбіне аллегорияға, мифологиялық және діни желіге көңілін аударды. Осы бағыттың барлық өкілдеріне тән бұл өзіндік бейнелеу тілі: біреулері сәндікке, экзотикалық бөлшектерге, басқалары бейненің қарапайымдылығына, нақты фигуралар контуры жуылған тұман буында жоғалатын силуэттер салуға әуестенген. Бізде Айбар Тазиев пен Нұрлан Килибаевтар осы бағытта еңбек етіп келеді.

Сюрреализм (фр: surrealisme – жоғарғы реализм) – XX ғ. бірінші жартысындағы әлемдік өнердегі көркемдік бағыт. Онда сюрреализмнің керемет, бейсаналық, «ессіз махаббат», еркіндік революциясы бар.

Қиялда білінетін, түс көру, галлюцинацияларда, автоматтық түйсіктерде, күтпеген ойлауларда пайда болады. Картиналарда шешілмейтін жұмбақтарды шешуге шақырады. Пішіндердің парадокстық үйлесуі және бейнелердің өзгергіштігі – бұл сюрреализм өнерінің басты ерекшеліктері. Символизмнің, дадаизмнің, метофизикалық кескіндеменің мұрагері ретінде жаңа бағыттардың әлемдік өнерде пайда болуына түрткі болды. Ондай бағыттар қатарында магиялық реализм, фантастикалық реализм, абстрактілі экспрессионизм, поп-арт, сонымен бірге эсэппенинг, перформанс және концептуалдық өнер бар. Қазақстандық суретшілер Есімғали Жұманов, Аибек Бегалин, Айбар Тазиев, Лю Ко, Елена Шангина, Петр Беловтардың осы бағыттағы ізденістері көңіл аударарлық.

Футуризм (лат: futurum – болашақ) – XX ғ. Италияда туған әдеби көркем

бағыт. Өткенді итере отырып, салттық мәдениетті оның барлық байқалуымен футуристер өзінің көзқарасын болашаққа аударды, өмірге енген индустриализмді, техникалық жоғары жылдамдықтар мен өмір ритімдерін қолдады. Көркемдік кредоның негізгі принципі – жылдамдықты, қозғалысты, энергияны футуристер ең қарапайым әдістер арқылы беруге тырысады. Олардың кескіндемесіне энергиялық композициялар тән. Бұл бағыттағы негізгі көш басшы – Сакен Нарынов.

Гипперреализм (ағылш. hyperrealism – асқын реализм, басқа атаулар – суперреализм; фотореализм, суық реализм, батыл реализм) – Пішінді көркемөнердің формасы, гипперреализм бола тұра фотосуреттік айырмашылыққа еліктейтін шындыққа айқын дәлдікпен етене болуымен ерекшеленеді. Бұл бағытта ізденіп жүрген суретші Елена Тё біршама шығармашылық табысқа ие болды.

Граффитизм (ағылш. graffitiism, басқаша итал. graffiti – сөз. «тырналған»), «жер астары өнер» – 1970-1980-ші жж. постмодернизмнің кескіндемесінің американдық ағымы.

Бояуы бар тозаң баллондар көмегімен ғимараттың қабырғасына салынатын үлкен форматты суретті шығармалар жиынтығы.

Бүгінде қоғамдық ғимараттар және дүкендердің қабырғаларында, вагондарда әртүрлі жазулар жаппай пайда болды. Қазіргі граффити – бұл урбанизацияның нышаны. Онда сюжетті және шрифтік бағытты ерекшелеуге болады. Бұл бағыттағы күрделі суреттер әлемнің әртүрлі елдеріндегі қалалардың ажырамас бөлігіне айналғандай. Көбіне жастар айналысады. Олар қиялмен салынатын еркін өнердің рухы. Жастардың ішінде бұл бағытта Ержан Танаев айналысып жүр.

Автор туралы:

Журналистика факультеті Баспагерлік, редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының 3-ші курс студенті.



Нұрбике БЕКСҰЛТАНҚЫЗЫ

БҮГІНГІ ЖАСТАРҒА КІМ ҮЛГІ?

«Мен жастарға сенемін!» дейтін тәмсіл жиі айтылады. Ал, сол сенім артқан жастар кімді үлгі тұтып, кімнен ақыл алып жүр.

Бүгінде кез-келген жас пен жас-өспірімді әлеуметтік желідегі «жұлдыздардың» өмірі қызықтыратыны белгілі. Ал, ол «жұлдыздар» жастарға шын мәнінде үлгі бола ала ма? Және, олар, жастардың алдындағы жауапкершілікті қаншалықты сезіне алып жүр. Киген киім мен ішкен асының немесе қымбат көлігінің суретін жариялау арқылы жасөспірім бойындағы ұлттық рухты жандыра алмасы ақиқат. Демек, бүгінгі жастарға кең ойлайтын кемел адамдардың ақылы мен парасаты қажет. Ал, олар кімдер?

Менің ойымша, олар нағыз ауыр бейнетті басынан өткеріп, еңбекпен шындалған қарапайым адамдар, өмірін ғылым мен білімге арнаған ой алыптары, әр ісінде иман мен игілікті ту еткен парасатты тұлғалар. Міне, қазіргі жастарға яғни, біздерге осындай кісілерді көп танып, білу маңызды. Себебі, «шеткі ауыл көшсе, ортаңғы ауыл шет болатыны» өмір заңдылығы.

Бірақ, қазіргі жастардың басты ақылшысы – интернет. Әрине, бірқатар пайдалы тұстары бар. Тіпті, өміріміздің бөлінбес бөлшегі болып кеткені де рас. Бірақ, салдарына үңілсеңіз ақыл ойы таяз,

адамдықтан арамдықты жоғары қоятын буын қалыптасып келе жатқан сияқты. Бүгінгі қоғамдағы түрлі арсыздықтың да алаңы осы әлеуметтік желілер. Ең өкініштісі, бұны пайдаланатындардың негізі жастар мен жасөспірімдер. Уақыттың соры болған ғаламтордың нәтижесінде, «жалған патриоттар» мен кітап оқымай-ақ ақыл айтар «данышпандар» көбейді. Егер, дәл осы үрдіспен кете беретін болсақ, сенім артқан жастар ұлттың тағдырын сергелдеңге салуы әбден мүмкін. Себебі, әлеуметтік желіде шынайы сезімдерден гөрі, жасанды дүниелер басым. Ал, шынайы адамгершілік пен мейірім жоғалған қоғамнан бәрін де күтуге болады.

Қорыға айтқанда, біз қадірін білмейтін басты екі құндылық жастық шақ пен уақыт. Әрбір бос өткен уақыт амал дәптерге күнә болып жазылады деседі. Ал, біз күніне қанша сағатымызды әлеуметтік желіде бос сөзбен, әлдекімдердің жеке өміріне үңілумен өткізіп жүрміз? Оның сұрауы қалай болар екен?

Абай айтпақшы, бала жастық пен албырт жастықтан арылып, нәрлі жастыққа қарай ұмтылсақ, ұтарымыз көп болмақ. Ал нәрлі жастықтың негізі – Иман мен білім жолында іздену ғана. Ол үшін уақыттың қадірін білу өте маңызды. Себебі, бар байлығыңды берсең де өткен күннің бір минутын қайтара алмайсың...

әуежайына қонды. 5 қыркүйекте орыс ғалымы Борис Львович Розинг әлемде тұңғыш рет телекөрсетілімді жүзеге асырды. 9 қыркүйекте Ұлыбританияда дүниежүзінде бірінші рет авиапошта іске қосылды. 12 желтоқсанда Руаль Амундсеннің экспедициясы Жұмыр жердің Оңтүстік полюсіне жетті. Осының бәрін «Киргизская газетаны» бір саны болса да шығарып үлгерген Есмағамбет Айманбаев сықылды, Алаштың айтушысы «Айқаптың» шығарушы редакторы Мұхаметжан Сералин секілді зиялы патриоттардың бәрі естіді. Оқыды. Білген сәтінде өзегін өрт шалып, шындығында «ай,қап!» деп бармағын тістеді, санын соқты...

Осы ұлты үшін ұялған намыс, ұлт ұрпағының алдындағы ар мен ұждан «өкінгеннен нақты іске бекінген жөн» дегізіп, 1911 жылы 10 қаңтарда «Айқап» журналын шығартты.

«Айқап» шыққаннан кейін де қазақтың «ай, қап!» деген сәттері аз болған жоқ. Қанды қасапқа ұласқан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте; 1919 жылы Азат соғысы кезінде; 1929 жылы басталған колхоздастыру науқанында, одан кейінгі ірі байларды тәркілеп қудалағанда; қудалаудың соңы «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» дегізген аштыққа ұласқанда; сталиндік-голощекиндік геноцидтік репрессия кезінде; 1954 жылғы тың көтеру майданында келімсектер қаптап, қоңсы болып жатқанда да; 1961 жылы әлемде тұңғыш рет адам айға барып қонғанда қазақ ағаларымыздың: «Айға ұшқанда Гагарин, қой бағып жүр Мәдәлім» деп санын соға күйінген сәтінде де, 1986 жылы

алаңда мұзға жанған алаудың арасында бұлқынған кезінде де сол өкініштердің соңғы нүктесін қоюға ышқына ұмтылған жігер мен намыс бар еді.

Қан тамырында атадан балаға ұласқан Азаттықты аңсау бұлқынысы бар Қазақ елі 1991 жылы ақыры Тәуелсіздікке жетті.

Содан бері 25 жыл әр қадамымызды аңдап басып, ақылмен сараптап, білім мен ғылыммен ұштастыра әлемдік өркениет кеңестігінен өз орнымызды алдық. Бұл – сан ғасырлық азаттық үшін айқаста білектің күші, ақылдың қуатымен жан аямаған ата-бабаларымыздың аңсаған арманының орындалғаны.

Осыдан 105 жыл бұрын енді «ай қап!» деп өкінбеске бекінген Мұхаметжан Сералиндер мен сол «Айқаптың» алғашқы санында азаматтық сөзін қазағына арнап: «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандықтың кесапаты. Сонда да соны ғылым, өнерден артық көреміз. «Аллаңнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ ғылымыңнан надандығын тыныш көреді. «Не шара бар?» деп амалы таусыла «өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ» деп адал ниетімен ұлтының қалғып бара жатқан қалпына, надандыққа шырмалған намысына түрткі Ахмет Байтұрсыновтың азаматтық сөзі бүгінгі біздің де өркениеттің көшіне озық ғылыммен, терең біліммен қосылуға ұмтылған намысымыз бен жігерімізге қамшы болары сөзсіз.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ



Жарияланған мақала мен автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Журналдың жаңадан ұйымдастырылуына байланысты қаржылық қоры жоқ, авторларға қаламақы төленбейді.

Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Published articles and opinions of the authors do not reflect the opinion of the editorial board. In connection with the new registration, the magazine does not fund financing, authors' fees are not paid. In a letter received by the editorial revision does not respond, Manuscripts are not returned.

All submitted articles are reviewed article in accordance with the requirements of the international journals cited.

Опубликованные статьи и мнения авторов не отражают мнение редакции. В связи с новой регистрацией журнал не имеет фонда финансирования, авторам гонорары не выплачиваются. На поступившие письма редакция не отвечает, рукописи авторам не возвращаются.

Все поступающие в редакцию статьи рецензируются в соответствии с требованиями к международным цитируемым журналам.

Журналист – редакторлар:

*Серік Жұмабекұлы, Ғалия Майкотова, Нұрғұл Сапарходжаева,
Лариса Мұхамадиева, Нұрлайым Данаева,
Мергенбаева Қарлығаш, Іңкәр Кәкілбаева*

Көркемдеушілер тобы:

Алдашева Айгүл, Махамбетжанова Айнұр, Қойшыбек Мұбарак

Фототілшілер:

Марат Жүнісбеков, Досжан Балабек

ИБ №9358

Басуға 15.04.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 12,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №1371а. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі. 050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.